



Оқу-әдістемелік құрал
Учебно-методическое пособие



Қазақ тілін меңгеру деңгейін тестілеу
әдісімен бағалау емтиханына дайындық үшін

ТІЛ-ҚҰРАЛ

Для подготовки к экзамену по определению
уровня владения казахским языком способом тестирования



Қазақ тілін меңгеру деңгейін тәстiлеу әдiсiмен бағалау емтиханына дайындық үшiн

ТІЛ-ҚҰРАЛ

Для подготовки к экзамену по оценке уровня владения казахским языком способом тестирования

УДК 811.512.122 (07)
ББК 81.2 Қаз я 7
Т 93

«Тіл – құрал. Қазақ тілін меңгеру деңгейін тестілеу әдісімен бағалау емтиханына дайындық үшін оқу-әдістемелік құралын» Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі Тіл комитетінің тапсырысы бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Ұлттық тестілеу орталығы» Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны әзірледі

Пікір жазғандар:

Р.Ә. Авакова, С.Ш. Ақымбек, А.М. Алдаш, Е.Қ. Әбдірәсілов, Ж.Р. Әмірова, Ж.Т. Дәулетбекова, Р.А. Досжан, Т.Н. Ермекова, А.Ә. Жаңабекова, А.Ж. Жапбаров, Ш.К. Жаркинбекова, О.С. Жұбаева, Е.А. Журавлева, А.Ф. Зейнулина, З.С. Күзекова, С.Б. Қоянбекова, Г.А. Мұратова, Х.А. Ордабекова, Г.Т. Өтелбай

Тіл-құрал. Қазақ тілін меңгеру деңгейін тестілеу әдісімен бағалау емтиханына дайындық үшін оқу-әдістемелік құралы / Авторлар: М.Қ. Мамаева, М.С. Жолшаева, М.С. Жылқыбаева, С.М. Иманқұлова, Н.Ж. Егізбаева, Р.Т. Наралиева, Л.Қ. Тұрабаева, Г.М. Текесбаева, Б.Т. Күзембаева, С.К. Нарынбекова, А.М. Байғұтова, Ж.Т. Құлмағанбетова – Астана: Ұлттық тестілеу орталығы, 2011. – 268 бет.

Қазақ тілін меңгерудің жоғары деңгейін бағалау мақсатында тестілеу әдісімен емтихан тапсыру үшін дайындалуға арналған оқу-әдістемелік құралында тыңдалым, оқылым, жазылым түрлері бойынша, сондай-ақ лексика-грамматикалық құрылым түрлеріне қатысты материалдар топтастырылған және емтиханға дайындалудың тиімді жолдары мен әдістері ұсынылған.

Басылым – азаматтардың қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалау жүйесі – ҚАЗТЕСТ-ің әдістемелік материалдарының бір бөлігі.

Оқу-әдістемелік құрал қазақ тілін екінші тіл ретінде, шетел тілі ретінде үйренушілерге, тест тапсырушыларға, сондай-ақ оқытушылар мен маман әдіскерлерге, жоғары оқу орындарының студенттеріне және көпшілік тіл үйренушілерге арналған.

Учебно-методическое пособие предназначено для подготовки к сдаче экзамена по оценке высокого уровня владения казахским языком способом тестирования. В учебном пособии представлен материал по таким видам речевой деятельности как аудирование, чтение, письмо и лексико-грамматической структуре языка, также предлагаются эффективные методы и приемы подготовки к экзамену.

Данное издание является одной из структурных частей методических материалов системы оценки уровня владения казахским языком – ҚАЗТЕСТ.

Учебно-методическое пособие предназначено для изучающих казахский язык как иностранный, как второй язык, для тех, кто готовится к тесту, для преподавателей и методистов, студентов, а также для широкого круга читателей, изучающих язык.

ISBN 978-601-7185-49-7

УДК 811.512.122 (07)
ББК 81.2 Қаз я 7

© Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі Тіл комитеті, 2011
© Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
«Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚК, 2011

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	4
Түсініктеме.....	6
I тарау. ТЫҢДАЛЫМ БӨЛІГІ.....	8
Тыңдалым бөлігіне шолу.....	9
1. Тыңдалым бөлігі. Алдын ала тест.....	11
2. Тыңдалым бөлігі. Тест тапсырмаларын талдау.....	16
3. Тыңдалым бөлігі. Қорытынды тест.....	28
II тарау. ЛЕКСИКА-ГРАММАТИКАЛЫҚ БӨЛІК.....	34
Лексика-грамматикалық бөлікке шолу.....	35
1. Лексика-грамматикалық бөлік. Алдын ала тест.....	36
2. Лексика-грамматикалық бөлік. Тест тапсырмаларын талдау.....	48
3. Лексика-грамматикалық бөлік. Қорытынды тест.....	103
III тарау. ОҚЫЛЫМ БӨЛІГІ.....	114
Оқылым бөлігіне шолу.....	115
1. Оқылым бөлігі. Алдын ала тест.....	117
2. Оқылым бөлігі. Тест тапсырмаларын талдау.....	129
3. Оқылым бөлігі. Қорытынды тест.....	151
IV тарау. ЖАЗЫЛЫМ БӨЛІГІ.....	162
Жазылым бөлігіне шолу.....	163
1. Жазылым бөлігі. Алдын ала тапсырмалар.....	164
2. Жазылым бөлігі. Тапсырмаларды талдау.....	165
3. Жазылым бөлігі. Қорытынды тапсырмалар.....	189
V тарау. ҚОСЫМШАЛАР.....	190
1. Тыңдалым бөлігінің қосымшасы.....	191
2. Лексика-грамматикалық бөліктің қосымшасы.....	199
3. Оқылым бөлігінің қосымшасы.....	236
4. Жазылым бөлігінің қосымшасы.....	243
5. Тыңдалым бөлігі. Аудиожазбалардың мәтіндері мен тест тапсырмаларының дұрыс жауап кілттері.....	251
6. Лексика-грамматикалық бөлік. Тест тапсырмаларының дұрыс жауап кілттері.....	261
7. Оқылым бөлігі. Тест тапсырмаларының дұрыс жауап кілттері....	263
8. Жазылым бөлігі. Аудиожазбалардың мәтіндері мен тапсырмалардың дұрыс жауап үлгілері.....	264
ӘДЕБИЕТТЕР.....	266

КІРІСПЕ

Тіл үйренушінің басты мақсаты және арманы – сол тілде өз ойын жеткізе алатындай дәрежеде игеру. Осыған байланысты қазіргі кезеңде тілді үйретудің әлемдік практикасында ең тиімді бағыт ретінде сөйлеу әрекетінің түрлерін өзара сабақтастықта, белгілі бір жүйеде пайдалана отырып, тілді деңгейлер бойынша оқытып үйретудің әдістемесі алдыңғы қатарға шықты. Бұл әдістеме, ең алдымен, оқыту материалдарын «қарапайымнан күрделіге қарай» ұстанымы бойынша орналастыру арқылы тілді үйренудің оңтайлы екендігін, тілдік дағдыларды қалыптастырудың тиімді жолдарын айқын дәлелдеп берді. Деңгейлік жүйеде оқытудың бағыттары одан әрі тереңдетіле түсті; осының нәтижесінде әлемде ағылшын тілін үйретудің оңтайлы әдістері жинақталған, тіл үйренушінің тілдік дағдыларының қалыптасуына көмек беретін саналуан оқу-әдістемелік құралдар, шет тілі ретінде ағылшын тілінен емтихан тапсыруға арналған тест жүйесінің кешендері жарық көрді. Әсіресе, тілді шет тілі дәрежесінде меңгерудің деңгейін анықтауға арналған тест жүйесінің, тест тапсыру үшін өз бетінше дайындалуға ықпал ететін оқу-әдістемелік құралдардың маңызы жоғары. Осындай материалдарды пайдаланудың нәтижесінде тіл үйренуші тіл меңгеру сабақтары мен әдістері арқылы нақты бір деңгейге (мысалы, базалық деңгейге) қажетті тілдік құрылымдарды меңгерген соң дәл сол деңгейде тілді меңгергендігін растайтын емтихан бар екенін және ол емтихан мақсатына қарай әртүрлі талаптармен ұсынылатынын біледі, сондықтан емтихан тапсырмаларын түсіну арқылы тіл меңгерудегі білімін одан әрі шыңдай түседі.

Мұндай оқу-әдістемелік құралдар тест бөліктері, яғни тыңдалым, оқылым, жазылым, лексика-грамматикалық бөліктер бойынша тест тапсырмаларын талдау арқылы сөйлеу әрекетінің түрлеріне байланысты дағдылардың қалыптасуын нақтылайды.

Тіл үйренушіге ыңғайлы тәсілдер бойынша жылдар бойы жинақталған тәжірибені ескере отырып, ұсынылған оқу-әдістемелік құралдарда алдымен кіріспе тест тапсыру арқылы тіл меңгеру дәрежесі анықталады, содан соң әрбір бөлік бойынша мазмұны ұқсас тапсырмаларды бірнеше рет талдау арқылы тапсырма мазмұны түсіндіріледі, тапсырма мазмұнын түсіну арқылы оқулық тілдік құрылымды толық түсінуге септігін тигізеді. Осы кезеңдерден соң тапсырмаларға қатысты жаттығулар беріледі. Бұл жаттығулар да тіл үйренушіге сол тілдің ерекшеліктерін түсінуге, қалыптасқан дағдыларды нақтылай түсуге көмектеседі. Қорытынды тест бөлігі алдыңғы кезеңдерде қалыптасқан тілдік құзыреттіліктерді тексеру тапсырмалары ретінде беріледі. Әрбір тест тапсырмаларының жауаптары оқу-әдістемелік құрал соңындағы қосымшада беріліп отырады, яғни тіл үйренушінің әрбір кезең сайын өзінің жауаптарын тексеріп отыруға мүмкіндігі бар. Жаттығу бөлігіндегі тапсырмаларда тікелей жұмыс дәптері ретінде пайдалануға болатындай мүмкіндіктер қарастырылған. Тыңдалым, жазылым бөліктері үшін аудиожазбалар компакт-дискіде қосымша беріліп отырады. Бұл тәсіл де сол тілдегі орфоэпиялық нормалардың дұрыс қалыптасуына, тапсырмалардың маңыздылығы мен негізгі мән берілетін тұстарын есте сақтау қабілеттерінің қалыптасуына септігін тигізеді.

Қазіргі таңда қазақ тілін меңгеру бағытында тіл үйренушілерге әртүрлі әдістемелер бойынша оқу құралдары, сөздіктер мен грамматикалық анықтағыштар, тілді меңгеруді бағалаудың құралдары, ақпараттық сүйемелдеулер, сондай-ақ БАҚ материалдары ұсынылып келеді. Соңғы 15-20 жыл көлемінде өзге тілді аудиторияларға арналып жарияланған сан түрлі оқулықтар мен оқу құралдарының, басқа да лингводидактикалық материалдардың республика өкілдеріне тілді үйрету, меңгерту, сайып келгенде, Қазақстан Республикасындағы тіл саясаты мен тіл стратегиясының жүзеге асырылуына елеулі үлес қосқандығын айрықша атап өтуге тиіспіз.

Қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалаудың отандық жүйесі – ҚАЗТЕСТ-тің халықаралық жүйелермен ұқсастығы бар. ҚАЗТЕСТ жүйесі екі түрлі арнамен беріледі: бірі шетел тілі ретінде тіл үйренушінің тіл меңгеру деңгейін бағаласа, енді бірі қазақ тілін екінші тіл ретінде бағалауға бағытталған. Тест құрамы тыңдалым, оқылым, жазылым, лексика-грамматикалық бөліктерден тұрады. Әрбір бөліктер бойынша тапсырмалар «өте оңай тапсырмадан күрделіге» қағидатын негізге ала отырып құрастырылған. Тест тапсырмаларын қалыптастырудың өзіндік ерекшеліктері қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттілік талаптарын анықтайтын мемлекеттік стандарттар* негізінде анықталады.

Тапсырмалардың өзі тіл меңгеру деңгейлеріне байланысты күнделікті өмір мен адамзатты қоршаған ортаға негізделіп тілдік ортада тіл қолдану мүмкіндіктеріне бағытталған. ҚАЗТЕСТ жүйесі бойынша қазақ тілін қарапайым, базалық, орта, ортадан жоғары және жоғары деңгейлер дәрежесінде тіл меңгеру деңгейлерін бағалауға болады. Бұл деңгейлер халықаралық тіл меңгеру деңгейлеріне сәйкестендірілген. Деңгейден деңгейге өтуде сабақтастық қағидаты сақталып отырады, төменгі деңгейде белгілі бір тақырып бойынша өте қарапайым тапсырма берілсе, одан жоғары деңгейде дәл сол тақырып қарастырылады, бірақ сөздік қоры да күрделірек, тапсырма түрі де қиынырақ болып келеді.

Ұсынылып отырған оқу-әдістемелік құралдың ерекшелігі жоғарыда айтылғандай тест құрамындағы сөйлеу әрекетінің түрлері тыңдалым, оқылым, жазылым және лексика-грамматикалық құрылым бойынша тест тапсырмаларына тоқталып, талдап, қорытынды тест тапсыру арқылы тілдік дағдылардың қалыптасуына ықпал етеді. Қазақ тілін жоғары деңгейде меңгеруге жету үшін 100-120 оқу сағаты қажет деп есептеледі.

Қазақ тілін меңгеруде бұл еңбек өз тиімділігін берер деген ниетпен тіл үйренушіге сәттілік тілейміз!

* 1. ҚР СТ 1926-2009 «Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Қарапайым деңгей. Жалпы меңгеру».
2. ҚР СТ 1928-2009 «Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Базалық деңгей. Жалпы меңгеру».
3. ҚР СТ 1929-2009 «Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Орта деңгей. Жалпы меңгеру».
4. ҚР СТ 1925-2009 «Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Ортадан жоғары деңгей. Жалпы меңгеру».
5. ҚР СТ 1927-2009 «Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Жоғары деңгей. Жалпы меңгеру».

Құрметті Тіл үйренуші!

Оқу-әдістемелік құрал қазақ тілін қарапайым, базалық, орта, ортадан жоғары және жоғары деңгейлерде меңгеру үшін тыңдалым, оқылым, жазылым және лексика-грамматикалық бөліктері бойынша қазақ тілін меңгерудің емтиханына дайындық құралы ретінде ұсынылып отыр. Оқу-әдістемелік құралды әрбір бөлік бойынша тест тапсырмаларының түрлері, оларға дұрыс жауап берудің әдістері, әрбір бөлімдердегі тест тапсырмаларының дұрыс жауаптарының кілттері Сіз үшін ыңғайлы болу тұрғысынан берілген.

Оқу-әдістемелік құралдың құрылымы төмендегідей:

1) Алдымен тест тапсырып көруге мүмкіндік беріледі, бұл үшін алдын ала тест ұсынылған;

2) әртүрлі тест тапсырмаларына талдау жасалады, талдау арқылы тілдік құрылымдарды еске түсіріп, оларды нақтырақ түсінуге болады;

3) қорытынды тест арқылы біліміңізді шыңдауға мүмкіндік бар;

4) қосымшада жаттығулар мен тест тапсырмаларының дұрыс жауап кілттері келтірілген.


Алдымен сөйлеу әрекетінің түрлері бойынша бөліктерге шолу жасалады. Тест тапсырмаларының түрлеріне сипаттама берілген соң алдын ала тест тапсыруға мүмкіндік қарастырылған. Тыңдалым, жазылым бөліктері бойынша репликалар, диалогтер, монологтер мен мәтіндер компакт-дискіде қосымша беріледі. Мүмкіндігінше аудиоматериалдарды бір рет қана тыңдау керек. Бұл өз ретінде есте сақтау мен сөздік қордың қалыптасуына септігін тигізеді.

Тест талдау бөлімінде бөліктер бойынша түрлері мен күрделілік дәрежесіне қарай тест тапсырмаларына түсіндірме жасалады. Тест тапсырмасының жауап нұсқаларына талдау жасалады немесе қазақ тілінің тілдік құрылымдары бойынша қысқаша түсіндірме беріледі. Алайда дұрыс жауап нұсқасы мақсатты түрде әдейі көрсетілмейді. Талдаудан дұрыс жауапты түсініп, саралап табу өзіңізге қалдырылады. Бұл тәсіл де тілді меңгеруге деген ұмтылысты күшейте түсетіні анық.

Тест талдау бөліміндегі шыңдаған біліміңіз арқылы алдын ала тест тапсырудағы кемшіліктеріңізді Қорытынды тест бөлімінде түзетерсіз деген үміттеміз. Бұл бөлімдегі тест тапсырмалары да алдыңғы бөліктерге мазмұны бойынша ұқсас болғанымен, материалды кеңірек қамту мақсатында өзге де тақырыптар мен жағдаяттар қарастырылады.

Қосымша бөліміндегі тілдік құрылымдар бойынша әзірленген анықтамалар, жаттығулар мен әртүрлі мысалдар қазақ тілі бойынша біліміңізді шыңдайды.



Тест талдау бөлімінде  белгісі («түсіндіру», «талдау» сөздерінің алғашқы әрпі таңдалып отыр және дәстүрлі «Т» әрпінен өзгешелеу түрі қолданылады) тест тапсырмасы бойынша талдау немесе түсіндірменің басталған жерін білдіреді.

Е белгісі («ескерту», «ескертпе», «еске түсіру», «еске салу» сөздері мен сөз тіркестерінің алғашқы әрпі таңдалып отыр және дәстүрлі «Е» әрпінен өзгешелеу түрі қолданылады) тест тапсырмасына қатысты қазақ тілінің тілдік құрылымы бойынша ескерту немесе грамматикалық элементтерді еске салу бөлігінің басталғанын анықтайды.

Қосымшаларда берілген анықтамалар, мысалдар мен өз бетінше орындауға берілген жаттығулар сіздің қазақ тілінен біліміңізді тереңдете түсетініне сенеміз!

Қазақ тілін үйренуге деген ұмтылысыңызға сәттілік тілейміз!

I

тарау

Тыңдалым бөлігі

- Тыңдалым бөлігіне шолу
- Алдын ала тест
- Тест тапсырмаларын талдау
- Қорытынды тест

Тыңдалым бөлігіне шолу

Тыңдалым бөлігінің мақсаты – тыңдаған мәтін тақырыбын, идеясын түсіну, мәтіндегі негізгі пікірлер мен қате пікірлерді анықтау, нақты деректер мен мәтін бөліктеріндегі ақпараттарды есте сақтау, жауап бере алу.

Мақсатқа жету үшін мұқият тыңдап, ақпаратты түсіну, есте сақтай білу керек, есте сақтағанды мәтіндегі немесе мөндес сөздермен жеткізе алу қажет.

Жоғары деңгейді бағалауға арналған тыңдалым тесті 3 бөліктен тұрады.

Бірінші бөлімде ортадан жоғары деңгейдегі жағдайларды тереңдетіп ұсынуға арналған көлемі 270-300 сөзден немесе 20-25 күрделі сөйлемнен тұратын 1 ұзақ диалог тыңдалады. Осы диалогке 7 тапсырма беріледі. Диалог мазмұны әлеуметтік-тұрмыстық саладағы (салт-дәстүрлер, нақыл сөздер және т.с.с.) ресми, бейресми сұхбаттар мен әлеуметтік-мәдени саладағы (әдебиет, өнер, шығармашылық) сұхбаттарды қамтиды. Мәтінде 10%-дай таныс емес сөздер кездесуі мүмкін. Тапсырмалар сұхбаттың мақсатын айқындауға, сұхбатқа қатысушы тұлғалардың пікірін нақтылауға және мәтіндегі астарлы сөздердің мәнін анықтауға құрылады. Жауап қазіргі сөйлеу ережесіне, этикалық нормаға сай грамматикалық тұрғыдан сауатты берілуі қажет.

Екінші бөлімде 300-400 сөзден немесе 25-40 сөйлемнен тұратын ұзақтау 1 полилог тыңдалады. Мұнда да 10%-дай таныс емес сөздер кездесуі мүмкін. Полилог бойынша 8 тапсырма беріледі. Оның мазмұны ғылыми-саяси саладағы сұхбаттарды, сондай-ақ ресми-іскери саладағы (мемлекеттік құзырлы органдардағы әкімшілік қызметкерлері мен әлеуметтік сала мамандарымен) пікір алысуларды да қамтиды. Полилог көбінесе газет-журналдардан алынады. Тапсырмалар пікір алысуға қатысушылардың ұстанымдарын тануға, көзқарастарын бағалауға құрылады. Сонымен қатар, сұхбат соңын болжауға, мәтіндегі пікірге автордың көзқарасын анықтауға бағытталады.

Үшінші бөлімде 400-460 сөзден тұратын 2 монолог беріледі. Мәтінде 10%-дай таныс емес жаңа сөздер кездеседі. Әр монологке 7-8 тапсырмадан, барлығы – 15 тапсырма беріледі. Мәтін мазмұны адам және оның жеке өмірі, мысалы, отбасы, достық қарым-қатынас, махаббат, білім, тәрбие, мәдениет және дәстүр туралы болады. Сондай-ақ адам және қоғам (саясат, экономика, ғылым, заң және философия) немесе адам және табиғат (қоршаған орта, табиғаттың тылсым сырлары, адамзаттың қол жеткізген табыстары, ғылым мен техника жетістіктері) сөз болады. Тапсырмалар мәтін идеясын түсінуге, негізгі және қосымша ақпараттарды анықтауға, мәтін бөліктерін айқындауға, оларды тақырыптарға бөлуге құрылады. Соңғы тапсырма мәтінге тақырып қоюға арналады.

Тыңдалым бөлігінің тапсырмаларын дұрыс орындау үшін: 1) мұқият тыңдау; 2) жалпы түсіну; 3) ұзақ диалогтер мен мәтін мазмұнын толық түсіну; 4) бірнеше ақпаратты бөлшектеп есте сақтау; 5. мәтіндегі ақпараттардың берілуіне – грамматикалық құрылымына (болған іс, болатын іс, болып жатқан іс) назар аудару қажет.

Тыңдалым бөлігінің жоғары деңгейі тапсырмаларын орындау ережесі:

- Тыңдалым бөлігіне 25 минут уақыт беріледі.
- Тыңдалым бөлігінің жоғары деңгейі тапсырмаларының саны – 30.
- Жоғары деңгей ең соңғы деңгей болғандықтан, тіл үйренушілердің бұл деңгейде тілді біршама жақсы меңгеретіндері ескеріліп, тапсырмалары қиындатылған.

1

Тыңдалым бөлігі. Алдын ала тест

Бірінші бөлім

- Бірінші бөлімде 1 диалог тыңдайсыз.
- Диалогке 7 тапсырма беріледі.
- Диалогті бір рет қана тыңдайсыз.



1-диалог тапсырмалары

1

Сұхбаттың мақсатын анықтаңыз.

- A) Керамика шеберлері туралы білу
- B) А. Рахманбердіұлының отбасы туралы білу
- C) Керамика саласы бойынша жалпы мәлімет алу
- D) А. Рахманбердіұлының шығармашылығы туралы мәлімет алу

2

Шебердің керамика саласының болашағы туралы айтқан пікірін көрсетіңіз.

- A) Әзірге керамиканың болашағы шектеулі
- B) Керамиканың болашағы жайлы нақты айта алмады
- C) Керамика болашақта қолданыстан шығып қалуы мүмкін
- D) Керамиканы болашақта көптеген салаларда қолдануға болады

3

Абайханның керамика саласына қалай келгендігін анықтаңыз.

- A) Сурет факультетіне оқуға түсті
- B) Өсе келе сурет салумен айналысты
- C) Бала кезінен керамист болуды армандады
- D) Қолөнер саласына құжат тапсырып, керамика бөлімін бітірді

4

Дұрыс жауапты табыңыз.

Болашақта ғалымдар керамиканы қайда пайдаланбақшы?

- A) ғарышта
- B) құрылыста
- C) жеңіл өнеркәсіпте
- D) машина жасау саласында

5

Шебердің негізгі ұстанымын анықтаңыз.

- A) Ұлттық үлгіге сай бұйымдар жасау
- B) Бұйымдарды еуропалық үлгіде жасау
- C) Бұйымдарды шығыстық үлгіде жасау
- D) Бұйымдар жасауда жапондық технологияны пайдалану

6 «Отырар сазы» оркестрінде қолданылатын сазсырнай қайдан табылғандығын анықтаңыз.

- A) Саураннан
- B) Отырардан
- C) Шымкенттен
- D) Түркістаннан

7 Сұхбат берушінің мақсатын көрсетіңіз.

- A) Керамика саласында жаңалық ашу
- B) Өзі жасаған бұйымдарын жарнамалау
- C) Керамикадан жасалған бұйымдарды жетілдіру
- D) Бұрынғы керамика шеберлерінің өнерін жалғастыру

Екінші бөлім

- Екінші бөлімде 1 полилог тыңдайсыз.
- Полилогке 8 тапсырма беріледі.
- Полилогті бір рет қана тыңдайсыз.



1-полилог тапсырмалары

8 Бірінші тілшінің ниетін анықтаңыз.

- A) Ұлттық пошта қызметімен танысу
- B) Қазпошта қызметкерлері туралы мәлімет алу
- C) Ұлттық поштаның тарихы туралы мәлімет алу
- D) Қазпоштаның мерейтойға дайындығы туралы білу

9 Екінші тілшінің ниетін анықтаңыз.

- A) Дүниежүзілік пошта күнін атап өту
- B) Алғашқы қазақ поштасы туралы білу
- C) Қазпоштаның 150 жылдық мерейтойын ұйымдастыру
- D) Қазпошта Алматы филиалының қызмет ауқымы туралы білу

10 Тілші сөзі арқылы берілген ақпаратты табыңыз.

- A) ҚР Дүниежүзілік пошта одағына мүше болды
- B) Қазпоштада 263 пошташы, 96 жүргізуші жұмыс істейді
- C) Жедел ақша аударымы қызметін зейнеткерлер жиі пайдаланады
- D) 1860 жылы Верныйда алғашқы пошталық байланыс бөлімшесі ашылған

11 Алғаш құрылған кең пошта байланысын қойыңыз.

- A) Верныйдағы пошта-телеграф кеңсесі
- B) Орынбордағы пошта-телеграф бөлімшесі
- C) Верныйдағы пошталық байланыс бөлімшесі
- D) 14 пошта бөлімшесі бағындырылған Алматыдағы пошта бөлімшесі

- 12 Қазіргі таңда ең көп сұранысқа ие пошта қызметінің түрін көрсетіңіз.
- A) хаттарды жеткізу
B) төлемдерді қабылдау
C) жедел ақша аударымы
D) басылымдарды жеткізіп беру
- 13 Сұхбаттың соңғы түйіні.
- A) Қазпоштаның қызмет көрсету аясын кеңейту керек
B) Халыққа пошта қызметін пайдаланудың тиімділігін көрсету
C) Ауылдардағы Қазпошта филиалдарының жұмысын жақсарту керек
D) Қазіргі таңда Қазпошта халыққа заман талабына сай қызмет көрсетеді
- 14 Пошта қызметінің қазіргі ерекшеліктері туралы сауалға сұхбат берушінің қалай жауап бергенін анықтаңыз.
- A) Нақты жауап берді
B) Жартылай жауап берді
C) Пошта қызметінің ерекшеліктері атап көрсетілді
D) Поштаның қызметі айтылып, ерекшеліктері көрсетілмеді
- 15 Сұхбаттағы әңгіме нақты қай пошта туралы болғандығын анықтаңыз.
- A) Ұлттық пошта
B) Алматы поштасы
C) «Қазпошта» жүйесі
D) Қазақстан астаналарындағы пошталар

Үшінші бөлім

- Үшінші бөлімде 2 мәтін тыңдайсыз.
- 2 мәтінге 15 тапсырма беріледі.
- Мәтінді бір рет қана тыңдайсыз.



1-мәтін тапсырмалары

- 16 Мәтін идеясын көрсетіңіз.
- A) Халықты туыстыққа шақыру.
B) Мемлекеттік билікті нығайту.
C) Хандардың ел басқару ісінен үлгі алу.
D) Шешендік сөздерден тәрбиелік және ұйымшылдық үлгі алу.
- 17 Мәтін тақырыбын табыңыз.
- A) Асанқайғымен тұстас би-шешендер
B) Асанқайғы тұсындағы саяси оқиғалар
C) Асанқайғының дүниетанымдық ойлары
D) Би-шешендердің ел басқару жүйесіне араласуы

- 18) Асанқайғының “Қарындасыңды жамандап, өзіңе туған табылмас” деген сөзінің астарын көрсетіңіз.
- A) Туған-туысын жамандамау
 - B) Жаманнан аулақ болу керек
 - C) Өзіңде бардың қадірін білу керек
 - D) Жақсы нәрсені өзгеден үйрену керек
- 19) Қосымша ақпаратты табыңыз.
- A) Асанқайғының ұсақ хандықтар болашағы туралы болжамы.
 - B) Асанқайғы өмірден өз халқының «Жер ұйығын» іздеп өткен.
 - C) Асанқайғыны елінің ертеңі мен халқының қамы көп ойландырған.
 - D) Асанқайғы дүниетанымында адамгершілік мәселесі негізгі орын алады.
- 20) Асанқайғының Қазаннан Дешті қыпшақ жеріне қайта оралуы мәтіннің қай тұсында кездесетінін көрсетіңіз.
- A) Кіріспе бөлімнен кейін бірден айтылады.
 - B) Мәтіннің қорытынды түйіні ретінде соңында беріледі.
 - C) Жерұйықты іздегендігі туралы ақпараттан кейін келеді.
 - D) «Асанқайғы» аталу себебін түсіндіргеннен кейін баяндалады.
- 21) Жырауды замандастары неге “Асанқайғы” атап кеткендігін анықтаңыз.
- A) Өмір сүрген заманына байланысты
 - B) Өз қамын ойлап, қайғырғандықтан
 - C) Отбасына ауыр қайғы түскендіктен
 - D) Ел қамын ойлап, үнемі мұңға батып жүретіндіктен
- 22) Мәтіндегі ақпараттардың орналасу ретін көрсетіңіз.
- A) Асанқайғының дүниетанымы. Болжамы. Билікке араласуы
 - B) Жыраулар туралы. Асанқайғы атануы. Жерұйықты іздеуі. Нақыл сөздері
 - C) Шешендік өнері. Хан кеңесшісі. Хан мен қара арасындағы дәнекерші
 - D) Ел мұқтажын жоқтаушы. Ізгілікті дәріптеуші. Сәуегейлігі



2-мәтін тапсырмалары

- 23) Мәтін идеясын көрсетіңіз.
- A) Оқытушылардың біліктілігін арттыру
 - B) Заманауи талаптарға сай білімді елімізде беру
 - C) Қазақ жастарын шетелдік оқу орындарында оқыту
 - D) Жоғары оқу орындарын жаңа технологиямен жабдықтау
- 24) Негізгі ақпаратты табыңыз.
- A) Елімізде жаңа оқу орнының ашылуы.
 - B) Мемлекеттік білім беру грантының бөлінуі.
 - C) Президенттің жалпыұлттық телекөпірге қатысуы.
 - D) Елімізде әлемдік деңгейдегі білім ошағының бар екендігі.

- 25 Мәтіннің соңғы бөлігі не туралы екендігін көрсетіңіз.
- A) Университет ғимараты
 - B) Университеттегі білім беру жүйесі
 - C) Университет студенттеріне қойылатын талаптар
 - D) Президенттің салтанатты шарадан кейінгі кездесулері
- 26 Мәтіннің алғашқы бөлігі не туралы екендігін көрсетіңіз.
- A) Университеттің ашылуы
 - B) Университеттің шетелдік әріптестері
 - C) Университеттің алда атқаратын іс жоспары
 - D) Университеттің басқа ЖОО-дан ерекшелігі
- 27 Қосымша ақпаратты табыңыз.
- A) Назарбаев университетінің ашылу салтанаты өтті.
 - B) Университетте шетелдің үздік профессорлары дәріс оқиды.
 - C) Университет ғимараты Есіл өзенінің сол жағалауында орналасқан.
 - D) Облыс әкімдері телекөпірде Президентке инновациялық жобалардың іске қосылуы туралы баяндады.
- 28 Жаңа университеттің қандай мақсатта ашылғандығын көрсетіңіз.
- A) Білім беру жүйесіне шетелдік мамандарды тарту
 - B) Еліміздің болашақ зияткерлік элитасын қалыптастыру
 - C) Шетелдік жастарды Қазақстандық білім ордаларына тарту
 - D) Жоғарғы білім беру жүйесін кешенді ғимараттармен қамтамасыз ету
- 29 Мәтінде жоқ ақпаратты табыңыз.
- A) Университетке тек Қазақстан азаматтары ғана қабылданады.
 - B) Университет ғимараттарының кешені 80 гектар жерді алып жатыр.
 - C) Назарбаев университеті әлемнің үздік 30 ЖОО-ның қатарына енген.
 - D) Мемлекет басшысының ұйғарымымен 500 білім беру гранты бөлінген.
- 30 Мәтінге ат қойыңыз.
- A) Жалпыұлттық телекөпір
 - B) Өркениетті білім жүйесі
 - C) Жаңа заманға сай жаңа оқу ордасы
 - D) Оқу ордасындағы ғылыми орталық

2

Тыңдалым бөлігі. Тест тапсырмаларын талдау

Бірінші бөлім

- Бірінші бөлімде 1 ұзақ диалог тыңдайсыз.
- Диалогке 7 тапсырма беріледі.
- Диалогті бір рет қана тыңдайсыз.



1-диалог

29 қараша күні Желтоқсан оқиғасының 20 жылдығына арналған «Желтоқсан желі» драмасының Алматы қаласындағы алғашқы қойылымы болды. Журналист Серік Асылбекұлының «Бір түнгі оқиға» деген шығармасының желісіне құрылған бұл драма алғаш рет сахнада 1996 жылы қойылған екен. 1998 жылы Тараз қаласында өткен Республикалық театрлар фестивалінде бас жүлдені жеңіп алған. Ал осы туындыны театр сахнасына алып шыққан режиссер, Талдықорған қаласында орналасқан Алматы облыстық Бикен Римова атындағы драма театрдың директоры Мұрат Ахманов «Желтоқсан желі» қойылымын Алматы қаласында қоюды ұзақ жылдар бойы күтіпті. Оның айтуынша, 1986 жылы Алматыда болған Желтоқсан оқиғасы оның өміріне үлкен сілкініс әкелген. Сол жылы Талдықорған қаласындағы театрда актер болып жүрген ол осы қойылымды қоюға итермелеген желтоқсан оқиғасын былайша еске алады:

– Бізге Алматыдан бір жігіттер келіп, осындай қырғын болып жатыр, алаңда аққан қан, шеруге шыққандарды қуып жатыр дегенді айтты. Осындай сөздер бізге қатты леп болып, сол жерде көзімізге жас алдық.

– Қазақ халқының рухына, жастардың патриоттық сезіміне арнап қойылған қойылымның мазмұны туралы айтсаңыз.

– Бұл бір пәтердің ішінде өтетін оқиға. Қойылымда сол кездегі үрейді сыртқы терезе арқылы да, алаңдағы шерушілер арқылы да көрсетіп отырамыз. Негізінен қойылым 20 жылдыққа арналып отыр. Мұны 10 жыл бұрын Алматыда қойсам деген арманымның енді сәті келді.

– Қойылым кейіпкерлері туралы не айтасыз?

– Қойылымдағы негізгі кейіпкерлер – Қайсар мен Ақмарал атты қазақ жастары. Қайсар рөлін сомдаған Ғ. Мүсірепов атындағы Балалар және жасөспірімдер театрының актері Нұрлан Әлімжанов. Қайсардың бойынан қазақ жастарына тән барлық жақсы қасиеттерді көрсетуге тырыстым. Ол мақсатыма жеттім деп ойлаймын. Қайсар деген есімнің өзі де айтып тұр. Ол – тек «алға» деп қайтпайтын және елін, жерін сүйетін патриот азамат. Сондықтан да кейіпкердің аты солай алынды. Сонымен бірге, бұл есім – алаңда бір адамдай ат салысып жүрген қазақ азаматтарының прототипі, жиынтығы.

– Мұндай қойылымдар бізге керек. Өйткені Желтоқсан оқиғасына байланысты дүниелер көп емес. Қойылымның әсіресе, жастар театрынан шыққаны дұрыс болды. Өйткені сол оқиғаға негізінен студент жастар қатысты ғой.

1 Сұхбаттың мақсатын анықтаңыз.

- A) Театрдың репертуарымен таныстыру.
- B) Жастар театрының әртістерімен таныстыру.
- C) Оқырманға қойылым туралы кеңірек мәлімет беру.
- D) «Желтоқсан желі» қойылымының режиссерін таныстыру.

Т

- 1) Сұхбатта театр репертуары туралы сөз болмаған.
- 2) Сұхбатта тек басты рөлде ойнаған әртіс туралы айтылған.
- 3) Сұхбат қойылымның мазмұны, негізгі кейіпкерлері мен рөлдерде ойнаған әртістер туралы толық ақпарат алуды көздейді.
- 4) Сұхбат қойылым режиссерімен болған, алайда автор онымен таныстыруды мақсат етпейді.

2 Режиссердің пікіріндегі ақпаратты көрсетіңіз.

- A) Қойылым алға қойған мақсатына жетті
- B) Қойылымның жастар театрында сахналанғаны дұрыс болды
- C) Қойылым – Республикалық театрлар фестивалінің жүлдегері
- D) Қойылым «Бір түнгі оқиға» шығармасының желісіне құрылған

Т

- 1) Бұл ақпарат – режиссердің пікірі.
- 2) Бұл – сұхбат алушының (тілшінің) пікірі.
- 3) Бұл – автор (тілші) баяндауында берілген ақпарат.
- 4) Бұл ақпарат тілшінің баяндауында берілген

3 Сұхбат алушының қойылым туралы пікірін көрсетіңіз.

- A) Желтоқсан оқиғасы режиссерге қатты әсер етті
- B) Мұндай қойылымдар жастарды отансүйгіштікке тәрбиелейді.
- C) Қойылым Желтоқсан оқиғасын көз алдымызға тағы бір рет алып келді.
- D) Сол кездегі барлық жастардың бейнесі бас кейіпкер арқылы көрсетілген.

Т

- 1) Бұл – режиссердің пікірінде айтылған ақпарат.
- 2) Сұхбат соңында сұхбат алушы осындай пікірге келген.
- 3) Мәтінде сұхбат алушының мұндай пікірі берілмеген.
- 4) Бұл – сұхбат беріп отырған режиссердің пікірі.

4 Қойылымның мақсатын анықтаңыз.

- A) Тарихи оқиғаны баяндау
- B) Желтоқсан құрбандарын еске алу
- C) Жастардың шыдамдылығын көрсету
- D) Қазақ жастарының қайсарлығын, отансүйгіштік сезімін көрсету

Т

- 1) «Желтоқсан» – тарихи оқиға, бірақ қойылым ол туралы тек жай баяндауды ғана мақсат етпейді.
- 2) Қойылым еске алуды емес, жастардың ерлігін дәріптеуді көздейді.
- 3) Шыдамдылық – жақсы қасиет, бірақ қойылымның мақсаты бұл емес.
- 4) Қойылым қазақ жастарының ерлік, отансүйгіштік т. б. жақсы қасиеттерін көрсетуге арналған.

5 Диалогтегі «атсалысу» сөзінің қандай мағынада қолданылғанын көрсетіңіз.

- A) қатысу
- B) жәрдемдесу
- C) қол ұшын беру
- D) белсене араласу



- 1) қатысу – тек араласу дегенді білдіреді;
- 2) жәрдемдесу – бұл да көмектесу сөзімен мәндес;
- 3) қол ұшын беру – көмектесу деген мағынаны береді, «ат салысу» да осы мағынаны береді, бірақ контексте бұл мағынада қолданылмаған;
- 4) белсене араласу – диалогте «ат салысу» тіркесі осы мағынада қолданылған.

6 «Желтоқсан желі» алғаш сахналанған уақытты көрсетіңіз.

- A) 1996 жыл
- B) 1998 жыл
- C) 1986 жыл
- D) Желтоқсанның жиырма жылдығы



- 1) Осы жылы бұл драма алғаш рет сахналанды.
- 2) Бұл жылы Республикалық театрлар фестивалінің жеңімпазы атанды.
- 3) Бұл жылы Желтоқсан оқиғасы болды.
- 4) Желтоқсанның жиырма жылдығына орай Алматы қаласында алғаш қойылды.

7 Сұхбат берушінің кім екенін көрсетіңіз.

- A) Журналист
- B) Драма театрдың директоры
- C) Бас кейіпкер рөлін сомдаған әртіс
- D) «Бір түнгі оқиға» шығармасының авторы



- 1) Журналист – сұхбат алушы.
- 2) Сұхбат беруші – театр директоры, әрі режиссер.
- 3) Басты рөлді сомдаған әртіс туралы режиссер сөзінде айтылған.
- 4) Шығарма авторы туралы автор баяндауында айтылған.

Екінші бөлім

- Екінші бөлімде 1 полилог тыңдайсыз.
- Полилогке 8 тапсырма беріледі.
- Полилогті бір рет қана тыңдайсыз.



1-полилог

Павлодарда «ОЛИМП» клиникалық-диагностикалық желісінің аймақтық зертханасы (ҚДЗ) ашылды. Ең ірі жекеменшік, тәуелсіз «ОЛИМП» Қазақстан нарығында зертханалық диагностикалық саласында төрт жылдан астам уақыт жұмыс істейді. Зертхана туралы толығырақ білу үшін ұжым басшыларымен жолыққан едік.

Зертхана меңгерушісі Людмила Перевертова:

– «ОЛИМП» ҚДЗ құрудағы негізгі мақсат – елдегі медициналық зерттеу сапасын әлемдік стандарттарға дейін арттыру, диагностика саласында инновациялық технологияларды енгізу, дәлдік медицина жүйесін жетілдіру. Зертхананың негізгі артықшылықтарының бірі – бұл жеделдік. Ең күрделі

анализдердің қорытындылары осы жерде бір күн ішінде дайындалады. Осы жерде барлық зерттеу үдерістері толығымен автоматтандырылған. Лаборант тек қан құйылған шыны түтікті аппаратқа қояды да, қажетті бағдарламаны қосады, ал машина өздігінен қажетті анализді жүргізеді және қорытындысын компьютерге жібереді. Адамдық фактордың болмауы зерттеудің жоғары дәлдігіне кепіл береді.

«ОЛИМП» ҚДЗ директоры Ерлан Сүлейменов:

– Біздің зертханада орнатылған барлық құрал-жабдықтар зерттеу саласында қолданылатын үздік стандарт болып табылады. Бұл тестердің кең диапазонды және сезімталдығы жоғары деңгейдегі толық автоматтандырылған жүйелер. «Roche» (Германия) компания өндірісінің автоматикалық анализаторларының толық паркі басты мақтанышымыз болып табылады. Жоғары технологиялық аппараттар қанның биохимиялық, иммунохимиялық анализдерімен қатар бір уақытта кардиоқауіпті, бауырды тексеруді, анемия және диабеттің диагностикасын, ревмобағдарлы және т.б. бағдарлы зерттеулерді жасайды.

Людмила Перевертова:

– Павлодар қаласының әртүрлі аудандарында орналасқан біздің екі емшара кабинетіміз бар. Бұл сапалы зертханалық диагностика көрсетуді тікелей пациентке едәуір жақындата түседі. Қан алу бір реттік инемен «Vacuainer» типті арнайы вакуумдық жүйеге жүргізіледі. Шприцтермен біз мүлдем жұмыс істемейміз.

Зертхана директорының орынбасары Алексей Балась:

– «ОЛИМП» клиникалық-диагностикалық зертханасы қызметі бағыттарының бірі – бұл ПҰР (полимераздық ұласпалы реакция), бұл бүгінгі күні инфекциялық ауруларды, нақтырақ айтсақ, жыныстық жолмен жұғатын инфекцияларды анықтауда айтарлықтай маңызды болып табылады. Мұнда қолданылатын бірдей технология – нақты уақыт тәртібіндегі ПҰР пайдалану. «ОЛИМП» зертханасындағы диагностиканың ерекшелігі бұл – бүгінгі күні зерттеудің ең нақты және сенімді тәсілі.

Тілші:

– Жеке меншік болғаннан кейін баға жоғары болар?

Алексей Балась:

– Айтарлықтай қолжетімді баға. Орташа есеппен ең қарапайым анализдер 400 теңгеден басталып, күрделі зерттеулер бірнеше мың аралығында болады.

Тілші:

– Өте жақсы! Елімізде осындай зертханалардың көптеп ашылуына тілекшімін. Халық денсаулығы үшін атқарып жатқан еңбектеріңізге тек жеміс тілеймін! Сау болыңыздар!

8

Мәтінде жоқ ақпаратты көрсетіңіз.

- A) Зертханада биохимиялық анализ жасалмайды.
- B) Инфекцияларды анықтаудағы ПҰР-дың маңыздылығы.
- C) Адамның тікелей араласпауы зерттеудің жоғары дәлдігіне кепілдік береді.
- D) Зертхана қызметінің бір бағыты – полимераздық ұласпалы реакция (ПҰР).



- 1) Керісінше, мәтінде зертханада биологиялық анализ жасалатындығы айтылған.
- 2) Бұл ақпаратты да берген – директордың орынбасары.
- 3) Зерттеу үдерістері толығымен автоматтандырылған, бұл ақпаратты зертхана меңгерушісі береді.
- 4) Мұндай ақпарат директор орынбасарының сөзінде берілген.

9

Мәтін авторының көзқарасын көрсетіңіз.

- A) Зертхана жұмысын жоғары бағалайды.
- B) Зертхана жұмысын жетілдіру керек деп ойлайды.
- C) Зертхана қызметін насихаттау қажет деп санайды.
- D) Зертхана қызметінің бағасын қолжетімді деп санайды.

Т

- 1) Мәтін соңында автор зертхана жұмысына ризашылығын білдірген.
- 2) Автор сұхбатқа қатысушылардың әңгімелерін тыңдап, оларға тек алғыс білдірген.
- 3) Автор тарапынан мұндай көзқарас байқалмайды.
- 4) Автор қойған сауалдар мен оның соңғы сөзінен мұндай көзқарас байқалмайды.

10

Автор сөзі арқылы қандай ақпарат берілгенін көрсетіңіз.

- A) Аймақтық зертхананың ашылуы.
- B) Анализ нәтижелерін анықтаудағы дәлдікті жетілдіру.
- C) Қан алуда шприцтердің мүлде қолданылмайтындығы.
- D) Зертхана қызметінің бағасы зерттеулердің күрделілік деңгейіне байланысты.

Т

- 1) Бұл туралы автор айтады.
- 2) Бұл ақпаратты зертхана меңгерушісі өз пікірінде айтқан.
- 3) Бұл ақпаратты да зертхана меңгерушісі айтқан.
- 4) Полилогте мұндай ақпарат бар, ол басшылардың сөзінде беріледі.

11

Директор орынбасарының сөзінде берілген ақпаратты көрсетіңіз.

- A) Зертхана жұмысындағы жеделдік туралы
- B) Зертхана қызметінің бағыттары жайында
- C) Зертханада зерттеулердің жоғары дәлдікпен жүргізілетіндігі жайында
- D) Зертханадағы технологиялық аппараттардың «Roche» компаниясының екендігі туралы

Т

- 1) Зертхананың негізгі артықшылықтары туралы баяндайтын зертхана меңгерушісінің сөзінде берілген ақпарат.
- 2) Бұл ақпаратты директордың орынбасары жеткізеді.
- 3) Бұл да меңгеруші сөзінде берілген ақпарат.
- 4) Бұл құрал-жабдықтар туралы баяндаған директор сөзінде беріледі.

12

«ОЛИМП» ҚДЗ негізгі мақсаттарының бірін көрсетіңіз.

- A) Өздігінен анализ жүргізетін бағдарлама дайындау
- B) Еліміздегі аймақтық зертханалардың санын көбейту
- C) Павлодар қаласының басқа аудандарынан емшара кабинеттерін ашу
- D) Қазақстандағы медициналық зерттеу сапасын әлемдік стандарттарға дейін арттыру

Т

- 1) Зертхана қажетті бағдарламамен қамтамасыз етілген.
- 2) Зертхана мұндай мақсатты көздемейді, бірақ автор сөзінде мұндай зертханаларды көптеп ашу қажеттігі айтылады.
- 3) Полилогте Павлодар облысының әртүрлі аудандарында екі емшара кабинеті бар екендігі айтылады.
- 4) Зертхана болашақта зерттеудің әлемдік үздік стандарттарына жетуді көздейді.

13 Сұхбаттың түйінін табыңыз.

- A) Ең арзан диагностикалық зертхана.
- B) Зертхана қызметкерлерінің біліктілігін арттыру керек.
- C) Зертханаға жаңа технологиялық аппараттар жетіспейді.
- D) «Олимп» – Қазақстандағы ең үздік диагностикалық зертхана.



- 1) Зертхананың қызмет көрсету бағасы қолжетімді, бірақ бұл еліміздегі ең арзан зертхана дегенді білдірмейді және бұл сұхбаттың түйіні болмайды.
- 2) Мәтінде зертхана мамандарының біліктілігі туралы айтылмаған.
- 3) Керісінше зертхана озық технологиямен толық жабдықталған.
- 4) Зертхана қызметкерлерінің сөздері «ОЛИМП-тің» еліміздегі озық диагностикалық зертхана екенін дәлелдейді.

14 Зертхана директорының сөзіндегі ақпаратты көрсетіңіз.

- A) Диагностикалық зертхана Павлодарда ашылды.
- B) Қан алу бір реттік инемен арнайы вакуумдық жүйеде жүргізіледі.
- C) Зертханада ең күрделі анализ қорытындысы да бір күнде дайын болады.
- D) Жоғары технологиялық аппараттар бір уақытта бірнеше анализдерді жасайды.



- 1) Бұл туралы полилог басында автор сөзінде айтылған.
- 2) Бұл – зертхана меңгерушісі берген ақпарат.
- 3) Бұл ақпаратты да зертхана меңгерушісі жеткізеді.
- 4) Бұл туралы зертхана директоры айтады.

15 Зертхана меңгерушісінің сөзіндегі ақпаратты көрсетіңіз.

- A) Зертхана құрудағы мақсат пен зертхананың артықшылығы
- B) Зертхананың жаңа технологиямен жабдықталуы
- C) Зертхана қызметінің бағасы
- D) Зертхана тарихы



- 1) Бұл ақпарат зертхана меңгерушісінің сөзінде берілген.
- 2) Бұл жайында зертхана директорының сөзінде айтылады.
- 3) Қызмет көрсету бағасына қатысты сұраққа зертхана директорының орынбасары жауап берді.
- 4) Зертхананың құрылғандығы, қанша уақыттан бері жұмыс істейтіндігі туралы автор сөзінде айтылған.

Үшінші бөлім

- Үшінші бөлімде 2 мәтін тыңдайсыз.
- 2 мәтінге барлығы 15 тапсырма беріледі.
- Мәтінді бір рет қана тыңдайсыз.



1-мәтін

Таяуда тамам елден сүйінші сұрарлық айтулы оқиға болды. Франция төрінде қазақ халқының тұғырлы тұлғасы Мұстафа Шоқайдың жамбасы жерге тиген бейітінің басында ескерткіш бой көтерді. Алты алаштың азаттығын аңсаған ардақты ұлды ұлты осылайша ұлық тұта білді. Сырдың жағасында пәнидің есігін ашқан қайраткер жат жерде бақилық сапарға аттанды. Дүниежүзілік деңгейдегі саясаткер дәм-тұзы таусылғанша түбі бір түркінің басын қосуды аңсады. Үстіміздегі жылы Мұстафа Шоқайдың 120 жылдығы тойланып жатыр. Бұл атаулы мерейтой барша жұрттың ортақ тойы десек те жарасады. Заманынан озық туған оның қайраткерлік қасиеті Кеңес үкіметінің орнау кезеңімен тұспа-тұс келді. Қызыл жалауды желбіреткен большевик басшыларының көздегенін әріден тарқата білген М.Шоқай түркі жұртының түгел болуын қалап, соның жолында тынбай тер төкті. Алайда ол дегеніне жете алған жоқ. Қызылдар тарапынан қуғынға ұшырады. Осының салдарынан шетелге кетуге мәжбүр болды. Ақтық демі Францияның Ножан-сур-Марн қаласында бітті. Жетпіс жыл бойы оның атын атауға қатаң тыйым салынды. Ардақты азаматтың аңсаған азаттығы түптің түбінде өз халқының бағына бұйырды. Әлемдік деңгейде Қазақстан мемлекетінің аты шыға бастағанына келер жылы тұп-тура жиырма жылдың жүзі болғалы тұр. Осындай ұлан-асыр тойдың қарсаңында орайы келген оң іс барша бұқара үшін жағымды жаңалықтың біріне айналды. Ескерткіштің ашылуына біздің елімізден көптеген азаматтар барып қайтты. Олардың қатарында Мәдениет министрі, Қызылорда облысы әкімінің орынбасары және өзге де белгілі азаматтар бар.

1992 жылы Мұстафа Шоқай қорының тұсауы кесілген болатын. Содан бері талай жылдың жүзі болды. Осы аралықта көптеген жұмыстар атқарылды. Қор тәуелсіздік жолында күрескер атанған тұлғаны елге таныту жолында тынбай тер төкті десек артық емес. Сол жылдарда елдің Мұстафа Шоқай жөнінде білетіні аз еді. Тіпті қаншама жылдар бойы айтылған жалған әңгіменің жетегінде жүрген жандар аз болған жоқ. Қазір ондай адамдар арагідік кездесіп қалатыны жасырын емес. Шындығын айтқанда, осындай тынымсыз еңбектің арқасында халқымыз қалаулы қайраткерін қайта тани бастады. Ол жайында ғалымдар көптеген еңбектер жазуды қолға алды. Қаламгерлер шығармаларына тұғырлы тұлғаны арқау етті. Белгілі қайраткердің туған топырағында оған арналған ескерткіш бой көтерді. Енді Франция жерінде жатқан қайраткердің мәңгілік мекенінде оның бюстін орнатты. Ескерткіш бюст орнату жөніндегі ұсыныс Сыр өңірі басшылығы тарапынан қолдау тапты. Осы мақсатта арнайы комиссия құрылды. Оған жеті ұсыныс қабылданды. Олардың арасынан жергілікті мүсінші Амангелді Кененбаевтың жобасы үздік деп танылды. Осының нәтижесінде аталмыш жоба Мәдениет министрлігінің ескерткіштер және монументтер жөніндегі арнайы комиссия назарына ұсынылған болатын. Олардың шешімімен А.Кененбаевтың жобасы мақұлданды. Көптеген істерге Қазақстанның Франциядағы елшілігі қол ұшын созды. Кейбір дүниелер сол елдің заңдылығына бейімделді. Айтулы шараға келушілер аз болған жоқ. Біздің елімізден барған делегациядан өзге Франциядағы қазақ диаспорасы, түріктер және сол елдің белгілі азаматтары бар. Атап кетерлігі, сол мемлекетте дүниеден озған түркі жұртынан шыққан танымал қайраткерлер аз емес. Солардың арасында тұңғыш рет Мұстафа Шоқайға осындай құрмет көрсетіліп отыр екен. Осының өзін біздің халқымызға деген үлкен құрмет деп бағаласақ жарасады.

16 Мәтіннің идеясын көрсетіңіз.

- A) М.Шоқай туралы ғылыми еңбектерге талдау жүргізу.
- B) М.Шоқай қорының атқарған іс-шараларымен таныстыру.
- C) М.Шоқайдың бүкіл түркі жұртын біріктіру идеясын насихаттау.
- D) М.Шоқайдың мерейтойы қарсаңында атқарылған игі істі паш ету.

Т

- 1) Мәтінде М. Шоқай туралы ғалымдардың көптеп еңбектер жаза бастағандығы туралы ғана айтылады.
- 2) М.Шоқай қорының атқарған істерінің көптігі айтылғанмен, бұл – мәтіннің негізгі идеясы емес.
- 3) М.Шоқайдың өле-өлгенше түбі бір түркінің басын қосуды аңсауы – хабарлама түріндегі ақпарат, негізгі идея емес.
- 4) М.Шоқайдың 120 жылдық мерейтойы қарсаңындағы атқарылған шара – оның жерленген жерінде ескерткіш бюсттің қойылғанын жария ету.

17 Мәтіннің алғашқы бөлігінде қамтылған ақпаратты көрсетіңіз

- A) М.Шоқайдың 120 жылдық тойы мен ескерткіштің бой көтеруі.
- B) А.Кененбаев жобасы мен оның Министрлік тарапынан мақұлдануы.
- C) М.Шоқай ескерткішінің ашылу салтанаты және оған қатысушылар.
- D) Францияда ескерткіш-бюст қою барысында сол елдің заңдылығы да ескерілді.

Т

- 1) Айтулы оқиғаның М. Шоқайдың 120 жылдық мерейтойы тойланып жатқан тұста болуы мәтіннің басында сөз болады.
- 2) Ашылуына сол елдегі қазақ диаспорасы, түріктер мен белгілі азаматтардың қатысуы мәтіннің соңғы бөлігінде кездеседі.
- 3) Жеті ұсыныстың ішінде А. Кененбаев жобасының үздік танылуы туралы ақпарат мәтіннің бас жағында айтылмайды.
- 4) Бұл ақпарат мәтін аяғына таман айтылады.

18 Мәтіндегі негізгі ақпаратты көрсетіңіз.

- A) М.Шоқайдың шетелге кету себебі
- B) Франциядағы қазақ диаспорасының жайы
- C) М.Шоқайға Францияда ескерткіштің қойылуы
- D) Мұстафа Шоқай атындағы қордың құрылуы

Т

- 1) Мәтінде шетелге кету себебі көрсетілген, бірақ бұл негізгі ақпарат емес.
- 2) Франциядағы ескерткіштің ашылуына ондағы қазақ диаспорасының да қатысқаны – мәтіндегі қосымша ақпарат.
- 3) Мәтіндегі негізгі ақпарат – М.Шоқайдың 120 жылдық тойы қарсаңында оның мәңгілік мекенінде ескерткіш бюсттің орнатылуы.
- 4) 1992 жылы Мұстафа Шоқай қорының тұсауы кесілді, алайда бұл мәтіндегі негізгі ақпарат емес.

19 Мәтін мазмұнына сай келмейтін ақпаратты көрсетіңіз.

- A) М. Шоқай Сыр өңірінде дүниеге келген.
- B) Саяси қайраткердің туған жерінде оған әлі ескерткіш қойылмаған.
- C) М. Шоқай Францияның Ножан-сур-Марн қаласында жерленген.
- D) Франция жерінде дүниеден өткен тегі түркі белгілі қайраткерлер көп.

Т

- 1) Мұстафа Шоқай Сырдың жағалауында дүние есігін ашқан.
- 2) Мұстафа Шоқайдың туған топырағында оған арналған ескерткіш бой көтерген.
- 3) Мұстафа Шоқайдың бейіті Ножан-сур-Марн қаласында.
- 4) Францияда дүниеден өткен тегі түркі қайраткерлердің ішінде мұндай құрмет тұңғыш рет М. Шоқайға көрсетіліп отыр.

20

Мәтін тақырыбына (мазмұнына) сай келетін мақал-мәтелді көрсетіңіз.

- A) Ер есімі ел есінде
- B) Өнерліге өлім жоқ
- C) Елдестіру елшіден
- D) Ерді кебенек ішінде таны

Т

- 1) Мағынасы: халық игілігі үшін еңбек еткен, өмірін еліне арнаған азамат ерді халқы да ешқашан ұмытпайды.
- 2) Мағынасы: қолынан өнері тамған адамның өзі өлсе де, өнері өлмейді, өйткені оның ісін шәкірттері жалғастыра береді.
- 3) Мағынасы: екі елді жақындастырып, бейбіт өмір сүру, көбіне, сол елдер арасында жүрген елшілердің ісі мен қабілетіне, ниетіне байланысты.
- 4) Мағынасы: ердің ерлігін киімінен, сауыт-сайманынан емес, өз басының батылдығы мен батырлығынан тануға болады.

21

Мәтіндегі қосымша ақпаратты көрсетіңіз.

- A) Қазақстан Тәуелсіздігінің 20 жылдығы
- B) М.Шоқайдың түркі жұртының түгел болуы жолында тынбай еңбек етуі
- C) Францияда түркі елінен шыққан танымал тұлғалардың ішінде ескерткіш-бюсттің тұңғыш рет М.Шоқайға қойылуы
- D) Ескерткіш-бюсттің ашылуына Қазақстанның лауазымды тұлғаларының қатысуы

Т

- 1) Бұл негізгі ақпарат емес, ескерткіш-бюст Қазақстанның 20 жылдығы қарсаңында ашылды.
- 2) Бұл мәтіндегі негізгі ақпараттардың бірі болып табылады.
- 3) Бұл – негізгі ақпарат, Францияда дүниеден озған түркі жұртынан шыққан танымал қайраткерлерге бұған дейін ескерткіш қойылмаған.
- 4) Мәтіннің негізгі мазмұны ескерткіш-бюсттің ашылуы туралы болғандықтан, оған қатысушылар жөніндегі ақпарат та маңызды болып табылады.

22

Мәтіннің Француздардың Мұстафа Шоқайға деген құрметі қазақ халқына көрсетілген құрмет екендігін аңғартатын тұсын көрсетіңіз.

- A) Бұл туралы мәтіннің кіріспе бөлімінде айтылған.
- B) Бұл ақпарат мәтіннің түйіні ретінде соңында берілген.
- C) М.Шоқай қорының атқарған іс-шараларын көрсетуден бұрын берілген.
- D) Франциядағы Қазақстан елшілігінің ескерткіш-бюсттің ашылуына жәрдемдесуі жайындағы ақпараттың алдында айтылған.

Т

- 1) Керісінше, кіріспе бөлімінде бұл туралы айтылмайды.
- 2) Автор ескерткіш-бюсттің Францияда ашылуын баяндай келіп, соңында М.Шоқайға жасалған құрмет – француздардың қазақ халқына деген құрметі деп қорытындылайды.
- 3) Керісінше, одан кейін мәтіннің соңында берілген.
- 4) Бұл ақпарат та мәтіннің соңғы бөлігінде берілген, бірақ мәтін француздардың қазақ халқына деген құрметі туралы түйінмен аяқталады.



2-мәтін

Бізді қоршаған табиғат небір тылсым сырларға толы. Мысалы, ара. Кәдімгі жаз шықса, ызыңдап маңайымыздан шықпайтын, гүлден-гүлге қонып, сіз бен біз үшін бал жинайтын ара... Оның өмір сүру қалыбы тылсым сырларға толы. Сіз өміріңізде бір рет араның ұясын қолыңызға ұстап көрдіңіз бе?! Көрмесеніз, солай етуге кеңес береміз. Әрине, бал аралары айнала ұшып, бал құйып жатқан «қызметтегі» ұяны емес, күзге салым босап қалатын немесе дүкенде балымен қоса сатылатын араның мекенін қолыңызға ұстап бір сәт бағамдаңызшы. Небір кереметті көрер едіңіз. Аралар тобы бал жинау үшін әуелі ұясын сайлайды. Ғалымдардың айтуынша, мұндай қара жұмыспен жұмысшы аралар айналысатын көрінеді. Ал бал жинаумен айналысатындары – басқалар. Зер салып қарасаңыз, бал құятын ұя клеткалардың алты бұрышты екендігін және әрбір қабырғасы мен бұрыштарының өлшемі бір-бірімен керемет үйлесімділікпен дәл келетінін байқайсыз. Бейне бір тұзу, сызық бойына сызғышпен өлшей отырып, әдейі орналастырғандай дәлдікпен жасалған. Осы тұста «неге үш я болмаса жеті, сегіз бұрыш емес, дәл алты бұрыш?» деген сауал туындауы мүмкін. Ғалымдардың дәлелдеуінше, тегіс кеңістікте ұя тор-клеткаларын бір-бірімен үйлесімді жалғастықпен, арасын да қуыс қалдырмастан әрі дөңгелете орналастыру ісінде алты бұрышты геометриялық кескіннен артық қолайлы «сәулет» өнері мүмкін емес көрінеді. Қолыңызға қалам алып, сызып қарасаңыз, алты бұрыштың әрбір қабырғасы келесі алты бұрыштық кескіндемеге жалғасуға өз-өзінен сұранып тұрғанын байқайсыз. Яғни алғашқы алты бұрыш пен келесі алты бұрыш арасында ине шаншар жер қалмайды екен. Ара балын еш қуыс қалдырмастан толтыруға алты бұрышты ыдыс қана ыңғайлы. Үш, төрт бұрыштыға да бал құюға болады. Алайда, оның бұрыштары аса кең болмағандықтан, оны толық толтыра алмайтынға ұқсайды.

Ал енді мына бір кереметке қараңыз! Ара ұясын мығым болсын деп таза балауыздан тоқитын көрінеді. Есіме бала кездегі бір жайт оралды. Көрші үйдегі сарай боғатына салынған ара ұясы күзге салым жерде домалап жатқан еді. Алты ай қыс қар мен жаңбырдың астында мыжылған әлгі ұя келер жазда сол маңда әлі домалап жатты. Ойын балалары қызық көріп, ләңгі іспетті тепкілесті. Соған да төтеп берген ескі ұяны олар, тіпті болмаған соң, қолдан бұтарлаған болатын. Осы көрініске қарап тұрып: «өздері кіп-кішкене бола тұра аралар осындай мықты үйді қалай соғады екен?» деп ойға қалған едім. Сөйтсем, оның сыры әлгіндей екен.

Балауыз қабырғалар – ауа өткізбейтін қасиетке ие. Мұндай жағдайда арнайы тор-клеткаға тасталған ара ұрығы, яғни личинкалардың жайы не болмақ? Аралар болашақ ұрпақтары жайғасқан торлардың бетін гүлдің тозаңы араласқан балауызбен жабатын көрінеді. Сонда личинка-құрттарға ауа барып тұрады екен. Ұя ішіндегі жұмыстарға араларға гүл тозаңдары ауадай қажет. Атап айтқанда, жұмысшы аралардың алдыңғы аяқтарында тарақ іспетті «сыпырғыштар» бар. Оныменен әуелі гүл тозаңын тазалап, содан кейін таза тозаңды жинап, артқы аяқта орналасқан «қоржынға» салатын көрінеді. Ара өз ұясына қарай ұшқан кезде әлгі тозаңдар шашылып қалмас үшін, ол «қоржындар» артқы аяқтың жоғарғы, сыртқы жақтарына, шұңқыр ретінде орналасқан екен. Дәстүрлі медицина араның балы, балауызы ғана емес, ол жинаған осынау тозаңдардың да адам үшін өте пайдалы екенін дәлелдеген. Айрықша жағдайда өмір сүріп, ықыласпен еңбек ететін аралардың ұрықтануы да таза ауада, ұшу кезінде жүзеге асатын көрінеді. Кәрі араларға қарағанда, жас аралар еңбекке ықтиятты, ұқыпты. Олар бөлетін бал әрі тәтті, әрі пайдалы. Күннің жылысында таң атқаннан күн батқанға дейін тынбастан еңбек ететін аралар қауымы суық түскеннен кейін, жаз бойы жинаған балдарын қорек етіп, жылы көктемнің келуін күтеді.

23 Мәтіннің негізгі идеясын көрсетіңіз.

- A) Тиімсіздік
- B) Пайдалылық
- C) Үйлесімділік, дәлдік
- D) Еңбекқорлық, тапқырлық, ұқыптылық, шыдамдылық

Т

- 1) Мәтіндегі тиімсіздік араның жинаған балын үш-төрт бұрышты ұя торына оның бұрышы кең болмағандықтан құймайтындығы арқылы көрінеді, бірақ бұл – мәтіндегі негізгі идея емес.
- 2) Мәтінде мұндай идея жоқ, тек ара балының пайдасы туралы ақпарат бар.
- 3) Мәтінде бал құятын ұя торларының алты бұрышты екендігі және әрбір қабырға мен бұрыштың өзара тамаша үйлесімділікпен дәл келетіні жай ақпарат түрінде айтылған.
- 4) Автор ара тіршілігіндегі құпия сырлар арқылы оның еңбекқорлығын, тапқырлығын, ұқыптылығын, ал ара ұясының төзімділігі, шыдамдылығы арқылы оның әрекет нәтижесінің сапасын көрсетеді.

24 Мәтіннің алғашқы бөлігінің мазмұнына сай тақырыпты көрсетіңіз.

- A) Жұмысшы аралар
- B) Ара балының пайдасы
- C) Аралардың ұрықтануы
- D) Ара ұясының құрылымы

Т

- 1) Ұяны жұмысшы аралардың жасайтындығы мәтіннің алғашқы бөлігінде бар, бірақ бұл осы бөліктің мазмұнын толық қамти алмайды.
- 2) Медицинада ара балы мен балауызының пайдалы екендігі туралы да мәтіннің соңына қарай айтылады.
- 3) Аралардың ұрықтануы таза ауада, ұшу кезінде жүзеге асады деген ақпарат мәтіннің соңғы жағында кездеседі.
- 4) Аралардың ұя-клеткаларының алты бұрышты болатындығы жайлы ақпарат мәтіннің алғашқы бөлігінің мазмұнын толық қамтиды.

25 Мәтіндегі қосымша ақпаратты көрсетіңіз.

- A) Балауыз қабырғалар ауа өткізбейді
- B) Ара өз ұясын таза балауыздан тоқиды
- C) Табиғаттың құпия сырлары таусылмайды
- D) Аралар тобы бал жинау үшін әуелі ұясын сайлайды

Т

- 1) Аралар ұясын мықты болсын деп таза балауыздан тоқитын көрінеді.
- 2) Мәтіндегі араға қатысты негізгі ақпараттардың бірі болып табылады.
- 3) Бұл жалпы айтылған, мәтін мазмұны үшін қосымша болып табылады.
- 4) Ара ұясы және оның құрылымы да негізгі ақпарат қатарына жатады.

26 Мәтіндегі негізгі ақпаратты табыңыз.

- A) Араның ұясын қолмен бұтарлап бұзуға болады.
- B) Аралар жазда жинаған балын қыста қорек етеді.
- C) Балалар ләңгі етіп тепсе де, ара ұясы бұзылмайды.
- D) Күзге қарай дүкендерде араның балымен қоса босап қалған ұялары да сатылады.

Т

- 1) Бұл – жай хабарлама түріндегі ақпарат.
- 2) Бұл ақпарат мәтінде бар, бірақ негізгі емес.
- 3) Автор балалардың бұл әрекеті арқылы ара ұясының беріктігін, төзімділігін айтады, сондықтан мұны негізгі ақпарат деп санауға болады.
- 4) Мәтіндегі бұл ақпарат негізгі емес.

27 Мәтін мазмұнының дұрыс ретін көрсетіңіз.

- A) Ара ұясының пішіні, ұяның мықтылығы, араның еңбекқорлығы
- B) Балауыз қабырғалар, араның гүл тозаңын жинауы, ара тіршілігі
- C) Аралардың ұрықтануы, жұмысшы аралар, ара балауызының пайдасы
- D) Жас аралардың балы, ұяларын дайындауы, гүл тозаңын ұяға жеткізу



- 1) Мәтін мазмұны осындай ретпен баяндалады.
- 2) Мәтін балауыз қабырғалары туралы ақпараттан басталмайды.
- 3) Аралардың ұрықтануы туралы мәтіннің соңына қарай айтылады, сондықтан мәтін мазмұнының дұрыс реті бола алмайды.
- 4) Жас аралардың балы туралы да мәтіннің соңында баяндалған.

28 Дұрыс ақпаратты көрсетіңіз.

Жұмысшы араның алдыңғы аяқтарындағы «сыпырғыштар» неге қажет?

- A) Балды араластыруға.
- B) Гүл тозаңын тазалауға.
- C) Гүл тозаңын ұяға жеткізуге.
- D) Бал жинап, оны торға құюға.



- 1) Мұндай ақпарат мәтінде кездеспейді.
- 2) Тарақ іспеттес нәрсемен гүл тозаңын тазалайды.
- 3) Гүл тозаңы артқы аяқта орналасқан «қоржында» болады.
- 4) Жұмысшы аралар бал жинамайды, қара жұмыспен айналысады.

29 Дұрыс ақпаратты көрсетіңіз.

- A) Гүл тозаңы араласқан балауыз қабырға арқылы ауа өтпейді.
- B) Аралардың ұрықтануы балауызды ұя клеткаларда жүзеге асады.
- C) Бал құятын ұя клеткалардың пішіні алты бұрышты болып келеді.
- D) Бал құятын клетканың бұрыштары үнемі бір-бірімен үйлесе бермейді.



- 1) Керісінше, гүл тозаңы араласқан балауыз қабырға арқылы ауа өтеді.
- 2) Аралардың ұрықтануы таза ауада, ұшу кезінде жүзеге асады.
- 3) Бал құятын ұя-тордың пішіні алты бұрышты болады.
- 4) Алты бұрышты тор ұяның бұрыштары бір-бірімен дәл үйлеседі.

30 Мәтін мазмұнын ашатын тақырыпты көрсетіңіз.

- A) Табиғатты аялайық
- B) Табиғаттың тылсым сыры
- C) Бал – тіршілік нәрі
- D) Ара ұясының мықтылығы



- 1) Табиғатты қорғау туралы ой мәтінде кездеспейді.
- 2) Ара ұясының пішіні мен беріктігінің сыры – табиғат құпиясының бірі.
- 3) Мәтінде балдың медицинада пайдалы екендігі ғана айтылады.
- 4) Ара ұясының мықтылығы жайында мәтіннің бір ғана бөлігінде айтылады, сондықтан тақырып мәтін мазмұнын толық қамтымайды.

3

Тыңдалым бөлігі. Қорытынды тест



1-диалог тапсырмалары

1

Сұхбаттың мақсатын көрсетіңіз.

- A) Сұхбат берушінің режиссерлік шеберлігін көрсету
- B) Ә.Мәмбетов сахналаған спектакльдерді жарнамалау
- C) Ш.Айтматов шығармаларының құндылығын көрсету
- D) Шекспирдің «Ромео мен Джульетта» туындысының әсерлілігін дәлелдеу

2

Режиссердің «Қызыл орамалды шынарым» қойылымын қай спектакльмен салыстыратындығын анықтаңыз.

- A) «Жәмилә»
- B) «Бетпе-бет»
- C) «Ромео мен Джульетта»
- D) «Теңіз жағалай жүгірген төбет»

3

Жазғы маусымда режиссер «Қызыл орамалды шынарымды» қай елдің сахнасында қояды жоспарлап отыр?

- A) Түркияда
- B) Қырғызстанда
- C) Қазақ театрында
- D) Шекспирдің туған жерінде

4

Сұхбат мазмұнына сәйкес келмейтін ақпаратты көрсетіңіз.

- A) Қойылымда режиссер Ш.Айтматовты да сахнаға кейіпкер етіп шығарады.
- B) Түркияда «Қызыл орамалды шынарым» көрермен ықыласына бөленді.
- C) Ә.Мәмбетов сахналаған «Ана – Жер-ана» Мемлекеттік сыйлықты алды.
- D) Қазақ театрында Шыңғыстың көптеген туындылары әлі сахналанған жоқ.

5

Режиссердің Ш.Айтматовтың шығармалары туралы пікірін көрсетіңіз.

- A) Махаббат тақырыбына жазылған шығармалар
- B) Адамгершілік тақырыбына жазылған шығармалар
- C) Адамның ұлы құндылықтарын көрсететін ұлы туындылар
- D) Адам бойындағы қарапайымдылық, кісілік және кішілік қасиеттер туралы туындылар

6

Режиссердің пікірінше, Шыңғыс Айтматовтың ұлылығы неде екендігін көрсетіңіз.

- A) Танымалдығы мен шешендігінде
- B) Көп сөйлемей, көп тыңдайтындығында
- C) Шығармаларының көпшілікке ұнауында
- D) Кісілігі мен кішілігінде және қарапайымдылығында

- 7 Дұрыс ақпаратты көрсетіңіз.
- A) Шыңғыс Айтматов шешен әрі дауыс көтермей ақырын сөйлейтін
 - B) Режиссер Найман-ана жайында спектакль қоюға дайындық үстінде
 - C) «Қызыл орамалды шынарым» қойылымы Мемлекеттік сыйлық алған
 - D) Қойылымдағы пойыздардың ағылып жатуы «Жәмиләдан» алынған көрініс



1-полилог тапсырмалары

- 8 Сұхбатқа арқау болған тақырыпты көрсетіңіз.
- A) Нарық жағдайына бейімделген кітапханалар
 - B) Әлемдік нарықтағы кітап шығару ісінің тиімділігі
 - C) Кітапханаларды кітаппен қамтамасыз ету жолдары
 - D) Барлық кітапхана мен баспаны бір жүйеге бағындыру жайы
- 9 Баспагердің пікірінше, кітап нарығын дұрыс ретке келтіру үшін не қажет?
- A) Баспалар мен кітапханаларға еркіндік беру керек
 - B) Кітапхана мен баспаны бір жүйеге бағындыру қажет
 - C) Баспалар мемлекеттік тапсырысты ғана орындауы тиіс
 - D) Кітапханаларды кітаппен тек мемлекет қамтамасыз етуі керек
- 10 Кітапхана қызметкерінің пікірінше, баспа мен кітапхана бір жүйеге бағындырылса, қандай мәселе шешіледі?
- A) Кітапханадағы кітап қоры көбейер еді
 - B) Кітапханаға оқырмандарды көптеп тартуға болады
 - C) Кітапханаға кітап тарату мәселесі реттеліп, жүйеленер еді
 - D) Кітапхананың өз қаржысы және өз билігі болар еді
- 11 Баспагердің пікірінше, кітапхана жайының оңалмай тұру себебі неде?
- A) қазіргі кезде оқырмандардың кітапханаға аз баруы
 - B) кітапханада қажетті көркем әдебиеттердің болмауы
 - C) кітапхананың өз қолында билік пен қаржының жоқтығы
 - D) интернет кітапханалардың көпшілік үшін қолжетімді болуы
- 12 Автордың пікірін көрсетіңіз.
- A) Қазір бірін-бірі қайталайтын кітаптар көп.
 - B) Кітап адамның рухани дүниесін байытады.
 - C) Кітапқа деген сұраныс мүлде төмендеп кетті.
 - D) Кітап шығару ісі материалдық жағынан тиімсіз.
- 13 Сұхбат мазмұнына сәйкес келетін ақпаратты көрсетіңіз.
- A) Кітапханаларда сұранысқа ие кітаптардың бәрі табылады.
 - B) Кітапханада сұранысқа аз ие болатын кітаптар жоқтың қасы.
 - C) Әлемдік кітап нарығындағы жағдай да біздің елдегімен бірдей.
 - D) Дүкенде кітап қымбат болғандықтан, екіншісі кітап сатып алмайды.

14 Шетелде кітапты bestseller етуге деген белсенділіктің жоғары болу себебін көрсетіңіз.

- A) Өте көп тиражбен шығарады.
- B) Әдеби агенттер жұмыс істейді.
- C) Кітап бағасы бәріне қолжетімді.
- D) Кітап авторымен кездесу жиі өтеді.

15 Кітапхана директорының пікірінше, кітап оқылу үшін не істеу керек?

- A) Дүкендегі бағаны көтеру қажет.
- B) Кітапты тапсырыспен шығару керек.
- C) Кітапты кітапханаларға түсіру керек.
- D) Кітапты көп тиражбен шығару қажет.



1-мәтін тапсырмалары

16 Мәтіннің идеясын көрсетіңіз.

- A) Оралхан шындықты жасқанбай айта білді.
- B) Оралхан шығармалары әділ батасын алды.
- C) Жазушы шығармаларында халықтық қайсар мінезді көрсете білді.
- D) О.Бөкей өмірден озғанмен, оның туындылары мәңгілік жасайды.

17 Мәтіннің алғашқы бөлігінде қамтылған ақпаратты көрсетіңіз.

- A) Автордың О.Бөкеймен жақын таныстығы
- B) Автордың жазушы талантына деген құрметі
- C) Автордың О.Бөкей туындыларына көзқарасы
- D) Автордың жазушының бұл дүниеден өткеніне өкініші

18 Мәтіннің соңғы бөлігінде қамтылған ақпаратты көрсетіңіз.

- A) Оралхан Бөкейдің әлемдік танымалдыққа ие болғандығы
- B) Оралханның өзі кеткенмен, туындыларының мәңгі жасайтыны
- C) Оралханның қиямет пен қиянатты шебер жеткізе білгендігі
- D) Оралханның тоқырау кезеңінде шындықты батыл айта білуі

19 Негізгі ақпаратты көрсетіңіз.

- A) О.Бөкей мен автор әдебиетке бір кезеңде келген.
- B) Автор мен Оралхан етене араласқан дос болған жоқ.
- C) О.Бөкей аз ғана ғұмырында өзін, елін, туған әдебиетін биікке көтере білді.
- D) «Қайдасың, қасқа құлыным?» кітабына пікір жазуды О.Бөкей өзі сұраған жоқ

20 Қосымша ақпаратты көрсетіңіз.

- A) О.Бөкей 50-ге жетпей, өмірден өтті.
- B) Ажалдан ешкім қашып құтыла алмайды.
- C) Ол XX ғ. әлемдік танымалдыққа ие болды.
- D) Жазушы шығармалары әлемнің талай тіліне аударылды.

- 21 Мәтіндегі «Таусылса – жер бетінен татар өлшеулі ырзығы таусылды» сөйлемінің мағынасын көрсетіңіз.
- A) Өмірден өтті.
 - B) Өмірде қолдау таппады.
 - C) Өмірден қиындық көрді.
 - D) Жанына жылылық жетпеді.

- 22 Мәтін мазмұнына сай ақпаратты көрсетіңіз.

- A) Автор О.Бөкеймен көзі тірісінде кездесе алмады.
- B) О.Бөкей Үндістанға барған сапарында дүние салды.
- C) О.Бөкей көзі тірісінде халықтың құрметіне бөленді.
- D) Ә.Кекілбаев «Қайдасың, қасқа құлыным» шығармасына пікір айтты.

- 23 Мәтінге лайық тақырыпты көрсетіңіз.

- A) Оралхан туралы толғаныс
- B) Оралханның сырлы сұхбаты
- C) Адам нәсілінің асау табиғаты
- D) «Қайдасың, қасқа құлыным?» туындысы



2-мәтін тапсырмалары

- 24 Мәтіннің идеясын көрсетіңіз.

- A) Он екі мүшенің саулығы
- B) Қиянаттың қасіреті ауыр
- C) Ананың баласы үшін жан беруі
- D) Жақсылық пен жамандықтың қатар жүруі

- 25 Мәтіннің соңғы бөлігіндегі ақпаратты көрсетіңіз.

- A) Айнадай жалтыраған көл беті
- B) Жаралы қаздың аянышты халі
- C) Қоңыр қаздың даланы думанға бөлеуі
- D) Сұр мергеннің қоңыр қазға садақ тартуы

- 26 «Көл бетін селк еткізіп, барлық қанаттың дүрлігі аспанға көтерілуіне себеп болған қаздың ащы үні» туралы ақпарат мәтіннің қай бөлігінде айтылады?

- A) Соңғы жағында
- B) Мәтіннің басында
- C) Ортаңғы бөлігінде
- D) Мәтіннің өн бойында

- 27 Мәтін мазмұнына сәйкес ақпаратты көрсетіңіз.

- A) Сұр мерген қоңыр қаздың балапанын олжалайды.
- B) Балапандар ақсақ қаздың маңын айналып ұзақ шықпайды.
- C) Жарымжан қаз ең қызықты күндерін сұлқ жатумен өткізеді.
- D) Қоңыр күзге салым қаздың аяғы жазылып, ұша алатын болады.

28 Мәтін мазмұнын баяндаудың дұрыс ретін көрсетіңіз.

- A) Құстардың жылы жаққа қайтуы, ене қаздың көкірек шері
- B) Қаздың балапандары, ене қаздың үйірінен айырылуы, қос қаздың әсем үні
- C) Ақсақ қаз халінің күйге айналуы, көлдің көк майса құрағы, қаздың балапандарын қорғауы
- D) Құстардың оралуы, қос қоңыр қаздың бейбіт тіршілігі, мергеннің қиянаты, ене қаз қасіреті

29 Жаралы қаздың балапандарын құтқару үшін жасаған әрекетін көрсетіңіз.

- A) Балапандарын бауырына басып, судың астына сүңгіп кетеді.
- B) Қанатымен жер сабап, балапандарын көл ортасына ертіп кетеді.
- C) Көл жағасында өсіп тұрған қалың қамыстың арасында кіріп кетеді.
- D) Балапандарын көл бетіне қалдырып, өзі көкке көтерілуге тырысады.

30 Мәтін мазмұнын ашатын тақырыпты көрсетіңіз.

- A) Қоңыр күз
- B) Құс керуені
- C) Қос қоңыр қаз
- D) Бір күйдің тарихы

II тарау

Лексика- грамматикалық бөлік

- Лексика-
грамматикалық
бөлікке шолу
- Алдын ала тест
- Тест
тапсырмаларын
талдау
- Қорытынды
тест

Лексика-грамматикалық бөлікке шолу

Лексика-грамматикалық бөлік бойынша тілдік құзыреттілікті функционалдық бағытта сұрыптау, қазақ тілінің тілдік ерекшеліктерін ескеру, берілген тест тапсырмалары мазмұнының аутенттілігі, шындық өмірге сәйкестігі, тестіленушінің тілдік деңгейіне сай келу, білім мазмұнының жеке тұлғаны дамытуға, өзіндік және шығармашылық қабілетін арттыруға, қажетті білік пен тілдік дағдыларын қалыптастыруға бағыттау ұстанымдары басшылыққа алынды.

Бөліктің мақсаты мен міндеті:

- лексика-грамматикалық құрылымдарды орынды қолдана алу, білім мазмұнына сай тілдік құзыреттілікті қалыптастыру деңгейін анықтау мен бағалау.

- тестіленушінің білімін тілдік, танымдық, лингвомәдениеттанымдық, ұлттық-әлеуметтік тұрғыдан тереңдетуге арналған тест тапсырмаларын іріктеу.

- берілген тест тапсырмалары арқылы коммуникативтік бағыттағы дағдыларды меңгерту.

ҚАЗТЕСТ жүйесі бойынша емтихан тапсыру үшін коммуникативтік тест тапсырмаларының мазмұнын түсініп, дұрыс жауабын таңдауға, күрделі тапсырмаларды берілген уақыт ішінде ұтымды орындай алуға дағдыландыру.

Лингвистикалық біліктілікті бағалау тестерін орындау үшін алдымен тіл білімі салаларын: лексика, морфология, синтаксис салаларын жақсы меңгеріп қана қоймай, сол бойынша іріктелген тілдік материалды коммуникативтік қарым-қатынаста қолдана алатындай білік, дағды қалыптастыруы керек.

Тестіленушінің тілдік білімін бағалау үшін ҚАЗТЕСТ жүйесінің спецификациясына сәйкес дайындалған коммуникативтік тест тапсырмалары берілген. Онда тілдік терминдер семантикалық тұрғыдан беріледі, тест тапсырушы тіл заңдылықтарына сай, контекске (мәнмәтін) қарай, лексикалық-грамматикалық құрылымдардың тіркесуіне қарай, белгілі бір ережеге сәйкес дұрыс жауапты таңдай алады. Тест тапсырмаларының формасы (қалыбы) – бір дұрыс жауапты таңдау.

Оқу құралындағы лексика-грамматикалық бөліктің құрылымы:

Тестіленушіге өз мүмкіндігін алдын ала тексеру үшін әр деңгей бойынша 70 тест тапсырмасы беріледі.

ҚАЗТЕСТ спецификациясы бойынша лексикалық немесе грамматикалық тақырыптың түсіндірмесі, ережесі мысалдармен беріледі.

Сол тақырыпқа қатысты үш тест тапсырмасы талданады, дұрыс жауап нақты көрсетілмейді, табу жолдары көрсетіледі.

Сол тақырып бойынша түрлі тілдік дағдыларды қалыптастыру, алған білімін бекіту үшін бес тест тапсырмасы жауапсыз беріледі.

Оқу-әдістемелік құралдың соңында тілдік дағдыларды пысықтау үшін әр тақырыпқа арналған 2 жаттығу жұмысы қосымшада көрсетіледі.

Тапсырма соңында 70 қорытынды тест тапсырмасы беріледі.

1

Лексика-грамматикалық бөлік. Алдын ала тест

1 Мәндес сөздер қатарын көрсетіңіз.

- A) суырма-сұс
- B) суғару-суылдау
- C) сусағыш-шөлдегіш
- D) су жаңа-су қараңғы

2 Асты сызылған сөзге мәндес қатарды көрсетіңіз.

Мен маңызды бір жағдайда қатты қобалжып, не істерімді білмей қаламын.

- A) топтасу
- B) тауқымет
- C) екі ойлы болу
- D) шешімін табу

3 Дыбысталуы бірдей, мағыналары әртүрлі сөйлем қатарын көрсетіңіз.

- A) Әрбір адам ата-анасының алдында қарыздар. Қыздың ата-анасымен танысты.
- B) Дарынды адамның есте сақтау қабілеті жоғары болады. Мен анамның көп кеңестерін есте сақтадым.
- C) Қазақша сөйлеу – қазіргі таңда үлкен мәртебе. Қазақ тілін үйрену қиын емес.
- D) Кішкентай балалардың көз жасы дайын тұрады. Ұжымның көбі жас қыздар.

4 Дыбысталуы бірдей, мағынасы әртүрлі сөзді көрсетіңіз.

- A) ми
- B) жүз
- C) бала
- D) адам

5 Көпмағыналы сөйлемді табыңыз.

- A) Келген ер адам екен. Аттың ерінен ұстап алыпты.
- B) Қара суық ұрып тұр. Қара костюм киген. Аяғыңның астына қара.
- C) Ақ көйлегінің жағасын сыртына қайырған. Көлдің жағасында отыр.
- D) Қонақтарға дастарқан жайды. Қонақтарды мейрамханаға жайғастырды.

6 «Кілт» сөзінің мағынасын ашпайтын сөзді көрсетіңіз.

- A) есікті ашатын құрал
- B) есіктің ұстайтын жері
- C) істің, әрекеттің шешілуі
- D) заттың, құбылыстың бастамасы

7 «Аяғынан тік тұрды» тіркесінің мағынасын көрсетіңіз.

- A) шаршады
- B) мазасын алды
- C) құрмет көрсетті
- D) аяғы ауруға көшті

8 Асты сызылған тіркестің мағынасын көрсетіңіз.

Жолдасының бармаған жері, баспаған тауы қалмады.

- A) барған-бармағаны белгісіз
- B) тұрақтап тыныштық тапты
- C) жер жаһанды түгел аралады
- D) қайтып оралмайтын ұзаққа кетті

9 «Жүрегі сазды» тіркесінің мағынасын қойыңыз.

- A) қарны ашты
- B) жүрегі ауырды
- C) тірілді, жаны кірді
- D) жанына батты, жанын ауыртты

10 «Дүниенің тұтқасын ұстап тұрды» тіркесінің мағынасын көрсетіңіз.

- A) тіршілік өмір артта қалды
- B) болып-толды, билеп-төстеді
- C) өмірдің сырын пайымдағыш, түсінігі мол
- D) өмірді той-думанмен, қызық, тамашамен өткізді

11 Үлкен кісілердің жастарға білдіретін ризашылығы.

- A) бата
- B) серт
- C) шашу
- D) аманат

12 Қыз алғанда төленетін кәде-сый.

- A) бәйге
- B) шашу
- C) теңге салу
- D) қалыңмал

13 Ата-бабамыздан келе жатқан даналық сөздер.

- A) жұмбақтар
- B) қара сөздер
- C) жаңылтпаштар
- D) мақал-мәтелдер

14) Мойынға тағылатын зергерлік бұйым.

- A) алқа
- B) белбеу
- C) білезік
- D) өңіржидек

15) Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Адамзат баласы үшін ... бар да, ... бар.

- A) тұмақ, өлмек
- B) келмек, көрмек
- C) көрмек, жүрмек
- D) сөйлемек, жазбақ

16) Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Батыр мақтанса,
Жауға шапқанын
Қу мақтанса,
Алдап қаққанын

- A) білер
- B) айтар
- C) көрер
- D) сөйлер

17) Сөйлемді қажетті сөзбен толықтырыңыз.

«Алматы Ақшамы» экология мәселесіне айрықша көңіл бөліп, «Сана ..., қала ...» деп газетке тамаша айдар берген.

- A) озбай, озбайды
- B) тазармай, тазармайды
- C) түзуленбей, түзуленбейді
- D) жақсармай, жақсармайды

18) Көп нүктенің орнына қажетті сөздер қатарын қойыңыз.

Ешбір адамды нақты ... және көзбен ... тұрып жаман деп айтуға болмайды.

- A) білмей, көрмей
- B) айтпай, кездеспей
- C) анықтамай, білмей
- D) сөйлеспей, қарамай

19) Көп нүктенің орнына дұрыс жауабын қойып сөйлемді аяқтаңыз.

Бүгін күннің суытуы жаман, кешке қарай қар

- A) еритін шығар
- B) кететін шығар
- C) келетін шығар
- D) жауатын шығар

20 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Мүмкін, қазақ жігіттері спортта ерлік ... деген ойлар жиі оралады.

- A) ашатын болар
- B) әкелетін болар
- C) жасайтын шығар
- D) атқаратын шығар

21 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Ата тұрып ұл сөйлесе, ер жеткені ...,
Ана тұрып қыз сөйлесе, бойжеткені

- A) қалар
- B) тұрар
- C) болар
- D) жарар

22 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Әрине, телеарналардан жергілікті жанкүйерлеріміздің барлығы ..., қолымызда тұрған жеңісті екінші күні беріп қойдық.

- A) алған сияқты
- B) көрген болар
- C) болған шығар
- D) тыңдаған болар

23 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойып, сөйлемді аяқтаңыз.

2011 жылы қазақстандық хирургтер жүрекке ашық ота

- A) беруі мүмкін
- B) жасауы мүмкін
- C) ескеруі мүмкін
- D) келісуі мүмкін

24 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Кеңендік одақ баға саясатына әсер

- A) етуі мүмкін
- B) беруі мүмкін
- C) жүруі мүмкін
- D) жасауы мүмкін

25 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойып, сөйлемді аяқтаңыз.

Нарықтық қатынастар жағдайының принципі бойынша әркім өз күнін өзі

- A) көруі тиіс
- B) жасау тиіс
- C) қалуы тиіс
- D) қалауы тиіс

26 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойып, сөйлемді аяқтаңыз.

Шетелдерден қайтып оралған стипендиаттардың елге қосатын үлесі шыққан шығындардың орнын толтырып, үміттерімізді

- A) үзбеуі тиіс
- B) ақтауы тиіс
- C) созбауы тиіс
- D) пайдалануы тиіс

27 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Біз ғылым дамуын жоғары деңгейге көтеруге

- A) мүмкін
- B) сияқтымыз
- C) қажеттіміз
- D) міндеттіміз

28 Дұрыс нұсқасын белгілеп, сөйлемді аяқтаңыз.

Біз мемлекеттік рәміздерімізді ұлықтап, тәуелсіздігімізді көзіміздің қарашығындай

- A) құруға тиіспіз
- B) қорғауға міндетті
- C) сақтауға міндеттіміз
- D) білдіруге міндеттімін

29 Көп нүктенің орнына қажетті сөз тіркесін қойыңыз.

Тәуелсіз Қазақстанның қазіргі заманғы тұрақты және бәсекеге қабілетті қаржы жүйесін құру бойынша жұмысты

- A) ұсыну қажет
- B) құрастыру керек
- C) жалғастыру қажет
- D) жандандыру тиіс

30 Көп нүктенің орнына қажетті сөз тіркесін қойыңыз.

Әлеуметтік, құқықтық, насихаттық, экономикалық және тағы басқа міндеттер кешенін іске

- A) асыру қажет
- B) жасау қажет
- C) қарау керек
- D) тыңдау керек

31 Көп нүктенің орнына қажетті сөз тіркесін қойыңыз.

Осы сапар кезінде өзара қарым-қатынастардың негіздері туралы бірлескен мәлімдемеге қол

- A) келіскен еді
- B) қойылған еді
- C) білдірген еді
- D) аударған еді

32 Дұрыс жауапты қойып, сөйлемді аяқтаңыз.

Абайдың тұңғыш жинағы осылай жарық

- A) қайтқан еді
- B) жүрген еді
- C) көрген еді
- D) барған еді

33 Көп нүктенің орнына қажетті сөз тіркесін қойыңыз.

Менің ипотека жүйесі бойынша жаңа үйлерден пәтер

- A) алғым келеді
- B) тұрғым келеді
- C) көшкім келеді
- D) барғым келеді

34 Сөйлемді сәйкес сөз тіркесімен аяқтаңыз.

Қазақстанда соңғы жылдары «ел-үкімет» бағытында жасаған жұмысыңызға алғысымды

- A) бергім келеді
- B) айтқым келеді
- C) жолдағың келеді
- D) жеткізгіңіз келеді

35 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Өнердің кино, театр саласы жап-жақсы насихатталып жүргені сияқты, мүсін өнері де көлеңкеде қалып

- A) істемесе игі еді
- B) қоймаса игі еді
- C) көрмесе игі еді
- D) тұрмаса игі еді

36 Көп нүктенің орнына тиісті жауапты қойыңыз.

Оның әр сөзінде бәрі жақсы болса екен, жақсы бола ... деген ниет жататын.

- A) түссе екен
- B) күлсе екен
- C) жүрсе екен
- D) алса екен

37 Көп нүктенің орнына тиісті жауапты қойыңыз.

Сіздер, ..., осындай тәуелсіз елдің, қазақ жерінің ұрпақтары екендеріңізді шын жүректен мақтанышпен айтуға мүмкіндіктеріңіз бар.

- A) жастар
- B) қарттар
- C) жұмысшылар
- D) зейнеткерлер

38 Көп нүктенің орнына тиісті жауапты қойыңыз.

Осы мерекелік іс-шараларға қатысу үшін ... Т.О. Әубәкіров Мәскеу қаласына шақыртылды.

- A) тұңғыш әнші қазақ
- B) тұңғыш биші қазақ
- C) тұңғыш күйші қазақ
- D) тұңғыш ғарышкер қазақ

39 Көп нүктенің орнына тиісті жауапты қойыңыз.

... – істі жақсы ұйымдастыру.

- A) Ауру адамның міндеті
- B) Жұмыссыздың міндеті
- C) Оқушының міндеті
- D) Басшының міндеті

40 Көп нүктенің орнына қойылатын тыныс белгісін көрсетіңіз.

Отан ... қуат, отбасы ... шуақ (мақал).

- A) үтір
- B) жақша
- C) сызықша
- D) қос нүкте

41 Дұрыс сөз тіркесімен сөйлемді аяқтаңыз.

«Дипломмен ауылға» республикалық акциясының аясында 92 жас маман ауылға

- A) білгелі отыр
- B) бергелі отыр
- C) көргелі отыр
- D) барғалы отыр

42 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Қазақ, қалмақ баласы ... келгенбіз, танымайтын жат елге танысқалы келгенбіз (Қазыбек би).

- A) іздегелі
- B) табысқалы
- C) жарысқалы
- D) шабысқалы

43 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

... іс болып, бояуы сіңген соң ғана жеке кәсіпкердің қылмысы әшкереленген.

- A) Жасар
- B) Айтар
- C) Болар
- D) Келер

44 Көп нүктенің орындарына қажетті сөздер қатарын қойыңыз.

- ... көрмегенің көп,
... білмегенің көп.
А) Көргеннен, білгеннен
В) Келгеннен, келмегеннен
С) Болғаннан, болмағаннан
D) Жасағаннан, жасамағаннан

45 Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойыңыз.

- ..., арамызда домбырада ойнай алатын адам бар екен.
А) Сірә
В) Амал не
С) Өкінішке орай
D) Абырой болғанда

46 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

- ..., Ұлттық арнаның қоржынын толтырған, балаларға базарлығы мол жаңа арнаның болашағы зор болсын.
А) Дұрысында
В) Байқауымша
С) Менің білуімше
D) Қорыта айтқанда

47 Автор сөзі – төл сөз – автор сөзі құрылымдағы сөйлемді көрсетіңіз.

- А) – Академик-жазушы Мұхтар Әуезов «ескінің соңы, жаңаның басы» деп бағалаған Абай – қазақтың рухы мен намысы.
В) Абай десе елең етпейтін қазақ, тегінде ештеңеге елеңдемейтін болуы керек.
С) Пушкиннің Татьянасын сол кездегі жастармен араластырып, ән салдырып, сырластырған Абай еді.
D) Облыс әкімі Бердібек Сапарбаев: Абай арқылы қазақты әлем таныды. Сондықтан біз Абайды мақтан тұтамыз. Елбасымыз айтқандай, Абай біздің идеологиямыз болуға тиіс, - деді.

48 Төл сөз автор сөзі төл сөз автор сөзі құрылымындағы сөйлемді табыңыз.

- А) «Тіл – қылыштан да өткір»дегенді айтқан Жүсіп Баласағұн екен.
В) Ал Шерхан ағамыз ана тілдің мәртебесін көтеру басқа тілдердің жолын кесіп, бағын байлау емес екендігін түсіндіріп берген еді.
С) «Өз тілімізбен өмір сүрейік!» – бұдан артық қалай айтуға болады? Қажет десеңіздер, одан да оңайлатып айтайын: «Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін!», - деді Елбасы.
D) Ғабит Мүсірепов кейбір ғалымдардың бастары толы ми, ми толы ақыл екенін, бірақ, сол ақылды айта алар тіл жоқ екенін айтты.

49 Орын тәртібіне қарай дұрыс құрылған құрмалас сөйлемді табыңыз.

- А) Қуанышқа кенеліп жүру үнемі – біреуге пайдалы, ал екінші біреуге зиян екен.
В) Күлкі адамның өмірін ұзартады, сондықтан күлдіретін әңгімелер оқып тұрыңыз.
С) Бір жағынан сезім қорқыныш туады, бір жағынан бөлінемін қуаныш сезіміне.
D) «Адам есімінде оның тағдыры жасырылған» деген пікірді растау үшін көптеген қорытындыға келген оқымыстылар, зерттей келіп.

50 Орын тәртібіне қарай дұрыс құрылған құрмалас сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Халықтың біз үшін жинаған қазынасы мол ғой.
- B) Халқымыздың небір талантты адамдары музыка өнерін терең түсінген, содан үлгі алып, әрі оған еліктеп ән де шығарған.
- C) Көңіл қойсаң, білу де, қабылдау да қиын емес, шын өнер жүрекке өзі жол табады, Абай айтқандай.
- D) Ахмет Жұбанов – қазір дүние жүзіне танылған ұлттық оркестрді құрған бірінші ғалым, қазақтың музыка аспаптарының басын қосып.

51 Мақалдың жалғасын табыңыз.

Туған елдей ел болмас,

- A) туып өскен ел қымбат
- B) ата қоныс жер қымбат
- C) туған жердей жер болмас
- D) туған жерге туыңды тік

52 Шартты мәндегі құрмалас сөйлемді табыңыз.

- A) Қандай ұлт, ел болмасын, тілі дамымайынша, ол халық ретінде де алға шыға алмайды.
- B) Сондықтан балабақшаларды қазақ тіліне өткізу бастамасын барынша қолдап, құптау қажет.
- C) Қазірдің өзінде орыс баласы болса да, басқаның баласы болса да, қазақ мектептеріне барушылардың саны көбейіп келеді.
- D) Президент Нұрсұлтан Назарбаев бір сөзінде: «Мемлекеттік тілдің артықшылығына ешкім таласа алмайды. Түбінде барша қазақстандықтар осы тілге көшетін болады, - деді.

53 Мақалдың бірінші сыңарын табыңыз.

..., әр ауылда бір туысың болсын.

- A) Берекесі кеткен ауылдың
- B) Ағайыныңды іске шақырма
- C) Бір ауылда мың туысың болғанша
- D) Ағайын, барыңда аузыңды жалайды

54 Қарсылықты мағыналы сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Сабак айту үшін қолымды көтердім.
- B) Ол маған түсіндіргеннен кейін мен жасай бастадым.
- C) Түн қараңғы болғанмен, көшенің шамдары жарқырап тұр.
- D) Анам жұмыстан оралғанша, мен үй жұмысын жасап үлгеремін.

55 Тиісті сөзді тауып, сөйлемді толықтырыңыз.

Олар кеше ..., әлі хабарласқан жоқ.

- A) кеткеннен бері
- B) жүргеннен бері
- C) бергеннен бері
- D) жатқаннан бері

56 Тиісті сөзді тауып, сөйлемді толықтырыңыз.

Арман іссапардан ..., жаңа жұмыс іздеуге бел буды.

- A) көрісімен
- B) берісімен
- C) әкетісімен
- D) оралысымен

57 Себеп мәнді құрмалас сөйлемді көрсетіңіз.

A) Ең болмаса бастауыш сыныпты да бітірмегендіктен, қарапайым жұмысшы болып орналасты.

B) Тумысынан өте дарынды және еңбекқор Ә. Қастеев Алматы қаласында суретші болып еңбек етті.

C) Баланың бойында суретшілік дарын бар екенін байқаған ол, Қазақстан суретшілер Одағына барып, өзі білетін суретші бала жайлы әңгімелейді.

D) Ә.Қастеев портрет салудың тамаша шебері болды, сонымен қоса тарихи мағынасы бар суреттер салуға көбірек көңіл бөлді.

58 Сөйлемнің екінші сыңарын табыңыз.

Қазақ құда мен құдағиды қатты қадірлегендіктен,

- A) ененің көңілі әдетте келінде болады
- B) келін қайын атасын қатты сыйлайды
- C) маған мінезі ашық адамдар қатты ұнайды
- D) төрге шығарып, бар жылы-жұмсағын алдына тосады

59 Сөйлемді аяқтаңыз.

Дінге берік болмай,

- A) тілге беріктік болмайды
- B) қолайлы көрген кезде қиналмастан өзге тілге ауыса салады
- C) қазақтардың өз ана тілдерін өзге тілдермен салыстырулары орынсыз
- D) ұлттық санамыз әлі де болса бодандықтың шылауынан толық арыла алар емес

60 Бірінші сыңарында екінші сыңарындағы іс-әрекет жүзеге асқан сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Ол тез істесе де, бәрін үлгере алмайды.
- B) Салтанат диплом алғалы, көп уақыт өтті.
- C) Саябаққа барайын деп, троллейбусқа міндім.
- D) Ажар айтқандай, концерт залы халыққа лық толды

61 Сөйлемнің екінші сыңарын табыңыз.

Ғарыш қызметін дамыту жоспарларын іске асыру үшін,

- A) ғарыш кеңістігін пайдалануға байланысты болмақ
- B) ғарыш қызметінің дамуында сапалы жаңа кезеңнен өтті
- C) бірінші кезекте білікті кадрлар даярлауды ұйымдастыру қажет
- D) ғарыш қызметін жүзеге асыру кезінде қауіпсіздік ережелерін бұзғаны үшін жауапқа тартылды.

62 Сөйлемнің екінші сыңарын тауып, сөйлемді аяқтаңыз.

Жақсы өмір сүру үшін,

- A) банкіден несие алды
- B) тырмысып еңбек ету керек
- C) фирма, дүкен іші тола тауар
- D) алған қарызын өтей алмады

63 Бірінші сөйлемде екінші сөйлемдегі оқиға жайы түсіндірілетін қатарды табыңыз.

- A) Ол шыққанмен, бәрін естіді.
- B) Пьеса ерте біткендіктен, тез қайттық.
- C) Сенің сөзің осы болса, ол – мықтылығың емес.
- D) Оның осы жолы баруға мүмкіндігі бола тұра, шыға алмады.

64 Сөйлемнің қандай мәнде жұмсалып тұрғанын көрсетіңіз.

Тасырдан шошынған Қанат артына жалт қараса – Ермек.

- A) іс-әрекеттің себебін
- B) әрекетті салыстыру
- C) іс-әрекетті түсіндіру
- D) оқиға, ойдың мақсатын

65 Тиісті нұсқаны қойып, сөйлемді аяқтаңыз.

Басшысы іске қандай шебер болса,

- A) соғұрлым іс жүрмей қалды
- B) сонша еңбегі босқа далаға кетті
- C) қызметкерлері де сондай пысық болады
- D) жұмысшылары да тату-тәтті өмір сүреді

66 Салыстырма мәндегі сыңарын табыңыз.

Атом электр стансасының пайдасы қаншалықты болса,

- A) зияны мен зардабы да ауқымды болмақ
- B) бұл жобаны мүлдем жауып тастау қажет
- C) бұл жерде қауіпсіздік жағдайын ойлауымыз керек
- D) Қазақстанда атом электр стансасының құрылысын салу идеясынан бас тартудың реті жоқ

67 Сөйлемнің ыңғайлас сыңарын табыңыз.

Үкімет Қазақстан Республикасының атқарушы билігін жүзеге асырып,

- A) инфрақұрылымындағы мәселелерге, білім беру, денсаулық сақтау және мәдениет салаларына қатысты екендігін баса айтты
- B) атқарушы органдардың жүйесін басқарады
- C) бизнес-ахуалды жақсартуды, әлеуметтік жаңғыртуды, тұрғын-үй коммуналдық саланы реформалауды қоса алғанда жүйелік реформа жүргізуді жалғастыру қажеттігін айтты
- D) сіздердің министрліктеріңіз негізгі экономикалық штаб ретінде бұл мәселені тұрақты қадағалап отырған болу керек

68 Сөйлемнің ыңғайлас сыңарын табыңыз.

Ұлттық банк мемлекеттік орталық банкі болып саналатындықтан,

- A) ол банк жүйесінің жоғары деңгейіне жатады
- B) одан кейінгісі: мемлекет және банк, басқа қаржылық делдалдар
- C) ақша қаржысын сақтауға, оларды, ішкі және сыртқы экономикалық, айналымдардан өткізуге күш салды
- D) ақшалай қарым қатынастардың даму тарихы тұрғыдан қатарлас жүруі және өзара тығыз байланыста болуы мүмкін

69 Аралас құрмалас сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Әкесінің қабағы түнеріп, қатты ашуланып кетті.
- B) Бас ұстаған адам әуелі өзі бастап ауыз тиеді де, содан кейін жақсы тілектер айтып, табақ басында отырған адамдарға ет, құйқа үлестіреді.
- C) Алыстан жолаушы келген соң мал сояды, амандасуға ағайын-туған жиналады.
- D) Бүгінгі таңда қазақстандықтардың көпшілігінің санасы нарыққа бейімделіп, олар жаңа жағдайда көңіл көншітер жақсы ұмтылыстар танытып жатыр.

70 Аралас құрмалас сөйлемді көрсетіңіз.

- A) “Дені сау адам – табиғаттың ең қымбат жемісі” - деп тегін айтылмаған.
- B) Денені үнемі ширықтыру, шынықтыру, сананың сапа деңгейін көтеру, интеллект өрісін биіктету, рухынды шыңдау - бәрі де денсаулыққа қызмет етеді десек қателеспейміз.
- C) Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы сарапшыларының дерегі бойынша халық денсаулығының 49-50%-ы өмір салтына, яғни адамның өз денсаулығына қалай қарайтынына тәуелді, 17-20%-ы қоршаған орта ерекшеліктеріне байланысты екен, сондықтан деніміздің саулығы өз қолымызда тұрған жоқ па?!
- D) Қазақ халқы «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» деп жан мен тән саулығын қоршаған орта аясында дұрыс сақтап және нығайтуға түрлі пайдалы әрекеттер жасап отырған.

Синонимдер

Е

Синонимдер – айтылуы, естілуі, жазылуы әртүрлі, мағыналары бір-біріне жақын сөздер.

Қазақ тілінің синонимдерге аса бай екенін ғалымдарымыз дәлелдеп келеді. Мысалы, синонимдік сөздікте бір ғана кішкентай сөзінің отыз үш синонимдік қатары көрсетіледі: кішкентай – кіп-кішкентай – жұдырықтай қаршадай – кішкене – бармақтай – титтей – биттей – құртымдай – құртақандай – құрттай – қылдай – қылдырықтай – митімдей – зәредей – шынтақтай – шүйкімдей – титімдей – оймақтай – тілдей – тырнақтай және т.б.

Тілдегі синонимдердің қалыптасуы – заттар мен құбылыстардың жаңадан танылған қасиеттеріне байланысты пайда болып, тілдегі сөздердің мағыналық дамуымен тікелей ұштасып жатады.

Синоним болып жұмсалатын сөздер тобын синонимдік қатар дейміз.

Синонимдес қатардағы бір сөз басқаларға қарағанда басым мағынаға ие болып, айналасындағы сөздерді топтастыруға негіз (основа) болады.

Мысалы: күштілік – әлділік – әлуеттілік – қарулылық – қайраттылық – мықтылық – балуандық – қажырлылық – жігерлілік – қуаттылық – қарымдылық деген қатардағы негізгі сөз – күштілік. Қалған сөздер соның төңірегінде топтасып тұр. Мұндай негізгі сөз синонимдік доминант деп аталады.

Синонимге тән негізгі белгілер:

1. Синонимдік қатар болуы үшін кемінде екі сөз болуы керек.
2. Синонимдер қатарына енетін сөздердің мағыналары жақын, мәндес болуы керек.
3. Синонимдер үнемі бір сөз табынан болуы керек.
4. Бірін-бірі ауыстыратын синонимдер сөйлемнің бір-ақ мүшесінің қызметін атқаруы керек.

◆ «Қауіпті» сөзіне мағынасы жақын сөзді көрсетіңіз.

- A) айлалы
- B) қуатты
- C) қатерлі
- D) зиянды

Т

- 1) айлалы – айлакер, қу деген сөздермен синонимдік қатар құрайды;
- 2) қуатты – күшті, мықты, білекті, әлуетті, мығым және т.б. сөздермен синонимдес;
- 3) қатерлі – қауіпті, қауіп-қатерлі деген мағынада жұмсалады;
- 4) зиянды – залалды, зарарлы, зардапты деген сөздермен синонимдік қатар құрайды.

◆ Мағынасы жақын тіркесті көрсетіңіз.

- A) көз ілеспеді, көзін жеткізді
- B) көзі қарайды, көзі қарауытты
- C) көзіндей көрді, көзіне шел бітті
- D) қас пен көздің арасында, көзді ашып жұмғанша



- 1) көз ілеспеді – шапшаң қимыл туралы айтылады, көзін жеткізді – ақиқатына сенді деген мағынада;
- 2) көзі қарайды – 1) қарны ашты, ашықты. 2) аңсары қатты ауды деген мағынаны білдірсе, көзі қарауытты – қатты шаршады, басы айналып, көзі көрмеді деген мағынада айтылады.
- 3) көзіндей көрді – дәл өзіндей санап қадірледі, көзіне шел бітті – 1) ешкімді менсінбеді, еш нәрсені көрмейтін болды. 2) надандық, білімсіздік жеңді деген мағынада жұмсалады.
- 4) қас пен көздің арасында, көзді ашып жұмғанша – екі тіркес те лезде, тез, жылдам деген мағынада жұмсалады.

◆ Мәндес сөздері бар сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Барлық нәрсенің ыстығына да, суығына да төзе білу керек.
- B) Осы ұжымда жаманды-жақсылы ширек ғасыр еңбек етіпті.
- C) Баласы отбасын құрып, қатарға қосылып, тіршілік етіп-ақ келеді.
- D) Ол осы жолы тура жолдан тайғанын, аяғын шалыс басқанын сезбей де қалды.



- 1) Бірінші сөйлемде «ыстық-суық» деген мағынасы қарама-қарсы сөздер бар.
- 2) Екінші сөйлемде «жаманды-жақсылы» деген мағынасы қарама-қарсы сөздер кездеседі.
- 3) Үшінші сөйлемде отбасын құру – үйлену. қатарға қосылу – топқа кіру, терезесі тең болу, тіршілік ету – еңбек ету мағынасындағы сөздер топтасқан жұмсалады.
- 4) Төртінші сөйлемдегі «тура жолдан таю, аяғын шалыс басу» деген екі тіркес «қателесті» деген мағынада жұмсалады.

1

Мәндес сөздер қатарын көрсетіңіз.

- A) суғару, суылдау
- B) ықыласты, құлықты
- C) ықыластану, ниеттенбеу
- D) пейілдену, іждағатсыздық

2

Мәндес сөздер қатарына жатпайтын сөзді көрсетіңіз.

- A) қасақана
- B) қапелімде
- C) абайсызда
- D) байқаусызда

3

Мәндес сөздер қатарын көрсетіңіз.

- A) азар, безер
- B) сезгіш, аңқау
- C) жылыну, тоңазу
- D) қырғи қабақ, араз

4 Мәндес сөздер қатарына жатпайтын сөзді көрсетіңіз.

- A) көңілі ауды
- B) көңілі бөлінді
- C) көңілі құлады
- D) көңілі алаң болды

5 Көп нүктенің орнына мәндес сөзді қойыңыз.

Мен көлденең тұрар едім тас болсам,
Ауыздарға өсек - ... түтеген.
Мен бір тамшы жас болсам,
Сұлулардың кірпігіне бітер ем.

- A) өмір
- B) өлең
- C) ғайбат
- D) әңгіме

Омонимдер. Омонимдердің берілуі

Е

Дыбысталуы, сыртқы тұлғасы бірдей, бірақ ешбір мағыналық байланысы жоқ сөздер омонимдер деп аталады. Мысалы: Біз 21-ші жылы қысқа қарсы келдік (Ж. Аймауытов). 2. Етікші бізге жарымайды (мақал). Осы келтірілген мысалдардағы есімдік біз деген сөз бен құралдың аты, зат есім – біз деген сөздің дыбысталуы, тұлғасы бірдей, ал мағыналары әрбасқа сөздер.

Омонимдер мен көпмағыналы сөздердің өзара жақындығы бар. Осыдан келіп, кейде оларды бір-бірінен айыру қиындық келтіреді. Бірақ көпмағыналы сөздерден омонимдерді айырудың қиындығы барлық омонимдерге бірдей қатысты емес. Мысалы, «өкпе» (өкпесі қабыну) деген сөз бен «реніш» деген мағынаны білдіретін «өкпе» деген сөздің омонимдес сөздер екені бірден ашық аңғарылады. Көпмағыналы сөздер әртүрлі заттың атауы болғанмен, олардың арасында қандай да мағыналық жақындық, ұқсастық болады. Ал омоним сөздер арасында ондай мағыналық жақындық, ұқсастық болмайды.

Бас деген сөздің көпмағыналығы мен омонимдік мағынасын былайша салыстыруға болады:

Көпмағыналы сөздер	Омоним сөздер
адамның басы, таудың басы	аяғыңды жай бас, ақылды бас

◆ Дыбысталуы бірдей, мағынасы әртүрлі сөзді көрсетіңіз.

- A) ми
- B) жүз
- C) сөз
- D) адам

Т

- 1) ми – бір ғана мағынада жұмсалады;
- 2) жүз – заттың қыры (пышақтың жүзі), сан (бес жүз), бет (ақ жүзін көрсетті), іс-әрекет (суда жүзу) мағыналарында жұмсалады;
- 3) сөз – бір ғана мағынада қолданылады;
- 4) адам – бұл сөз де кісі деген мағынада ғана жұмсалады.

◆ Дыбысталуы бірдей, мағыналары әртүрлі сөздері бар сөйлем қатарын көрсетіңіз.

- A) Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде (мақал).
- B) Жаяу жүру – денсаулыққа пайдалы. Жұмыстан үйге дейін жаяу келдім.
- C) Кейбір ауруларды жылдар бойы емдейді. Аурудың қайсысы жақсы дейсің.
- D) Дайын болған кітабымды баспаға өткіздім. Өзі баспа ауруымен ауырып жатыр.



- 1) Бірінші жауаптағы ауру сөзі бір ғана мағынада жұмсалған.
- 2) Екінші жауаптағы жаяу сөзінің де мағыналары бірдей.
- 3) Үшінші жауаптың екі сөйлеміндегі ауру сөзінің мағынасы бір.
- 4) Төртінші жауаптағы баспа сөзінің мағыналары әртүрлі.

◆ Дыбысталуы бірдей, мағыналары әртүрлі сөзі бар сөйлем қатарын көрсетіңіз.

- A) Қызымды ойлап жүрмін. Көп ойланып барып, бір шешімге келдім.
- B) «Қазақтың жүз әні» – сәтті шыққан бағдарлама. Бүгін сәтті күн болды.
- C) Әкем қақпаны сырлап жатыр. Сәуле сырын ешкімге жарияламайтын қыз.
- D) Мен жаңа үйге көштім. Үйім жұмысыма жақын болып, қатты қуанып жүрмін.



- 1) Бірінші жауаптағы ой сөзі бір ғана мағынада жұмсалған.
- 2) Екінші жауаптағы сәтті сөзі де бір мағынада жұмсалған.
- 3) Үшінші жауаптың екі сөйлеміндегі сыр сөзінің мағынасы әртүрлі.
- 4) Төртінші жауаптағы үй сөзінің мағынасы бірдей.

6) Әртүрлі мағынада қолданылатын сөзді көрсетіңіз.

- A) бет
- B) кітап
- C) мұқаба
- D) оқулық

7) Дыбысталуы бірдей, мағынасы әртүрлі сөзді көрсетіңіз.

- A) бақ
- B) қағаз
- C) ауыл
- D) дала

8) Дыбысталуы бірдей, мағыналары әртүрлі сөздері бар сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Апасы айтқан аялдамаға барды. Ақан түсінде апасын көрді.
- B) Апасы ауырып қалыпты. Ауруының түрін көріп қатты аяды.
- C) Көп жасаудың сыры неде? Қызының жасауын апарайын деп жатыр.
- D) Ауырып ем іздегенше – ауырмайтын жол ізде. Ауырмау үшін жиі дәрігерден кеңес ал.

9) Дыбысталуы бірдей, мағыналары әртүрлі сөйлем қатарын көрсетіңіз.

- A) Әрбір адам ата-анасының алдында қарыздар. Қыздың ата-анасымен танысты.
- B) Дарынды адамның есте сақтау қабілеті жоғары болады. Мен анамның көп кеңестерін есте сақтадым.
- C) Қазақша сөйлеу – қазіргі таңда үлкен мәртебе. Қазақ тілін үйрену қиын емес.
- D) Кішкентай балалардың көз жасы дайын тұрады. Ұжымның көбі жас қыздар.

10 Құрамында дыбысталуы бірдей, мағыналары әртүрлі сөздері бар сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Мен келгенде, анам ұшақтан түсіп жатыр екен.
- B) Әжем түсінде немересін көріпті.
- C) Бұл жұмыстан шыққанда, түс ауып бара жатқан еді.
- D) Түсі суық орта жастағы адам пойыздан түсіп, жан-жағына қарады.

Көпмағыналы сөздер

Е

Сөздің сапа жағынан дамығандығын көрсететін бірден-бір белгі – сөздің көпмағыналылығы. Сөздің бірнеше мағынаға ие болуын сөздің көпмағыналылығы (полисемия) деп атайды. Мысалы, Жер бір тәулікте өзінің осін бір айналып шығады; Егіншілер жер жыртуға кірісті; Олар екеуі екі жерде тұрады; Шырағым, қай жерің ауырады? деген сөйлемдердегі жер сөзінің мағынасы әр сөйлемде әртүрлі болып құбылып тұр. Бірінші сөйлемде ғаламшар ұғымында, екіншіде егіс ұғымында, үшіншіде орын деген мағынада, төртіншісінде дене деген ұғымда қолданылып тұр.

Сөз ең алдымен тура мағынаны білдіреді. Сөздің тура мағынасымен қатар ауыспалы мағынасы да болуы мүмкін. Сөздің ауыспалы мағынасы заттың, құбылыстың немесе сол заттың белгісінің ұқсастығын білдіруден, олардың өзара тығыз байланысынан келіп туады. Сондықтан оның белгілері өте көп. Осы белгілердің бірі екінші затқа ауыс мағынаға өтеді. Мысалы, Құрман ұстаның сегіз сиыры бар; Апай майлы төстікті отқа үйте бастады деген сөйлемдердегі сегіз, майлы деген сөздер өздерінің бастапқы тура мағыналарында қолданылған. Ал «Семіздің аяғы сегіз» (мақал); «Ол үйдің дастарқаны майлы» - деген сөйлемдердегі сегіз, майлы деген сөздер өздерінің бастапқы мағыналарында айтылмай, ол сөздерге жаңа келтірінді, ауыспалы мағыналар үстейді. Мұндағы сегіз деген сөз санды білдірмей, көп деген ұғымды білдіріп тұр, яғни мал семіз болса, еті көп болады деген ұғымды береді. Дастарқаны майлы дегендегі майлы сөзі дастарқанға май жұққан, кірлеген деген ұғымды бермей, ол үйдің дастарқанының үстінде асы мол болады, яғни ол үй асты мол береді деген ұғымда айтылып тұр.

◆ «Көз» сөзінің мағынасын ашпайтын сөзді табыңыз.

- A) үйдің көзі
- B) иненің көзі
- C) адамның көзі
- D) бұлақтың көзі

Т

- 1) үйдің көзі – мұндай тіркес тілімізге тән емес;
- 2) иненің көзі – иненің жіп өткізетін жері;
- 3) адамның көзі – тура мәнде жұмсалып тұр;
- 4) бұлақтың көзі – бұлақтың су шығатын басы.

◆ Көпмағыналы сөйлемді табыңыз.

- A) Басым ауырып тұр. Қаланың басында тұрады.
- B) Гүлдің сабағы ұзындау екен. Асан сабағын оқып отыр.
- C) Оның жасы қырықта. Ауладағы ағаштарды қырқып жатыр.
- D) Адамның басы жетпейтін нәрселер болады екен. Сен қаттырақ басып айт.

Т

- 1) Бірінші жауапта «бас» сөзі бір мағынада жұмсалып тұр. Негізгі сөз – бас сөзінен бастау алады.
- 2) Екінші жауапта «сабақ» сөзі екі түрлі мағынада, бір-біріне омоним болып тұр.
- 3) Үшінші жауапта «қырық» сөзі – сан, қимыл мәнде жұмсалып, омонимдік қатар түзіп тұр.
- 4) Төртінші жауапта «бас» сөзі бірі – зат есім, екіншісі – етістік қызметін атқарып, жазылуы бірдей болғанымен, мағыналары әртүрлі болып тұр.

◆ Көпмағыналы сөйлемді табыңыз.

- A) Есімнен шығып кетіпті. Өйтпесе кеше шығарып салар едім. Ұмытшақ болып барам.
 B) Жүректің кілтін тап. Есік кілтпен ашыла салмады. Адаммен араласудың кілті – өз қолыңда.
 C) Пойыз жылдам жүре бастады. Перронда жүре тұрайын деген ойдан айныдым. Кейін қайттым.
 D) Баланың кішкентай жүрегі атша тулады. Қуаныштан жүрегі жарылардай қуанды.

Т

- 1) Бірінші жауапта – естен шығу мен шығарып салу тіркестерінің мағыналары бір-біріне сәйкес келмейді.
- 2) Екінші жауапта – жүректің сыры, есікті ашатын зат, қарым-қатынас құралы ретінде көп мағыналы сөздер берілген.
- 3) Үшінші жауапта – ешқандай көп мағыналы сөздер кездеспейді.
- 4) Төртінші жауап та көп мағыналы сөйлем бола алмайды.

11 Көпмағыналы сөйлемді табыңыз.

- A) Сағат тілі онды көрсетіп тұр. Қазақ тілі техникалық ғылым тіліне айналып келеді.
 B) Қазақ тілін ауылдық жерге барып үйренген тиімді. Қоғамдық орта қазақ тіліне мән беруде.
 C) Атам дәрігерге жиі бара бергенді ұнатпайды. Дәріханадағы дәрілер қымбаттап кетіпті.
 D) Адамның күні – адаммен. Қарым-қатынасты дұрыс жолға қою керек.

12 Көпмағыналылыққа ие болмайтын сөзді көрсетіңіз.

- A) бас
 B) жас
 C) бет
 D) көз

13 Өртүрлі мағынада қолданылған сөзді көрсетіңіз.

- A) адамның мұрны, әкемнің мұрны
 B) қыздың шашы, адамның шашы
 C) адамның көзі, қаржыландыру көзі
 D) баланың саусағы, адамның саусағы

14 Бірнеше мағынаны білдіретін сөзді табыңыз.

- A) адамның миы, жануардың миы
 B) адамның басы, әңгіменің басы, жұмыстың басында
 C) жігіттің ойы, баланың ойы, менің ойым
 D) қыздың жүрегі, жігіттің жүрегі

15 Көпмағыналы сөйлемді табыңыз.

- A) Бүгін балам жай тұрды. Анам қамыр жайып жатыр.
 B) Жазда демалысқа шығамыз. Қазақ тілінде қатесіз жаз.
 C) Абайдың бірінші қара сөзін айт. Айт мерекесі жақындап келеді.
 D) Кітаптың беті ашық қалыпты. Әжесінің бетіндегі әжімдер өткен күндердің белгісі.

Фразеологизмдер

Ё

Бір ұғымда қолданылатын, сөйлем мүшелеріне ажыратуға келмейтін, грамматикалық мағыналарын өзгертіп, тіркестегі орындарын алмастыруға болмайтын тұрақты сөз тіркестерін фразеологизмдер дейді.

Фразеологизмдер құрамы жағынан тұрақтылығымен, дайын қолданылуымен, мазмұн тереңдігімен, бейнелігімен ерекшеленеді. Фразеологизмдер кейде жеке сөздердің эмоционалды, экспрессив баламасы (синонимі) ретінде де қолданылады. Мысалы: алыс – ит өлген жер; жылдам қас пен көздің арасында; сұлу – ай десе аузы, күн десе көзі бар т.б.

Фразеологизм және оның белгілері

Ё

Фразеологизмдердің негізгі белгілері:

1. мағына тұтастығы, яғни фразеологизм құрамындағы сөздердің өздерінің бастапқы мағынасынан түгел немесе жартылай айырылып қалып, біртұтас мағына беруі.
 2. тіркес тиянақтылығы, яғни фразеологизм құрамындағы сөздердің орын тәртібіне қарай нық болып, өзара жымдасқан тіркес қалпын барлық жағдайда сақтауы.
 3. қолдану тиянақтылығы, яғни фразеологизмнің үнемі даяр қалпында қолдануы.
-

Идиомалық тіркестер және мақал-мәтелдер

Ё

Қазақ тіліндегі тұрақты сөз тіркестері беретін мағыналарына, тілдегі қолданылатын қызметіне қарай өзара идиомалық тіркестер және мақал-мәтелдер болып бөлінеді.

Идиомалық тіркестерге қабырғамен кеңес, қырық пышақ болу, түйе үстінен сирақ үйту, жүрек жалғау, көз тігу, сағы сыну, екі аяғын бір етікке тығу, жүні жығылу сияқты жеке тұрғандағы мағыналарынан не мүлде, не жартылай айырылып, өзара жымдасып бір ғана ұғымды білдіретін сөздердің тұрақталған, қалыптасқан тізбектері жатады.

Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей. Ырыс алды – ынтымақ. Ел үмітін ер ақтар, ер атағын ел сақтар деген қазақ мақалдарының құрамына енген сөздер белгілі тұлғада, белгілі орында тұрып қалыптасқан. Олардың көпшілігінің морфологиялық тұлғасын, не қалыптасқан орнын өзгертсе, мақалдардың мағынасы бұзылады.

◆ «Шөптің басын сындырмады» деген тіркестің мағынасын көрсетіңіз.

- A) өте пысық
- B) дәрменсіз
- C) қыдырып жүрді
- D) ештеме істемеді

Т

- 1) өте пысық – қу мүйіз кісі деген тіркеске келеді;
- 2) дәрменсіз – әл дәрмені жоқ адам деген тіркеске сай, яғни күшсіз, қуатсыз;
- 3) қыдырып жүрді – қу табан деген тіркестің беретін мағынасы;
- 4) ештеме істемеді – шөптің басын сындырмады, екі қолын қусырып отырды.

◆ Асты сызылған тіркестің мағынасын көрсетіңіз.

Көңілі жүйрік шал бірдеме сезіп қалғандай.

- A) мейірімді
- B) білгір, алғыр
- C) ойға медет тұтары, алданышы
- D) үміт үзілді, қызығы таусылды



- 1) мейірімді – көңілі жүйрік тіркесімен мәндес емес;
- 2) білгір, алғыр – көңілі жүйрік тіркесімен мағыналық жағынан сәйкес келеді;
- 3) ойға медет тұтары, алданышы – берілген тіркес көңілге қуат санау мағынасын білдіреді;
- 4) үміт үзілді, қызығы таусылды – көңілі жүйрік тіркесімен мағыналық жағынан сәйкес келмейді.

◆ Асты сызылған тіркеске қарама-қарсы мәнді тіркесті көрсетіңіз.

Жасы үлкен кісінің алдында беті бұлк етпеді.

- A) беті жұмсарды
- B) беті ду ете түсті
- C) беті бері қарады
- D) бетпердесін ашты



- 1) беті жұмсарды – ашуы қайтты;
- 2) беті ду ете түсті – қатты қысылды, қызарды;
- 3) беті бері қарады – арудан жазыла бастады, ашуы тарқады;
- 4) бетпердесін ашты – құпиясын жарыққа шығарды, жұмбағын шешті, айыбын бетіне басты.

16 Асты сызылған тіркестің мағынасын көрсетіңіз.

Халқымызда қабырғалы билер, қол бастаған батырлар, сөз бастаған шешендер болған.

- A) беделді, ықпалы күшті
- B) күш көрсету, күшпен бітіру
- C) қайрат күші тасыған, қайсар
- D) жақын кісілермен келісті, ақылдасты

17 Асты сызылған тіркестің мағынасын көрсетіңіз.

Кішкентай Бауыржанның қазақ күйлеріне жаны құмар.

- A) өш, жауыққан
- B) тым әуес, үйір
- C) өзіне мақсат, ниет етті
- D) зәресі ұшты, қорықты

18 Сөз тіркесінің мағынасын анықтаңыз.

Қазақ елін мақтаған кезде төбеміз көкке бір елі жетпей қалды.

- A) қуану, шаттану
- B) жылау, жоқтау
- C) ыза болу, ренжу
- D) іші күй, қызғану

19 Асты сызылған сөздің беретін мағынасын көрсетіңіз.

Бұл оның адалдығына шәк келтіре бастады.

- A) сене бастады
- B) келісе бастады
- C) табыса бастады
- D) күмәндана бастады

20 «Үріп ауызға салғандай» тіркесіне мәндес тіркесті көрсетіңіз.

- A) Сиқы кеткен
- B) Бал-бұл жанды
- C) Қызғалдақ атты
- D) Ай десе аузы, күн десе көзі бар

Ұлт мәдениеті мен танымын білдіретін сөздер

Е

Әр тіл – өз бойында ұлт тарихын, мәдениетін, танымы мен талғамын, мінезі мен санасын, кәсібі мен салтын, дәстүрі мен даналығын тұтастықта сақтай білген таңбалық жүйе.

Әрбір халықтың тілі арқылы сол халықтың өмірінің рухани қазынасын, мәдениетін білуге болады.

Адамдардың өткендегі тұрмысын, қоғамдық-әлеуметтік құрылысын, материалдық, рухани және мәдени өмірінің түрлі құбылыстарын көрсетуде антропонимдердің маңызы ерекше.

Антропонимика – тіл тарихын, ұлт мәдениетін зерттеуде құнды да бағалы мұра болып табылады.

I. Тілек, ниетке байланысты:

1) нәрестеге бақыт тілеумен байланысты есімдер: Бақыт (Бахыт), Бақытгүл, Гүлбақыт т.б.;

2) қыз баланың көркем де көрікті, ажарлы да сұлу болуын тілеумен байланысты қойылатын есімдер: Айсұлу, Күнсұлу, Сұлу, Әсем, Әдемі, Көркем, Ажар т.б.;

3) сәби мәдениетті, сыпайы, мінезі жақсы болсын деген тілекпен қойылатын есімдер: Жібек, Мақпал, Барқыт т.б.;

4) бала ақылды болсын деген тілекпен қойылатын есімдер: Ақыл, Ақылғайша, Әлима, Дана, Парасат т.б.;

5) қыз балаға молшылық, баршылықта өмір сүрсін деген тілекпен Береке, Несібелі, т.б.;

6) баланың физиологиялық ерекшеліктері, денесіндегі қалы, тәнінің түсі және бет-әлпеті: Ақмеңтай, Ботакөз, Айторы, Қалжан т.б.;

7) отбасында нешінші бала екендігі: Кенжебибі, Кенжехан, Ақкенже, Тұңғышбай т.б.;

8) нәрестенің туылуымен байланысты жағдайлар (күні, айы, жыл мезгілі, жері, ауа райына не сол кездегі ірілі-ұсақты оқиғаға байланысты): Ақнаурыз, Құрбанкүл, Жұмабике, Жұмагүл, Айтгүл, Таңат.

9) бала дүниеге келген кездегі ата-ананың сезімі: Шаттық, Қуаныш, Сағыныш, Бақыт т.б.;

10) тарихта болған атақты адамдар, әдеби шығармалардың кейіпкерлері: Айғаным, Томирис т.с.с есімдер қойылып отырған.

Тілді, тілдік бірліктерді адам факторларымен, адами құндылықтармен бірлікте қарастыру – қазіргі тіл білімінің басты бағыттарының бірі. Тілді сол ұлттың мәдениетімен бірлікте қарастыру арқылы лингвистер тілтаным ғылымының шеңберінен шығып, ұлттаным деңгейіндегі құнды дүниелерге қол жеткізе бастады.

Ұлт мәдениетінің қай түрінде болмасын, онда сол ұлттың бүкіл таным болмысы мен тұрмыс-тіршілігі бейнеленеді. Белгілі бір ұлттың тарихынан, мәдениетінен, таным болмысынан, тұрмыс-тіршілігінен хабардар ететін тілдік бірліктерге фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, нақыл сөздермен бірге ұлт мәдениетін танытатын сөздер (этнонимдер, лингвомәдени бірліктер) жатады.

◆ Көшпелі өмірге бейімделген, ерте заманнан келе жатқан көшпелілер баспанасы

- A) мешіт
- B) лашық
- C) күмбез
- D) киіз үй



- 1) мешіт – мұсылмандар құлшылық ететін ғимарат;
- 2) лашық – уақытша тұруға арналған шағын баспана;
- 3) күмбез – шеңберленіп келген (кейде көп қырлы, эллипске ұқсас т.б.) ғимараттар мен құрылыстардың төбесін жабуда қолданылатын құрылыс бөлшегі;
- 4) киіз үй – ерте кезде көшпелі халықтардың негізгі баспанасы болған.

◆ Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

... – қазаққа тән ерекше өнер.

- A) Айтыс
- B) Домбыра
- C) Қазақ тілі
- D) Алтыбақан



- 1) Айтыс – екі ақынның таңды таңға ұрып айтысатын халық өнері;
- 2) Домбыра – музыкалық аспап;
- 3) Қазақ тілі – қазақ халқының ұлттық тілі;
- 4) Алтыбақан – жайлы кеште, айлы түнде, ауыл сыртында ойналатын қазақтың ежелгі ұлттық ойыны.

◆ Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойыңыз.

Жаңа туған жас нәрестенің құрметіне үй иелері ... тойын жасайды.

- A) тілашар
- B) бесіктой
- C) шілдеhana
- D) тұсаукесер



- 1) тілашар – бала мектепке баратын кезде жасалатын жоралғы, той;
- 2) бесіктой – сәбидің дүниеге келу қуанышына жасалатын той;
- 3) шілдеhana – балаға қырық күн толғанда жасалатын дәстүр;
- 4) тұсаукесер – бала аяғын басып, жүре бастағанда жасалатын ырым.

21 Асты сызылған тіркестің сәйкес мағынасын табыңыз.

Бата беру – қазақ халқының ең бір тамаша дәстүрі.

- A) ақша беру
- B) сыйлық беру
- C) мал, мүлік беру
- D) жақсылық, оң тілек тілеу

22 Елтану мағынасындағы мысалды табыңыз.

- A) Абысын тату болса, ас көп болады.
- B) Қазақстанда көп ұлттың өкілдері тұрады.
- C) Қазақ халқы үшін қымыздың орны ерекше.
- D) Көршің соқыр болса, бір көзіңді қысып жүр.

23 Бала дүниеге келген кездегі ата-ананың сезімін білдіретін есімдерді көрсетіңіз.

- A) Айна, Әсем, Махаббат
- B) Айсұлу, Күнай, Күнсұлу
- C) Ақмеңтай, Ботакөз, Айторы
- D) Шаттық, Қуаныш, Сағыныш

24 Көп нүктенің орнына тиісті сөз қатарын қойыңыз.

Оның ақ дегені ..., қара дегені ... болып отыр ғой.

- A) обал, сауап
- B) мақтау, мадақ
- C) алғыс, қарғыс
- D) өкініш, күйініш

25 Көп нүктенің орнына сөйлем мазмұнына сәйкес келетін нұсқасын қойыңыз.

Ата-анасы өз алдына отау тігіп бөлек шыққан ұлына

- A) үлес береді
- B) енші береді
- C) жасау береді
- D) төсек-орын береді

Есімше категориясы (құрмалас сөйлем аясында)

Е

Есімше – етістіктің ерекше түрі. Бірде етістіктің, бірде есімнің қызметін атқаратын етістіктің түрі есімше деп аталады. Мысалы: Жүгірген жетпес, бұйырған кетпес. Естіген құлақта жазық жоқ. Асық ойнаған азар, доп ойнаған тозар.

Есімшенің жасалу жолдары:

Есімше етістіктің негізгі және туынды түбіріне төмендегідей жұрнақтар жалғану арқылы жасалады:

1. -ған, -ген, -қан, -кен – өткен шақ. Мысалы: айтқан, жазған, көрген, кеткен т.б.;

2. -ар, -ер, -р, – болжалды келер шақ. Мысалы: айтар, жазар, көрер, т.б.;

Болымсыз түрі: -мас, -мес, -пас, -пес, -бас – көрмес, айтпас, ертпес, жазбас, т.б.;

3. -мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек – мақсатты келер шақ. Мысалы: айтпақ, жазбақ, көрмек, сезбек, т.б.;

4. -атын, -етін, -йтын, -йтін – ауыспалы келер шақ. Мысалы: баратын, келетін, қарайтын, сөйлейтін.

Есімшенің өзіне тән ерекшеліктері:

1. Есімше заттың қимылдық белгісін білдіреді. Мысалы: жазылған кітап, айтылған сөз, т.б.;

2. Есімше етістік түбірден жасалса да, зат есімдер сияқты септеледі, көптеледі, тәуелденеді. Мысалы: оқығанның, жазғандар, сөйлегенім және т.б.

3. Сын есім сияқты зат есімнің алдынан келеді. Мысалы: орылған егін, боялған мата т.б.

Есімшелі оралым

Е

Сөйлем ішінде қолданылу ыңғайына қарай есімше алуан түрлі қызмет атқарады. Олар бірде атрибуттық мәнге ие болса, енді бірде жай сөйлемдердің баяндауышы ретінде жұмсалады. Мұның бәрі есімшенің әрі есім, әрі етістік сөздердің орнына жұмсала беретін екі жақты қызметінен туындайды. Есімше оралым негізгі сөйлеммен байланысу тәсіліне қарай, екі түрлі амалмен: септік жалғаулары және көмекші сөздермен (шылау) тіркесе жұмсалуды арқылы жасалады.

1. Септік жалғаулы есімше оралымдар.

+ = **ған -да**

Бұл оралым сөйлем ішінде қолданылу ыңғайына қарай мезгіл, кейде шарт мәнде жұмсалады.

Мысалы:

Жаздыкүн шілде болғанда,
Көкорай шалғын, бәйшешек
Ұзарып өсіп толғанда.
Қүркіреп жатқан өзенге
Көшіп ауыл қонғанда (Абай).

2. Көмекші сөзді есімше оралымдар

-ған	+	соң	=	Есімшелі оралым сөйлем ішінде қолданылу ыңғайына қарай әртүрлі мағыналық қатынаста жұмсалып отырады, соның бірі – себептік мән.
-ған-нан	+	кейін	=	Бұл оралым мезгілдік мәнде жұмсалып, негізгі сөйлемдегі оқиға, әрекеттің орындалуына мүмкіндік туғызады.
-ған-нан	+	бері	=	Бұл оралым сөйлем мазмұны мезгілдік мәнге құрылады, негізгі сөйлемдегі оқиға желісі осыған орай екінші бір ойдың болған мезгілімен ұштастырыла айтылады.

Мысалы:

1. Кейін республикалық Ұланның заңнамалық негізі бекітілген соң, бұрынғыдай ішкі тәртіпті қорғау мәселелеріне тартылмай, өзінің элитарлық мәртебесіне сай орындайтын ерекше міндеттері айқындалды.
2. Несиеге зат алсаңыз, бірінші төлем жасағаннан кейін, төлем қағазын банкке әкеліп өткізесіз.
3. Біз осы үйге көшіп келгеннен бері, үйімізге бірнеше рет жөндеу жұмыстарын жүргіздік.

◆ Төмендегі сөйлемнен мақсат мәнін білдіретін сөзді табыңыз.

Қонақтар алдымен көлді көрмек, сондықтан сол жаққа барамыз.

- A) алдымен
- B) барамыз
- C) сол жаққа
- D) көрмек

Т

- 1) алдымен – бірінші деген мағынада;
- 2) барамыз – бағытты білдіреді;
- 3) сол жаққа – қайда баратыны айтылады;
- 4) көрмек – көлді көру мақсаты туралы айтылады.

◆ Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Көп ... білмес, көп ... білер (мақал).

- A) қалған, кеткен
- B) кеткен, жеткен
- C) жасаған, көрген
- D) жазған, сөйлеген



- 1) қалған, кеткен – сөйлемнің бірінші сыңарының мағынасы жуықтап тұрғанымен, екінші сыңарында логикалық байланыс жоқ;
- 2) кеткен, жеткен – сөйлемнің бірінші сыңарындағы ой айқын емес;
- 3) жасаған, көрген – сөйлемнің екі сыңары да мағына жағынан да, логикалық байланыс жағынан да сай;
- 4) сөйлеген, жазған – логикалық байланыс байқалмайды.

◆ Көп нүктенің орнына мағыналық жағына сәйкес келетін сөзді таңдаңыз.

Басыңнан қымыз кетсе, қызық ...,
Сын-сыйлық сәулетінді бұзып ...,
Кешегі бәйек болып отырған жұрт,
Күдерін сенен қалай үзіп ... (С. Торайғыров).

- A) қалар
- B) кетер
- C) білер
- D) сөйлер



- 1) қалар – қызық қалар, үзіп қалар деген сөздермен тіркескенімен, бұзып қалар деген мағынасын ашпай тұр;
- 2) кетер – қызық кетер, бұзып кетер, үзіп кетер тіркестерімен тіркесімділік құрап тұр;
- 3) білер – алдыңғы сөздерінің ешқайсысымен де тіркесімге келмейді;
- 4) сөйлер – қызық сөйлер, бұзып сөйлер деген тіркесімділік болғанымен, күдерін сенен қалай үзіп сөйлер деген жолда мағына тұтастығы көрінбейді.

26 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Біреу ..., біреу ..., елімізге еркіндік оңай келген жоқ.

- A) білер, білмес
- B) кетер, кетпес
- C) көрер, көрмес
- D) қалар, қалмас

27 Сөйлем мазмұнын толықтыратын нұсқамен сөйлемді аяқтаңыз..

Басындағы бақыттың қадірін қонғанда білмейсің, ұшқанда ... (мақал).

- A) көрерсің
- B) білерсің
- C) сөйлерсің
- D) қаларсың

28 Көп нүктенің орнына тиісті сөздер қатарын табыңыз.

Бұрын мұнда уран ..., содан соң бірден экспортқа

- A) білінетін, белгіленетін
- B) шешілетін, жеткізілетін
- C) көрсетілетін, қойылатын
- D) өндірілетін, шығарылатын

26 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Қала көшелері тар..., көлік жүрісіне өте ыңғайсыз.

- A) жүргендіктен
- B) жатқандықтан
- C) болғандықтан
- D) тұрғандықтан

30 Көп нүктенің орнына қажетті сөздер қатарын қойыңыз.

Есі бар жігіт елін ...,
Есі жоқ жігіт жаттың отын ... (мақал).

- A) кетер, кетпес
- B) білер, білмес
- C) табар, жағар
- D) көрер, көрмес

Көсемше категориясы (құрмалас сөйлем аясында)

Ё

Қазақ тіл білімінде көсемше атауын Ахмет Байтұрсынұлы енгізген. Бұл сөздің мағынасы көсем сияқты үнемі алдында тұрады дегенді білдіреді.

Негізгі қимыл, амалды білдіретін немесе оны айқындай түсіп, қосымша қимыл, амалды білдіру қызметінде жұмсалатын етістіктің түрі көсемше деп аталады.

Көсемшенің үш түрі бар:

1. Ауыспалы шақтық көсемше (-а, -е, -й: бара, келе, ойнай).
2. Өткен шақтық көсемше (-ып, -іп, -п: айтып, кетіп, сөйлеп).
3. Келер шақтық көсемше (-ғалы, -гелі, -қалы, -келі: барғалы, жүргелі, қайтқалы, кеткелі).

Көсемше оралымды сөйлемдер

Ё

Көсемше оралым – бір субъектіге тән негізгі және көмекші әрекеттерді бір сөйлем бойында беруде қолданылатын құрылым. Көмекші әрекетті білдіретін көсемше әртүрлі мәндегі сөздерді өзіне бағындыра отырып, сөйлем ішіндегі бір синтагмаға/ тізбекке ие болатын оралымды қалыптастырады. Оралым құрамындағы көсемше екі түрлі қызмет атқарады:

1. Есімді, етістікті сөздерді өзіне бағындырып, ұйымдастырушы тірек сөз орнына:
2. Тиянақсыз формасы арқылы оралымды негізгі бөлімге бағындырып, байланыстырушы болып тұрады.

Мысалы:

1. Рас, соңғы жылдары жасы ұлғайып, қайғы қажытты ма, мылтық ұстағанда қолы сәл қалтырап, көзі жасаурайтынды шығарды.
2. Іскер басшы ешқашан да «бұлай істеме» деп айтпайды, «былай істесек қайтеді?» дейді, яғни өктемдік көрсетпей, сыпайы ғана жұмсайды.

◆ Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Қазір адам қолымен не ... жатыр, ғарыш кемесін де ... жатырмыз.

- A) болмай, істеп
- B) істелмей, келіп
- C) жасалмай, жасап
- D) қолданбай, шығарып



- 1) болмай, істеп – бірінші сөздің мағынасы ашылмаған;
- 2) істелмей, келіп – бірінші сөз мағына жағынан сай келгенімен, - келіп сөзі жатырмын етістігімен тіркескенімен, іс-әрекеттің объектісімен тіркеспейді;
- 3) жасалмай, жасап – мағыналық жағынан да, логикалық жағынан да сәйкес келеді;
- 4) қолданбай, шығарып – тек екінші сөзде мағыналық сәйкестік байқалады.

◆ Қажетті сөздерді қойыңыз.

Бауыржан Момышұлы майданда, от пен оқтың ортасында ..., туған тілінің тағдырын ..., уайым

- A) болып, шешіп, кіріпті
- B) жүріп, ойлап, жепті
- C) кешіп, ойлап, болыпты
- D) сағынып, жасап, біліпті



- 1) болып, шешіп, кіріпті – бірінші сөз ғана мағына жағынан келеді, қалған екеуі сәйкес келмейді;
- 2) жүріп, ойлап, жепті – мағыналық жағынан да, логикалық жағынан да сәйкес келеді;
- 3) кешіп, ойлап, болыпты – тек екінші сөз ғана сәйкес келеді;
- 4) сағынып, жасап, біліпті – ешбір сөздің мағынасы келмейді.

◆ Сөйлемді қажетті сөздермен толықтырыңыз.

«Алматы Ақшамы» экология мәселесіне айрықша көңіл бөліп, «Сана ..., қала ... » деп газетке тамаша айдар берген.

- A) озбай, озбайды
- B) тазармай, тазармайды
- C) түзуленбей, түзуленбейді
- D) жақсармай, жақсармайды



- Берілген тапсырма бойынша жауаптың 4-і де мағына жағынан жуықтайды, соның ішінен нақты мағынасы да, логикасы да сай келетін B жауабы болып табылады.

31 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Төңіректің таза, әсем болуы үшін ..., тер төгіп жүрген бұл адамдарды қалай сыйламассың, қалай мақтаныш етпессің.

- A) еңбек етіп
- B) бел шешіп
- C) жұмыс етіп
- D) қызмет қып

32 Сөйлемді толықтырыңыз.

Ешбір адамды нақты ... және көзбен ... тұрып жаман деп айтуға болмайды.

- A) білмей, көрмей
- B) айтпай, кездеспей
- C) анықтамай, білмей
- D) сөйлеспей, қарамай

33 Тиісті сөзді таңдаңыз.

Сахнаға шыққанымызға 10 минут ..., залда отырғандардың барлығы орындарынан тұрып, билей бастады.

- A) өтпей қойып
- B) озбай жатып
- C) кетпей жатып
- D) болмай жатып

34 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Осыдан 40 жыл бұрын пайдалануға ..., білім ордасы бірде-бір рет күрделі жөндеуден өтпеген.

- A) қосқалы
- B) тұрғалы
- C) айтқалы
- D) берілгелі

35 Енді орындалайын деп жатқан іс-әрекетті көрсетіңіз.

- A) Ауыз су мәселесі шешіле ме деп күтіп отырмыз.
- B) Сәл шыдасаңыздар, ауыз су мәселесін шешілетін шығар.
- C) Сәл шыдасаңыздар, ауыз су мәселесін шешкелі жатырмыз.
- D) Ауыз су мәселесі шешілмей, шыдамдары әбден таусылды.

Модаль сөздер

Е

Модаль сөздер деп сөйлеу барысында айтылатын ойға сөйлеушінің жеке көзқарасын білдіру үшін жұмсалатын, толық лексикалық мағынасы жоқ, сөйлем мүшесі бола алмайтын сөздерді айтамыз. Модаль сөздер лексика-грамматикалық белгілеріне қарай семантикалық сипаты жағынан сөйлеушінің пікірін білдіруде әртүрлі сөз таптарынан грамматикалану арқылы жасалынған сөздер болғандықтан, біразы сөйлемдегі синтаксистік қызметі мен байланысы жағынан қыстырма сөз ретінде келіп, мағына жағынан айтылған хабар жөнінде сөйлеушінің пікірін білдіреді.

Модальдік реңк одағайларда да, қыстырма сөздерде де, сұраулық шылауларда да кездеседі. Бірақ бәрін модаль сөз деуге болмайды. Сөйлем мазмұнының ақиқат шындыққа қатынасы жөніндегі сөйлеушінің пікірін білдіретін арнаулы сөздерді модаль сөздер дейді (пікірлеуші сөздер деуге болады.)

Қазақ тіліндегі модаль сөздерді зерттеген ғалым Е. Жампейісов олардың қатарына төмендегідей сөздерді жатқызады: сияқты, сықылды, секілді, сыңайлы, сынды, тәрізді, іспетті, мүмкін, ықтимал, шамасы, тәрізі, әлпеті, мүмкін, асылы, қисыны, анығында, шынында, расында, рас, әрине, әлбетте, бәлкім, керек, қажет, тиіс, шығар, болар, -са(-се)керек, -у (-уға) керек, -уы (-уі) керек, -уы (-уі) тиіс, -у қажет,

-ға, -ге ұқсайды және т.б.

Модаль сөздер іштей екіге жіктеледі:

1. Етістікті модаль сөздер: екен, шығар, болар, дейді, көрінеді, білем, деседі, деймін, кім біледі т.б.

2. Есімді модаль сөздер: керек, қажет, тиіс, бар, жоқ, сияқты, сықылды, тәрізді, секілді, мүмкін, бәлкім, әрине, әлбетте, анығында, шамасы, тәрізді, тәрізі, сынды, қисыны, лазым, расында, шынында, жарайды т.б.

Модаль сөздер семантикалық сипаты жағынан төмендегідей бөлінеді:

1. Болжал мәнді модаль сөздер: сияқты, сықылды, тәрізді, секілді, мүмкін, шамасы, тәрізді, тәрізі, бәлкім, шығар, болар т.б.

2. Міндеттілік мағына беретін модаль сөздер: керек, қажет, тиіс, лазым сөздерінің қатысуымен жасалатын, -у қажет, -у керек, -у лазым. -мақ керек, -маққа керек, -уға тиіс, -уы (-уі) тиіс.

3. Біреудің сөзі не бір дерек негізінде айтылатын модаль сөздер: де, дейді, деп т.б.

4. Қостау (растау) мағынасында қолданылатын модаль сөздер: әрине, әлбетте, рас, шынында, шындығында, анығында т.б.

5. Күмән (күдік) ұғымын білдіретін модаль сөздер: -ар ма екен, -са неғылсын, кім біледі т.б.

6. Тілек, қалау мәнді модаль сөздер: -са/-се екен, -са/-се деймін т.б.

Болжалды модальдігін білдіруі болар, шығар, сияқты -уы мүмкін

Е

Субъектінің көзқарасы: болжау, жорамалдау, сенімсіз реңктерді жеткізе алуы болжал модальділік деп аталады.

Тілімізде қимылдың болжалдық мәнін білдіретін мынадай аналитикалық форманттар бар: -уі мүмкін, -се керек, -ған болар, -ған көрінеді, -ғанға ұқсайды, -уы ықтимал, -ған шығар, -ды білем, -ген тәрізді, -етін тәрізді, -ген сияқты, -тін сияқты, -ген секілді т.б.

Болар, шығар сөздері модальдік мағынада жұмсалғанда, есім баяндауышпен де етістік баяндауышпен де тіркесе алады. Мысалы: Сенің ертең апаңа көрегің боп қалар. Сен кешке кететін шығарсың?

Болар модаль сөзі кейде белгісіз келер шақ етістіктен соң да тұра береді. Мұндай кезде болжамды емес, міндеттілік мәнде жұмсалады. Мысалы: Танымайтын білмейтін адаммен олай сөйлеспес болар.

Сияқты модаль сөзімен синонимдес тәрізді, сықылды, секілді сөздері де қолданылады. Бұл сөздер модальдік мағынада жұмсалғанда сөйлеушінің сөйлем мазмұнының ақиқат шындыққа қатынасы жөніндегі болжамын білдіреді. Мысалы: Оның қазақшасы тәуір сияқты. Өзінің түрі қазақ тәрізді. Ол көрсе де, көрмеген секілді отыра берді.

Сөйлеушінің сөйлем мазмұны мен ақиқат шындықтың өзара қатынасы жөніндегі болжалын мүмкін, бәлкім сөзі де береді. Мысалы: Мүмкін ол үйінде емес шығар. Үйінде болуы да мүмкін.

◆ Болжалдық мағына беретін сөзді таңдаңыз.

Сәлден кейін жаңбыр жауатын ..., аспан түнеріп тұр.

- A) тиіс
- B) болар
- C) дейді
- D) мүмкін



- 1) тиіс – міндеттілік мағынасын береді, алдыңғы сөзбен тіркеспейді;
- 2) болар – жаңбырдың жауатын, жаумайтынына күмәнмен қарап, болжам мәнде жұмсалып тұр;
- 3) дейді – біреудің сөзі не бір дерек негізінде айтылатын сөз, алдыңғы сөзбен тіркесімділігі жоқ;
- 4) мүмкін – болжал мәнді модаль сөз, бірақ алдыңғы сөзбен тіркеспейді.

◆ Болжалдық мағына беретін тіркесті көрсетіңіз.

Келінім мені уайымдап, жұмысынан сұранып

- A) келуі қажет
- B) келген екен
- C) келген әрине
- D) келген шығар



- 1) келуі қажет – міндеттілік мағынада жұмсалып тұр;
- 2) келген екен – көз жеткізгендік, сенімділік мағынасында жұмсалып тұр;
- 3) келген әрине – мақұлдау мағынасында қолданылып тұр;
- 4) келген шығар – болжам мәнде жұмсалып тұр.

◆ Сөйлемді болжал мәнді мағынада аяқтаңыз.

Ертең сенбілік

- A) болуға тиіс, болмауға тиіс
- B) болған екен, болмаған екен
- C) болар ма екен, болмас па екен
- D) болған секілді, болмаған секілді



- 1) болуға тиіс, болмауға тиіс – міндеттілік мағына беріп тұр;
- 2) болған екен, болмаған екен – нақтылық мән үстеп тұр;
- 3) болар ма екен, болмас па екен – болжалдық мән беріп тұр;
- 4) болған секілді, болмаған секілді – күмәнділік мән үстеп тұр.

◆ Сөйлемнің беретін мәнін анықтаңыз.

Айдостың сөзіне қарағанда ертеңгі жиын тартысты болатын сияқты.

- A) қажеттілік
- B) нақтылық
- C) міндеттілік
- D) болжалдық



- 1) қажеттілік – бұл мағынаны қажет, керек сөздері береді;
- 2) нақтылық – бұл мағына екен етістігі арқылы беріледі;
- 3) міндеттілік – керек, қажет, тиіс сөздері арқылы беріледі;
- 4) болжалдық – бұл мағына сияқты, шығар, болар т.б. сөздер арқылы беріледі.

36

Болжалдық мағынада тұрған сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Бұл қазақ даласындағы ерекше күмбездердің бірі болуы тиіс.
- B) Бұл қазақ даласындағы ерекше күмбездердің бірі болғаны рас.
- C) Бұл қазақ даласындағы ерекше күмбездердің бірі болған сияқты.
- D) Бұл қазақ даласындағы ерекше күмбездердің бірі болса екен деймін.

37

Сөйлемдегі мағынаны көрсетіңіз.

Тегінде, осы беттегі ғимаратты көрген болуы керек.

- A) талғаулы
- B) болжалды
- C) салыстыру
- D) қарсылықты

38

Көп нүктенің орнына дұрыс жауабын қойыңыз.

Бүгін күннің суытуы жаман, кешке қарай қар

- A) еритін шығар
- B) кететін шығар
- C) келетін шығар
- D) жауатын шығар

39

Сөйлемнің беретін мағынасын анықтаңыз.

Баяндамашының баяндауына қарағанда жұмыстың жалпы құрылымы жүйеленген сияқты.

- A) қалау
- B) мүмкіндік
- C) болжалдық
- D) міндеттілік

40

Сөйлемді аяқтаңыз.

Менің балам оқуды бітірген соң, шетелге барып жалғастыруы

- A) болар
- B) мүмкін
- C) сияқты
- D) шығар

41

Күмән мәнді сөйлемді қойыңыз.

- A) Бұған дәлел іздеп жатудың қажеті жоқ.
- B) Түрлі вирустар телефонымды зақымдар ма екен.
- C) Бағдарламаның сәтті шығуын көздеп, мұны әдейі беруі де мүмкін.
- D) Оқи бастасам болды, бұны әлдеқашан оқып, санама түйіп, қорытып тастаған сияқтымын.

Міндеттілік, қажеттілік модальдігін білдіруі -уы тиіс, -уға міндетті, -у керек/ қажет

Е

Субъектінің сенімді көзқарасын білдіріп, оған міндеттілік реңк үстейтін модальдік сөздерді айтамыз.

Қазақ тілінде міндеттілік модальдік мағынаны негізінен керек, қажет, тиіс, міндетті сөздерінің қатысуымен жасалатын, -у қажет, -у керек, -у(-уға) міндетті. -уы (-уі) тиіс сияқты аналитикалық форманттар береді. Бұл сөздер сөйлеушінің сөйлемде айтылған хабардың ақиқаттығын нақтылау, міндеттеу мағынасында жұмсалады.

Мысалы: Ана тілімізді дамыту ісіне бүгінгі заманның заңғар жаңалығы - интернетті дендеп енгізу қажет. Тексеру біткенше барлық қызметкерлер 9-дан 18-ге дейін өз орындарынан табылуға міндетті.

Керек сөзі екі түрлі мағынада жұмсалады: негізгі лексикалық мағынасында және модальдік мағынада. Лексикалық мағынасында өз алдына сөйлем мүшесі ретінде қолданылады. Мысалы: Маған керек кітап бітіп қалыпты. Мұнда керек сөзі анықтауыш қызметінде жұмсалып тұр.

Ал модаль мағынасында таза көмекші сөз орнында қолданылады. Мысалы: Елімізге білікті техникалық мамандар керек. Мұнда керек сөзі сөйлеу барысында айтылған ойға сөйлеушінің жеке көзқарасын білдіру үшін жұмсалып, толық лексикалық мағынадан айырылған сөз ретінде қолданылып тұр.

Керек сөзінің екі түрлі модаль мағынасы бар: міндеттілік және болжал. Міндеттілік мағынасында керек модаль сөзі тұйық етістікпен, кейде -мақ/-мек формасымен де тіркесе жұмсалады. Тұйық етістік бұл ретте септеліп те, кейде тәуелдік жалғауын қабылдап та (айтуым керек, баруың керек, сөйлеуіңіз керек т.б.) айтыла береді. Мысалы: Еліміздің жастарын әлемге танытуымыз керек. Сен сол үшін шетелге барып келуің керек.

◆ Сөйлемді міндеттілік модальдігі арқылы аяқтаңыз.

Әр адамды қазіргі заманғы әлемде іс істеуге, білім ала білуге, өмір сүре алуға, бірлесіп өмір сүре білуге

- A) үйрететін шығар
- B) бағыттауы мүмкін
- C) көтермесе неғылсын
- D) дағдыландыру қажет

Т

- 1) үйрететін шығар – болжам мәнде жұмсалып тұр;
- 2) бағыттауы мүмкін – сөйлем мағынасында күмән де, болжал да бар;
- 3) көтермесе неғылсын – сөйлем мағынасында күдік (күмән) мән байқалады;
- 4) дағдыландыру қажет – сөйлем мағынасында нақтылық, міндеттілік бар.

◆ Міндеттілік мағына көрінетін сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Елін сүйетін әрбір азамат мемлекеттік рәміздерді құрмет тұтқан екен.
- B) Елін сүйетін әрбір азамат мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсетсе екен.
- C) Елін сүйетін әрбір азамат мемлекеттік рәміздерді құрмет тұтуға міндетті.
- D) Елін сүйетін әрбір азамат мемлекеттік рәміздерді құрмет тұтатын тәрізді.

Т

- 1) Бірінші сөйлем нақтылау мағынасында тұр.
- 2) Екінші сөйлемде тілек, қалау мағынасы көрінеді.
- 3) Үшінші сөйлемде міндеттілік мағына көрінеді.
- 4) Төртінші сөйлемде болжалды мағына байқалады.

42 Тиісті сөзді қойыңыз.

Жастар терең ақылмен, өмірлік күш-қуатымен ... қажет.

- A) бағалануға
- B) ерекшеленуі
- C) даралануды
- D) көзге түсуге

43 Сөйлемді міндеттілік модальдігі арқылы аяқтаңыз.

Өз ауылының тасын сыйламаған, өзге ауылдың тауын қадірлемейді, мұны жастар

- A) білуге тиіс
- B) қадірлесе керек
- C) бағалауға болар
- D) құрметтеген білем

44 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді көрсетіңіз.

«Қазақ қазақпен қазақша ...» қажет.

- A) білісуі
- B) сөйлесуі
- C) үйренуі
- D) меңгеруі

45 Дұрыс жауапты қойыңыз.

«Сендер өз Отандарыңды сүйеге, жақсы оқуға, еліміздің дамуына еңбек ...», - деді қариялар жастарға.

- A) жасауға міндеттісің
- B) етуге міндеттісіңдер
- C) қылуға міндеттісіздер
- D) көрсетуге міндеттісіңдер

46 Қажеттілік мағына көрінетін сөйлемді қойыңыз.

- A) Барлық билеттердің сатылуына мүдделіміз.
- B) Осы қойылымның премьерасына келу керек.
- C) Барлық қиындық басты рөлдегі адамға түсуі мүмкін.
- D) Қойылымның сахналану ұзақтығын ескерген сияқты.

Нақтылау модальділігін білдіруі -ған екен /еді

Е

Екен, еді модаль сөздері е көмекші етістігінен қалыптасқан. Ол сөйлеушінің сөйлемде айтылған хабарға көзі жеткендігін, соған деген сенімін білдіреді. Екен сөзінің бұл – негізгі модальдік мағынасы. Бұл сөз сөйлеушінің сөйлем мазмұнына көзі жеткендігін, ол жөніндегі сенімін білдіру үшін қолданғанда сөз таптарының қай-қайсысымен де тіркесіп келе береді. Бұл кезде ол етістік баяндауыш қызметінде жұмсалады. Мысалы: Банк кассасында кезекте тұрған адам көп екен.

Екен модаль сөзі кейбір әдеби нұсқаларда, эпостық жырларда белгісіз келер шақ етістіктен кейін де тұра береді. Мысалы: Сол елде Ерназар деген бай бар екен. Төрт түлігі сай екен. Қора толы қойы, өріс толы малы бар екен.

Екен модаль сөзі септік жалғауында тұрған етістіктермен де, есімдіктермен де тіркесіп жұмсала береді. Мысалы: Ақ үйдің көркі ай нұры түскенде екен (Ғ. Мүсірепов).

Сөйлем мазмұнының ақиқат шындыққа қатынасы жөніндегі өзінің пікірін сөйлеуші басқа біреудің сөзіне сүйене отырып та айтады. Бұл – екен сөзі білдіретін модальдік мағынаның бір түрі. Бұл мағынада екен сөзі үшінші жақ жіктік жалғауындағы көсемше формасынан, не өткен шақ есімшеден кейін тұрады. Мұндай модальдік мағына, көбінесе, ертегі сарындас стильде көрінуі мүмкін. Мысалы: Төле би өте әділ төрелік еткен екен. Қазыбек би он бес жасында елшілікке барған екен.

Екен модаль сөзі шартты раймен тіркескенде, сөйлеушінің айтылған хабарға қатысты өтініш, тілегін де бере алады. Мысалы: Балаларымның өз қолы өз аузына жеткенін көрсем екен деймін. Ертерек демалысқа шықсақ екен.

Екен сөзі кейде модальдік мағына білдірмейді. Бұл кезде ол күрделі бастауыштың, не күрделі толықтауыштың көмекші компоненті ретінде қолданылады. Мысалы: Ол бүгін ауылдан келсе де... . Оның жауапты екендігі ісінен көрініп тұр.

◆ Сөйлемді нақтылау мәнде толықтырыңыз.

Елбасы мемлекеттік тілді үйрену баршаның парызы деп

- А) айтса екен
- В) айтқан еді
- С) міндеттеген болар
- Д) нақтылаған сияқты

Т

- 1) айтса екен – қалау, тілек мағынаны білдіреді;
- 2) айтқан еді – айтқанын нақтылап тұр;
- 3) міндеттеген болар – күмән мен күдік басым;
- 4) нақтылаған сияқты – болжалдық мән басым.

◆ Дұрыс жауапты қойып, сөйлемді толықтырыңыз.

Ш. Қалдаяқовтың «Менің Қазақстаным!» әнінің оркестрмен өңделген жаңа нұсқасын Мәжіліс депутаттары бірінші болып

- А) көрген еді
- В) бітірген еді
- С) білмеген еді
- Д) тыңдаған еді

Т

- 1) көрген еді – әнді көрмейді, тыңдайды;
- 2) бітірген еді – әнді депутат емес, композитор жазып бітіреді;
- 3) білмеген еді – қисынға (логикаға) келіңкіремейді;
- 4) тыңдаған еді – мағыналық байланыс бар.

◆ Сөйлеушінің айтылған хабарды нақтылау мағынасын білдіретін сөйлемді табыңыз.

- A) Бұл кісі сізге осы өтінішпен бұрын да келген екен.
- B) Біздің агенттіктің жарнама жұмыстарына көмектескім келеді.
- C) Жұмыс көп, сіздің өтінішіңізді әлі қарай алмайтын тәріздімін.
- D) Көшедегі жарнамалардың сауаттылығын да тексеру қажет шығар.



- 1) Бірінші сөйлем нақтылау мағынасында тұр.
- 2) Екінші сөйлемде күмәнділік мән басым.
- 3) Үшінші сөйлемде тілек, өтініш мағына көрінеді.
- 4) Төртінші сөйлемде міндеттілік мағына байқалады.

47 Дұрыс жауапты қойып, сөйлемді толықтырыңыз.

Көп балалы аналар жиналыста жағдайларын

- A) алған еді
- B) айтқан еді
- C) көрген еді
- D) жүрген еді

48 Ойды нақтылап тұрған сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Сол бос орынға өтінішімді берсем бе деймін.
- B) Өзіңіз хабарласып, жауабын біліп тұрсаңызшы.
- C) Бас есепші керек деген хабарландыруды оқыған едік.
- D) Құжаттарыңызды қалдырып кетіңіз, жақында қараймыз.

49 Дұрыс жауапты қойып, сөйлемді толықтырыңыз.

Қарақаттың орындауындағы жаңа әнді жақында ғана радиодан

- A) көрген еді
- B) бітірген еді
- C) білмеген еді
- D) тыңдаған еді

50 Нақты жүзеге асқан амалдың түрін көрсетіңіз.

- A) Менің жаңа технологияны меңгеріп алғым келеді.
- B) Педагогикалық технология тәжірибеде жүзеге асырылады.
- C) Оқытушылар қазіргі заманғы оқыту технологияларын меңгерген еді.
- D) Педагогикалық технология – тиімді оқыту жүйесін құрумен айналысатын бағыт.

51 Нақты жүзеге асқан амалдың түрін көрсетіңіз.

- A) Семинарда оқу циклін қайта жаңарту идеясы қарастырылды.
- B) Оқытушылардың республикалық семинары қызықты өткен еді.
- C) Модульдік оқыту технологиясының нұсқалары таныстырылды
- D) Семинарда оқыту технологиясына қатысты мәселелер талқыланды.

Қалау (ниет) модальділігін білдіру -ғым келеді

Е

Сөйлеу барысында айтылған ойға сөйлеушінің ниетін, ықыласын, ойын білдіруі қалау модальділігі деп аталады.

Мысалы: Мен Отанымға адал қызмет еткім келеді. Мұнда сөйлеуші субъектіні жасауға ынталы екені, соны қалап тұрғаны берілген.

Қалау (ниет) модальділігі түбір етістікке -ғым кел аналитикалық форманты қосылу арқылы жасалады. Бұл формант арқылы жасалған қимылдың кімге қатысты екені, яғни жақ мағынасын -ғы, -гі, -қы, -кі жұрнағынан кейін жалғанатын тәуелдік жалғауы білдіреді.

Мысалы:

Жақ	Жекеше	Көпше
I жақ	Менің айтқым, кеткім келеді	Біздің оқығымыз, білгіміз келеді
II жақ	Сенің айтқың, кеткің келеді	Сендердің оқығыларың, білгілерің келеді
II жақ (сыпайы)	Сіздің айтқыңыз, кеткіңіз келеді	Сіздердің оқығыларыңыз, білгілеріңіз келеді
III жақ	Оның айтқысы, кеткісі келеді	Олардың оқығылары, білгілері келеді

Мысалы:

Менің театрда қандай қойылымдар жүріп жатқанын білгім келеді. Жастардың көпшілігі үлкен қалада тұрғысы келеді.

Менің туған жеріме, туған еліме міндет емес, қызмет еткім келеді.

Тілек модальділігін білдіру -са игі еді, -са екен

Е

Сөйлеу барысында айтылатын ойға сөйлеушінің тілегі мен ниетін білдіруі тілек модальділігі деп аталады.

Тілек модальдігін жасайтын көрсеткіштер:

-ғай еді (-қай еді, -гей еді, -кей еді) аналитикалық форманты: қайтқай еді, көрсеткей еді, алғай еді, біткей еді.

-са игі форманты: сұраса игі еді, білсе игі еді, кешірсе игі еді, келсе игі еді.

-са еді форманты: бұйырса еді, білсем еді, ұмытпасаң еді, көрсең еді, қонсаң еді, шыдасаңыз еді, ұнасаңыз еді.

-са екен форманты: өтсеңіз екен, келсе екен, ұтсам екен, озсаң екен, қалса екен.

Мысалы: Осы жұмыс ертерек біткей еді. Досым ертең тағы бір күнге қалса екен. Ең болмаса бір жақсы қызмет бұйырса еді. Ол апасының осыншама жасаған жақсылықтарын білсе игі еді. Әлемді аузына қаратқан Астана көркейе берсе екен.

◆ Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Менің ипотека жүйесі бойынша жаңа үйлерден пәтер

- A) алғым келеді
- B) тұрғың келеді
- C) көшкіңіз келеді
- D) көргілерің келеді

Т

- 1) алғым келеді – мағыналық жағынан да, шақ, жақ көрсеткіштері бойынша да сай келеді;
- 2) тұрғың келеді – алдындағы сөзбен байланыспайды, сөйлем I жақта тұр, етістік II жақта келген;
- 3) көшкіңіз келеді – алдыңғы сөзбен тіркеспейді, сөйлем I жақ, жекеше түрде тұрса, етістік II жақ жекеше, сыпайы түрде келген;
- 4) көргілерің келеді – жақ, түр бойынша байланыс жоқ.

◆ Сөйлемдегі берілген ойдың мағынасын анықтаңыз.

Ең болмағанда осы сұрақтың жауабын білсем еді.

- A) тілек, ниет
- B) міндеттілік
- C) болжалдық
- D) мүмкінділік



- 1) тілек, ниет – сөйлемдегі ой осы мағынада жұмсалып тұр;
- 2) міндеттілік – міндеттеп тұрған жоқ;
- 3) болжалдық – болжау мәнде тұрған жоқ;
- 4) мүмкінділік – бұл мағына ашық көрініп тұрған жоқ.

◆ Тілек мағыналы сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Бала ата жолын қуса игі еді.
- B) Адамның қалыптасуы бала кезден басталмақ.
- C) Ана мінезінен сезік алса, бала жүрегі суынатын шығар.
- D) Бала тәрбиесіне әке мен шешенің мүмкіндігінше бірдей араласуы қажет.



- 1) Бірінші сөйлем тілек, ниет мағынаға құрылған.
- 2) Екінші сөйлемдегі етістік мақсат мәнде жұмсалып тұр.
- 3) Үшінші сөйлемде болжамдық мағына байқалады.
- 4) Төртінші сөйлем міндеттілік мағынада жұмсалған.

52 Сөйлемді қажетті сөзбен аяқтаңыз.

Оның Қазақстанның гүлденуіне өз үлесін ... келеді.

- A) көргісі
- B) алғысы
- C) қосқысы
- D) жасағысы

53 Қажетті сөзді қойыңыз.

Айтыста ақындардың аузына дуалы сөз түсе

- A) жатса игі еді
- B) қойса игі еді
- C) келсе игі еді
- D) жүрсе игі еді

54 Сөйлемнің негізгі мағынасын қойыңыз.

Тәуелсіздік – бұл біздің басты құндылығымыз, демек, мерейтойды мерекелеу әрбір қазақстандық үшін ерекше мән-мағынаға ие болса игі еді.

- A) тілек
- B) күмән
- C) құптау
- D) болжау

55 Тілек мәніндегі амалды табыңыз.

- A) Айсұлу білікті де білімді дәрігер болса екен.
- B) Гүлия оқуын бітірген соң, есепші болатын шығар.
- C) Дария әкімдікте бас маман болып жұмыс істейтін тәрізді.
- D) Гүлнәрдің колледжді бітірген соң медбике болғысы келеді.

Қалау мағынасын білдіріп тұрған сөйлемді белгілеңіз.

- А) Адамның денсаулығы, өсімдік тәрізді жақсы күтімді жиі көрсе ғой.
 В) Егер денің сау болса, онда оны сақтамақ керек, ал егер сау болмаса, онда денді сауықтыру керек.
 С) Адамның шын мәнінде «Адам» болуы үшін – өзін сүю, жақындарын сүюмен қанағаттанбай, жалпы адамзатты сүюі лазым.
 D) Игілікті де мәртебелі істерді істеген жанның өз басына түскен бақытсыздық атаулыны жеңіп шығатынын дәлелдегім келеді.

Сөйлемнің айқындауыш мүшелері

Ә

Айқындауыш – айқындайтын сөзінің жетегінде қосарлана айтылып, оның мазмұнын ашып тұратын сөз не сөздер тобы.

Айқындауыштар, негізінен, анықтауыш мүшеге ұқсас. Дегенмен төмендегідей айырмашылықтары бар:

1. Анықтауыш сын есімнен жасалып, заттың сынын, сапасын анықтаса, айқындауыш зат пен затты өзара қатыстылығы, ұқсастылығы жағынан салыстыра айқындайды.

2. Анықтауыш пен анықталушы сөз сабақтаса байланысса, айқындауыш пен айқындалушы сөз салаласа байланысады.

3. Екеуі орны жағынан да әртүрлі болады. Анықтауыштар тек анықтайтын сөзінің алдында тұратын болса, айқындауыштар, керісінше, айқындайтын сөзінің соңынан тұрады.

Айқындауыш сөйлемнің ортасында келсе, екі жағынан, соңында келсе, алдынан үтір қойылады. Кей жағдайда айқындауыш мүшелерде баяндауыштық реңк басым болса, алдынан сызықша қойылып, соңы үтірмен бөлінеді.

Айқындауыш құрылысына қарай үшке бөлінеді:

Қосалқы айқындауыш – зат есімдердің (көбінесе кісі аттарының) қосымша сипаты, анықтамасы ретінде жұмсалатын сөздер: Жамбыл ақын, Қамбар батыр.

Қосарлы айқындауыш – айқындайтын сөзіне қосақталып келіп, оның мағынасын нақтылап тұратын сөздер: телефон-автомат, батыр – ұшқыш. Жазуда арасына дефис қойылады.

Оңашаланған Айқындауыш – өзі қатысты сөзінен кейін тұрып, көтеріңкі әуенмен айтылып, айқындайтын сөзінің заттық, мекендік, мезгілдік т.б. мағыналарын саралап, дәлдеп, нақтылап тұратын сөздер: Бір үйден, бір кісінің қасынан, мұншалық көп кітап көргені осы (М. Әуезов). Жақын жерде, көгалды бұлақ басында, жеті-сегіз үйлі ауыл отыр екен.

Жазуда екі жағынан үтірмен бөлінеді.

◆ Сөйлемді айқындап тұрған мүшені көрсетіңіз.

Мен, Ермахан Ерсұлтан Нұрмаханұлы, 1993 жылы Алматы қаласында туылдым.

- А) Мен
 В) 1993 жылы
 С) Алматы қаласында туылдым
 D) Ермахан Ерсұлтан Нұрмаханұлы



- 1) мен – сөйлемдегі жақтық тұлға;
 2) 1993 жылы – туған жылы;
 3) Алматы қаласында туылдым – туылған қаласы;
 4) Ермахан Ерсұлтан Нұрмаханұлы – жақтық тұлғаның кім екенін айқындап тұр.

◆ Қажетті сөзді таңдаңыз.

Әйел ... – барлық қиындықты жеңетін сарқылмайтын күш.

- A) ана
- B) дана
- C) ақыл
- D) жүрек



- 1) ана – мағыналық сәйкестік бар;
- 2) дана – мағынасы келмейді;
- 3) ақыл – сөйлемнің мағынасын ашпай тұр;
- 4) жүрек – логикалық байланыс жоқ.

◆ Зат есімнің қосымша сипаты ретінде жұмсалған сөйлемді табыңыз.

- A) Жер-ананың мейіріміне тағзым етпеске амал жоқ.
- B) Олар, университет оқытушылары, ерекше ат салысты.
- C) Абай ақынның жанына батыс әлеміне қарағанда шығыс жақын.
- D) Өзіне салса, жаңағы көңілді үйге, шешесінің қасына, қазір жетер еді.



- 1) жер-ана – екі жалпы есім мағыналас, мәндес болып келіп тұр;
- 2) олар, университет оқытушылары – олар зат есім емес;
- 3) Абай ақын – ақын сөзі Абайды сипаттап тұр;
- 4) Өзіне салса, жаңағы көңілді үйге, шешесінің қасына – біртұтас күрделі мүшелер.

57 Қажетті сөзді көрсетіңіз.

Біз, ..., Алматының экологиясын жақсарту үшін сенбіліктерге жиі шығатын боламыз.

- A) яғни
- B) меніңше
- C) қалалықтар
- D) біріншіден

58 Сөйлемді айқындап тұрған сөзді көрсетіңіз.

Сіздер маған өз халқыңызды, қазақ халқын, сүюді үйреттіңіздер.

- A) сіздер маған
- B) қазақ халқын
- C) үйреттіңіздер
- D) өз халқыңызды

59 Сөйлемді айқындап тұрған мүшені табыңыз.

Уақыт біз үшін, еңбек адамдары үшін, қызмет етеді.

- A) уақыт
- B) біз үшін
- C) қызмет етеді
- D) еңбек адамдары үшін

60 Қажетті сөзді көрсетіңіз.

Ертең, ..., 25 қыркүйекте «Астана» алаңында ауылшаруашылық жәрмеңкесі өтеді.

- A) яғни
- B) біздер
- C) осыдан
- D) тым болмаса

61 Айқындайтын мүшесі бар сөйлемді табыңыз.

- A) Біз болашақта еліміздің көркеюіне үлес қосамыз.
- B) Біз, жастар, әрқашанда болашаққа жол бастаймыз.
- C) Біз жастардың салауатты өмір салтын ұстануына жол ашамыз.
- D) Біздің жастар спорттық жарыстар өткізуді ұйымдастырып жатыр.

Бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылатын сызықша

Ё

1. Бастауыш та, баяндауыш та атау тұлғалы зат есім болғанда, бастауыштан соң сызықша қойылады. Мысалы: Дүние – үлкен көл, заман – соққан жел (Абай).

2. Бастауыш заттанған сын есімнен, сан есімнен, есімшеден болып, баяндауыш атау тұлғалы зат есімнен болғанда, бастауыштан соң сызықша қойылады. Мысалы: Алдыңғы толқын – ағалар, артқы толқын – інілер, Кезекпенен бөлінер, баяғыдай көрінер (Абай). Сөйлеп тұрған – Айнұр.

3. Сызықша бірыңғай мүшелерден кейін келген жалпылауыш сөздің алдынан қойылады. Мысалы: Жалқаулық, еріншектік, кежірлік – ер жігіттің қас жауы.

4. Бастауыш сілтеу есімдігінен немесе жіктеу есімдігінің III жағында болып, баяндауыш сан есімнен болса, бастауыштан кейін сызықша қойылады. Мысалы: Бұл – 2011 жылдың басы.

5. Бастауыш пен баяндауыштың бірі (кейде екеуі де) тұйық етістіктен болып, екіншісі зат есімнен болғанда, араларына сызықша қойылады. Мысалы: Көп оқу – білім алудың негізгі шарты.

6. Бастауыш та, баяндауыш та сан есімнен болғанда, араларына сызықша қойылады. Мысалы: Жеті жердегі жеті – қырық тоғыз.

7. Бастауыш та, баяндауыш та бір сөздің қайталануынан болса, бастауыштан кейін сызықша қойылады. Мысалы: Ғашықтық тілі – тілсіз тіл (Абай).

8. Мақал-мәтелдерде, афоризмдерде, өлеңдерде сөйлемнің баяндауышы түсіріліп, ықшамдалып айтылады. Мұндай сөйлемдер түсінікті болу үшін бастауыштан кейін сызықша қойылады. Мысалы: Асыл – тастан, ақыл – жастан.

9. Бастауыш пен баяндауыштың арасында дегеніміз деген байланыстырушы сөз тұрса, бастауыштан кейін сызықша қойылады. Мысалы: Көрдім деген – көп сөз.

◆ Көп нүктенің орнына тиісті тыныс белгісін қойыңыз.

Тіл тұтастығы ... ел тұтастығының көпілі.

- A) үтір
- B) нүкте
- C) дефис
- D) сызықша

Т

- 1) үтір – қойылмайды;
- 2) нүкте – сөйлем аяқталғанда қойылады;
- 3) дефис – қос сөздердің арасына қойылады;
- 4) сызықша – бастауыш та, баяндауыш та атау септігіндегі зат есімнен келіп тұр, сондықтан көп нүктенің орнына сызықша қойылады.

◆ Сызықшасы дұрыс қойылған сөйлемді табыңыз.

- A) Ашық айту – ардың ісі.
- B) Текті ұрпақ тәрбиеден – басталады.
- C) Көмек беру кез келген – адамның қолынан келеді.
- D) Адам, өзінің адами қасиеттерін жоғалтпауы – қажет.



- 1) Бірінші сөйлемде сызықша дұрыс қойылған, себебі бастауыш тұйық етістіктен, ал баяндауыш зат есімнен жасалған.
- 2) Екінші сөйлемде сызықша дұрыс қойылмаған, ұрпақ сөзінен кейін қойылуы керек еді.
- 3) Үшінші сөйлемде сызықша беру сөзінен кейін қойылуы керек.
- 4) Төртінші сөйлемде адам сөзінен кейін сызықша қойылады.

62 Сызықшаның қойылу себебін көрсетіңіз.

Биік мансап – биік жартас,
Ерінбей еңбектеп жылан да шығады,
Екпіндеп ұшып қыран да шығады (Абайдың 37-қара сөзі).

- A) бастауыш та, баяндауыш та сан есімнен жасалған.
- B) бастауыш та, баяндауыш та бір сөздің қайталануынан болған.
- C) бастауыш та, баяндауыш та атау тұлғалы зат есімнен жасалған.
- D) бастауыш жіктеу есімдігінің III жағында, баяндауыш сан есімнен болған.

63 Көп нүктенің орнына қойылатын тыныс белгісін көрсетіңіз.

«Ана тілі» ... қазақ тілінің жанашыр газеттерінің бірі.

- A) үтір
- B) жақша
- C) сызықша
- D) қос нүкте

64 Көп нүктенің орнына қойылатын тыныс белгісін табыңыз.

Байлықтың атасы ... еңбек, анасы ... жер.

- A) сызықша, үтір
- B) үтір, қос нүкте
- C) қос нүкте, сызықша
- D) сызықша, сызықша

65 Сызықша дұрыс қойылған сөйлемді табыңыз.

- A) Ал – енді не айтасың.
- B) Жәрмеңкеде – ет, сүт, жеміс-жидек сатылады.
- C) Тілге құрмет – елге құрмет
- D) Кәсіпорындар ауданның гүлденуіне – үлес қоса бастады!

66 Сызықша дұрыс қойылмаған сөйлемді табыңыз.

- A) Тіл – буынсыз, ой – түпсіз.
- B) Тіл қаруы – сөз, сөз қаруы – ой.
- C) Ең үлкен бақыт еліңде туылу – ең ауыр жаза еліңнен қуылу.
- D) Ақын – ұлттың жүрегі, шешен – көптің тірегі, батыр – көптің білегі.

Бастауыш та, баяндауыш та бір сөздің қайталануынан болып, арасына сызықша қойылған сөйлемді табыңыз.

- A) Жалқаулық – жаман ауру.
- B) Көрмес – түйені де көрмес.
- C) Жақсы сөз – жарым ырыс.
- D) Ата-ананың ақ тілеуі – ақ жол.

Көсемшенің -ғалы, -гелі формасы

Е

-ғалы, -гелі, -қалы, -келі жұрнағы негізгі түбір етістіктерден көсемше жасайды. Мысалы, айтқым келді, танысқалы отырмын, қайтқалы тұр, аяқтағалы жатыр, бергелі жүр т.б.

-ғалы, -гелі тұлғалы көсемше негізгі қимылдың жасалу мақсатын немесе аяқталуға жақындағанын білдіреді. Мысалы, мен сенімен танысқалы келдім деген сөйлемде келу қимылының мақсаты танысу екенін білдірген. Ол жұмысын аяқтағалы жатыр дегенде аяқтағалы көсемшесі қимылдың бітуге жақын екенін көрсетеді.

Ескерту.

-ғалы, -гелі, -қалы, -келі тұлғалы көсемшелер жіктелмейді. Көсемше тұлғасына көптік, септік, тәуелдік жалғаулар жалғанбайды.

◆ Қажетті сөзді қойыңыз.

Қазақстан Тәуелсіздік ... жиырма жылдың жүзі болды.

- A) бергелі
- B) алғалы
- C) келгелі
- D) жеткелі

Т

- 1) бергелі – тәуелсіздікті бермейді, алады;
- 2) алғалы – дұрыс қолданылып тұр;
- 3) келгелі – мағынасы күңгірт;
- 4) жеткелі – мағыналық байланыс байқалмайды.

◆ Қимылдың жасалу мақсатын білдіретін сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Асанның орталыққа көшіп келгелі айдан асты.
- B) Ақтауға Каспий жағалауы елдерінен 33 суретші мен қолөнер шебері келгелі отыр.
- C) Ол кеше суретшіге қызының суретін салғызыпты.
- D) Қолөнер шеберлері жасаған домбыраның үні таза шығатын шығар.

Т

- 1) Бірінші сөйлемде қимылдың болып кеткені айтылады.
- 2) Екінші сөйлемде қимылдың жасалу мақсаты сөз етіледі.
- 3) Үшінші сөйлемде де қимылдың өткені баяндалады.
- 4) Төртінші сөйлемде қимылдың жасалуына болжал айту байқалады.

◆ Қимылдың басталуға дейінгі кезеңін көрсететін құрылымды белгілеңіз.

- A) Анасы емханадан ем алғалы кетті.
- B) Анасының Бурабайдағы демалысы біткелі жатыр.
- C) Асан анасын енді сұрағалы жатқан еді.
- D) Анасын көрмегелі көп айдың жүзі болған төрізді.

Т

- 1) Бірінші сөйлемде қимылдың мақсаты айтылады.
- 2) Екінші сөйлемде қимылдың аяқталуға таяу кезеңі сөз етіледі.
- 3) Үшінші сөйлемде қимылдың басталуға дейінгі кезеңі баяндалады.
- 4) Төртінші сөйлемде қимылдың жасалуына болжал айту сөз етіледі.

68 Қажетті сөзді қойыңыз.

Бұл жаңалықты саған айтам ... де біраз уақыт өтті.

- A) дегелі
- B) жүрмегелі
- C) жүздеспегелі
- D) толықтырмағалы

69 Тиісті сөзді қойыңыз.

Айшаның Алматыдағы жұмысы ... жатыр.

- A) өткелі
- B) кеткелі
- C) біткелі
- D) жеткелі

70 Сөйлемге қажетті сөзді табыңыз.

Жастарға рухани білім берер, тағылымы мол тағы бір құнды дүние жарық ... отыр.

- A) бергелі
- B) көргелі
- C) түскелі
- D) келгелі

71 Қимылдың мақсатын білдіретін сөйлемді табыңыз.

- A) Қазақ – қонақтарға барын беретін халық.
- B) Қонақтар шаруаларын бітіріп, ертең ұшаққа билет алғалы отыр.
- C) Мен қазір қонақтарды күтіп алайын деп отырмын.
- D) Қонақтарға төр көрпе төсеп, шай беріп құрметтеді.

72 Тиісті сөзді қойыңыз.

Ес ... мың сүрініп, мың тұрып,
Ертегідей нұрлы күнге ұмтылып,
Мен өзіңді сүйіп жүрмін төңірек
Қуаныштан тұрған кезде құлпырып (Ж. Набиуллин).

- A) өткелі
- B) кеткелі
- C) білгелі
- D) жеткелі

Есімшенің заттануы

Е

Есімше – әрі етістіктерше, әрі есімдерше түрленетін етістіктің ерекше бір түрі. Есімшенің ерекшелігі – оның етістіктің де, есімдердің қызметінде жұмсала беретіндігінде, сол себепті де есімшенің сөйлемдегі қызметі әртүрлі болады. Есім сөздерше түрленіп: көптеліп, тәуелденіп, септеледі.

Болжалды келер шақ есімше болымды етістіктің негізіне -ар, -ер, -р, ал болымсыз етістікке -с қосымшалары үстелуі арқылы жасалады да, есімдерше де түрленеді. Мысалы: айт+ар, айт+па+с, кел+ер, кел+ме+с, тыңда+р, тыңда+ма+с.

Айтар сөзің болса айт. Осы сөйлемде айтар (сөз) болжалды келер шақ есімше қандай? деген сұраққа жауап беріп, сын есімше түрленіп, анықтауыштың қызметін атқарып тұр.

Көрмес – түйені де көрмес. Көрмес болжалды келер есімшенің болымсыз түрі «кім?» деген сұраққа жауап беріп зат есімше түрленіп, бастауыштың қызметін атқарып тұр.

Мақсатты келер шақ есімше етістіктің негізіне -мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек жұрнақтары қосылуы арқылы жасалады да есімдерше де түрленеді. Мысалы: сал+мақ, кел+мек, жаз+бақ, ез+бек, айт+пақ, кет+пек.

Айтпағың осы ма еді? Бірінші сөйлемде мақсатты келер шақ есімше айтпағың сөзі нең? деген сұраққа жауап беріп зат есімше тәуелденіп бастауыш болып тұр.

Бұрынғы өткен шақ есімше етістіктің негізіне -қан, -көн, -ған, -ген жұрнақтары үстелуі арқылы жасалады да, есімдерше де түрленеді. Мысалы: қайт+қан, кет+кен, бар+ған, сен+ген.

Апай кіргенде отырғандар орнынан ұшып тұрды. Қарылғаның жазғандарының мазмұны терең екен. Бірінші сөйлемде отырған есімшесі «-дар» көптік жалғауын қабылдап «кімдер?» деген сұраққа жауап беріп зат есімше түрленіп, бастауыштың қызметін атқарып тұр. Екінші сөйлемде жазған есімшесіне «-дар» көптік жалғауы, содан соң -ы тәуелдік жалғауы жалғанып және «-ның» ілік септігінің жалғауы үстеліп нелерінің? деген сұраққа жауап беріп анықтауыштың қызметін атқарып тұр.

Ауыспалы өткен шақ есімше етістіктің негізіне -атын, -етін, -йтын/йтін жұрнақтары қосылуы арқылы жасалады да есім сөздерше де түрленеді. Мысалы: сал+атын, көр+етін, тыңда+йтын, ізде+йтін. Ақылы телеарналар қызметінің арзандағаны қазіргі уақытта теледидарды көп көретіндерге жақсы болды. Көретін есімшесі «-дер» көптік жалғауын, содан соң «-ге» барыс септігін жалғауын қабылдап, «кімдерге?» деген сұраққа жауап беріп зат есімше түрленіп, сөйлемде жанама толықтауыштың қызметін атқарып тұр.

◆ Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

... сөз – атылған оқпен тең (мақал).

- A) Келген
- B) Болған
- C) Айтқан
- D) Жасаған

Т

- 1) Келген – мағынасы сай келмейді;
- 2) Болған – мағыналық, логикалық байланыс жоқ;
- 3) Айтқан – айтылған сөзді кері қайтара алмайсың, атылған оқпен тең;
- 4) Жасаған – жасаған сөз деген тіркестің мағынасы түсініксіздеу, сай емес.

◆ Асты сызылған сөзге сұрақ қойыңыз.

Тыңдаушылардың ішінде жоғары білім алғандар көп екен.

- A) қайсы
- B) кімдер
- C) қандай
- D) қанша



- 1) қайсы – бұл сұраққа жауап бермейді;
- 2) кімдер – есімшелі сөз зат есімнен жасалған;
- 3) қандай – есімшелі сөз сын есімнен жасалып тұрған жоқ;
- 4) қанша – есімшелі сөз сан есімнен де жасалып тұрған жоқ.

◆ Сөйлемнен анықтауыштық қызметте жұмсалған сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Сен білгеніңді кейінгіге үйрет.
- B) Ол үйге кірер-кірместен телефонға қарай жүгірді.
- C) Біздің сыныпта «Қан мен тер» романын қызыға оқығандар көп.
- D) Отбасында тәлім-тәрбие алғандардың басқа ортада да көрсетер өнегесі мол.



- 1) Бірінші сөйлемдегі білгеніңді (неңді?) деген есімшелі тұлға толықтауыштық қызметте жұмсалып тұр.
- 2) Екінші сөйлемдегі кірер-кірместен (қалай?) есімшелі сөз пысықтауыш болып тұр.
- 3) Үшінші сөйлемдегі оқығандар (кімдер?) сөзі анықтауыш қызметінде тұр.
- 4) Төртінші сөйлемдегі тәлім-тәрбие алғандардың (кімдердің?) деген тіркес анықтауыштық, көрсетер өнегесі (несі?) бастауыштың рөлінде тұр.

73 «Қандай?» сұрағына жауап беретін сөзді көрсетіңіз.

- A) адамдар түсінсін
- B) адамдар түсінген
- C) түсінген адамдар
- D) адамдар түсініп келген

74 Асты сызылған сөзге сұрақ қойыңыз.

1905 жылы Қарқаралыда Ахаң мен біраз оқығандар бас қосты.

- A) неше?
- B) қайсы?
- C) қандай?
- D) кімдер?

75 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Ортамызда осы жобаға ... да болды.

- A) жасағандар
- B) бөліскендер
- C) қатысқандар
- D) құрастырғандар

76 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Талқыланатын мәселелер бойынша сөз ... ақпараттары мәліметке алынсын.

- A) ашқандардың
- B) оқығандардың
- C) жасағандардың
- D) сөйлегендердің

Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

... іс болып, бояуы сіңген соң ғана жеке кәсіпкердің қылмысы әшкереленген.

- A) Жасар
- B) Айтар
- C) Болар
- D) Келер

Оқшау сөздер

Е

Сөйлемнің құрамында айтылғанмен, іргелес тұрған сөйлемнің мүшелерімен ешқандай қатынаста болмайды. Белгілі бір сұраққа жауап бермейді және сөйлем мүшесі бола алмайды. Алайда сөйлемде айтылған ойдың мағынасын дәлдей, нақтылай түседі де, айтылу барысында өзге сөйлем мүшелерінен өзіндік дауыс ырғағымен ерекшеленеді. Мұндай сөздер сөйлемдерге әсер етуіне және қандай сөздерден жасалып тұрғанына байланысты үлкен үш топқа бөлінеді: одағай сөздер, қаратпа сөздер, қыстырма сөздер.

Адамның әртүрлі көңіл күйін білдіретін, түрленіп өзгермейтін сөздерді одағай сөздер деп атаймыз. Одағай сөздер іштей 1. көңіл күй одағайлары: бәрекемді, шіркін, ойбай, қап, өттеген-ай, ah, уh, т.б., 2. шақыру одағайлары: әй, ей, көс-көс, құрау-құрау, ауқау-ауқау, пұшайт-пұшайт, шөре-шөре, т.б., 3. жекіру одағайлары: жә, тәйт, т.б., 4. сыпайлық одағайлары: рақмет, айып етпеңіз, қош бол, т.б. болып бөлінеді.

Адресант (жазушы не сөйлеуші) адресаттың (біреудің) назарын аудару үшін қолданылатын арнайы айтылатын сөздерді қаратпа сөздер дейміз. Қаратпа сөздер негізінен адамға қатысты айтылады, кейде үй жануарларын атап шақыруда пайдаланылады. Мысалы: Айнұр, сәлеметсің бе? Апа, қайда барасың?, Бөрібасар, кө, кө. Алайда көркем әдебиетте жанды-жансыз да табиғатқа қатысты айтыла береді. Мысалы: Тыңда, дала, Жамбылды (Жамбыл).

Сөйлемде айтылған ойға қатысты сөйлеушінің әртүрлі көзқарасын білдіретін оқшау сөздерді қыстырма сөздер деп атаймыз. Қыстырма сөздер сөйлемге қатысты үстейтін мағынасына қарай іштей бірнеше топқа бөлінеді:

- а) мақұлдауды, сенуді, мойындауды білдіретін қыстырма сөздер: әрине, шынында, расында да, т.б..
- ә) күмәндануды білдіретін қыстырма сөздер: мүмкін, т.б.
- б) өкінішті білдіретін қыстырма сөздер: өкінішке орай, сорыма қарай, т.б.
- в) ризашылықты білдіретін қыстырма сөздер: бақытыма қарай, т.б.
- г) ой тәртібіне білдіретін қыстырма сөздер: біріншіден, екіншіден, т.б.
- ғ) ойды жалғастыру немесе қорытуды білдіретін қыстырма сөздер: ұзын сөздің қысқасы, қорыта айтқанда, т.б.
- д) пікір иесін білдіретін қыстырма сөздер: оның айтуынша, меніңше, т.б.

◆ Көп нүктенің орнына ризашылықты білдіретін сөзді қойыңыз.

..., қызымыз белді жоғары оқу орнына грантқа түсті.

- A) Амал қанша
- B) Оның ойынша
- C) Қорыта айтқанда
- D) Бақытымызға қарай

Т

- 1) Амал қанша – өкініш мәнді қыстырма сөз;
- 2) Оның ойынша – айтылған ойға басқаның пікірін білдіру үшін қолданылады;
- 3) Қорыта айтқанда – ойды аяқтау мағынасындағы сөз;
- 4) Бақытымызға қарай – ризашылықты білдіретін сөз.

◆ Тыңдаушыны өзіне қарату мағынасындағы сөзді табыңыз.

- A) Әй, балам, жүрсейші, неге кідіріп қалдың?
- B) Ойпырым-ай, кішкентай болып, білмейтіні жоқ.
- C) Құдайым-ау, осындай бой бергенше, ақыл берсейші!
- D) Өткенде шақырған жерге бара алмадым, айып етпеңіз.



- 1) Бірінші сөйлемдегі әй сөзі өзіне қарату мағынасындағы сөз.
- 2) Екінші сөйлемдегі ойпырмай сөзі адамның таңданысын көрсетіп тұр.
- 3) Үшінші сөйлемдегі Құдай-ау сөзі риза болмау мағынасында тұр.
- 4) Төртінші сөйлемдегі айып етпеңіз сөзі кешірім сұрау мағынасында жұмсалып тұр.

◆ Сүйсіну мағынасында қолданылған одағайды табыңыз.

- A) Түү, үйімізге күрделі жөндеу жұмысы қажет!
- B) Өттеген-ай, үйімді арзанға сатып жібергенім-ай!
- C) Расында, осы үйлердің бөлмелері ыңғайлы салынған екен.
- D) Шіркін, сондай инабатты қазақтың қыздары көп болса ғой.



- 1) Бірінші сөйлемдегі түү сөзі риза болмау, көңілі толмау мағынасындағы сөз.
- 2) Екінші сөйлемдегі өттеген-ай сөзі адамның өкінішін білдіріп тұр.
- 3) Үшінші сөйлемдегі расында сөзі құптау, мақұлдау мағынасында жұмсалып тұр.
- 4) Төртінші сөйлемдегі шіркін сөзі сүйсіну, риза болу мағынасында жұмсалып тұр.

78

Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

..., мемлекеттік тіл – интеллектуалды ұлт қалыптастырудағы басты құрал болуы керек.

- A) Өттеген-ай
- B) Амал қанша
- C) Байқаймын
- D) Қорыта келе

79

Көп нүктенің орнына пікір иесін білдіретін сөзді таңдаңыз.

..., біз жоспар бойынша толық орындай алмадық.

- A) Әрине
- B) Қорыта келгенде
- C) Менің айтуымша
- D) Менің бақытыма қарай

80

Қаратпа сөз қолданылған сөйлемді қойыңыз.

- A) Бала тілі – бал.
- B) Әй, балам, қарияға орныңды бер!
- C) Мәссаған, балалар сабаққа барған жоқ!
- D) Ата-анаңның қадірін балалы болғанда білерсің.

81

Болжалдық мәндегі қатарды қойыңыз.

- A) Кейбіреулердің ойынша, су перілері қазірде бар көрінеді-міс.
- B) Оның білуінше, мұндай құбылыстар табиғатта сирек кездеседі.
- C) Олардың пікірінше, табиғат экологиясы – негізгі өзекті мәселе емес.
- D) Ғалымдардың айтуынша, Антарктидадағы мұздықтар еріп жатқан көрінеді.

82

Реніш мәніндегі сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Ұзын сөздің қысқасы, сен екеуміздің кездесуіміз керек.
- B) Менің бақытыма қарай, арнайы іздеп келе жатқан адамым жолда кездесе кетті.
- C) Өкінішке орай, қанша іздесем де досымды бүгін кездестіре алмадым.
- D) Әрине, біздің ертең жұмыстан кейін жолыққанымыз дұрыс болар еді.

Автор сөзі мен төл сөз

Е

Сөйлеушінің өз сөзінің арасында бөгде біреудің сөзін ешбір өзгерісіз, сол айтылған күйінде беруін төл сөз деп атаймыз.

Төл сөзбен байланысты айтылған, яғни төл сөзді жеткізуші адамның өз сөзін автор сөзі деп атаймыз. Мысалы: «Кел, балалар оқылық», - деді Ы.Алтынсарин. «Кел, балалар, оқылық» - бұл Ыбырай Алтынсариннің өзі айтқан төл сөз, ал деді Ы.Алтынсарин – бұл автор сөзі.

Төл сөз автор сөзінің өзара орналасу тәртібіне қарай төрт түрлі болады:

1. Төл сөз автор сөзінен бұрын орналасады. Мысалы:
– Мен ертең Астанаға кетемін, - деді Айгүл құрбысына.
2. Төл сөз автор сөзінен кейін тұрады. Мысалы: Кетерінде Айнұр оған былай деді:
«Мен келгенше, үйге, бар шаруаға өзің бас-көз бол».
3. Төл сөз автор сөзінің арасында келеді. Мысалы: Өзиза ағасына: «Аға, маған есеп шығарып жіберуге көмектесші», - деді.
4. Автор сөзі төл сөздің арасына орналасады. Мысалы: Асылжан, - деді Гүлнәз оған, – сен балаң үшін алаң болмай кете бер. Оған өзім қамқор боламын.

◆ Автор сөзінің арасына орналасқан төл сөзді көрсетіңіз.

- A) “Маған мына мүсін ұнап тұр, ал, Алдияр, саған қандай өнер туындысы ұнады?” - деп сұрады құрбысы.
- B) Құрбысы былай деді оған: “Маған мына мүсін ұнап тұр, ал, Алдияр, саған қандай өнер туындысы ұнады?”
- C) “Маған мына мүсін ұнап тұр, - деді де құрбысы, оған бұрылып сұрады – ал, Алдияр, саған қандай өнер туындысы ұнады?”
- D) Құрбысы: “Маған мына мүсін ұнап тұр, ал, Алдияр, саған қандай өнер туындысы ұнады?” - деп сұрады.

Т

- 1) Бірінші сөйлемде төл сөз автор сөзінің алдында тұр.
- 2) Екінші сөйлемде төл сөз автор сөзінен кейін келіп тұр.
- 3) Үшінші сөйлемде төл сөз – автор сөзі – төл сөз құрылымы сақталып тұр.
- 4) Төртінші сөйлем автор сөзі – төл сөз – автор сөзі бойынша құрылған.

83

Автор сөзінен бұрын орналасқан төл сөзді көрсетіңіз.

- A) “Балжан, бізбен бірге сурет көрмесіне барасың ба?” - деді оған Айнұр.
- B) Айнұр оған былай деді: “Балжан, бізбен бірге сурет көрмесіне барасың ба?”
- C) Айнұр: “Балжан, бізбен бірге сурет көрмесіне барасың ба?” - деді оған.
- D) “Балжан, - деді Айнұр, - бізбен бірге сурет көрмесіне барасың ба?”

84

Автор сөзі – төл сөз – автор сөзі құрылымындағы сөйлемді көрсетіңіз.

- A) – Немене, ақсақал, Спандиярды оқуға әкелдің бе? - деп сұрады.
- B) Ол менен: «Сен қашан келдің?» - деп сұрады.
- C) – Рахмет, ақсақал, қош болыңыз, - деп, меңгеруші бізді шығарып салды.
- D) – Ата, шақшаңыз ненің мүйізінен жасалған? - деп сұрапты.

85

Автор сөзі бар сөйлемді табыңыз.

- A) «Қазақстанның мәдениет қайраткері» атағын алды.
- B) «Денсаулықтарыңды күтіндер, адам үшін ең бастысы осы»
- C) «Бұл – өмірімнің бір ұмытылмас шағы», - деді Алма.
- D) Бұл ақылды келіншектің «мен жеңілдім» деген ишарасы еді.

- 86 Тыныс белгісі дұрыс қойылған төл сөзі бар сөйлемді табыңыз.
- A) «Өнерпаз болсаң, жол ашық» дегім келеді.
 B) Сенің «басыңды қатыра бермей» телефонның тұтқасын қояйын.
 C) Ғабиттің «өнді екі-үш жыл жүрсек жетпей ме!» дегені есімде.
 D) – Сыйласқанға ештеңе жетпейді екен! - деді Бейсен.
- 87 Төл сөз автор сөзінің екі жағында орналасқандағы тыныс белгісінің дұрыс қойылуын табыңыз.
- A) «Білімділік, парасаттылық, еңбекқорлық», - деді атасы, «қай сәтте де өміріңнің бұзылмас заңы болсын».
 B) – Бұл – біздің қойшы баланың әні, - деді анам.
 C) – Бұл үйдің жаны нешеу? - деді Итбай.
 D) Шаһар әміршісі әл-Фарабиді сынамақ болып: «Өзіңе лайықты орын тауып отыр», - дейді.
- 88 Автор сөзі мен төл сөз бар сөйлемді қойыңыз.
- A) Тіл тас жарады, тас жармаса бас жарады деген екен.
 B) Ақынның тілі қылыштан өткір, қылдан нәзік деп бекер айтпаған.
 C) А. Байтұрсынұлы былай деген: «Тілі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады».
 D) А. Байтұрсынұлы – тілі жоғалған жұрттың өзі жоғалатындығын айтқан.
- 89 Автор сөзі мен төл сөз бар сөйлемді белгілеңіз.
- A) Халық – баланың бас ұстазы – ата-ана деген екен.
 B) Халық: «Баланың бас ұстазы – ата-ана», - деген екен.
 C) «Үй баласымен базарлы, қонағымен ажарлы».
 D) Үй баласымен базарлы, қонағымен ажарлы екендігін айтқан.

Құрмалас сөйлемдердегі жай сөйлемдердің орын тәртібі

Е

Құрмалас сөйлем кемінде екі немесе одан көп жай сөйлемнен жасалады. Құрмалас сөйлемнің құрамындағы жай сөйлемдердің арасына үтір қойылады да, жай сөйлемдер айтылған ой желісіне қарай өзіндік орын тәртібіне қарай орналасады.

Сабақтас құрмалас сөйлемдерде баяндауышы тиянақсыз бағыныңқы сыңары әрқашан сөйлемнің бас жағына орналасады.

Мысалы: Күз келіп, күн суытты.

Ал аралас құрмалас сөйлемдерде баяндауышы тиянақты жай сөйлемдердің арасына орналаса береді. Мысалы: Күз келді де, күн суытып, жыл құстары жылы жаққа қайта бастады.

◆ Құрмалас сөйлемдегі жай сөйлемдердің дұрыс орын тәртібіне қарай көрсетіңіз.

- A) Қазіргі жас ақындар поэзиясына қарап отырсаңыз, поэзия қалыптасып келеді, Тәуелсіздік идеясын көтеретін, елдік, ұлттық құндылықтарды айтатын.
 B) Қазіргі жас ақындар поэзиясына қарап отырсаңыз, ұлттық құндылықтарды айтатын, Тәуелсіздік идеясын көтеретін, елдік, поэзия қалыптасып келеді.
 C) Тәуелсіздік идеясын көтеретін, елдік, ұлттық құндылықтарды айтатын, поэзия қалыптасып келеді, қазіргі жас ақындар поэзиясына қарап отырсаңыз.
 D) Қазіргі жас ақындар поэзиясына қарап отырсаңыз, Тәуелсіздік идеясын көтеретін, елдік, ұлттық құндылықтарды айтатын поэзия қалыптасып келеді.

◆ Орын тәртібіне қарай дұрыс құрылған құрмалас сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Халықтың біз үшін жинаған қазынасы мол ғой.
- B) Халқымыздың небір талантты адамдары музыка өнерін терең түсінген, содан үлгі алып, әрі оған еліктеп ән де шығарған.
- C) Көңіл қойсаң, білу де, қабылдау да қиын емес, шын өнер жүрекке өзі жол табады, Абай айтқандай.
- D) Ахмет Жұбанов – қазақтың музыка аспаптарының басын қосып қазір дүние жүзіне танылған ұлттық оркестрді құрған бірінші ғалым.



- 1) Бірінші сөйлем – жай сөйлем.
- 2) Екінші сөйлем орын тәртібіне қарай дұрыс құрылған құрмалас сөйлем.
- 3) Үшінші сөйлем құрмалас сөйлем болғанымен, сөйлемдегі Абай айтқандай, деген тіркес өз орнында тұрған жоқ (екінші сөйлемнің басында тұруы керек).
- 4) Төртінші сөйлем күрделі компоненттерден құралған жай сөйлем.

◆ Сөйлемнің орын тәртібін сақтай отырып, екінші сыңарын табыңыз.

Ата-бабаларымыз кейінгі ұрпаққа жеті атаны білуді міндеттеген,

- A) себебі, қазақ халқы үшін мұны білудің маңызы зор
- B) қандай да бір ел өкілінің өзін кез келген жерде таныта білу үшін үнемі есте сақтап жүретін өзіндік ілімі болуға тиіс
- C) қазақ бірін-бірі кездестіргенде содан кейін руын сұрайды, алдымен есімін
- D) арғы атаң жайында қысқа да болса мәлімет алған соң, оның портретін жасауға болады, кездескен адамыңнан одан әрі жөн сұрамай-ақ.



- 1) Бірінші сөйлем – орын тәртібіне қарай сақталған, алдыңғы сөйлемнің себебі түсіндірілген.
- 2) Екінші сөйлем – бірінші сөйлемнің сыңары емес, басқа мәселе айтылады.
- 3) Үшінші сөйлем – бірінші сөйлемдегі ой айтылғанымен, сөздердің орын тәртібіне қарай сақталмай тұр.
- 4) Төртінші сөйлем құрамындағы сөйлемдердің орын тәртібіне қарай сақталынбаған.

90 Орын тәртібіне қарай дұрыс құрылған құрмалас сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Шындығында, кінәні өз білімімізден іздеген жөн шығар, біздің маманның барлығы бірдей өз ісінің қас шебері дей бермей.
- B) Білімге негізделген инновациялық экономиканы дамытатын ғылым мен білім нәтижесінде жасалған жаңа технологиялар – үлкен жобалар.
- C) Жаратылыстану ғылымын тереңдетіп оқытатын мектептер бар, ал барлығына бірдей сұраныс жоқ, техникалық университеттер де жетерлік.
- D) «Тәрбие – тал бесіктен» деген қазақтың отбасында есеп-қисапқа қатысы бар адам болса, баласы да нақты ғылым пәндеріне ден қоюды бастайды.

91 Орын тәртібіне қарай дұрыс құрылмаған құрмалас сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Алматы қаласында жыл басынан бері 40-тан астам қылмыстық топ құрықталып, 5 мыңға жуық жүргізуші көлік жүргізу куәлігінен айырылды.
- B) Сондай-ақ оларға 480 миллион теңгеге жуық айыппұл салынды, жол қауіпсіздігі ережесін өрескел бұзған 174 мың 700 тұрғын әкімшілік жазаға тартылып.
- C) Қазіргі күні жол қауіпсіздігін сақтау аса маңызды проблема ретінде қалып отыр.
- D) Алматы қаласы бас полицейінің пікірінше, соңғы уақытта қала бойынша жалпы білім беретін 177 мектепке жалпы құны 98 миллион теңгені құрайтын 1,5 мыңға жуық бейнебақылау камералары орнатылды.

92

Орын тәртібіне қарай дұрыс құрылған құрмалас сөйлемді көрсетіңіз.

- A) «Тіл сақшысы» бағдарламасының негізгі арқауы тіл тазалығы болғандықтан, өткір сыналады сол мәселе.
 B) Баяндамашы мінбеге шығып сөйледі, алайда ойын жүйелі жеткізе алмады.
 C) Бір тоқтамға келе алмай біраз айтысты, көрермендер арасында пікірталас ұйымдастырылып.
 D) «Кеш қалмаңыз» бағдарламасын көремін деп келсем, басқа болып жатыр екен бағдарлама.

93

Сыңарларын ретіне қарай орналастырып, құрмалас сөйлемді толықтырыңыз.

Бақыт далаға шықса,

- A) түн ортасы болып, ел шырт ұйқыда
 B) түн ортасы болып, ел шырт ұйқыда жатса
 C) ел шырт ұйқыда жатса, түн ортасы болып
 D) түн ортасы болып, ел шырт ұйқыда жатыр екен

94

Орын тәртібіне қарай дұрыс құрылған құрмалас сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Оның 12 пайызы ғана проблемалық болып келеді, қазір елімізде 140 мың борышкер болса.
 B) Бүгінгі күні өткеннің қателіктері неден тұратындығын біліп қою жеткіліксіз, маңыздысы – қандай бағытта дамытуды ұғыну мен түсіну.
 C) Жетінші саммит өз жұмысын жандандырды – ұйымның жаңа кезеңі басталғанда.
 D) Бұл – көңілдегі бір алаң жай, әрдайым түйткіл ойға батыратын.

Сабақтас құрмалас сөйлем Шартты бағыныңқылы сабақтас құрмалас

Е

Құрамындағы жай сөйлемдердің бағыныңқы сыңары басыңқы сөйлемде айтылған ойдың шартын білдіретін сабақтас құрмаласты шартты бағыныңқылы сабақтас сөйлем деп атаймыз. Шартты бағыныңқы сыңары қайтсе? не етсе? қайткенше? не еткенше? қайтпей? не етпей? қайтпейінше? не етпейінше? деген сұрақтарға жауап береді.

Шартты бағыныңқылы сабақтастың жасалу жолдары

	Бағыныңқысы	Баяндауыштың тұлғалық белгілері	Сұрақтары	Сызбасы
1	Шартты райт	-са, -се	қайтсе? не етсе?	Сызбасы ... айтса,
2	Көсемше	Болымсыз етістік + й	қайтпей? не етпей?	... жолықпай,
3	Көсемше негізді	-майынша/мейінше, байынша/ бейінше, пайынша/ пейінше	қайтпейінше? не етпейінше?	... алмайынша,
4	Есімше	-қанша, -кенше, ғанша, -генше	қайткенше? не еткенше	... келгенше,

◆ Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Шын ер – ..., тасымас,
..., жасымас (мақал).

- A) жеңсе, жеңілсе
- B) мақтанса, даттаса
- C) достасса, кектенсе
- D) жықса, жықпаса



Берілген тапсырма бойынша көп нүктенің орнына ел аузында жүрген мақалдың мағынасы сай жалғасын тауып қою керек. Берілген жауаптардың барлығы шарт мәндегі сөздер. Оның ішіндегі нақты сәйкес келетіні – бірінші сөйлемдегі жауап.

◆ Сөйлем мағынасын көрсетіңіз.

Жақсымен жолдас болсаң, жетерсің мұратқа,
Жаманмен жолдас болсаң, қаларсың ұятқа. (мақал)

- A) мекен
- B) шарт
- C) мезгіл
- D) себеп



- 1) мекен – бұл мағынаны білдірмейді;
- 2) шарт – сөйлемдегі қимылдың (... жолдас болсаң) шартын (мұратқа жету, ұятқа қалу) білдіріп тұр;
- 3) мезгіл – мезгіл мәнді сөйлем емес;
- 4) себеп – себебі түсіндіріліп тұрған жоқ.

◆ Шарты көрсетілген сөйлемді қойыңыз.

- A) Мыңның түсін білгенше, бірдің атын біл (мақал).
- B) Үйім қаланың ортасында, сонда да жұмысыма алыстау.
- C) Біреуге жақсылық етсең, ол жақсылығыңды біреуге міндет етпе.
- D) Ол кеше бұл мақаланы оқи алмағандықтан, бүгін қарап отыр.



- 1) Бірінші сөйлем – қарсылық мағынасындағы сабақтас құрмалас сөйлем.
- 2) Екінші сөйлем – қарсылық мәндегі салалас құрмалас сөйлем.
- 3) Үшінші сөйлем – шарт мәнді сабақтас құрмалас сөйлем.
- 4) Төртінші сөйлем – айтылған ойдың себебін білдіріп тұр.

95 Мақалдың жалғасын табыңыз.

Балық издесең, көлге бар,

- A) Береке издесең, елге бар
- B) Білмесең үндеме, білгенді күндеме
- C) Түстік өмірің болса, кештік білім жи
- D) Жаман адамды еркелетсең, жаныңды алар

96 Сөйлемнің екінші сыңарын табыңыз.

Жаман ағайын бар болсаң, көре алмайды,
... (мақал).

- A) даттайды, кете алмайды
- B) мақтан тұтады, келмейді
- C) жүре алмайды, көрінбейді
- D) жоқ болсаң, бере алмайды

97 Мақалды жалғастырыңыз.

Халық айтса, ... (мақал).

- A) дұрыс айтады
- B) қалып айтпайды
- C) көргенін айтады
- D) білгенін жеткізеді

98 Дұрыс нұсқасын таңдаңыз.

Екі жақсы қосылса, бірін-бірі қиыспайды,

- A) жаман малыңа жолдас
- B) жаманның сөзі ашу шақырады
- C) екі жаман қосылса, кең дүниеге сиыспайды
- D) жаманға қылған жақсылық, бір күнгідей болмайды

99 Шарт мәндегі құрмалас сөйлемді табыңыз.

- A) Досың көп болса, жалғызбын деме.
- B) Дәніккеннен, құныққан жаман (мақал).
- C) Достық – адамдардың бір-біріне адал, қалтқысыз сеніп, бір мүдделі, ортақ көзқараста болатын қасиеті.
- D) Ендігі жерде атқарылуға тиіс ауқымды істер шешімін таба білсе игі еді.

Қарсылықты бағыныңқылы құрмалас сөйлем

Е

Екі сыңарындағы да айтылатын ой, баяндалатын іс-әрекет бір-біріне қарама-қайшы келетін сөйлемді қарсылықты бағыныңқылы сабақтас сөйлем деп атайды.

Басыңқыдан бағыныңқыға қайтсе де? не істесе де? қайткенмен? қайткенше? деген сұрақтарға жауап беріледі.

Қарсылықты бағыныңқылы сөйлемнің мынадай тұлғалардан жасалады:

шартты райлы етістік + да, де шылауы: Мен қанша тырыссам да, еңбегім бағаланбай қойды.

1. болымсыз тұлғадағы етістіктің шартты райынан: Сен оған түсіндіріп айтпасаң, ол ешнәрсенің байыбына бара алмайтын адам.

2. көмектес септік тұлғасындағы есімшеден: Күн жарқырап тұрғанмен, қатты аяз.

3. -ша, -ше тұлғалы есімшеден: Соған тапсырма бергенше, өзің істей салмадың ба?

4. шығыс септік тұлғалы болымсыз есімшеден: Студенттер келмегендіктен, мұғалім жаңа тақырыпты бастамады. Ол менің жауабымды күтпестен, жобаны алдыма тастай салды.

◆ Қарсылықты бағыныңқылы сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Ол қанша жерден ашуланғанымен, құжат өтіп кетті.
- B) Барлық затын түгендегеннен кейін, тамаққа отырды.
- C) Сен үйде болсаң, кешке жақсылап тамақ істеп қойшы.
- D) Ажарды көре салып, бас салып құшақтап, құттықтап жатырмыз.

Т

- 1) Бірінші сөйлем – қарсылықты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем;
- 2) Екінші сөйлем – мезгіл бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем;
- 3) Үшінші сөйлем – шартты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем;
- 4) Төртінші сөйлем – амал бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем.

◆ Бағыныңқы сыңарының баяндауышы «қайткенмен?» сұрағына жауап беретін сөйлемді табыңыз.

- A) Сен оқуыңды бітпейінше, көлік алам деп ойлама.
- B) Ол жұмыстан ерте шыққанымен, үйіне ерте келе алмады.
- C) Баласының сабағы нашарлап кеткендіктен, қосымша ақылы оқуға жаздырды.
- D) Бұл мәселе туралы өз аузынан естімек боп, әкесіне бұрылып қарады.

Т

- 1) бітпейінше – не етпейінше? сұрағына жауап береді;
- 2) шыққанымен – қайткенімен? сұрағына жауап береді;
- 3) кеткендіктен – неліктен, не себепті? сұрағына жауап береді;
- 4) естімек боп – не етпек боп? сұрағына жауап береді.

◆ Қарсылықты бағыныңқылы сөйлемді табыңыз.

- A) Үй іші қараңғы болғанмен, ай жарығы түсіп тұр.
- B) Өзіндік жұмыс берсе, кітапханадан материал іздейміз.
- C) Жұмысқа уақытында жету үшін, біз тез көлік тоқтаттық.
- D) Оның мекеме ішіне кіргеннен кейін, баласына берген уәдесі есіне түсті.

Т

- 1) Бірінші сөйлем – екі сыңары да бір біріне қарама-қайшы.
- 2) Екінші сөйлем – бағыныңқы сыңары басыңқыдағы ойдың шартын білдіріп тұр.
- 3) Үшінші сөйлем – бағыныңқы сыңары басыңқыдағы ойдың мақсатын білдіріп тұр.
- 4) Төртінші сөйлем – бағыныңқы сыңары басыңқыдағы ойдың болу мезгілін білдіріп тұр.

100 Мақалды аяқтаңыз.

Ер жігіттің қадірін ағайын білмес,

- A) жат білер
- B) жары түзер
- C) анасы сезер
- D) баласы күтер

101 Сөйлемді аяқтаңыз.

Ол жүгіріп жеткенше,

- A) жұмысы бітпей жатыр
- B) автобус жүрді де кетті
- C) аялдама адамға толы
- D) күн аса суық емес сияқты

102 Сөйлемді толықтырыңыз.

Ауырып ем іздегенше,

- A) ауырмайтын жол ізде
- B) барды бағалай біл
- C) денің сау болсын
- D) денсаулығыңды ойла

103 Қарсылықты мағыналы сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Банктен несие алу үшін, кезекте ұзақ тұрдым.
- B) Концерт аяқталғаннан кейін, банкетке барамыз.
- C) Күз болғанда, құстар жылы жаққа ұшып кетеді.
- D) Дулаттың уақыты аз бола тұрса да, жәрдем беруден қашпады.

104 Қарсылықты мағыналы сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Ана сүтін ақтамағанды, ешкім мақтамайды (мақал).
- B) Денің сау болса, жарлымын деме, жолдасың көп болса, жалғызбын деме (мақал).
- C) Қазақ телеарнасы ұлттық құндылықтарды насихаттағанымен, әсіре ұлтшылдықтан бойды аулақ ұстау керек.
- D) Анам жұмыстан оралғанша, мен үй тірлігін жасап үлгеремін.

Мезгіл бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем

Е

Бағыныңқы сөйлем басыңқы сөйлемдегі ойдың болу мезгілін білдіретін құрмаластың түрін мезгіл бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем дейміз.

Мезгіл бағыныңқы сөйлем «қашан? қашаннан бері? қашанға шейін?» деген сұрақтарға жауап береді.

Мезгіл бағыныңқы сөйлемнің баяндауыштары мынадай тұлғалардан жасалады:

1. жатыс септік тұлғалы есімшеден: Екеуі ымырт үйіріле үйден шыққанда, қонақтардың соңы әлі тараған жоқ-ты.
 2. есімше тұлғалы етістік пен кезде, күнде, шақта, уақытта деген мезгіл мәнді сөздердің тіркесуімен: Ол жұмыстан шыққанда кезде, ауа райы бұзыла бастаған еді.
 3. барыс және шығыс септік тұлғасындағы есімше мен шейін, дейін және кейін, соң, бері, бұрын шылауларының тіркесінен: Қонақтар келгенге дейін, қазанға ет салып қойды. Ол бұл елге келместен бұрын, тарихымен, мәдениетімен, салт-дәстүрімен танысып алды.
 4. -ша, -ше тұлғалы есімшеден: Ол аузын ашқанша, басқа оқушылар шуылдап айтып тастады.
 5. Көсемшенің -ғалы, -гелі, -қалы, -келі тұлғасынан: Шынында да осы жағдайды естігелі, оның көңіл күйі жақсарып шыға келді.
 6. Етістіктің шартты райынан: Бастыққа түстен кейін кірсе, жұмыстарымен кетіп қалыпты.
 7. -ысымен, -ісімен қосымшалы етістіктен: Сағат бір болысымен, хатшы қыз қағаздарын асығыс жинап шығып кетті.
-

◆ Ойдың мезгілін білдіретін сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Мен үйден шыққанда, күн қатты суып кетіпті.
- B) Ол баласына ертегі айтпақ болып, балалар бөлмесіне кірді.
- C) Сен кешегі жиналыста болғанда, талай жаңалықтарды еститін едің.
- D) Ол қызметкерінің ауырғанын көре тұрып, көрмегендей қалып танытты.



- 1) Бірінші сөйлемнің бағыныңқы сыңары басыңқыдағы ойдың мезгілін білдіріп тұр.
- 2) Екінші сөйлемнің бағыныңқы сыңары басыңқыдағы ойдың болу мақсатын білдіріп тұр.
- 3) Үшінші сөйлемнің бағыныңқы сыңары басыңқыдағы ойдың болу шартын білдіріп тұр.
- 4) Төртінші сөйлемнің екі сыңарындағы ой бір-біріне қарама-қарсы қойылған.

◆ Бағыныңқы сыңарының баяндауышы «қашан?» сұрағына жауап беретін сөйлемді табыңыз.

- A) Қатты ауырып тұрғанымға қарамастан, жұмысымды аяқтауға тырыстым.
- B) Сара пойызға жайғасып болғанда, Мақсат вагонға енді кіріп жатты.
- C) Концерт ертерек басталу үшін, залдағылар қол шапалақтап жатыр.
- D) Бір аптаға жетпей жатып, құжаттарды реттеп бітіруіміз керек.



- 1) қарамастан – қайткенмен? сұрағына жауап береді;
- 2) жайғасып болғанда – қашан? сұрағына жауап береді;
- 3) басталу үшін – неліктен, не себепті? сұрағына жауап береді;
- 4) жетпей жатып – қайтіп? сұрағына жауап береді.

◆ Іс-әрекеттің мезгілін білдіретін құрмалас сөйлемді анықтаңыз.

- A) Кешкі асты ішіп болсаң, сабағыңды оқи ғой.
- B) Кешкі асты ішпегендіктен, қарным ашып келеді.
- C) Кешкі астан соң, таза ауаға қыдырыстауға шықтым.
- D) Кешкі асты кафедең ішпек болып, Абай даңғылымен жоғары жүріп келеміз.



- 1) Бірінші сөйлемнің бағыныңқы сыңары басыңқыдағы қимылдың шартын білдіріп тұр.
- 2) Екінші сөйлемнің бағыныңқы сыңары басыңқыдағы ойдың себебін білдіріп тұр.
- 3) Үшінші сөйлемнің бағыныңқы сыңары басыңқыдағы ойдың мезгілін білдіріп тұр.
- 4) Төртінші сөйлемнің бағыныңқы сыңары басыңқыдағы қимылдың мақсатын білдіріп тұр.

105 Сөйлемді аяқтаңыз.

Мен үйге барысымен,

- A) балаларым тосып отыр екен
- B) тамақ істеп қоятын болса керек
- C) үйде қонақтар отырған болуы керек
- D) сіздің поштаңызға ақпараттық хат жіберемін

106 Сөйлемнің бірінші сыңарын табыңыз.

..., үйіне тым кеш келіп жүр.

- A) Ол бұл істі қолға алғалы бері
- B) Ол тіл саясатымен айналысса
- C) Ол емтихан тапсырғанға дейін
- D) Ол заң бұзушылықпен күресе тұра

107 Сөйлемнің бірінші сыңарын табыңыз.

..., мен оған бүгінгі болған оқиғаны рет-ретімен айтып шықтым.

- A) Базарға барайын деп
- B) Ерлан түс ауа үйге келсе
- C) Қаланың әсем табиғатына қызығып
- D) Атам төрге, өз орнына жайғасқан соң

108 Бағыныңқы сыңарының баяндауышы «қашаннан бері?» сұрағына жауап беретін сөйлемді табыңыз.

- A) Сен гүлдерді суарғанша, мен ауланы тазалайын.
- B) Мен бұл жұмысқа тұрғаннан бері, бірде-бір рет ескерту алмаппын.
- C) Кешкі тамақты ішіп болған соң, пәтерақыны есептеп тастайық.
- D) Туыстары жиналып туған күнімен құттықтап келгенде, қызы қатты қуанып қалған еді.

109 Мезгілдік қатынасқа құралған сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Жаз басталғалы бері, қолымыз тимей кетті.
- B) Оны күтіп баптау, оңай шаруа емес көрінеді.
- C) Ағаш еккенді, дала гүлдерін өсіргенді ұнатамын.
- D) Жер үйде тұратын болғандықтан, бау-бақша ектік.

Себеп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем

Е

Себеп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемнің бірінші сыңары екінші сыңарындағы оқиғаның, іс-әрекеттің орындалу, орындалмау себебін білдіреді. Ал екінші сыңары сол себептің салдарын, нәтижесін көрсетіп, өзара сабақтаса байланысады.

Мысалы: Жас кезінде жоғары білім алмағандықтан, Бақытгүл өзіне лайықты жұмыс таба алмай жүр.

Бірінші жай сөйлемде Бақытгүлдің өзіне лайықты жұмыс таба алмай жүруінің себебін айтып тұр, екінші жай сөйлемде соның салдары көрсетіледі. Жай сөйлемдер бір-бірімен мағыналық жағынан да, синтаксистік құрылымы жағынан да байланысып, құрмалас сөйлем құрап тұр.

Себеп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем компоненттері бір-бірімен түрлі формалар арқылы байланысады:

1. Бағыныңқы компонентінің баяндауышы есімшенің өткен шақ формасына -дықтан/-діктен қосымшасы жалғану арқылы жасалады.

Мысалы: Жазда шипажайда емделгендіктен, қыста аяғым ауырған жоқ. Жылына бір рет дәрігерге қаралғандықтан, денсаулығым жақсарды.

2. Бағыныңқы компоненті есімшенің өткен шақ формасына соң шылауының тіркесуі арқылы жасалады.

Мысалы: Құдалары құрметтеп шақырған соң, Аслан амалсыз алыс жолға шықты. Өкесі қасиетті қара қобызды табыстаған соң, ол өнер жолына түсті.

3. Бағыныңқы компонент етістіктің -ып, -іп, -п, -а, -е, -й көсемше формасына аяқталып, екінші сыңарымен мағыналық байланыста болады.

Мысалы: Бағдарламаға қатысушы қонақтар келе алмай, түсіру ертеңге қалдырылды. Арман жаздан бері спортпен шұғылданып, денсаулығын түзеп алды.

◆ Қажетті сөзді қойыңыз.

Еуропаның ылғалды климатына ..., оқуымды аяқтамай, қайтып келдім.

- A) жылы болғандықтан
- B) суық болғандықтан
- C) тез бейімделгендіктен
- D) үйрене алмағандықтан

Т

- 1) жылы болғандықтан – климатына сөзімен грамматикалық тұрғыдан байланыспайды, екінші жартысындағы іс-әрекеттің себебін білдірмейді;
- 2) суық болғандықтан – сөйлемде ылғалды деген сын есім бар, сондықтан бұл тіркес сөйлеммен мүлде үйлеспейді;
- 3) тез бейімделгендіктен – сөйлемнің екінші жартысы болымсыз формада тұр, сондықтан тіркес сөйлем мағынасына сәйкес емес;
- 4) үйрене алмағандықтан – сөз тіркесі болымсыз формада тұрып, сөйлемнің екінші жартысындағы іс-әрекеттің себебін білдіріп тұр.

◆ Сөйлемнің екінші сыңарын табыңыз.

Жасым ұлғайғандықтан,

- A) балалардың жанына көшіп бардым
- B) балаларым шетелде оқып жүрген
- C) балаларымның білімі жоғары
- D) балаларыма телефонмен хабар беремін



- 1) балалардың жанына көшіп бардым – бірінші компоненттегі іс-әрекеттің нәтижесін білдіріп, мағыналық жағынан үйлесім тауып тұр;
- 2) балаларым шетелде оқып жүрген – балаларының оқуы туралы айтып тұр, сөйлемнің бірінші компонентімен мағыналық жағынан сәйкес келмейді;
- 3) балаларымның білімі жоғары – бірінші компоненттегі іс-әрекеттің салдарын білдірмейді;
- 4) балаларыма телефонмен хабар беремін – бірінші компоненттегі іс-әрекеттің салдары, нәтижесі туралы емес және логикалық жағынан үйлеспейді.

◆ «Мұнайдың бағасы өскендіктен, барлық жерде оны тасымалдау құны да артты» деген сөйлемдегі мағынаны көрсетіңіз.

- A) шарт
- B) мекен
- C) мезгіл
- D) себеп



- 1) шарт – сөйлемнің бірінші компоненті тасымалдау құнының арту шарты туралы емес;
- 2) мекен – сөйлемнің бірінші компонентінде мекен туралы айтылмайды;
- 3) мезгіл – сөйлемнің бірінші компонентінде тасымалдау мезгілі туралы айтылмайды;
- 4) себеп – сөйлемнің бірінші компонентінде тасымалдау құнының арту себебі айтылады.

110 Сөйлемнің екінші сыңарын табыңыз.

Алдыңғы қатарда орын болмағандықтан,

- A) сирек құбылысты тамашаладым
- B) театрға кешігіп баруға болмайды
- C) залдың ортасындағы орынға жайғастым
- D) есеп-қисап құжаттарын қарастырып отыр

111 Сөйлемнің екінші сыңарын табыңыз.

Елорда Астана қаласына көшкен соң,

- A) Алматы әсем гүлзарлармен толықты
- B) Астана қонақтарды құшақ жайып қарсы алуда
- C) Алматы қаржы және мәдениет орталығы болып қалды
- D) халықтың қала экологиясына көзқарасы түзеліп келеді

112 Тиісті сөзді қойыңыз.

Қырғызстандық тұтынушылар электр қуатын тиісті мөлшерден көп ..., электр жарығынсыз қалды.

- A) қосылғандықтан
- B) жаққаныменен
- C) болғандықтан
- D) жұмсағандықтан

113 Сөйлемнің бірінші компоненті қандай мағынаны білдіріп тұрғанын көрсетіңіз.

Айдананы көптен көрмегендіктен, танымай қалдым.

- A) Танымай қалу амалын
- B) Танымай қалуының шартын
- C) Танымай қалуының мақсатын
- D) Танымай қалуының себебін

114 Сөйлемнің екінші сыңарын табыңыз.

Сіз маған бұл істі сеніп тапсырған соң,

- A) таба алмадым
- B) келісіп отырмын
- C) жауап бере алмайды
- D) жұмысқа кешігіп қалдың

Амал бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем

Е

Бағыныңқы жай сөйлемі (бірінші жартысы) басыңқы жай сөйлемдегі (екінші жартысы) іс-әрекеттің, қимылдың сындық амалын, қалай болғандығын білдіретін сөйлем амал бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем болады (Т.Қордабаев). Мысалы: Болған оқиғаға алаңдап, әкем жылдам жиналып жолға шықты.

Амал бағыныңқылы сабақтастың компоненттерінің баяндауыштары бірін-бірін меңгеріп, бір-біріне тәуелді болып байланысып тұрады.

Амал бағыныңқылы сабақтастың компоненттері көсемше формасындағы етістіктен болған баяндауыш арқылы құрмаласады. Мысалы: Оған қолдау көрсетіп, өзіміз үлес қосайық.

Амал бағыныңқылы сабақтасты басқа да сабақтас құрмаласпен шатастырмас үшін бағыныңқы мен басыңқы компоненттің мағыналық байланысына назар аудару қажет.

◆ Бірінші компоненті іс-әрекеттің қалай орындалғанын білдіретін сөйлемді белгілеңіз.

- A) Айтылған пікірлерді тыңдап алып, ол тағы да ойланды.
- B) Әуежайда мені әріптестерім қарсы алған соң, қонақүйге кеттік.
- C) Сұрауым түсінікті болу үшін нақты мысалдар арқылы айтайын.
- D) Ұшақ кешігіп келгендіктен, ол конференцияның ашылуына үлгермеді.

Т

1) Айтылған пікірлерді тыңдап алып, ол тағы да ойланды. – сөйлемнің бірінші жартысы «қайтіп?» деген сұраққа жауап береді, екінші жартысындағы әрекеттің амалын білдіреді.

2) Әуежайда мені әріптестерім қарсы алған соң, қонақүйге кеттік. – сөйлемнің бірінші жартысы екінші жартысымен мезгілдік қатынаста байланысып тұр.

3) Сұрауым түсінікті болу үшін, нақты мысалдар арқылы айтайын. – сөйлемнің бірінші компоненті екінші жартысындағы әрекеттің мақсаты туралы айтып тұр.

4) Ұшақ кешігіп келгендіктен, ол конференцияның ашылуына үлгермеді. – сөйлемнің бірінші компоненті екінші жартысындағы әрекеттің себебі туралы, «неліктен?» деген сұраққа жауап беріледі.

◆ Сөйлемнің екінші сыңарын табыңыз.

Асан дауласудан шаршап,

- A) тауарлар сапалы екен
- B) тауарларын тез өткіздім
- C) алған тауарларын көрсетуді ұйғарды
- D) тауарлардың сапасын жақсартып жатырмыз



- 1) тауарлар сапалы екен – сөйлемнің бірінші жартысымен мағыналық жағынан үйлеспейді;
- 2) тауарларын тез өткіздім – сөйлемнің бірінші жартысы мұндағы әрекеттің амалын білдірмейді;
- 3) алған тауарларын көрсетуді ұйғарды – сөйлемнің бірінші жартысы мұндағы әрекеттің амалын білдіреді, мағыналық жағынан үйлеседі;
- 4) тауарлардың сапасын жақсартып жатырмыз – сөйлемнің бірінші жартысы мұндағы әрекеттің амалын білдірмейді, мағыналық жағынан сәйкес келмейді.

◆ Сөйлемде көрінетін мағынаны қойыңыз.

Сөйлеуге де шамасы келмей, отырған жерінде қисая кетті.

- A) себеп
- B) шарт
- C) амал
- D) салыстыру



- 1) себеп – сөйлемнің бірінші жартысы екінші жартысындағы әрекеттің себебі туралы емес;
- 2) шарт – сөйлемнің бірінші жартысы екінші жартысындағы әрекеттің шарты туралы емес;
- 3) амал – сөйлемнің бірінші жартысы екінші жартысындағы әрекеттің амалын білдіреді;
- 4) салыстыру – сөйлемнің бірінші жартысы мен екінші жартысында салыстыру мағынасындағы іс-әрекет жоқ.

115 Сөйлемнің екінші сыңарын табыңыз.

Директор фирманың есебін бірінші рет көргендей,

- A) тексерілген есептер туралы
- B) есеп-шотты тексерген жоқ
- C) қайта-қайта тексеріп шықты
- D) тексеру болғанын айтты

116 Сөйлемнің екінші сыңарын табыңыз.

Анасының қуанатынын сезіп,

- A) баланың сана-сезімі туралы
- B) Арман балалы болатынын хабарлады
- C) балалардың құқын қорғау керек
- D) Арман ата-анасыз балалар туралы оқыды

117 Сөйлемді аяқтаңыз.

Қызы тойға жиналғандай,

- A) жауап бере алмайды
- B) бетіне бақырайып қарады
- C) пойызға үлгеріп алмай қалды
- D) әдемі киімдерін киіп алыпты

118 Айнұрдың Оралға қалай кеткені туралы сөйлемді табыңыз.

- A) Айнұр Оралға кетсе де, не болғанын айтпаймыз.
- B) Айнұр Оралға кеткенше, не болғанын айтпаймыз.
- C) Айнұр Оралға кеткендіктен, не болғанын айтпады.
- D) Айнұр не болғанын айтпай, ренжіп, Оралға кетіп қалыпты.

119 Алғашқы бөлімі іс-әрекеттің амалын білдіретін сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Көрермендер риза көңілмен тарасты.
- B) Олар қолтаңба беріп, пікірлерін білдірді.
- C) Өртістер өте жақсы ойнады, бұл театрдың тағы бір жеңісі еді.
- D) Халық өртістерге ұзақ қол шапалақтап, жібермей тұрып алды.

Мақсат бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем

Е

Бағыныңқы компоненті басыңқы компоненттегі іс-әрекеттің, оқиғаның болуы болмауындағы мақсатты білдіретін сабақтас құрмалас сөйлем мақсат бағыныңқылы сабақтас болады (Т.Қордабаев). Мысалы: Оқытушылардың біліктілігін арттыру үшін, халықаралық семинарларды жиі өткізіп тұру қажет.

Сөйлемдегі бірінші компонент не мақсатпен? не үшін? деген сұрақтарға жауап береді. Мақсат бағыныңқылы сабақтас мынадай формалар арқылы құрмаласады:

1. Бағыныңқы компонент тұйық етістік пен үшін шылауына аяқталады.

Жұмысты аяқсыз қалдырмау үшін, тағы да мамандарға тексертіп алуымыз керек.

2. Бағыныңқы компонент етістіктердің деп көмекші етістігімен тіркесуіне аяқталады.

Үйге қажетті нәрселерді сатып алайын деп, сауда орталығына кірді.

3. Бағыныңқы компонент бол көмекші етістігіне тіркесіп келген -мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек жұрнақты етістікке аяқталады.

Қасым журналдың редакторымен кездесейін деп, хатшысына телефон соқты.

◆ Қажетті сөзді қойыңыз.

Жастардың азаматтық, ұлттық белсенділігін ... үшін, олардың ортасына бару керек.

- A) арттыру
- B) арттырып
- C) арттырған
- D) арттырар

Т

1) арттыру – үшін шылауы тұйық етістік формасымен тіркеседі, сөйлем құрылымына сәйкес келеді;

2) арттырып – үшін шылауы бұл сөзбен тіркесе алмайды, сөйлем құрылымына сәйкес келмейді;

3) арттырған – сөйлем құрылымына сәйкес болу үшін бұл сөзге тәуелдік жалғауын жалғау қажет, бұл тек есімше формасында тұр;

4) арттырар – келер шақ есімше формасында тұр, үшін шылауымен тіркеспейді.

◆ Сөйлемнің екінші сыңарын табыңыз.

Алуаның жан күйзелісінен бойы сергісін деп,

- A) ол комедияның идеясын талдады
- B) әзіл-сықақ театрына ертіп бардық
- C) театрда трагедия болып жатыр екен
- D) күнделікті тұрмыс-тіршілікті көрсетеді

Т

1) ол комедияның идеясын талдады – сөйлемнің бірінші жартысы бұл сөйлемдегі іс-әрекеттің амалын білдірмейді.

2) әзіл-сықақ театрына ертіп бардық – сөйлемнің бірінші жартысы бұл сөйлемдегі іс-әрекеттің амалын білдіреді.

3) театрда трагедия болып жатыр екен – сөйлемнің бірінші жартысымен мағыналық байланыс жоқ.

4) күнделікті тұрмыс-тіршілікті көрсетеді – сөйлемнің бірінші жартысы бұл сөйлемдегі іс-әрекетпен мағыналық байланысқа түспейді.

◆ Мақсаты көрсетілген сөйлемді қойыңыз.

- A) Жобаны одан ары жетілдіру қажет сияқты.
 B) Жетекші монографияны әкелсе, онда кітапханаға бармаймын.
 C) Біраз еңбектерді қарап шықтым, бірақ ең негізгі кітапты таба алмадым.
 D) Ғылыми жоба мазмұнын толықтыру үшін кітапханада біраз отыру керек.



- 1) Жобаны одан ары жетілдіру қажет сияқты. – бұл сөйлемнің мағынасы қажеттілік туралы.
 2) Жетекші монографияны әкелсе, онда кітапханаға бармаймын. – сөйлемнің бірінші жартысы екінші сөйлемдегі іс-әрекеттің шартын білдіреді.
 3) Біраз еңбектерді қарап шықтым, бірақ ең негізгі кітапты таба алмадым. – сөйлемнің бірінші жартысы екінші сөйлемдегі іс-әрекетке қарама-қарсы мағынада тұр.
 4) Ғылыми жоба мазмұнын толықтыру үшін, кітапханада біраз отыру керек. – сөйлемнің бірінші жартысы екінші сөйлемдегі іс-әрекеттің мақсатын білдіреді.

120 Сөйлемдегі негізгі мағынаны анықтаңыз.

БҰҰ (Біріккен Ұлттар Ұйымы) халықтар арасындағы ынтымақтастықты дамыту үшін құрылды.

- A) шартты
 B) мақсат мәнді
 C) мезгіл мәнді
 D) себеп-салдарлы

121 Қажетті сөзді қойыңыз.

Бүгін дәрігерге көрінбек болып,

- A) үйінен ерте шықты
 B) ауырмайтын жол іздеді
 C) денсаулыққа пайдасы зор
 D) көп жылдар бойы емделді

122 Сөйлемнің екінші сыңарын табыңыз.

Балаң тәрбиелі болу үшін,

- A) сәлемі үнемі түзу
 B) аузына қарап отырған жалғызы
 C) жастайынан арнайы уақыт бөлу керек
 D) оның жұрттан асқан кішіпейіл бола қалатыны бар

123 Сөйлемді аяқтаңыз.

«Таң қалмаңыз» бағдарламасын көрейін деп,

- A) ауылға бардым
 B) радионы қостым
 C) теледидар қостым
 D) редакцияға бардым

124 Адамның мақсатын айқындайтын сөйлемді табыңыз.

- A) Тест сынақтары туралы интернеттен оқып білдім.
- B) Қазіргі таңда тест сынағынан мүдірмей өту мүмкін емес.
- C) Ағылшын тілінен деңгейің жоғары болса, болашақта көп көмегін тигізеді.
- D) Өзімнің ағылшын тілінен деңгейімді білейін деп, тест сынағын тапсыруға бардым.

Салыстырма бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем

Е

Компоненттеріндегі баяндалатын оқиға, жай-күй бір-біріне салыстырыла, теңдестіріле көрсетілетін сабақтас құрмалас сөйлемдер салыстырма бағыныңқылы сабақтас сөйлем болады (Т.Қордабаев) Мысалы: Еңбекті қанша істесең, табысты сонша аласың.

Салыстырма бағыныңқылы сабақтас сөйлемдер компоненттері мынадай тәсілдер арқылы байланысады:

1. Бағыныңқы компоненті шартты рай формалы етістікке аяқталады да, оның құрамында қандай, қанша, қалай сияқты сұрау есімдіктерінің бірі айтылады. Ал басыңқы компонентте сұрау есімдіктеріне қарай айтылған сондай, сонша, солай деген сөздердің бірі қолданылады да, оқиғаның бағыныңқы компоненттегі оқиғамен теңдестігін көрсетеді. Мысалы: Ол әкесін қалай сыйласа, мені де солай сыйлайтын.

2. Бағыныңқы компоненттің баяндауышы қызметінде -дай, -дей жұрнағынмен келетін өткен шақ есімше қолданылады.

Достарым қуансын дегендей, Әлімбек жаңа фильмнің премьерасына билет алып қойды.

◆ Қажетті сөзді қойыңыз.

Басшысы іске қандай шебер болса,

- A) соғұрлым іс жүрмей қалды
- B) сонша еңбегі босқа далаға кетті
- C) жұмысшылары да тату-тәтті өмір сүреді
- D) қызметкерлері де сондай ұйымшыл болады

Т

- 1) соғұрлым іс жүрмей қалды – бірінші жартысындағы құрылыммен сәйкес емес;
- 2) сонша еңбегі босқа далаға кетті – бірінші жартысындағы құрылыммен сәйкес емес, мағыналық байланыс жоқ;
- 3) жұмысшылары да тату-тәтті өмір сүреді – сөйлемнің бірінші жартысымен мағыналық жағынан байланыспайды, қандай сұрау есімдігіне салыстырмалы түрде тұрған сөз жоқ;
- 4) қызметкерлері де сондай ұйымшыл болады – сөйлемнің бірінші жартысымен мағыналық байланыста, қандай сұрау есімдігіне салыстырмалы мағынада сондай сөзі қолданылып тұр.

◆ Салыстырма мәндегі сыңарын табыңыз.

Атом электр стансасының пайдасы қаншалықты болса,

- A) зияны мен зардабы да ауқымды болмақ
- B) бұл жобаны мүлдем жауып тастау қажет
- C) бұл жерде қауіпсіздік жағдайын ойлауымыз керек
- D) Қазақстанда атом электр стансасының құрылысын салу идеясынан бас тартудың реті жоқ

Т

- 1) Атом электр станциясының пайдасы мен зиянын салыстыра көрсетілген, бірінші сыңарындағы қаншалықты сөзіне екінші жартысындағы соншалықты сөзі сәйкес келеді.
- 2) Сөйлемнің бірінші жартысымен мағыналық жағынан үйлеспейді.
- 3) Сөйлемнің бірінші жартысымен мағыналық жағынан үйлеспейді, оқиға

салыстырмалы түрде баяндалып тұрған жоқ.
4) Сөйлемнің бірінші жартысымен мағыналық жағынан үйлеспейді, оқиға салыстырмалы түрде баяндалып тұрған жоқ.

◆ Сөйлемнің бірінші сыңарын табыңыз.

..., сен мамандығың бойынша жұмыс істейсің.

- A) Екеуміз де шаршап
- B) Мен ештеңені түсінбей
- C) Мен кәсіпкерлікпен айналысып
- D) Мен радиоқабылдағышты қосып



- 1) Сөйлемнің екінші сыңарымен мағыналық жағынан үйлеспейді, салыстыра байланысқан іс-әрекет жоқ.
- 2) Іс-әрекеттің амалын білдіреді, сөйлемнің екінші сыңарымен мағыналық жағынан сәйкес келмейді.
- 3) Сөйлемнің екінші сыңарымен мағыналық жағынан сәйкес келеді, адамның немен айналысатынын салыстыра баяндап тұр.
- 4) Сөйлемнің екінші сыңарымен мағыналық жағынан үйлеспейді, салыстыра байланысқан іс-әрекет жоқ.

125 Қажетті сөзді қойыңыз.

Қозғалыс жылдамдығы қанша өссе,

- A) соғұрлым іс жылдам жүреді
- B) сонша жылу мен жарық та түседі
- C) сонша рет жол уақыты қысқарып келеді
- D) жүріп өткен қашықтық та сонша ұлғаяды

126 Салыстырма мәндегі сыңарын табыңыз.

Анасы қандай болса,

- A) ұлы да ұқсап тұр
- B) өзі де анасынан аумайды
- C) қызы да сондай тәрбиелі
- D) баласы да жұмыстан келді

127 Салыстырмалы бағыныңқылы сөйлемді қойыңыз.

- A) Әр банкте несие төлем пайызы әр түрлі, сондықтан ең тиімдісін таңда.
- B) Несиені уақытында төлеу қажет, өйткені қарыз пайызы өсіп кетеді.
- C) Мен үшін несиені теңгемен төлеген тиімдірек, өйткені шет ел бағамы тұрақсыз.
- D) Оның үйден асығып шыққаны сонша, жол жүру билетін де алмай шығыпты.

128 Сөйлемді аяқтаңыз.

Оның өзі қандай болса,

- A) ісіне тастай екен
- B) сөзі де сондай тиянақсыз
- C) себебі ол мейірімді адам
- D) жүрегі жылып қоя берді

129 Мақалдың жалғасын табыңыз.

Ұяда нені көрсе,

- A) ұшқанда соны алады
- B) өз елін бағалайды
- C) ұшқанда қиын болады
- D) ел-жұртын сағынады

Аралас құрмалас сөйлем

Е

Құрмалас сөйлем құрамына енген жай сөйлемдер бір-бірімен салаласып та, сабақтасып байланысатын құрмалас сөйлем аралас құрмалас сөйлем деп аталады. Аралас құрмалас сөйлем құрамында үш немесе одан да көп жай сөйлем бола береді. Мысалы: Компаниялар қайырымдылықпен айналысып, өз істерін дәлелдеу үшін, салтанатты кеш өткізді.

Аралас құрмалас сөйлем құрамында салалас құрмалас, сабақтас құрмалас сөйлемдер де араласып келе береді, аралас құрмалас сөйлем сол екі тәсілдің негізінде құралады. Аралас құрмалас сөйлем құрамында кемінде үш жай сөйлем болады. Ал одан көп болған жағдайда бірнеше салалас сөйлем де, сабақтас сөйлем де болуы мүмкін.

◆ Аралас құрмалас сөйлемді табыңыз.

- A) Өз ана тіліңді қадір тұтпай тұрып, өз ел-жұртыңды сүйе алмайсың.
- B) Ана тілі – идеялар мен білімдерді ұғынудың және оны таратушымыздың бірден-бір құралы.
- C) Ана тілі адамның кір жуып, кіндік кескен жерінің тауы мен тасы, орманы мен өзені, тауы мен нажағайы.
- D) Өз ана тілімізді қадірлеп, ұрпақтарымызға мұра етіп қалдыру үшін, оған үлкен тудыруымыз керек.

Т

- 1) Өз ана тіліңді қадір тұтпай тұрып, өз ел-жұртыңды сүйе алмайсың. – екі жай сөйлемнен құрылған сабақтас құрмалас сөйлем.
- 2) Ана тілі – идеялар мен білімдерді ұғынудың және оны таратушымыздың бірден-бір құралы. – жай сөйлем.
- 3) Ана тілі – адамның кір жуып, кіндік кескен жерінің тауы мен тасы, орманы мен өзені, тауы мен нажағайы. – екі жай сөйлемнен құрылған сабақтас құрмалас сөйлем.
- 4) Өз ана тілімізді қадірлеп, ұрпақтарымызға мұра етіп қалдыру үшін, оған үлкен тудыруымыз керек – мағыналары әртүрлі үш жай сөйлемнен құралған аралас құрмалас сөйлем.

◆ Аралас құрмалас сөйлемді көрсетіңіз.

- A) «Отан» деген сөзді күнде естиміз, себебі Отан дегеніміз – адамның туып-өскен жері.
- B) Қазақ отбасында бала тәрбиесі тек ата-ананың ғана міндеті емес, дүйім жұрттың ортақ ісіне айналған, сондықтан қалыпты нәрседей қарау керек.
- C) Жас ұрпаққа жақсы білім мен тәрбие беру керек, өйткені олар – елдің келешегі.
- D) Қазақстан ұлан-байтақ жерді алып жатқандықтан, ұлан-ғайыр кең өлкеге қызығушылар да көп.

Т

- 1) «Отан» деген сөзді күнде естиміз, себебі Отан дегеніміз – адамның туып-өскен жері – екі жай сөйлемнен құралған салалас құрмалас сөйлем.
- 2) Қазақ отбасында бала тәрбиесі тек ата-ананың ғана міндеті емес, дүйім жұрттың ортақ ісіне айналғандықтан, қалыпты нәрседей қарау керек – үш жай сөйлемнен құралған аралас салалас құрмалас сөйлем.
- 3) Жас ұрпаққа жақсы білім мен тәрбие беру керек, өйткені олар – елдің келешегі – екі жай сөйлемнен құралған себеп-салдар салалас құрмалас сөйлем.

4) Қазақстан ұлан-байтақ жерді алып жатқандықтан, ұлан-ғайыр кең өлкеге қызығушылар да көп – екі жай сөйлемнен құралған себеп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем.

◆ Сөйлемнің түсірілген бөлігін табыңыз.

Тоқтар орталау мектепті бітірген соң, ..., күндіз жүкші болып істеді.

- A) авиация институты құрылды
- B) кешкі мектепте оқыды
- C) ғарыш кемесін зерттесе
- D) сынақшы-ұшқыштар мектебі ашылды



- 1) авиация институты құрылды – сөйлемнің бірінші жартысымен мағыналық жағынан сәйкес келмейді;
- 2) кешкі мектепте оқыды – сөйлемнің бірінші жартысымен мезгілдік жағынан сәйкес, мағынасымен үйлесіп тұр;
- 3) ғарыш кемесін зерттесе – сөйлемнің басқа бөліктерімен үйлеспейді;
- 4) сынақшы – ұшқыштар мектебі ашылды – сөйлемнің басқа бөліктерімен мағынасы сәйкес келмейді.

130 Аралас құрмалас сөйлемді табыңыз.

- A) Нақыл сөздер тыңдаушының көкейіне бірден қона кетеді, оны лезде өзіне баурап алады.
- B) Олар мұндай сөздерді өз ой түйіндерін одан сайын дәлелдей, негіздей түсу үшін қолданған.
- C) Ұлағатты сөздер қысқа да болса – нұсқа, бейнелі, мағынасы терең, шымыр логикаға құрылады.
- D) Нақыл сөздер атадан балаға сонау ерте замандардан бері айтылып, ұрпақтан ұрпаққа сұрыпталып, беріліп келеді.

131 Сөйлемді толықтырыңыз.

Немерем үйге кірсем, бірге кіреді, шықсам, ол да шығады,

- A) өйткені қасынан шықпайды
- B) қасымнан бір елі қалмайды
- C) жанынан бір елі тастамайды
- D) сондықтан жанынан қалмайды

132 Аралас құрмалас сөйлемді көрсетіңіз.

- A) «Қанша еңбек етсең, сонша табысқа жетесің» деп айтып отырушы еді.
- B) Дүйсенбі күні қолына қалам ұстаған бірқатар журналист ағаларымызды қонаққа шақырып, жақсылап күттік.
- C) Қонақтарымыз біз тұрып жатқан жатақхананың 4 жыл бойы тұрғыны болып, былтыр ғана осы оқу ордасынан түлеп ұшқан, сондықтан оларға осындағы оқиғалар таңсық емес-тін.
- D) Аядай бөлме тап-тұйнақтай етіп жиналып, шәйнек ысқыра қайнап жатқан кезде құрметті қонақтар да келе қалды.

133 Сөйлемнің тиісті компонентін табыңыз.

Ақиқатты ақын айтып, ..., кім айтар, кім жырлар дейміз ғой.

- A) ақиқатты адам ашпаса
- B) ақпаратты ақын жырлап
- C) өзгелер оны айтпаса
- D) шындықты шайыр жырламаса

134 Сөйлемнің жалғасын табыңыз.

Біздің қыз қос алақанын жайды да, жанарынан төгілген моншақтарды теруге де ниет танытпай,

- A) кете бармақ
- B) кері бұрылды
- C) отыра алмады
- D) өзін сыйлаған

3

Лексика-грамматикалық бөлік. Қорытынды тест

1 «Мүлтіксіз» сөзіне мәндес қатарды көрсетіңіз.

- A) ақысыз
- B) белгісіз
- C) келісімсіз
- D) кемшіліксіз

2 «Мұрындық болу» сөзінің мағынасын көрсетіңіз.

- A) өз бетінше істеу
- B) айтылған уақытта бітіру
- C) істі нәтижемен аяқтап шығу
- D) істі ұйымдастыруға бастамашы болу

3 Сөйлемдегі «тартпа» сөзінің мағыналарын анықтаңыз.

Тартпаны ретке келтіру керек. Қайыс тартпа қайда?

- A) сор, ет
- B) суырма, ет
- C) тұрман, сор
- D) суырма, ер-тұрман

4 Сөйлемдердегі «бөле» сөзінің мағыналарын анықтаңыз.

Отбасымызбен үлкен қуанышқа бөлендік. Мынау менің бөлем болады. Баланы бөлеу керек.

- A) табу, туысқан, орау
- B) орау, аға, құндақтау
- C) жатқызу, бесік, құндақтау
- D) кенелу, туыстық атау, бесікке жатқызу

5 «От» сөзінің ауыс мағынада келген қатарын көрсетіңіз.

- A) Көзі от шашып тұр.
- B) Атымды отқа қойдым.
- C) Ошаққа от жағу керек.
- D) Жердің оты қалың екен.

6 «Көзі ашылды» тіркесінің мағынасын көрсетіңіз.

- A) тазарды, сауаттанды
- B) білімді, сәл ұйықтап алды
- C) сордан арылды, ұйқысы қанды
- D) жазылды, қуанышқа бөленді

7 Сөйлемдегі асты сызылған тіркестің мағынасын көрсетіңіз.

Көз қысты, бармақ басты әрекеттерді тоқтататын кез келді.

- A) өзара келісімге келу
- B) бәрін таптап өтіп кету
- C) бірін-бірі қолдап отыру
- D) жасырын алыс-беріс жасау, келісу

8 Асты сызылған тіркестің мағынасын көрсетіңіз.

Кешегі болған оқиға көңілге кірбің салды.

- A) ренжіткісі келмеу
- B) ренжу, жабырқау
- C) өзіне мақсат, ниет ету
- D) ұстанған бағытын, ойын сездіру

9 «Шет жағасын айтты» деген тіркестің мағынасын көрсетіңіз.

- A) ретін, жөнін келтірді
- B) ағытыла сөйлеп кетті
- C) жат санады, ұнатпады
- D) ептеп сездірді, жеткізді

10 «Қылығының қылшығын таныды» деген тіркестің мағынасын көрсетіңіз.

- A) Сезімтал, аңдағыш.
- B) Жаманшылық іс етпеді.
- C) Ештеңесі шығын болмады, дәнеңесі кетпеді.
- D) Біреудің мінез-құлқындағы кем-кетігін анық білді.

11 Сөйлемдегі ұлттық танымға қатысты сөзді көрсетіңіз.

Ер-тұрман – атқа салт мініп жүруге қажетті жабдықтардың жиынтық атауы.

- A) салт
- B) жабдық
- C) атқа міну
- D) ер-тұрман

12 Қазақ мәдениетіне қатысты сөзбен келген сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Шығыс халықтарының көбі ең кіші салмақ өлшеміне арпа дәні алынған.
- B) Уақыт мөлшерін болжауға Күннің, Айдың қозғалыстары негіз болған.
- C) Сұйықтықты сақтайтын месті сұйықтық мөлшерін шамалауға қолданған.
- D) Арпа дәні алтын мен асыл тастардың салмағын теңеуге қолданылған.

13 Ұлттық музыкалық аспап атауы бар қатарды қойыңыз.

- A) Аспап Орта Азияны мекендеген түркі тектес тайпаларға ортақ.
- B) Қобыз сарыны шертпе күй дәстүрінің тууына едәуір ықпал етті.
- C) Одан шыққан үн батырларға күш беріп, рухтандырып отырған.
- D) Құрылымы қауыз тәрізді аспап үйеңкі, жыңғыл ағашынан жасалады.

- 14 Қазақ танымына қатысты сөзбен келген сөйлемді көрсетіңіз.
- A) Қазіргі кезде зергерлік өнер әлемге танымал болып келеді.
 - B) Ежелгі зергерлер қолынан шыққан мүсіндер – арқардың басы.
 - C) XVII-XIX ғғ. қазақ даласының әр аймағында зергерлік өнер мектебі болды.
 - D) Арқардың басы мен мүйізінің бейнесі жүзік, білезік, шолпыда кездеседі.
- 15 Сөйлемді қажетті сөзбен толықтырыңыз.
- Шақырту қолымда ..., жол шығындарын көтеретін демеуші таба алмадым.
- A) болса
 - B) болатын
 - C) болғанмен
 - D) болғандықтан
- 16 Сөйлемді толықтырыңыз.
- Оны алғаш ... танымай қалған болуы керек.
- A) көрсе
 - B) көрген
 - C) көруде
 - D) көргенде
- 17 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
- Шығарманы ... , сол кездегі қиындықтарды көз алдыға елестете аласың.
- A) оқыса
 - B) оқитын
 - C) оқи отырып
 - D) оқып отырғалы
- 18 Дұрыс құрылған сөйлемді қойыңыз.
- A) Қар ерімесе, өзен суы тасып жатыр.
 - B) Қар бірден ерісе, өзенде су көтеріліп кетті.
 - C) Күннің жылынуы өзен арнасын толтырып тастайды.
 - D) Күн бірден жылынып, еріген қар өзен арнасын көтеріп жіберді.
- 19 Сөйлем мағынасын көрсетіңіз.
- Көрмес – түйені де көрмес.
- A) себеп
 - B) мезгілдік
 - C) болжалды
 - D) салыстыру
- 20 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
- Ол енді тіл туралы берік байлам ... шығар.
- A) білетін
 - B) көретін
 - C) жасайтын
 - D) үйренетін

21 Сөйлемнің беретін мәнін анықтаңыз.

Айдостың сөзіне қарағанда ертеңгі жиын тартысты болатын шығар.

- A) болжалдық
- B) міндеттілік
- C) қажеттілік
- D) нақтылық

22 Сөйлемді аяқтаңыз.

Енді біраз шыдасақ, даулы автобус бағыттарында да тәртіп

- A) алатын шығар
- B) тұратын тәрізді
- C) орнайтын сияқты
- D) саналатын шығар

23 Сөйлемді толықтырыңыз.

Мамандардың сапасы олардың білімі мен ақылында емес, таңдаған мамандығына деген жауапкершілігіне байланысты

- A) жүруі мүмкін
- B) қалуы мүмкін
- C) болуы мүмкін
- D) тұруы мүмкін

24 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

2012 жылы Білім мен ғылым саласында жаңа өзгерістер

- A) жетуі мүмкін
- B) жүруі мүмкін
- C) болуы мүмкін
- D) толықтырылуы мүмкін

25 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді көрсетіңіз.

Адамды бойындағы немқұрайдылықтан құтқару үшін қоғам әділетті

- A) келуі тиіс
- B) сенуі тиіс
- C) болуы тиіс
- D) қалуы тиіс

26 Міндет мәнді құрылымдағы сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Министрліктен жауапхат енді келіп қалатын шығар.
- B) Ұсыныстар бойынша қорытынды жоба әзірленетін шығар.
- C) Хаттаманың соңында төраға мен хатшының қолы болуы керек.
- D) Ұсыныстарды жиналыста талқылап, нәтижесін бізге жіберулері тиіс.

27 Сөйлемді аяқтаңыз.

Кез келген қызметкер жұмысқа уақытында

- A) тұруға тиіс
- B) кетуге міндетті
- C) келуге міндетті
- D) қарауға міндетті

28 Сөйлемді аяқтаңыз.

Қазақстан Республикасының азаматтары өз елінің тарихына

- A) күтіммен қарауға болар
- B) ұқыпты қарауың міндетті
- C) арыдан қарайтын тәріздісің
- D) құрметпен қарауға міндетті

29 Қажеттілік мағына көрінетін сөйлемді қойыңыз.

- A) Барлық билеттердің сатылуына мүдделіміз.
- B) Осы қойылымның премьерасына келу керек.
- C) Барлық қиындық басты рөлдегі адамға түсуі мүмкін.
- D) Қойылымның сахналану ұзақтығын ескерген сияқты.

30 Тиісті сөзді қойыңыз.

Жастар терең ақылмен, өмірлік күш-қуатымен

- A) бағалануға керек
- B) даралануды қажет
- C) ерекшеленуі қажет
- D) көзге түсуге міндет

31 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

II Азаматтық форумда елбасы мемлекеттік тілді дамыту маңызды басымдық болып қала беретінін

- A) айтқан еді
- B) деген болар
- C) жазған шығар
- D) сөйлеген сияқты

32 Нақтылау мағынасын көрсетіп тұрған сөйлемді қойыңыз.

- A) Бос жер телімі бар үй сатылады.
- B) Жер үйге көшсек, жақсы болар еді.
- C) Үйдің есігі мен терезесін ағаш ұстасы жасаған еді.
- D) Бұл пәтерді шетелдіктерге жалға беру керек болатын.

33 Қалау, тілек мағынасындағы сөйлемді анықтаңыз.

- A) Ақ шашым алдамаса, олардың істері оңға басуы тиіс.
- B) Бәйтерек тамыры тереңде, бұтағы сынғаннан құламайды.
- C) Қыс түскенше, үйдің барлық күрделі жөндеу жұмыстары бітсе екен.
- D) Н.Назарбаев университетінде жүзден жүйрік, мыңнан тұлпарлар білім алуда.

34 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді көрсетіңіз.

Әл-Фарабидің «Бақытқа жол сілтеу» атты трактатын ... келеді, бірақ уақыт тапшы.

- A) оқығым
- B) тоқталғым
- C) анықтағым
- D) айқындағым

35 Қажетті сөзді қойыңыз.

Жаңа жылдан бастап інім жаңа үйге қолы

- A) көшсе игі еді
- B) жүрсе игі еді
- C) сатса игі еді
- D) жетсе игі еді

36 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.

Конференция түске дейін ... игі еді.

- A) кетсе
- B) аяқталса
- C) талданса
- D) бағытталса

37 Сөйлемді айқындап тұрған сөзді көрсетіңіз.

Әйел-ана – барлық қиындықты жеңетін сарқылмайтын күш.

- A) әйел
- B) ана
- C) күш
- D) сарқылмайтын

38 Сөйлеушінің эмоциялық қатынасын білдіретін сөздермен келген сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Саят директордың орынбасары қызметіне көтеріліпті.
- B) Кеше тұрғындар Саят алаяқтың ұсталғаны туралы хабар алыпты.
- C) Тұрғындарға үйдің қысқа дайындығы туралы жиналыс өткізу керек.
- D) Бұл мекемеде жоғары қызметке қол жеткізу үшін шет тілін білу керек.

39 Тыныс белгісі дұрыс қойылған сөйлемді табыңыз.

- A) Текті ұрпақ, тәрбиеден басталады.
- B) Жақсылыққа жақсылық – әр адамның ісі.
- C) Көмек беру: кез келген адамның қолынан келеді.
- D) Адам, өзінің, адами қасиеттерін жоғалтпауы қажет.

40 Көп нүктенің орнына қойылатын тыныс белгісін көрсетіңіз.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте сүйенер ең басты құжатымыз ... еліміздің «Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы» Заңы.

- A) сызықша
- B) қос нүкте
- C) тырнақша
- D) нүктелі үтір

- 41 Қимылдың басталуға дейінгі кезеңін көрсететін құрылымды қойыңыз.
- A) Талдама нәтижелерін бас сарапшыға апара жатырмын.
 - B) Сараптама қорытындысын дәрігер көруге алып кеткен екен.
 - C) Сараптаманы жазып бітіру үшін жұмысты оқығалы жатыр едім.
 - D) Жұмысты оқып болған соң, сараптама қорытындысын жасадым.
- 42 Әрекеттің іске асуға дайындық кезеңін көрсететін сөйлемді қойыңыз.
- A) Жеті жүз балаға арналған мектептің тасы қаланғалы жатыр.
 - B) Компания жеті жүз орындық мектеп құрылысына кірісіп кетті.
 - C) Алматы қаласында мектеп салуға жарияланған тендерді алған екен.
 - D) Іргетасын аудан басшысы қалаған мектептің құрылысы басталып кетті.
- 43 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
- ... оқу ғимаратының жөндеу жұмыстары аяқталып қалғандығын айтып келді.
- A) Баруда
 - B) Баратын
 - C) Барғалы
 - D) Барғандар
- 44 Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойыңыз.
- Малды ... құртады, етті ... құртады (мақал).
- A) шұбыруға, қуыруға
 - B) шұбырған, қуырған
 - C) шұбырғанда, қуырғанда
 - D) шұбырғанша, қуырғанша
- 45 Ойды қорытуды білдіретін сөйлемді көрсетіңіз.
- A) Менің байқауымша, осы қатысушының нұсқасы өтетін сияқты.
 - B) Кім біледі, тәжірибе нені көрсететіндігін, соңына дейін тосайық.
 - C) Аударма жасау, сабақ беру дегендей жұмыстар табылып жатса айтарсыз.
 - D) Бұл туралы басқалардың да пікірін тыңдап, қысқасын айтқанда, осы әдістің тиімділігін дәлелдеп шығады.
- 46 Сөйлемдегі қыстырыңды құрылымның мағынасын анықтаңыз.
- Кешегі байқауға ұсынылған тізім, неге екенін білмеймін, тағы қысқарды.
- A) сөйлеушінің сенімділігі
 - B) айтушының көңіл күйі
 - C) айтушының жорамалы
 - D) айтылған ойды қостау
- 47 Төл сөзді көрсетіңіз.
- A) «Егер ақылым да, жаным да біржола жоғалатын болса, мен жанып-өшкен отпын», - дейді Шәкәрім.
 - B) Шәкәрім ақылым мен жаным біржола жоғалғанда жанып-өшкен отқа теңелетіндігін айтады.
 - C) Отырғандардың талқылағаны Шәкәрімнің ақыл мен жан жоғалғанда жанып-өшкен отқа теңелу жайындағы сөзі болды.
 - D) Шәкәрімнің сөзі мынау: ақыл мен жан біржола жоғалса, онда адам жанып-өшкен отқа тең.

48 Төл сөзді қойыңыз.

- A) Академик Серік Қирабаевтың ұлт жазушысының ұлт психологиясын өз тілінің бояуымен жеткізу дұрыстығы жайында айтқаны бар.
- B) Ұлт жазушысының ұлт психологиясын өз тілінің бояуымен жеткізгені дұрыс екендігі айтылды.
- C) «Ұлт жазушысы ұлт психологиясын өз тілінің бояуымен жеткізгені дұрыс», - дейді академик Серік Қирабаев.
- D) Академик Серік Қирабаев ұлт жазушысының ұлт психологиясын өз тілінің бояуымен жеткізгенін дұрыс санайды.

49 Орын тәртібіне қарай дұрыс құрылған құрмалас сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Оның 12 пайызы ғана проблемалық болып келеді, қазір елімізде 140 мың борышкер болса.
- B) Бүгінгі күні өткеннің қателіктері неден тұратындығын біліп қою жеткіліксіз, маңыздысы – қандай бағытта дамытуды ұғыну мен түсіну.
- C) Жетінші саммиттің жетістігі – ұйымның жаңа кезеңінің басталуы.
- D) Бұл - көңілдегі бір алаң жай, әрдайым түйткіл ойға батыратын.

50 Орын тәртібіне қарай дұрыс құрылған құрмалас сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Жеке тұлғаның шығармашылық қызығушылығы, адамның орта әсеріне жауап беру тәсілі – бұл ішкі процесс.
- B) Ал жаңа технологияны пайдаланудың мақсаты – шығармашылық деңгейге жету, міндетті деңгейдегі білімді қалыптастыра отырып.
- C) Білім беру саласындағы реформалар бір жағынан әлемдік білім беру кеңістігіне сай өркендеуге ұмтылса, екінші жағынан ұлттық болмысты қалыптастыру мақсатында жасалған.
- D) Қазіргі уақытқа дейін мектеп әлеуеттік ортадан алшақ, өз күшімен шешуге ұмтылыс жасау сипатында қалып отыр өз проблемаларын.

51 Шарты көрсетілген сөйлемді қойыңыз.

- A) Жүз естігеннен, бір көрген артық.
- B) Асыл тастан, өнер жастан шығады.
- C) Жаманға сырыңды ашсаң, жарға жығады.
- D) Адам көркі – шүберек, ағаш көркі – жапырақ.

52 Дұрыс нұсқасын таңдаңыз.

Екі жақсы қосылса, бірін бірі қиыспайды,

- A) Жаман малыңа жолдас.
- B) Жаманның сөзі ашу шақырады.
- C) Екі жаман қосылса, кең дүниеге сиыспайды.
- D) Жаманға қылған жақсылық, бір күнгідей болмайды.

53 Сөйлемді аяқтаңыз.

Қазақ халқының өмір салты көшпелі болғанымен,

- A) мақал-мәтелдер – халық айнасы
- B) ұлттық ойындардың ерекше түрі
- C) рухани болмысы көшпелі болмаған
- D) қазақ халқының тарихы әріден басталады

54 Сөйлемдегі мағынаны көрсетіңіз.

Жаманмен ауыл болғанша, жақсымен қауым бол (мақал).

- A) мезгілдік
- B) себептілік
- C) шарттылық
- D) қарсылықты

55 Істің орындалу мезгіліне қатысы бар сөйлемді қойыңыз.

- A) Баспаның талабы бойынша өткізу үшін жұмыс тобын құру қажет.
- B) Радиотелефонның бағалары туралы жарнама қағаздары бар ма?
- C) Біз үйден шығарда, ол телефон арқылы біреумен сөйлескен.
- D) Барлық кітаптардың аннотациясы қайта қаралып жатыр.

56 Мақалдың бірінші сыңарын табыңыз.

..., әр ауылда бір туысың болсын.

- A) Берекесі кеткен ауылдың
- B) Ағайыныңды іске шакырма
- C) Бір ауылда мың туысың болғанша
- D) Ағайын, барыңда аузынды жалайды

57 Салдары көрсетілген сөйлемді қойыңыз.

- A) Сырттан адам қосылды деп, әңгіме желісін өзгертпейді не қайталамайды.
- B) Бүгін тағы көлік табылмағандықтан, көшу кейінге қалдырылды.
- C) Терлеп, айғыз-айғыз шаң басқан беттерін жууға кетті.
- D) Сөз жүйесін тапса, мал иесін табады.

58 Сөйлемнің екінші сыңарын табыңыз.

Ол осы лауазымға қазақ тілін жетік білгені үшін,

- A) қазақ тілі дами бастады
- B) қолы жеткенін жақсы біледі
- C) ана сүтімен бойымызға сіңді
- D) халықтың көзқарасы түзеліп келеді

59 Амалдық мағына көрінетін сөйлемді қойыңыз.

- A) Құда – мыңжылдық, күйеу – жүз жылдық.
- B) Құдалар жағы қызды жақтаса, олар да бір жағынан килігіп қоймады.
- C) Салқын су денемді ширатқанда, жаным шипа тапқандай болды.
- D) Тоты түн ішінде қайтамын деп әлек салып, такси шақыртуға тура келді.

60 Сөйлемнің екінші сыңарын табыңыз.

Керсе де көрмегендей,

- A) тұра берді
- B) сәлемдесіп жатыр
- C) кішіге – ізет деген болады
- D) сыйластығы бұзылмасын

61 Мақсат мәнді сөйлемді қойыңыз.

- A) Терминдер сөздігін тапсам, энциклопедия қажет болмай қалады.
- B) Мен оны жылыжайға апару үшін, машина шақыртып жатырмын.
- C) Екі кісілік жайлы бөлмелер болса, сондай бөлмелерге тапсырыс жаса.
- D) Жүрдек пойызға мінгендіктен, он сағат уақытымызды үнемдеп қалдық.

62 Қажетті сөзді қойыңыз.

Жылу жүйесін сынақтан өткіземіз деп,

- A) үйді жинауымызды өтінді
- B) тамақ істеуімізді талап етті
- C) үй шаруашылығымен айналысты
- D) екі күн үйде болуымызды ескертті

63 Сөйлемнің мағынасын анықтаңыз.

Жылына екі рет демалады: қыста орман ішіндегі демалыс орындарына, ал жазда құмды теңіз жағалауына кетеді.

- A) амал
- B) шартты
- C) себеп-салдар
- D) түсіндірмелі

64 Сөйлем мағынасын анықтаңыз.

Жаманның аяғы сегіз: бірі шалмаса, бірі шалады.

- A) күшейту
- B) амалдық
- C) мақсатты
- D) түсіндірмелі

65 Салыстыру үшін айтылған сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Бірлік болмай, тірлік болмас.
- B) Өңі тершіп, беті қызарып кетіпті.
- C) Көмектеспек болып, бар заттарымды өзіммен бірге алдым.
- D) Саған Талғат қандай жақын болса, Ақжан да маған сондай бауыр еді.

66 Салыстырма мәндегі сыңарын табыңыз.

Екі құрбы да оқуға түсті: бірі – техникалық университетке,

- A) бірі үзбей хат жазысып тұрды
- B) екіншісі заң институтына тапсырды
- C) екіншісі ауылына қайта алмай, ұзақ ойланды
- D) бірі сауда орындарына кіріп, жұмысқа тұрып алды.

67 Бір мезгілде іске асатын қимылды көрсететін сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Екі жұп биге шығып кетті.
- B) Жұмыс біте салысымен, автобус аялдамасына кел.
- C) Жұмыс істеп отырғанда, бала қасымда сурет салып не ойнап жүреді.
- D) Қазақ тілінен тапсырылған емтихан нәтижесі шешуші рөл атқарады.

68 Бірінен соң бірі жасалған қимылды көрсететін сөйлемді қойыңыз.

- A) Не Ғылым Академиясынан, не Ұлттық кітапханадан іздеу керек.
- B) Кітапханадан ол кітапты тапсам, онда көшірмесін жасатып аламын.
- C) Жиналыс өтіп жатқанда, телефон қоңырауларына жауап берілмейді.
- D) Қонақтарды шығарып салысымен, белгіленген кездесуге жүріп кеттік.

69 Аралас құрмалас сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Білім беру жүйесіндегі реформаның міндеті тек қана қосымша бір немесе 2 жыл қосу емес, алған білімі мен біліктерін өмірде шығармашылық тұрғыда қолдана алатын жеке тұлғаны қалыптастыру.
- B) Оқыту – міндетті түрде тәрбие қызметімен сабақтастықта өтуі керек.
- C) Қандай мемлекетте болсын, рухани сала мемлекет тарапынан қаржыландырылады.
- D) Білім арқылы адамның интеллектуалдық, рухани күші артып, өмірге сенімі артады, жеке тұлғасы қалыптасады.

70 Аралас құрмалас сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Мен өмірдің тез өтіп жатқанына таңқалам, сірә, бір ғарыштық кеме дерсің.
- B) Тұтастай алғанда, қоғам дегеннің өзі – сондай тіршіліктен тұратын адам бағы.
- C) Бұл неліктен десем, біздің өз ішіміздегі түсінік-құрметте адалдық, бірізділік жоқ екен.
- D) Уақыт бәріне де емші, бүгін емделмесе, оны ертең түзету мүмкін болмай қалады.

III тарау

Оқылым бөлігі

- Оқылым бөлігіне шолу
- Алдын ала тест
- Тест тапсырмаларын талдау
- Қорытынды тест

Оқылым бөлігіне шолу

Оқылым – бұл нақты бір тілдегі және басқа тілдегі жүйе бойынша графикалық таңбалар арқылы мағлұматты қабылдау және белсенді өңдеу үдерісі. Оқылым – сөйлеу әрекетінің репродуктивті түрі және тілдік тұлғаны қалыптастырудың тілдік дағдыларының маңызды бөлігі.

Оқылым бөлігіндегі тестілеу объектісі – мәтіннің жалпы мазмұны мен нақты ақпаратын оқып түсіну барысында тілдік білік-дағдыларының қалыптасу деңгейі.

Жоғары деңгейдегі мәтін түрлері: сипаттау, баяндау, пайымдау, жоғары деңгейге сәйкес лексика-грамматикалық материалдар негізінде ақпараттық-сипаттау және ақпараттық-реттелуші сипаттағы бейімделген мәтіндер, ғылыми-публицистикалық мәтіндер, көркем әдебиет шығармаларының үзінділері. Мәтін тақырыптары әлеуметтік-мәдени және ресми-іскерлік қарым-қатынас саласында өзекті болып табылады.

Барлық деңгейлерде жалпы Оқылым бөлігі тапсырмаларын орындау уақыты – 65 минут, бөлік бойынша тапсырма саны – 50. Тест тапсырмалары тілді меңгеру деңгейіне байланысты түрленіп, қиындай түседі.

Оқылым бөлігінің жоғары деңгейінде:

- мәтін көлемі: 400-600 сөз.
- 1 мәтінге сәйкес тапсырмаларының саны: 15-20.

Тестілеу арқылы жоғары деңгейде тіл қолданушының:

1) әлеуметтік-мәдени қарым-қатынасқа қатысты мәтіндерді дұрыс талдау және түсіну.

2) ресми-іскери қарым-қатынасқа қатысты мәтіндердегі көрсетілген қаулылар, заңдар, ресми хабарламаларды дұрыс талдау және түсіну.

3) ғылыми-көпшілік мәтіндердің негізгі мазмұнын, сонымен қатар логикалық және эмоциональді бейнесін құрайтын мазмұнды түсіну.

4) талдау жүргізілетін деңгейде әдеби мәтіндерді түсіну (мәтіндердің негізгі тақырыптарын бөлу, сөйлеудің функционалдық-мағыналық түрлерін анықтау, автор ұстанымын ашу).

5) мәтіндегі мағлұматты жете түсініп, оны сыни тұрғыдан ойлай білу.

6) алдыңғы оқылған жаңа мәтіндермен салыстыра отырып, көрсетімдік-ізденімдік мәтіндерді оқуда жаңа мағлұматтарды шығару біліктілігі тексеріледі.

Жоғары деңгейдегі тест тапсырмаларының түрлері:

Қарапайым деңгейдегі 2 тапсырма түрі:

1. Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз.
2. Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.

Базалық деңгейге қосылған 2 тапсырма түрі:

3. Мәтін бойынша толық және нақты ақпаратты табыңыз.
4. Мәтін мазмұнына сәйкес жауапты табыңыз (сұрақ-жауап).

Орта деңгейдегі 4 тапсырма түрі:

- 5) Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңыз.
- 6) Мәтінге нақтырақ тақырып таңдаңыз.
- 7) Мәтін мазмұнын нақтылайтын қорытындыны таңдаңыз.
- 8) Мәтіннің бірінші (екінші, үшінші) азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.

Ортадан жоғары деңгейде 2 тапсырма түрі қосылады:

- 10) Автордың пікірін білдіретін ақпаратты таңдаңыз.
- 11) Мәтіндегі ақпаратты жағымды/жағымсыз бағалайтын сөзді таңдаңыз.

Жоғары деңгейде 8 тапсырма түрі қосылады:

- 12) Мәтін мазмұнындағы басты ақпаратқа қарама-қарсы ақпаратты таңдаңыз.
- 13) Мәтіндегі себеп-салдарлық байланысты анықтаңыз.
- 14) Мәтін мазмұнына керекті қосымша фактілік аргументті табыңыз.
- 15) Мәтін аңдатпасын толықтырыңыз.
- 16) Мәтін мазмұнын ретімен көрсетіңіз.
- 17) Мәтіндегі маңызды сөйлемді табыңыз.
- 18) Мәтін мазмұнындағы фактілерді маңыздылық дәрежесіне қарай таңдаңыз.
- 19) Тақырыпқа қатысты қосымша ақпаратты таңдаңыз.

1 Оқылым бөлігі. Алдын ала тест

1-мәтін

Менің атым - Нұржамал. Ұлтым - қазақ. Шығыс Қазақстан облысында тұрдым. Әкем әскери қызметте болған соң, жұмыс бабымен Алматы қаласына көшіп келдік. Осында орта мектепті бітірдім. Мектепте оқып жүргенде шет тілін үйренуге көп көңіл бөлдім. Шет тілін үйрену курстарына үзбей қатыстым. Ағылшын тілін тез меңгеріп кеттім. Шет тілін үйрену курсына бару мүмкіндігі тұрды. Ағылшын тілін жетілдіруге түсіме бұл сапардың көп көмегі тиіді.

Шет тілін үйренуге көп көңіл бөлуім - өз тіліме менсінбей қарау деген сөз емес. Қазақтың көрнекті ақыны Қарғыр Мырзалиевтің:

«Ана тілін, - арың, бұл.

Ұятың, дөп тұр бетте,

Өзге тілдің, бәрін біл.

Өз тіліңді құрметте» - деп айтқанын үнемі ойымда сақтаймын.

Біздің отбасымызда тұған тіліміз бен халқымыздың салт-дәстүріне үлкен құрметпен қарайды. Атам мен әжем бізден бірге тұрады. Жазғы демалыста анамның тұған ауылы Көктерекке барамыз. Ауылдың табиғаты мен таза ауасы үнемі өзіне тартып тұрады емес пе! Нағашы атам - өте әңгімешіл кісі. Өзінің жас шағында тыңдаған аңыз-әңгімелерін әлі де ұмытпаған. Соларды әңгімелеп айтқанда бәріміз ұйып тыңдаймыз. Атамды шежіреші қарт деуге де болады. Тұған жердің, жергілікті жұрттың тарихын, отбасы шежіресін терең біледі. Балалары мен немерелерінен ана тілін құрметтеуді талап етіп отырады. Мен де атамның сол өнегесін көріп өстім. Ал әжем - ұлттық салт-дәстүрді және әдеп-ұқыпты біліп, оны өмірде ұстанатын адам. Әжем қыз балаға ерекше қарап, қыздарын өзіне жақынырақ тартады. Қыз баланың тәрбиесі отбасы мен тіпті тұтас жұрттың тағдырына ықпалы күшті болады дегенді жиі айтып отырады. Ол ұлттық тағамдарды дайындағанда, бәріміз сүйсініп жейміз. Әсіресе әжемнің пісірген бауырсағы мен женті тіл үйіреді. Әжемнің бойынан барлық қазақ аналарына тән қасиетті көремін.

Өзімнің осындай отбасым болғанына бақыттымын. Біздің отбасында балалардың тәрбиелі болып өсуіне сол аталарым мен әжелерімнің үлкен әсері болды. Олар балаларының сүйікті ісімен айналысып, білімді азамат болып өскеніне көп көңіл бөледі. Мен де бос уақытымды тиімді пайдалануға үйрендім. Бос уақытымда шетел әдебиеті классиктерінің шығармаларын тұпнұсқада оқуға тырысамын. Шетел әдебиетінің қазақ тіліндегі аудармаларымен де танысып шықтым.

Мектепте үздік оқып, «Алтын белгі» иегері атандым. Мектепті үздік бітірген соң, маған мамандықты және жоғары оқу орнын таңдауға мүмкіндік тұрды. Мен

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің халықаралық қатынастар факультетін таңдадым. Таңдаған мамандығым өзіме қатты ұнайды. Мектепте жүріп тіл курстарына қатысқаным университетте көп көмегі тиіді. Мен университетте оқып жүріп, шығыс халықтарының әдебиеті мен тарихымен терең танысуға баса назар аудардым. Шығыс тілдерінен араб тілін үйренуді қолға алдым. Араб тілді мұсылман мемлекеттерінің тарихын ислам дінінің тарихымен бірге оқып үйрендім. Өзге елдер тарихын, үнемі тұған елімнің тарихымен сабақтастырып отырамын. Мен оқуымды сәтті аяқтадым, мамандығым бойынша жұмыс істеу үшін көп тәжірибе жинақтауым керек болды. Еңбек тәжірибемнің негізгі мамандығым бойынша қызметке орналасуыма көп септігі тиіді. Қазір шетелдегі Қазақстан елшілігінде істеймін. Қазақстанның абыройына нұқсан келтірмеу бір сәт те ойымнан кеткен емес.

1 Мәтін мазмұнын ретімен көрсетіңіз.

- A) ана тілі, шығыс тілдері, отбасы, мектеп, мамандық, шет тілі
- B) мектеп, шет тілі, ана тілі, отбасы, тәрбие, мамандық, жұмыс
- C) отбасы, тәрбие, жұмыс, шет тілі, ана тілі, тарих, шығыс тілдері
- D) мамандық, шет тілі, шығыс тілдері, салт-дәстүр, мектеп, ана тілі

2 Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз.

- A) мемлекет, тарих, шет тілі, елшілік, мамандық
- B) ауыл, дәстүр, әже, тәрбие, отбасы, салт-дәстүр
- C) отбасы, тілге құрмет, ұлттық тәрбие, мамандық
- D) абырой, тіл, елшілік, мамандық, тіл үйрету курсы

3 Мәтін бойынша толық және нақты ақпаратты табыңыз.

- A) Қыз балалар туған тілін ерекше құрметтейді.
- B) Отбасымызда туған тілге көбірек көңіл бөлінеді.
- C) Отбасымызда туған тілге, салт-дәстүрге үлкен құрметпен қарайды.
- D) Отбасымыз халқымыздың салт-дәстүрін және әдет-ғұрпын құрметтейді.

4 Тақырыпқа қатысты қосымша ақпаратты таңдаңыз.

- A) Таңдаған мамандығым өзіме қатты ұнайды.
- B) Шығыс тілдерінен араб тілін үйренуді қолға алдым.
- C) Қазақстанның абыройына нұқсан келтірмеу бір сәт те ойымнан кеткен емес.
- D) Қазақстан Республикасы Президентінің қолдауымен «Тілдердің үш тұғырлығы» мәдени жобасы іске асуда.

5 Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңыз.

- A) Адамның жеке өмірінен дерек беру.
- B) Бала тәрбиесі туралы сипаттама жасау.
- C) Отбасындағы тәрбие жайлы ақпарат беру
- D) Қазақ қызының өз тіліне деген құрметін көрсету.

- 6 Мәтінге нақтырақ тақырып таңдаңыз.
- A) Менің үлгілі отбасым.
 - B) Өзім туралы бірер сөз
 - C) Аталар сөзі – ақылдың көзі.
 - D) Мен таңдаған мамандық.
- 7 Мәтін мазмұнын нақтылайтын қорытындыны таңдаңыз.
- A) Тәрбие отбасынан басталады.
 - B) Шет елдердің тілін білу – арманым.
 - C) Әжем қыздарын өзіне жақынырақ тартып өсірді.
 - D) Мен оқуымды сәтті аяқтап, мамандығым бойынша жұмыс істеймін.
- 8 Мәтіннің бірінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.
- A) Менің отбасым
 - B) Алтын ұя мектебім
 - C) Ағылшын тілін үйрену
 - D) Менің балалық шағым
- 9 Мәтіннің екінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.
- A) «Ана тілін – арың бұл»
 - B) Өнерді үйрен де, жирен
 - C) Шет тілін үйрену– мақтаныш
 - D) Шет тілде сөйлеу басты мақсат
- 10 Мәтіннің үшінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.
- A) Отбасы шежіресі
 - B) Үлкендердің өсиеттері
 - C) Аталар сөзі ақылдың көзі
 - D) Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер
- 11 Мәтіндегі ақпаратты жағымды бағалайтын нұсқаны таңдаңыз.
- A) Оның әкесі – әскери қызметкер.
 - B) Ол – Шығыс Қазақстан облысының азаматы.
 - C) Оның әжесі пісірген тағамдарды сүйсіне жейміз.
 - D) Нұржамалдың отбасы салт-дәстүрді құрмет тұтады.
- 12 Мәтін мазмұнындағы басты ақпаратқа қарама-қарсы ақпаратты табыңыз.
- A) Анасы Көктерек ауылында туып-өскен.
 - B) Нұржамалдың нағашы атасы көптеген аңыз-әңгімелерді білген.
 - C) Қазіргі заманда әр адам ана тілінен гөрі шет тілдерін білуі қажет.
 - D) Әжесі бала тәрбиесіне, әсіресе қыз бала тәрбиесіне көп көңіл бөлді.
- 13 Автордың пікірін білдіретін ақпаратты таңдаңыз.
- A) Ол елінің абыройын сақтауды әрқашан ойынан шығарған емес.
 - B) Нұржамалға өзінің әжесінің әзірлеген бауырсағы мен женті ұнайды.
 - C) Нұржамалдың отбасында балалар тәрбиесіне өте көп көңіл бөлінеді.
 - D) Нұржамал мектепте жүрген кезінен бастап шет тілін үйренуге құмартты.

14 Мәтіндегі себеп-салдарлық байланысты анықтаңыз.

Нұржамалдың әкесі әскери қызметкер болғандықтан,

- A) Көктерекке жұмысқа орналасты
- B) ауылдағы ата-анасына көшіп келді
- C) туған жерінен Алматы қаласына көшті
- D) Алматы қаласынан Нью-Йорк қаласына көшті

15 Мәтін мазмұнына керекті қосымша фактілік аргументті табыңыз.

- A) Қанша тіл білсең, өзгеден сонша кез биіксің.
- B) Шет тілін үйренуге көп көңіл бөлу – өз туған тіліне мәнсіңбей қарау деген сөз емес.
- C) Ағылшын тілін жетілдіре түсуіме Нью-Йорк қаласына сапар шегуімнің көп көмегі тиді.
- D) Отбасымызда туған тіліміз бен халқымыздың салт-дәстүріне үлкен құрметпен қараймыз.

2-МӘТІН

Қазақ халқы қашан да құс атаулыны ерте заманнан-ақ ерекше құрметтеп келген. Қыран бүркіт, алғыр қаршыға, көк дауыл суңқар, ұшқыр тұйғын баулып, оларды қиянға салып, өнерін құмарта тамашалаған. Қазақ - мейірімді халық. Ол құстарға үнемі қамқор болған. Құстарды ешқашан жәбірлемеген, оларды жәбірлеген адамдарды рақымсыз санап, құстарға қиянат жасатпаған. Бұл жөнінде ел аузында мынадай бір аңыз бар.

Жоңғар жаугершілігі кезінде адамдар ата-баба қоныс, ел-жұртың тастап, жандарының амандығын ойлап, бас сауғалап, жан-жаққа қашқаны белгілі. Сондай бір жаугершілік жылдары, жау келе жатқан жолда ұлы жүздің атақты биі Төле би көшпей, жалғыз үй қалып қойған екен. Еңтелеп келіп бас қойған жау еш қаперсіз жұртта отырған жалғыз үйді көріп, оның бұл қылығына таң-тамаша қалады. Өкітем жау ордаға келіп ойран салмақ болғанда, Төле би шығып: «Ей, адамзаттың балалары! Биыл көктемде шаңырағыма қарлығаш ұя салып еді. Қазір сол ұяда оның қызылшақа жас балапандары жатыр. Соларды аяп, өзгелерге ұқсап үдере көшпей, шаңырағымды бұзбай, жолдарыңда қалып қойып едім. Ең болмаса, сол балапандарды аяңдар. Өзіме тиісіндер де, шаңырағымға тиісіндер», - деп өтініш жасаған екен дейді. Сонда жауыздығымен әлемге аты жайылған жоңғар басқыншыларының өзі Төле бидің зор адамгершілігі мен асқан мейірімділігіне риза болып, оның шаңырағына тиіспеген екен дейді.

Саятшылық - үлкен өнер, ата салтымыз. Әр кезде оның мән-мағынасын құрыс түсіне білу керек. Саятшылық құру - аң-құсты қырып жою деген сөз емес, қайта оған қамқор болу, жанашырлық ету деген сөз. Ел арасында аңдар мен құстардың қайсысының қай уақытта өсіп көбейетінін, жүретін жерін, олардың мекендейтін, жайылатын орнын, жүріс-тұрыс, мінез-қарғысын өте жақсы білетін адамдар көп болған. Олар аң-құстың өсіп-көбейетін кезінде мазасын алып, үркітпейді, қайта оларға қамқор болып жүреді. Қазақ халқында құралайды көзден атқан мергендердің өзі аң-құстың бәріне бірдей тиіе бермеген, қалағанын ғана таңдап, оларды талғап

ататын болған. Өйткені табиғат-ана әркімнен өзгеге залалын тигізбей, қажетін тап басып тауып алуды, өзін аялауды, шапағатты көзбен қарауды қалайды. Ол ешқашан да өзін жәбірлеуді, рақымсыздық, танытып, қиянат жасауды көтермейді.

Аң мен құс - табиғаттың байлығы. Ата-бабалымыз осы табиғат байлығына үнемі қамқор бола білген. Құстарға ұя жасау адамзаттың борышы деп санаған. Құс ұясын ешкімге бұзғызбаған. Өйткені құс ұясын бұзған адамның өз шаңырағы бұзылады деп есептеген.

Ата-бабалымыз тұмсығы төсік құстың бәрін табиғаттың азат перзенті санап келді. Олардың достандығына, өсіп-өнуіне қиянат етпеген еді. «Құс - табиғат-ананың перзенті, төл баласы» деп, оларды жәбірлемеді. Ендеше мұны әрбір адам есіне ұстауы керек. Ата-бабасының салт-дәстүрін ұмытпаған ұрпақ - тәрбиелі, саналы ұрпақ. Ондай ұрпақтың қашан да тамыры тереңде, болашағы зор болады. Ондай ел тамыры тым тереңге кеткен зор дәйтерек тәрізді мықты болады. Өз елінің салт-дәстүрін сақтап отыру әр ұрпақтың қасиетті борышы саналған. Ол ата-бабасының өз ұрпағына, болашаққа жеткізер аманаты. Қазақ - ата-бабасының аманаты түгіл, көлденең кездескен кез келгеннің аманатына қиянат жасамаған халық.

16 Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.

- A) Саятшылық – құстардың санын азайтудың жолы.
- B) Жаугершілік кезінде адамдар ел-жұртын сақтап қалды.
- C) Қазақ құс атаулыны ерте заманнан-ақ ерекше құрметтеген.
- D) Саятшылық құру «аң-құсты қырып жою» деген мағына береді.

17 Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз.

- A) сұңқар, тұйғын, үкі, қыран бүркіт, қамқор
- B) құс, қамқор, қарлығаш, саятшылық, салт-дәстүр
- C) саятшылық, өнер, қамқор, қыран бүркіт, алғыр қаршыға
- D) адам, сұңқар, саятшылық, жаугершілік, салт-дәстүр, құс

18 Мәтін бойынша толық және нақты ақпаратты табыңыз.

- A) Халқымызда құстардың көбейетін уақытын білетін адамдар бар.
- B) Халық арасында құстарды жоғары бағалайтын жандар көп болған.
- C) Ел арасында құстардың мекендейтін орнын білетін адамдар өте көп.
- D) Халық арасында құстардың көбейетін кезін, мекендейтін орнын білетін адамдар болған.

19 Мәтін мазмұнына сәйкес жауапты табыңыз.

Жоңғар жаугершілігі кезінде Төле би неліктен көшпеді?

- A) өз үйін қимағандықтан өзінің
- B) шешендік өнерін дәлелдеу үшін
- C) қарлығаштың балапандарын аяғандықтан
- D) өзінің шаңырағын бұзғысы келмегендіктен

- 20 Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңыз.
- A) Қазақ халқының саятшылық өнері туралы баяндалады.
 - B) Киелі қарлығаш құсы туралы халық аңызы баяндалады.
 - C) Қазақ халқының мергендерінің ерлігі туралы баяндалады.
 - D) Жоңғар басқыншыларының жасаған қиянаты туралы айтылады.
- 21 Мәтінге нақтырақ тақырып таңдаңыз.
- A) Ата-баба аманаты
 - B) Жоңғар жаугершілігі
 - C) Құс – табиғат перзенті
 - D) Ұлы жүздің атақты биі
- 22 Мәтін мазмұнын нақтылайтын қорытындыны таңдаңыз.
- A) Аң-құсқа қиянат жасау – жақсы емес.
 - B) Саятшылық өнері – қазақ өнерінің бір түрі.
 - C) Тәрбиелі ұрпақ ата-баба дәстүрін сақтайды.
 - D) Қазақта құралайды көзден атқан мергендер көп болған.
- 23 Мәтіннің бірінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.
- A) Жаугершілік кезі
 - B) Ата-баба шаңырағы
 - C) Қазақ халқының өнері
 - D) Қазақ халқы – қамқор халық
- 24 Мәтіннің екінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.
- A) Ел аузындағы аңыз
 - B) Табиғат-ана перзенті
 - C) Адамзаттың борышы
 - D) Саятшылық өнер түрлері
- 25 Мәтіннің үшінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.
- A) Ұлы жүз билерінің бірі
 - B) Аң-құстарға қамқорлық таныту
 - C) Құс туралы кең тараған халық аңызы
 - D) Ата-баба дәстүрін сақтау жолдары
- 26 Мәтіндегі ақпаратты жағымсыз бағалайтын нұсқаны таңдаңыз.
- A) Қазақстанда көптеген аң-құстар кездеседі.
 - B) Құс – табиғат ананың перзенті, төл баласы.
 - C) Ел арасында құстар туралы аңыз көп сақталған.
 - D) Құс ұясын бұзған адамның өз шаңырағы бұзылады.

27 Мәтін мазмұнындағы басты ақпаратқа қарама-қарсы ақпаратты табыңыз.

- A) Саятшылық – қазақ өнерінің бір түрі.
- B) Мергендер аң-құсты таңдап-талғап ататын болған.
- C) Құстарға қамқорлық таныту – адамзаттың борышы.
- D) Қазақ халқы қоршаған ортаға емес өзінің өмірі мен тұрмысына көп көңіл бөлген.

28 Автордың пікірін білдіретін ақпаратты таңдаңыз.

- A) Бидің шаңырағына көктемде қарлығаш келіп ұя салды.
- B) Салт-дәстүрін сақтаған ұрпақтың болашағы зор болады.
- C) Жоңғар басқыншылары Төле бидің адамгершілігіне риза болады.
- D) Саятшылық құру – «аң-құсқа қамқор болу, жанашырлық таныту» деген сөз.

29 Мәтіндегі себеп-салдарлық байланысты анықтаңыз.

Жоңғар басқыншылары бидің шаңырағына тиіспеді, өйткені

- A) оның сөзіне риза болды
- B) ол – ерлігі асқан қазақ батыры
- C) бидің қалың әскерінен қорықты
- D) оның адамгершілігіне риза болды

30 Мәтін мазмұнына керекті қосымша фактілік аргументті табыңыз.

- A) Ата-бабамыз құсты табиғаттың перзенті санайды.
- B) Құс ұясын бұзған адамның шаңырағы да бұзылады.
- C) Қазақ халқы – ата-баба аманатына қиянат жасамаған халық.
- D) Қарлығаш құсы туралы аңызға байланысты Төле биді халық «Қарлығаш би» деп атаған.

3-мәтін

Еуропадағы рухани қайта өрлеу кезеңінің алғашқы қарлығашы ақын Данте мен суретші Джотто болғаны сияқты, қазақ даласында XIX ғасырдағы рухани жаңғырудың алдыңғы тобында күйші-композитор Құрманғазы Сағырбайұлы тұрды. Құрманғазының, асқақ, рухы бір ғана музыка саласына сиятын құбылыс емес. Мұндай тегеурінді қарынның болмысы біртұтас ұлттық рухани болмысына айзақ бола алады. Ұлт тағдырындағы тарихи ұлы өзгерістердің барша қуаныш-қайғысы қашан да біртұрар перзентінің тағдыр талайымен шендесіп жатады. Бұл орайда Құрманғазы өзінің қайталанбас өнерімен ғана емес, өмірімен де тұрған халқының, бүкіл қасиетіне, сол бір алмағайып өтпелі кезеңнің хал-күйіне ең жарқын айзақ бола білді. Ол өзінің қанатты күйлерімен поэзиядағы Махамбет сияқты, ғылымдағы Шоқан сияқты, майдан даласындағы Кенесары сияқты, өршіл рухына қаяу түсірмей, замана тауқыметін қайыспай арқалап жұмыр кешті. Құрманғазы күрескер күйші, сазгер. Бірақ оның күрескерлігі өлетін мал, тозатын құни үшін емес, ұлтының мәдениеті үшін күресті.

Құрманғазы - көшпелілердің дәстүрлі мәдениетін бойына сіңірген ең жарқын тұңғалардың бірі. Ол XIII-IX ғасырлардан жеткен Қорқыт әуенін жөргекте жатып құлағына сіңірген, XIII ғасырда осы далада тұрған «Ақсақ құлан» күйін тыңдап, балалық қиялын шыңдаған. Көшпелілердің өнерге айналған тарихы Құрманғазының ең ұлы ұстазы болды. Оның ең сезімтал тілі - қос ішекті домбыра көмейінен шығатын күй тілі еді. Сондықтан да ол сахараның даңғыл күйшісі.

Құрманғазы жасынан ән-күйге әуестігімен көзге түскен. Алғашқы ұстазы - Ұзақ. Кейіннен Ұзақпен бірге ел аралап, домбырашылық өнер сайысына түсіп, жұртшылық назарына іліседі. Бөкей ордасындағы атақты халық күйшілері Байбақты, Байжұма, Баламайсан, Соқыр Есжан күйлерін үйреніп, орындаушылық шеберлігін шыңдайды. Ел аузындағы аңыздарға қарағанда Құрманғазының алғашқы шығармаларының бірі «Кімкентай» күйі XIX ғасырдың 30-жылдары шығарды.

Қашанда ел басына түскен нәубеттің ауырлық-тауқыметі ең алдымен еңсесі биік ерлерінің иығына түсетіне белгілі. Замана зобалаңы Құрманғазыны да от-жалынымен шарпып бағады. Жоқшылық, қорлық-зомбылықпен беттесу, әділетсіздікке шырға қарсыласу, дүлей күштің темір құрсауына түсу, көкірегін кернеген запыран зары мен мұң-сырын күй етіп сыртқа шығару, міне, Құрманғазының маңдайына жазылған тағдыр осындай еді. Оның «Түрмеден қашқан», «Кісен ашқан», «Ертең кетем», «Бозайғыр», «Тәбескі», «Төредеген-есіктен», «Бозшолақ», «Бұқтым-бұқтым», «Арба соққан», «Аман бол, шешем, аман бол» сияқты күйлері замана тауқыметінің бірден-бір белгісі сияқты.

Құрманғазы қатал тағдырдың кез келген талқысына өнерімен жауап беріп, өнерімен белгі қалдырып отырды.

Құрманғазы - өмірге ғашық күйші, сазгер. Тіршіліктің нұрлы сәттеріне ол балаша қуанып, қалтқысыз сезімге бөленеді. Оның «Қызыл қайың», «Ақжелең», «Адай», «Сарыарқа», «Балбырауын», «Серпер», «Ақсақ киік», «Төрелурап», «Қуаныш» сияқты күйлері өмірге іңкәр жанның мұнілі сияқты.

Өмір құбылыстарына арналған күйлері - Құрманғазының тұра біткен өнерпаздығына айзақ. Өмірдің ашы-тұшы сәттерін ол күй тілінде, өнер тілінде баяндауға жүйрік. Егер оның бойындағы бар қасиет осы ғана болса, онда көп күйшінің бірі

ретінде ғана атап өтер едік. Құрманғазыны суреткер ретінде айырықша қаралап көрсететін қасиет, ол - концептуалды күйші. Бір ұрпақ емес, екі ұрпақ емес, бірнеше ұрпақтың тағдырына ықпал ететін заманалық белгілерге бойлай үңіліп, ой толғау Құрманғазының рухани болмасына тән. Оның «Жігер», «Көбік шашқан», «Кішкенгітай», сияқты күйлері өзі ғұмыр кешкен заманның тарихи-әлеуметтік болмысына берілген күйші-ойшылдың бағасы.

Міне, күй тәңірісі Құрманғазы халқының көкірегінде осындай асыл қасиеттерімен ұялаған.

Құрманғазы орындаушылық пен күй шығару өнерін өзара шебер шендестіреді. Құрманғазы - күйшілік өнердегі жаңашылдығымен халық музыкасында жаңа бағыт тұқырып, өзіндік орындаушылық дәстүрін қалыптастырып кеткен күйші. Құрманғазы күйлерін халық арасында О.Қабдогожин, Қ.Жантілеуов, А.Мұхитов, Ғ.Матов, С.Көшекбаев, М.Өскенбаевтар насихаттап жеткізді. Күйшіге арнап Е.Т.Брусилловский «Құрманғазы» атты симфония, А.Жұбанов пен Ғ.Жұбанова «Құрманғазы» атты опера жазды.

Құрманғазының есімі Алматы консерваториясына, көшелерге, кеңсарларға, тағы басқа жерлерге берілген.

Қазақ елінің осындай қара тұлғалары ұрпағымызға өнеге болып қала бермек.

31 Мәтін мазмұнына керекті қосымша фактілік аргументті табыңыз.

- A) Құрманғазы – өмірге ғашық сазгер.
- B) Құрманғазы – көшпелілердің дәстүрлі мәдениетін бойына сіңірген ең жарқын тұлғалардың бірі.
- C) Құрманғазы Сағырбайұлы (1823-1896) – қазақтың ұлы күйші – композиторы, аспапты музыка өнерінің классигі.
- D) Құрманғазы – күйшілік өнердегі жаңашылдығымен халық музыкасында жаңа бағыт тудырып, өзіндік орындаушылық дәстүрін қалыптастырып кеткен күйші

32 Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз.

- A) дарын, болмыс, дала, сазгер, күйші
- B) күш, тарих, шашбау, дара тұлға, күй
- C) Құрманғазы, күрескер, көшпенді, еңсе, күй
- D) Құрманғазы, күйші, сазгер, күй, дара тұлға

33 Мәтін бойынша толық және нақты ақпаратты табыңыз.

- A) Құрманғазы – әйгілі қазақ күйшілерінің бірі.
- B) Өнерпаздық қасиет Құрманғазыға туа біткен.
- C) Құрманғазы Қорқыт атаға арнап күй шығарған.
- D) Құрманғазы өнерімен заманының айғағы болды.

34 Мәтін мазмұнына сәйкес жауапты табыңыз.

Құрманғазының өмірге құштарлығын бейнелейтін қай күйі?

- A) «Сарыарқа»
- B) «Кісен ашқан»
- C) «Көбік шашқан»
- D) «Түрмеден қашқан»

- 35 Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңыз.
- A) Белгілі қазақ күйшісі – Құрманғазы туралы баяндалады.
 - B) Құрманғазының орындаушылық шеберлігі туралы айтылады.
 - C) «Ақсақ құлан» күйінің шығу тарихы туралы ақпарат беріледі.
 - D) «Құрманғазы» операсының жазылу тарихы туралы айтылады.
- 36 Мәтінге нақтырақ тақырып таңдаңыз.
- A) Күй құдіреті
 - B) Құрманғазының балалық шағы
 - C) Құрманғазы – ұлы күйші, сазгер
 - D) Ұлы күйшінің адамгершілік қасиеттері
- 37 Мәтін мазмұнын нақтылайтын қорытындыны таңдаңыз.
- A) Құрманғазы қазақ мәдениеті үшін күресті.
 - B) Құрманғазы – күрескер қазақ күйшісі, белгілі сазгер.
 - C) Құрманғазы өнері өз дәуірінің көрінісін күйлерінде баяндады.
 - D) Құрманғазы күйлері арқылы әділетсіздікке қарсы тұрды.
- 38 Мәтіннің бірінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.
- A) Құрманғазының балалық шағы
 - B) «Көбік шашқан» күйінің тарихы
 - C) Қазақ халқының біртуар перзенті
 - D) Күйшілік өнердің жаңашылдығы
- 39 Мәтіннің екінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.
- A) Қазақ күйінің тарихы
 - B) Даланың дара күйшісі
 - C) «Құрманғазы» операсының тарихы
 - D) «Құрманғазы» симфониясының авторы
- 40 Мәтіннің үшінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.
- A) Күйшінің алғашқы ұстазы
 - B) Сахараның даңғыл күйшісі
 - C) Алғашқы қазақ опералары
 - D) Қазақ күйлеріндегі заман бейнесі
- 41 Мәтіндегі ақпаратты жағымды/жағымсыз бағалайтын нұсқаны таңдаңыз.
- A) Қазақ күйшілік өнері бүгінде қарқынды дамуда.
 - B) Ғ.Жұбанова – күйшіге арналған операның авторларының бірі.
 - C) Ол өзінің қанатты күйлерімен замана тауқыметіне қайыспай ғұмыр кешті.
 - D) Құрманғазы өз күйлері арқылы қазақ халқының тарихын, тағдырын жеткізген.
- 42 Тақырыпқа қатысты қосымша ақпаратты таңдаңыз.
- A) Құрманғазы – атақты халық күйшілерінің бірі.
 - B) Күйшілік өнері Құрманғазыға бертін келе пайда болды.
 - C) Құрманғазы өзінің бар өмірін күй тілінде шебер баяндады.
 - D) Оның «Аман бол, шешем, аман бол», «Қайран шешем», «Ертең кетем», «Бұқтым-бұқтым» деген күйлерінде адам даусының ырғағы айқын берілген.

- 43 Автордың пікірін білдіретін ақпаратты таңдаңыз.
- A) Құрманғазыдай дара тұлғалар ұрпаққа өнеге болды.
 - B) Күйшінің асқақ күйлері халық арасында кеңінен танымал.
 - C) Құрманғазы күйлері тыңдарманын ойшылдыққа жетелейді.
 - D) Өмір құбылыстары туралы күйлері – күйшінің өнерпаздығының белгісі.
- 44 Мәтіндегі себеп-салдарлық байланысты анықтаңыз.
- Құрманғазы халық тұрмысының қиындығын терең түсінгендіктен,
- A) бостандықты насихаттады
 - B) жаңа арнадағы күйлер шығарды
 - C) заманының болмысын күйлеріне арқау етті
 - D) халық музыкасында жаңа бағыт қалыптастырды
- 45 Мәтін аңдатпасын толықтырыңыз.
- Мәтінде ... туралы ақпарат беріледі.
- A) атақты қазақ күйшілерінің бірі
 - B) Құрманғазы атындағы консерватория
 - C) «Құрманғазы» операсының жазылу тарихы
 - D) «Құрманғазы» симфониясының шығу тарихы
- 46 Мәтін мазмұнын ретімен көрсетіңіз.
- A) күйшіге құрмет, қазақ күйшісінің өмірбаяны
 - B) қазақ күйшісі туралы, күйлері, күйшіге құрмет
 - C) симфония тарихы, консерваторияның ашылуы
 - D) «Құрманғазы» симфониясы, күйші, қазақ күйлері
- 47 Мәтін мазмұнына қосымша керекті қосымша фактілік аргументті табыңыз.
- A) Алматыда Құрманғазы атында консерватория бар.
 - B) А.Жұбанов пен Ғ.Жұбанова «Құрманғазы» атты опера жазды.
 - C) Күйшіге арнап Е.Г.Брусиловский «Құрманғазы» атты симфония жазды.
 - D) Құрманғазы алғашқы күйі «Кішкентайды» Исатай мен Махамбетке арнаған.
- 48 Мәтіндегі маңызды сөйлемді табыңыз.
- A) А.Жұбанов пен Ғ.Жұбанова «Құрманғазы» атты опера жазды.
 - B) Құрманғазы күйшіге арналып опера мен симфониялар жазылды.
 - C) Оның «Жігер», «Көбік шашқан», «Кішкентай» сияқты күйлері бар.
 - D) Құрманғазы – күйшілік өнерге жаңашылдығымен жаңа бағыт қалыптастырды.
- 49 Мәтін мазмұнындағы фактілерді маңыздылық дәрежесіне қарай таңдаңыз.
- A) күйшінің атақты күйлері, күйлерінің шығу тарихы
 - B) жаңа бағыт, күйшінің алғашқы ұстазы, күйлерінің тарихы
 - C) күйшілік өнердің алғашқы ұстазы, танымал күйлері, күй тарихы
 - D) замана тауқыметі, күйшінің алғашқы ұстаздық мектебі, танымал күйлері

50

Тақырыпқа қатысты қосымша ақпаратты таңдаңыз.

- A) Атақты күйші өз ұлтының мәдениеті үшін күресті.
- B) Құрманғазы жастайынан ән-күйге құмар болып өскен.
- C) Күйшіге арналған ескерткіш Алматы қаласында тұрғызылды.
- D) Күйші орындаушылық пен күй шығару өнерін шебер үйлестірген.

2

Оқылым бөлігі. Тест тапсырмаларын талдау

1-мәтін

Ой-ұғымы, сезім-түйсігі ұқсас, жаны жалғас адамдар ғана бір-бірімен тату қос бола алады. Себебі ондай адамдар бір-бірінің жай-күйін жақсы ұғысады. Бара-бара ондай адамдардың ой-арманы бір жүйеге түсіп бірінің ішіндегі пікірді екіншісі айтпай-ақ түсінетін болады. Олардың қандай жағдайда не істеу керектігі жайындағы пікірлері де бір жерден шығады. Бірлесе қимылдайды. Мұндай қос адамдар әрқашанда бірін-бірі ренжітпейге, бір-бірінің көңілін қалдырмауға тырысады. Бірақ кейде олар өзара қатты қарғыстарға да барады. Ондай сәттерде, қылыш тасқан дұшпандай болып, ауыр-ауыр сөздермен аяндай жаға жыртысады. Достың қатесін қос көрсеткенде осылай болады. Осылай, тындықпен шиедей етіп шапалақтап алып, олар бір-бірін жаман істен сақтандырады, қауіптен құтқарады. Міне, «Дос жылатып айтады» деген сөз осыдан қалса керек.

Абайдың бір өлеңі: «Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа» деп басталады. Бұған мән беріп байқасақ, көңіл дегеніміз тас немесе темір сияқты қатты жатқан затқа емес, қозғалатын, қимылдайтын жанды нәрсеге ұқсайтынын байқаймыз. Жанды нәрсе болғанда самғап ұшатын құс іспетті екенін аңғарамыз. Ал құстың тек бір бағытқа қарап емес, шартарапқа бет алып ұшатынын белгілі. Адамның көңілі де үнемі бір қалыпта тұрмайды: өмірдің әр алуан құбылысына орай өзгеріп, құбылып, құлпырып отырады хақ. Сондай сәттерде дұрын қос санаған адамның ойы жоқта ренжіп, өкпелеп қалатынын болады. Кейбір қатігез адамдар бір өкпелесе морт сынып, «маған енді ондай достың керегі жоқ» деп, қолын бір-ақ сілтейді. Доссыз жалғыз қалады. Сөйтіп, өмірдегі ең жанашыр жақынынан айырылады. Жүрек сырғып, ақтарып, түсінісіп сырласатын серігінен ажырайды. Жүрегіне жиналған мұңын шағып, назын ақтара алмай, көп адамның ішінде жаны құлазып жалғыз қалады. Міне, мұндай күйге ұшырамау үшін досқа кінәшіл болмау керек. Егер досыңның адамгершілікке нұқсан келтіретін аса бір шектен шыққан қылығы болмаса, оның мінез-құлқындағы ұсақ-түйек кемшіліктерді термелеп, оны ретті-ретсіз кінәлап, өкпелей беруге болмайды. Әрине, достың ондай кемшіліктерін айтып, ескертіп қоюға болады. Бірақ адам бір-бірімен пікірлес, сырлас, бір-біріне өмірлік сүйеніп, серік болу үшін қос болады. Адам бір-бірінің бойындағы кемшілікті көргенше ғана пікірлес болып, оны көргеннен кейін тайқып кету үшін қос болмайды. Бірінің кемістігін бірі түзеп, бірінің оқысын екіншісі толтырып отыру үшін қос болады. Адам бір-бірінен ажырап кету үшін емес, айырылмау үшін қос болады. Бір-біріне жан-жүйесі, ақыл-парасаты, мақсат-мүддесі сәйкес келіп табысқан адамдардың достығы дүниеде сирек кездесетін аса қымбатты металлға ұқсайды. Қолындағы асылдың бағасын білмей рәса етсе, адамның енді ондай металды жердің өзге тұсынан, өзге қабатынан іздеп табуы оңайға түспейді. Оны табар да, бірақ іздеуге уақыт керек. Сен қара тер боп іздеп, тексеріп, таңдап жаңа қос тапқанша өмір тоқтап

тұрмайды. Орыс халқының: «Мол-жөнекей табылған екі достан, ескі достың өзі артық» деген мақалы, бәлкім, осындай шындыққа негізделген болар.

Қазақта: «Көзден таса - көңілден болады ұмыт» деген нақыл сөз бар. Әрине, бұл досқа арналмаған, айналадағы алыс-жақын таныстарға арналған мәтел. Күнделікті қарым-қатынас жасап жүрген адамдарың басқа қызметке ауысып, не басқа жаққа кетіп қалса, біраздан кейін сен оны ұмытып кетесің. Алғашқы кезде оны ауызға алып жүрсең, де бара-бара біржола естен шығарасың. Тек қана ата мен ана алыстағы баласын естен шығармайды, адал дос досын ғана ойында сақтамайды. Досты дос қарама-қарсы отырғанда, жақында жүргенде ғана емес, қиыр шет, қиын алыста жүргенде де көкейінде ұстайды. Кейбір адамдар, тіпті, қайтыс болған достарын да ұмытпайды.

Көп жұрт дос болғаннан кейін достың үйіне қайта-қайта барып, ішіп-жеу керек. Достың дастарқаны әрқашан да қайысып тұруы тиіс деп ойлайды. Дос келгенде дос, қарызданып-қауғаланып болса да, ағыл-тегіл етүі парыз, құстың сүтін, құланның етін табуға міндетті деп есептейді. Осыдан кейін «Досыңның асын құшпаныңдай же» деген бар емес пе дегенді және желеу етеді. Бұл құрыс емес. Өйткені жан қияр дос досынан ешқашанда ас аямайды. Сондықтан сен оның табағына емес, қабағына қара. Дастарқанында барын місе тұт, жоғына өзін көмектес. Досыңның көңілінде кірбің болса, соны кетіруге асық. Ол бақытсыздыққа ұшыраса, барыңмен бөліс. Ауруға шалдықса - көңіліңмен демеу бол. Ауырып жатқан достың маңдайын алақаныңмен бір сипағанның өзінде қанша құят бар екенін ескер. Ол ашұлы отырса, ақылыңды айтып, алдын теже. Адал достың бір-бірімен қарым-қатынасы тек қана осылай болуы абзал. Ал қарын тойдыру қиын емес. Ол үшін асхана бар, мейрамхана бар. Досты қинағанның - өзінді қинағанның, оны сыйлағанның - өзінді сыйлағанның!

Ә. Нұршайықов «Автопортрет»

1 Мәтіндегі ақпаратты жағымды бағалайтын нұсқаны таңдаңыз.

- A) Досыңа дастарқаның үнемі қайысып тұруы керек.
- B) Адам көңілі үнемі өзгеріп, құбылып, құлпырып отырады.
- C) Адамдар өмірлік сырлас болу үшін бір-бірімен дос болады.
- D) Ешкім де досына дастарқанын ағыл-тегіл етуді міндетті деп есептемейді.

Е

Тест тапсырмасынан жүйелі, мазмұнды айтылған ой арқылы мәтінге сай келетін нақты жауапты табу керек. Берілген жауаптардың үшеуінде дұрыс жауапқа қайшы келетін ақпараттар қамтылуы мүмкін тұстар кездеседі. Жауаптарда берілген сөйлем құрылымдарын жете түсіну мен салыстыру дұрыс ақпаратты табуға кедергі жасай алмайды.

Бұл тапсырма тіл үйренушінің келесі білік-дағдыларын қалыптастырады және бағалайды:

- мәтіннің мазмұнды, нақты сөйкес тұстарын табу;
- жауаптарда берілген ақпараттарды анықтау;
- мәтіндегі негізгі ойды білдіретін ақпаратты анықтау.

Т

- 1) Берілген ақпарат қосымша ой ретінде берілген.
- 2) Мәтіннен адам күйінің өзгермелі екендігі жайлы эмоциялық-бағалаушылық ақпарат таба аламыз.
- 3) Мәтінде адамдар өмірлік сырлас болуы үшін дос болатындығы жайлы баяндалған.
- 4) Берілген ақпарат негізгі мазмұнды нақтыламай тек қосымша ретінде ұсынылған.

2 Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз.

- A) адам, ой, арман, көңіл, ескі дос
- B) адам, дос, достық, адалдық, сыйластық
- C) достық, дастарқан, қарым-қатынас, сезім, дос
- D) көңіл, мәңгілік, достық, махаббат, қарым-қатынас

Е

Тапсырмада мәтінде маңызды болып табылатын, сөйлем құрауда ерекше орын алатын сөздерді іздеу керек. Сөйлем құрауға негіз болатын басты тірек сөздердің қатарын табу үшін алдымен мәтіннің мазмұнына көңіл бөлген дұрыс.

Бұл тапсырма тіл үйренушінің келесі білік-дағдыларын қалыптастырады және бағалайды:

- мәтіннің мағынасын анықтап, жүйелеу;
- жауаптарда кездесетін негізгі тірек сөздерді анықтау;
- мәтіндегі ең негізгі, түпкі ойдың маңыздылығын қарастыру.

Т

- 1) Мәтін бойынша «ой», «арман» сөздері тірек сөз болып табылмайды.
- 2) Мәтіндегі ақпараттар бойынша көрсетілген сөздер тірек сөздер қатарына жатады.
- 3) Берілген қатардағы «достық», «қарым-қатынас», «дос» сөздері тірек сөз болғанымен, «дастарқан», «сезім» сөздері тірек сөз бола алмайды.
- 4) Мәтіннен «мәңгілік», «қарым-қатынас», «махаббат» сөздерінің тірек сөздер еместігін байқаймыз.

3 Мәтін бойынша толық және нақты ақпаратты табыңыз.

- A) Досыңның қабағына қара.
- B) Дос жандар үнемі бірлесе қимылдайды.
- C) Достық тек адалдық пен сыйластықтан тұрады.
- D) Ой-ұғымы, сезім-түйсігі ұқсас адамдар ғана тату дос болады.

Е

Тапсырма мәтіннің маңызды, түйінді жерлерін негізге ала отырып, маңызды ақпарат берілген тұстарын табуға арналған. Негізгі ойды аз сөзбен мазұнды тиянақты етіп бере білген ақпаратты табу қажет.

Бұл тапсырма тіл үйренушінің келесі білік-дағдыларын қалыптастырады және бағалайды:

- мәтінде берілген жалпы ақпараттың маңыздылығын табу;
- мәтіннен толық және нақты ақпаратты анықтау;
- мәтіннің мазмұнын толық түсіну.

Т

- 1) Досыңның қабағына қара толық және нақты ақпарат емес.
- 2) Дос жандар үнемі бірлесе қимылдайды мәтін мазмұнына жалпы сәйкес келгенімен, ақпарат толық қарастырылмаған.
- 3) Берілген ақпарат мәтін мазмұнын толық және нақты аша алады.
- 4) Берілген ақпарат мәтін мазмұнын толық қамтымайды.

4 Мәтін мазмұнына сәйкес жауапты табыңыз.

Адамдар неге бір-бірімен дос болады?

- A) Жүрек сырын ақтару үшін
- B) Бір-бірінен ажырап кету үшін
- C) Бір-бірінің кемшілігін көрмеу үшін
- D) Белгілі бір тақырыпты талқылау үшін

Е

Тапсырмадан өз мағынасына сай қолданылған, маңызды ақпарат болып табылатын жауапты іздеп табу қажет. Мәтінде берілген кейбір ақпараттар бар болғанымен, мазмұны жағынан сәйкес келмеуі мүмкін. Негізгі ақпаратты табуда сөздің ұғымы мен мағынасына мән беру керек.

Бұл тапсырма тіл үйренушінің келесі білік-дағдыларын қалыптастырады және бағалайды:

- маңызды ақпараттарды есте сақтап, жүйелеу;
- оқылған, айтылған ақпараттарды анықтап салыстыру;
- мәтін мазмұны бойынша сәйкес ақпараттарды қарастыру.

Т

- 1) Берілген ақпарат мәтін мазмұнын ашады.
- 2) Мәтін мазмұны бойынша қойылған сұрақты берілген ақпарат қамтымайды.
- 3) Мәтінде адамдардың бір-бірінің кемшілігін көрмеуі үшін деп берілген ақпарат мәтіндегі негізгі ойды бермейді.
- 4) Белгілі тақырыпты талқылау үшін адамдар бір-бірімен дос болады деген ақпарат қосымша ретінде берілген.

5 Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңыз.

- A) Досқа кінәмшіл болмау керек.
- B) Өмірдегі достық философиясы.
- C) Қарын тойдыру үшін асхана бар.
- D) Жан қияр дос досынан ешқашанда ас аямайды.

Е

Тест тапсырмасы мәтіннің негізгі ойын анықтау үшін мазмұндағы өзара байланысты ажырата білу керек. Ауыспалы мағынада қолданылған ақпараттар кездескенімен, дұрыс жауаптағы негізгі пікір шынайы болуы тиіс.

Бұл тапсырма тіл үйренушінің келесі білік-дағдыларын қалыптастырады және бағалайды:

- мәтіндегі маңызды және маңызды емес ақпараттарды қорытындылау;
- жауаптарда берілген ақпараттың шынайы немесе шынайы еместігін анықтау;
- автордың негізгі көзқарасын білдіретін ақпаратты анықтау.

Т

- 1) Мәтіндегі досқа кінәмшіл болмау ақпараты негізгі ойға қосымша ретінде берілген.
- 2) Өмірдегі достық философиясы жауабындағы ақпарат негізгі ойды анықтап тұрғаны белгілі.
- 3) Тамақтану үшін асхананың бар екендігі туралы ақпарат мәтіндегі негізгі ойды ашпайды.
- 4) Мәтінде нағыз достың ешнәрсені аямайтыны негізгі ойды анық көрсете алмайды.

6

Мәтінге нақтырақ тақырып таңдаңыз.

- A) Достың сыры
- B) Дос қадірін білу
- C) Достықтың түрлері
- D) Мен достықты қалай түсінемін?

Е

Тапсырмада нақты тақырыпты мәтіннің мазмұны мен мағынасын негізге ала отырып іздеу керек. Тақырып таңдауда негізгі ақпаратты айқын ажырата алатын, ұғым қалыптасу қажет. Барлық жауаптағы тақырыптар бірдей дәл келмеуі тиіс.

Бұл тапсырма тіл үйренушінің келесі білік-дағдыларын қалыптастырады және бағалайды:

- мәтіннің мазмұны бойынша нақты тақырып таңдау;
- жауаптарда кездесетін негізгі тірек сөздерді анықтау;
- мәтіндегі ең негізгі, түпкі ойдың маңыздылығын қарастыру.

Т

- 1) Мәтін мазмұнындағы достың сыры нақты тақырып бола алмайтындығы анық.
- 2) Мәтіндегі дос қадірін білуді нақты тақырыпқа жатқызуға болады.
- 3) Мәтінде достықтың түрлері жайлы ақпарат болмағандықтан, нақты тақырып емес.
- 4) Берілген жауаптағы достықты түсіну негізгі тақырып бола алмайды.

7

Мәтін мазмұнын нақтылайтын қорытындыны таңдаңыз.

- A) Досыңа ақылыңды айтып, алдын теже.
- B) Досыңның табағына емес, қабағына қара.
- C) Досыңды сыйлағаның – өзіңді сыйлағаның.
- D) Досыңның көңіліндегі кірбіңді кетіруге асық.

Е

Тапсырма мәтіннің мазмұнындағы ақпараттар жиынтығын құрайтын сонымен бірге оны айқындайтын болуы керек. Нақты қорытындыны анықтау көп жағдайда қиындық тудыруы мүмкін. Барлық жауаптар ұқсас көрінгенімен, ақпарат мазмұнын өзіне тән жауабымен нақтылай алатын қорытындыны табуға болады.

Бұл тапсырма тіл үйренушінің келесі білік-дағдыларын қалыптастырады және бағалайды:

- мәтіннің мағынасын анықтап, жүйелеу;
- жауаптарда кездесетін негізгі тірек сөздерді анықтау;
- мәтіндегі ең негізгі, түпкі ойдың маңыздылығын қарастыру.

Т

- 1) Мәтін берілген досқа ақыл айту жайлы ақпарат нақты қорытындыға жатпайды.
- 2) Мәтінде берілген достың қабағына қарау деген нақты қорытынды бола алмайды.
- 3) Мәтіндегі досты сыйлау жөніндегі ақпаратты нақтылайтын қорытындыға дәлел бола алады.
- 4) Дос көңіліне қарау мәтіндегі ақпаратты нақтылайтын қорытынды болмайды.

8

Мәтіннің бірінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.

- A) Достық нышаны
- B) Доссыз өмір бос
- C) Досы көпті жау алмайды
- D) Достың қатесін дос көрсетеді

Е

Тапсырмада мәтіннің шағын бөліктеріне маңызды болып табылатын тақырып таңдау қажет. Берілген бөліктегі тақырыпшаның атауы бір тақырыптан хабардар ете алатындай маңызды, мағыналы болуы шарт.

Бұл тапсырма тіл үйренушінің келесі білік-дағдыларын қалыптастырады және бағалайды:

- мәтіннің мазмұнындағы бөліктерді айқындау;
- азат жолдарға қойылатын тақырыпшаларды анықтау;
- мәтіндегі ең негізгі, түпкі ойдың маңыздылығын қарастыру.

Т

- 1) Тақырыпша бірінші азатжолдың мазмұнына келмейді.
- 2) Берілген тақырыпша мәтінге сай алынбағаны анық.
- 3) Мәтінде берілген ақпараттар тақырыпшаны қамти алмайды.
- 4) Мәтіндегі ақпарат бойынша таңдап алынған тақырыпша лайық.

9

Мәтіннің екінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.

- A) Нағыз дос
- B) Кінәмшіл дос
- C) Ескі дос артық
- D) Достықтың қағидасы

Т

- 1) Нағыз дос екінші азатжолдың дәлірек тақырыпшасына жатпайды.
- 2) Мәтінде кінәмшіл дос туралы ақпарат дұрыс таңдалынбаған.
- 3) Мәтінде ескі дос туралы ақпарат нақты болмағандықтан, тақырыпша дұрыс таңдалып алынбаған.
- 4) Мәтіндегі ақпараттарға сай тақырыпша болып табылады.

10

Мәтіннің үшінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.

- A) Адал дос
- B) Жалған дос
- C) Уақытша дос
- D) Достықтың кілті

Т

- 1) Мәтіннің үшінші азатжолына берілген дұрыс ақпарат.
- 2) Тақырыпша берілген ақпаратқа сай алынбаған.
- 3) Үшінші азатжолында уақытша дос туралы ақпарат қамтылмаған.
- 4) Мәтіндегі ақпарат тақырыпшаға сай дұрыс таңдалынбаған.

11 Мәтіндегі ақпаратты жағымсыз бағалайтын нұсқаны таңдаңыз.

- A) Дос жылатып айтады.
- B) Достың қатесін дос көрсетеді.
- C) Адамдар айырылмау үшін дос болады.
- D) Кейбір адамдар бұрынғы достарын да ұмытпайды.

Е

Тапсырма түрі мәтінде ақпаратты логикалық жүйемен анықтауда кереғар пікір тудыратын жауапты табуға көзделген. Мәтіндегі ақпараттарды мұқият жүйелей отырып өзіндік көзқарас қалыптастыруға болады. 3 дистракторда эмоциялық-бағалаушылық ақпарат берілмейді, дұрыс жауабында – жағымды немесе жағымсыз ақпарат беріледі.

Бұл тапсырма тіл үйренушінің келесі білік-дағдыларын қалыптастырады және бағалайды:

- мәтіннің мағынасын анықтап, жүйелеу;
- жауаптарда кездесетін кереғар пікірді анықтау;
- мәтіндегі ең негізгі, түпкі ойдың маңыздылығын түсіну.

Т

- 1) Мәтінде берілген ақпараттан эмоциялық-бағалаушылық ақпаратты көреміз.
- 2) Мәтінге қосымша ақпарат ретінде берілген мақал.
- 3) Адамдар айырылмау үшін дос болады деген ақпарат жағымды болып табылады.
- 4) Мәтін мазмұнындағы кейбір адамдар бұрынғы достарын да ұмытпайды деген жағымды ақпаратқа жатады.

12 Мәтін мазмұнындағы басты ақпаратқа қарама-қарсы ақпаратты табыңыз.

- A) Досың науқастанып қалса, қасынан табылатын бол.
- B) Қазіргі таңда әркім өз пайдасын ойлағандықтан адал достар өте аз.
- C) Өмірде жан аяспас достар бір-бірінен ешқашан да астарын аямайды.
- D) Адал достың бір-бірімен қарым-қатынасы тек қана шынайы болуы абзал.

Т

- 1) Досың науқастанған кезде ғана қасынан табылу негізгі ақпаратқа қарама-қарсы ақпарат емес.
- 2) Мәтіндегі негізгі ақпаратпен сәйкес келіп тұр.
- 3) Мәтіндегі негізгі ойға қосымша ақпарат ретінде берілген.
- 4) Мәтін бойынша достықтың тек шынайы болғандығы қарсы ақпаратқа жатпайды.

13 Автордың пікірін білдіретін ақпаратты таңдаңыз.

- A) Дос көзден таса болса – көңілден ұмыт болады.
- B) Жол-жөнекей табылған екі достан, ескі достың өзі артық.
- C) Адамның көңілі үнемі бір қалыпта тұрмайды: өзгеріп, құбылып, құлпырып отырады.
- D) Дос адамдар әрқашанда бірін-бірі ренжітпеуге, көңілін қалдырмауға тырысады.

Е

Тапсырма түрі мәтінде ақпаратты логикалық жүйемен анықтауда кереғар пікір туратын жауапты табуға көзделген. Мәтіндегі ақпараттарды мұқият жүйелей отырып өзіндік көзқарас қалыптастыруға болады.

Бұл тапсырма тіл үйренушінің келесі білік-дағдыларын қалыптастырады және бағалайды:

- мәтіннің мағынасын анықтап, жүйелеу;
- жауаптарда кездесетін кереғар пікірді анықтау;
- мәтіндегі ең негізгі, түпкі ойдың маңыздылығын түсіну.

Т

- 1) Дос көзден таса болса, ұмыт болу деген автордың пікірін анықтамайды.
- 2) Мәтін мазмұнындағы ескі дос артық екендігі жайлы ақпарат автордың пікірі емес мәтел.
- 3) Мәтінде адамның көңілі үнемі құбылып тұратындығы туралы ақпарат автордың пікірі.
- 4) Мәтін бойынша достар бірін-бірі ренжітпеу, көңілін қалдырмау деген ақпараттар автордың пікіріне жатпайды.

14 Мәтіндегі себеп-салдарлық байланысты анықтаңыз.

Досқа аса кінәмшіл болмау керек, себебі

- A) өмірде адал доссыз қаласың
- B) доссыз жаның құлазып жалғыз қаласың
- C) жаңа дос тапқанша өмір тоқтап тұрмайды
- D) қылыштасқан дұшпандай болып, жаға жыртысасың

Е

Тапсырма түрі мәтінде ақпаратты логикалық жүйемен анықтауда кереғар пікір туратын жауапты табуға көзделген. Мәтіндегі ақпараттарды мұқият жүйелей отырып өзіндік көзқарас қалыптастыруға болады.

Бұл тапсырма тіл үйренушінің келесі білік-дағдыларын қалыптастырады және бағалайды:

- мәтіннің мағынасын анықтап, жүйелеу;
- жауаптарда кездесетін кереғар пікірді анықтау;
- мәтіндегі ең негізгі, түпкі ойдың маңыздылығын түсіну.

Т

- 1) Өмірде адал доссыз қалу туралы ақпарат себеп-салдарлық байланысты анықтамайды.
- 2) Мәтін мазмұнындағы доссыз жаның құлазып жалғыз қаласың деген ақпарат себеп-салдарлық байланысты білдіреді.
- 3) Мәтінде жаңа дос тапқанша өмір тоқтап тұрмайды деген мәтіндегі себеп-салдарлық байланысты анықтайтындығы байқалмайды.
- 4) Мәтін бойынша берілген қылыштасқан дұшпандай болып, жаға жыртысасың деген сөйлем себеп-салдарлық байланысты анықтауға жатпайды.

15 Мәтін мазмұнына қажетті деректерді табыңыз.

- A) Шынайы дос шыншыл келеді.
- B) Досыңның асын дұшпаныңдай же.
- C) Шын достар бір-бірін ешқашан ұмытпайды.
- D) Адал достың өзара қарым-қатынасы қарын тойдыру емес.

Е

Тапсырма түрі мәтін мазмұнына негіз бола алатын, егжей-тегжейлі баяндай алатын ақпаратты табуға негізделген. Қажетті ақпараттың маңызды боп саналатын тұстарын қарастыру қажет.

Бұл тапсырма тіл үйренушінің келесі білік-дағдыларын қалыптастырады және бағалайды:

- мәтіннің мағынасын анықтап, жүйелеу;
- жауаптарда кездесетін негізгі тірек сөздерді анықтау;
- мәтіндегі ең негізгі, түпкі ойдың маңыздылығын қарастыру.

Т

- 1) Шынайы дос шыншыл келетіндігі қажетті деректерді анықтап тұрған жоқ.
- 2) Мәтін мазмұны досыңның асын дұшпаныңдай жеу деген сөйлем қажетті деректер бола алмайды.
- 3) Мәтінде Шын достар бір-бірін ешқашан ұмытпайды деген деректер өте маңызды болып табылады.
- 4) Мәтін бойынша Адал достың өзара қарым-қатынасы қарын тойдыру емес деген қажетті дерек болмайды.

2-МӘТІН

Мақсылық, махаббаттан бастау алады. Дүниеде сүйгенін тауып, шаңырақ көтерген, өнегелі ұрпақ өсіріп, немере көрген бақытты жандар аз емес. Сондай бақытты жанның бірі танымалғалым, Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясының және Ресей Ғылым академиясының академигі Төрөгелді Шарманов десек, артық айтқандық болмас. Өйткені Құлзия жеңешеміз көзі тірісінде Төрөгелді Шарманов өмірінің мәні де, сәні де болған еді. Бұл күнде сүйікті жарымен жарты ғасыр бірге қол ұстасып, бір-бірін қадірлеп, ел-жұртының сүйіспеншілігіне бөленіп, жұрттары жазылмай жүрген жылдарын Төрөгелді ағам жиі-жиі есіне алады. Шаңырақ көтерген жастардың бір-біріне деген өмір бойы бұлақтай сарқылмайтын сүйіспеншілігі - ата-балардан қалған адалдық дәстүр.

Келіннің келіні болып, келген жерінің қызына айналып кетіуі бала кезінде отбасында алған тәрбиесіне байланысты екені шүбәсіз. Бұлай дейтініміз, Қарағанды медицина институты емдеу факультетін үздік бітіріп, қызыл дипломын алған қызы Құлзияны ұзатарда анасы: «Сені тапқан анаң - мен бақытты болсын десем, бұдан былай тек Төрөгелді шаңырағынан, атаң мен енеңнің келіні ғана емес, қызы болып бақыт тап», - деп батасын берген екен. Айтса айтқандай, анасының ақ батасын Құлзия жеңешем ақтады.

Ерлі-зайыпты арасындағы сезім тұтастығы қандай болмақ? Төрөгелді ағамның мына бір жазбасы кімді болса да бейжай қалдырмасы анық. «Үйленгенге дейін алты жылды тек қол ұстасып, қыз бен жігіт арасын жалғазан алтын арқау сезімнің құшағында өткіздік. Енді үйленуге бір жыл қалғанда Құлзия ауыр науқасқа ұшырап, сүйіспеншілікпен өткен бес жылғы қарым-қатынасты тоқтатып, тұрмыс құрмауға әрекет жасады. Өзі қәрігер, бұл ауруының айналасына қаншалықты қауіпті екенін біліп, ұлы сезімін құрбандыққа шалмақ болды».

Дегенмен Төрөгелді ағам арманына сай асылы Құлзияны ауруымен бетпе-бет жападан-жалғыз қалдырмады, күш-жігерін жұмсап, бар білімін салып, күн демей, түн демей ізденіп, дертіне дауа, шипалы ем тапты.

Тауқымет тартып, әбден қажыған серігінің сөне бастаған жанары ашыла бастады, ажарлы келбетіне өң кірді, өмірге деген үміті үкіленіп, сенім шоғы маздай бастады.

Құлзия ағамның өзіне деген сүйіспеншілік сезімінің қуатынан әлденді, сауығып, төңірегін қандай қуанышқа кенелтті десеңізші. Тілеулес, ақ баталарын берген ата-енесі де көздеріне «шүкір Алла» деп жас алды. Бұл қуаныш жасы еді.

Ел қазынасы - көнекөз ауыл қарттары кейінгілерге Төрөгелді мен Құлзияны үлгі етіп: «Мастар бір-бірін осылай қадірлеуі керек» деп айтып отыратын. Мас жұбайлар атасы мен әжесін қуанытып, жарық дүниеге ай маңдайлы Алла деген қыз әкелді. Содан соң шекесі торсықтай, ашық маңдай Алмас тұрды. Құлзия ол кезде Ұлытауда қәрігер болып қызмет істейтін. Қасиетті Ұлытау өңіріндегі жұрт әлі күнге дейін Құлзия есімін аса бір ризашылықпен атап, ерекше ықыласпен еске алады. Үлкенге ізет, құрбы-құрдастарына ілтипат, кішіге қамқорлық көрсеткен, дерттеріне дауа, ауруына шипа дарытқан періште көңіл Құлзиясын ұлытаулықтар қалайша ұмытпақ?!

Құлзия сонау өткен ғасырдың жетпісінші жылдарында-ақ, неміс тілімен қатар ағылшын тілін де игеріп алды. Компьютердің қыр-сырымен танысып үлгерді.

1978 жылы Алматыда өткен бүкілқұрнежүзілік Денсаулық сақтау ұйымының конференциясына халықаралық әйелдер комитетінің төрайымы болып қатысты.

Күлзия жеңешем Алма есімді қызын мәпелеп өсірді, жетілдірді, жеткізді, оның сын-сымбатына жұртты сүйсіндірді.

Амал не, қатігез тағдырдың жазуы солай болды ма екен, Алмадан көз жазып қалды. Ана жүрегіне жазылмас жара, қорғасындай зіл батпан салмақ тұсті. Ал Алмас - Төрегелді мен Күлзияның ұлы ғана емес, әлемге танымал ғалым, қазақ медицинасының бетке ұстарына айналды. Алмасың, Алға, Төрехен, Асқар дейтін үш баласы - Күлзия әжесінің сұп-сүйкімді немерелері.

Күлзия - анасының арманын орындаған жан. Ол - Төрегелдідей азаматтың жары, ардақты келін, Алма мен Алмасың маңдайларын төртқұл әлемге ашқан аяулы ана, талант құдіретімен кәсіби шеберлік шыңына шыққан маман, ақжарқын мінезімен әріптестерінің, дос-жарандарының берекесі мен мерекесіне айналған қамқоршы, тұған-тұыстары мен алыс-жақындарын бірлікке, салтанаты жарасқан тірлікке ыңғайлаған мейірім иесі еді.

16 Тақырыпқа қатысты қосымша ақпаратты таңдаңыз.

- A) Күлзия жеңгейдің бір ұлы, бір қызы бар.
- B) Ол әйелдер комитетінің алғашқы төрайымы.
- C) Төрегелді Шарманов – атақты ғалым, академик.
- D) Т. Шарманов тағамтану ғылымы мен білімінің іргетасын қалаушы.

Е

Тестіленуші тест тапсырмасын орындау барысында тақырыпқа қатысты қосымша ақпаратты таңдауы қажет. Жауаптардың үшеуінде мәтіндегі ақпараттар берілсе, бір жауапта мәтінде жоқ қосымша ақпарат беріледі.

Бұл тапсырма тіл үйренушінің төмендегідей білік-дағдыларын қалыптастырады және бағалайды:

- мәтін мазмұнына сүйене отырып талдау қабілеті;
- мәтін тақырыбына сай келетін басқа ақпарат көздерінен алынған қосымша ақпаратты ажырата білу қабілеті.

Т

- 1) Мәтінде Күлзия жеңгейдің бір қызы және ұлы бар екендігі жайлы баяндалады.
- 2) Бұл ақпарат мәтінде қосымша ақпарат ретінде берілген.
- 3) Мәтін мазмұнында Төрегелді Шарманов – атақты ғалым, академик деген ақпарат бар.
- 4) Берілген ақпарат жалпы Т. Шарманов жайлы мәтінге қосымша мәлімет ретінде қамтылған.

17 Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз.

- A) дәрігер, қамқорлық, табиғат, арман, сезім
- B) махаббат, шаңырақ, сезім, денсаулық, жеңге
- C) денсаулық, махаббат, немере, шаңырақ, сана
- D) немере, тауқымет, шаңырақ, жақсылық, сезім

Т

- 1) «Арман», «сезім» сөздері тірек сөздер тізбегінде қолданылғанмен, «табиғат», «дәрігер», «қамқорлық» сөздері – мәтін құрауға негіз бола алмайды.
- 2) «Махаббат», «шаңырақ», «сезім», «денсаулық», «жеңге» сөздері мәтіндегі негізгі ақпаратты білдіретін сөздер.
- 3) «Денсаулық», «махаббат», «шаңырақ», сөздері мәтін құрауға негіз болатын, тірек сөздері қатарына жатқанмен, «сана», «немере» сөздері маңызды ақпаратты білдіре алмайды.
- 4) «Шаңырақ», «сезім» сөздері – тірек сөздер қатарындағы сөздер, ал «немере», «тауқымет», «сезім» сөздері мәтіндегі негізгі ақпаратты білдіруге негіз болмайды.

18 Мәтін бойынша толық және нақты ақпаратты табыңыз.

- A) Күлзия апай адал жар, аяулы ана болған.
- B) Күлзия – Қарағанды медицина институтының үздік түлегі.
- C) Күлзия – кәсіби маман, өз анасының арманын орындаған жан.
- D) Келіннің келген жерінің қызы болып кетуі тәрбиеге байланысты.

Т

- 1) Күлзия апай туралы мәлімет толық берілмеген.
- 2) Мәтінде Күлзия апайдың институтты қызыл дипломмен бітіргені жайлы қосымша ақпарат берілген.
- 3) Күлзия апайдың өз ісінің білікті маманы екендігі жайлы және анасының барған жерінің келіні ғана емес, қызы болып бақыт тап деген батасын бұлжытпай орындауы мәтін мазмұнын толық және нақты етіп ашады.
- 4) Мәтінде келіннің келген жерінің қызы болып кетуі тәрбиеге байланысты екендігі толық ақпарат болып табылмайды.

19 Мәтін мазмұнына сәйкес сұрақ – жауапты табыңыз.

Мәтіндегі қай ақпараттан Күлзияны өз ісінің маманы екендігін байқаймыз?

- A) Күлзия неміс, ағылшын тілдерін жетік білді.
- B) Компьютердің қыр-сырымен танысып үлгерді.
- C) Конференцияға халықаралық әйелдер комитетінің төрайымы болып қатысты.
- D) Талантымен кәсіби шеберлік шыңына шыққан маман, ақжарқын мінезімен әріптестерінің берекесі мен мерекесіне айналған қамқоршы.

Т

- 1) Мәтінде жетпісінші жылдардың өзінде неміс тілімен қатар ағылшын тілін игеріп алғандығы жайлы ақпарат баяндалған.
- 2) Компьютерді игеріп алғандығы жайлы қосымша ақпарат беріледі.
- 3) Мәтінде берілген бұл ақпарат Күлзияның өз ісінің маманы екендігін аша түседі.
- 4) Бұл ақпарат арқылы автор мәтінге жалпылама қорытынды жасаған.

20 Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңыз.

- A) Ол – Төрегелдідей азаматтың жары, ардақты келін, аяулы ана.
- B) Төрегелді аға мен Күлзияның бір-біріне деген сүйіспеншілігі – адалдық дәстүр жалғасы.
- C) Алмас – екеуінің ұлы ғана емес, әлемге танымал ғалым, қазақ медицинасының бетке ұстары.
- D) Келіннің келген жерінің қызына айналып кетуі бала кезінде отбасында алған тәрбиесіне байланысты.

Т

- 1) Мәтіндегі негізгі ойға қосымша ақпарат ретінде берілген.
- 2) Мәтіндегі негізгі ой кейіпкерлер өмірінің махаббаттан бастау алғандығы туралы.
- 3) Берілген ақпарат мәтін мазмұнын толық ашпайды.
- 4) Бұл ақпарат қосымша баяндалған.

21 Мәтінге нақтырақ тақырып таңдаңыз.

- A) Күлзия жеңеше
- B) Атақты адамдар өмірінен
- C) Мейрімділік – асыл қасиет
- D) Әкенің балаға деген махаббаты

Т

- 1) Мәтін мазмұнындағы негізгі ойды ашады.
- 2) Мәтінде атақты адамдар өмірі туралы берілген ақпарат мәтін мазмұнына нақты тақырып бола алмайды.
- 3) Мәтінде мейрімділік деген тақырып мәтін мазмұнында қосымша ретінде ғана қамтылған.
- 4) Мәтін мазмұнында әкенің балаға деген махаббаты туралы айтылмайды.

22

Мәтін мазмұнын нақтылайтын қорытындыны таңдаңыз.

- A) Әке мен ана арасындағы сыйластық.
- B) Жақсылық махаббаттан бастау алады.
- C) Өнегелі ұрпақ өсіріп, немере көрген бақытты жандар аз емес.
- D) Күлзия салтанаты жарасқан тірлікке ыңғайлаған мейірім иесі.

Т

- 1) Әке мен ана арасындағы сыйластығы туралы ақпарат мәтін мазмұнын қорытындылай алмайды.
- 2) Мәтін мазмұнын қорытындылап толық мағына беретін ақпарат.
- 3) Берілген ақпарат тек баяндау ретінде ғана көрсетілген.
- 4) Мәтін соңында берілгенмен, ондағы негізгі ойды нақты қорытындылай алмайды.

23

Мәтіннің бірінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.

- A) Сүйікті жар
- B) Өмір өрнегі
- C) Өнегелі ұрпақ
- D) Атақты адамдар

Т

- 1) Мәтіннің алғашқы азатжолында берілген ақпаратты толық ашады.
- 2) Мәтіннің бірінші азатжолына бұл тақырып негіз болып табылмайды.
- 3) Бұл тақырып мәтіннің негізгі мазмұнын аша алмайды.
- 4) Мәтіннің бірінші азатжолына атақты адамдар деген тақырып дәлірек тақырыпша бола алмайды.

24

Мәтіннің екінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.

- A) Күлзияның достары
- B) Күлзия мен оның отбасы
- C) Күлзия жеңешенің туысқандары
- D) Күлзияға анасының берген батасы

Т

- 1) Мәтіннің екінші бөлігінде Күлзияның достары туралы ақпарат берілмеген.
- 2) Мәтіннің аталған бөлігінде Күлзия мен оның отбасы туралы ақпарат ұсынылмаған.
- 3) Мәтіннің екінші азатжолында Күлзия жеңешенің туысқандары туралы ақпарат жоқ.
- 4) Мәтіннің екінші азатжолына Күлзияға анасының берген батасы жайындағы ақпарат дәлірек тақырыпша болып табылады.

25

Мәтіннің үшінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.

- A) Ұлы сезім
- B) Бақытты әке
- C) Ұлытау өңірі
- D) Ел қазынасы

Т

- 1) Мәтіннің аталған бөлігінде ерлі-зайыпты арасындағы сезім негізгі тақырыпша ретінде ұсынылған.
- 2) Мәтіннің үшінші бөлігінде бақытты әке туралы ақпарат көрсетілмейді.
- 3) Мәтіннің үшінші азатжолындағы Ұлытау өңірі қосымша мәлімет болып табылады.
- 4) Мәтіннің аталған бөлігінде ел қазынасы туралы ақпарат ұсынылмаған.

26 Мәтіндегі ақпаратты жағымды бағалайтын нұсқаны таңдаңыз.

- A) Бақыт – моральдық сана.
- B) Бақытты адамдар бірден байқалып тұрады.
- C) Дүниеде сүйгенін тауып, шаңырақ көтерген, өнегелі ұрпақ өсіріп, немере көрген бақытты жандарды іздеу керек.
- D) Қасиетті Ұлытау өңіріндегі жұрт әлі күнге дейін Күлзия есімін аса бір ризашылықпен атап, ерекше ықыласпен еске алады.

Т

- 1) Бақыт – моральдық сана ұғымы деген сөйлемде ақпарат эмоциялық бағалаушылық ақпарат ретінде берілмеген.
- 2) Мәтінде бақытты адамдар бірден байқалып тұрады деген ақпарат кездеспейді.
- 3) Мәтін мазмұнында дүниеде сүйгенін тауып, шаңырақ көтерген, өнегелі ұрпақ өсіріп, немере көрген бақытты жандарды іздеу керек екені туралы ақпарат жоқ.
- 4) Мәтіннің мазмұны бойынша қасиетті Ұлытау өңіріндегі жұрт әлі күнге дейін Күлзия есімін аса бір ризашылықпен атап, ерекше ықыласпен еске алатыны эмоциялық бағалаушылық ақпарат ретінде ұсынылған.

27 Мәтін мазмұнындағы басты ақпаратқа қарама-қарсы ақпаратты табыңыз.

- A) Ағамыз Күлзияны ауруымен бетпе-бет жападан-жалғыз қалдырмады.
- B) Туған қызынан айрылып қалған Күлзия өз анасының арманын жүзеге асыра алмады.
- C) Жас жұбайлар атасы мен әжесін қуантып, жарық дүниеге ай маңдайлы Алма деген қыз әкелді.
- D) Күлзия ауыр науқасқа ұшырап, сүйіспеншілікпен өткен бес жылғы қарым-қатынасты тоқтатып, тұрмыс құрмауға әрекет жасады.

Т

- 1) Мәтіндегі негізгі ой қарама-қарсы ақпарат ретінде көрсетілмеген.
- 2) Мәтінде Күлзия апай өз қызынан көз үзіп қалғандығы жайлы ақпарат беріледі, бірақ мәтін мазмұнындағы басты ақпаратта Күлзия өз анасының арманын орындаған жан екендігі жайлы айтылған.
- 3) Мәтінде бұл ақпарат тек қосымша баяндалған.
- 4) Бұл ақпарат мәтінде берілгенмен мәтіндегі басты ақпаратқы қарама-қарсы ақпарат бола алмайды.

28 Автор пікірін білдіретін ақпаратты табыңыз.

- A) Жастардың шынайы сезімі.
- B) Жастардың бір-біріне деген адалдығы.
- C) Қарағанды қаласында танымал медицина институты бар.
- D) Күлзия жеңешеміз көзі тірісінде Төрегелді Шарманов өмірінің мәні де, сәні де болған еді.

Т

- 1) Жастардың шынайы сезімі деген ақпарат пікір бола алмайды.
- 2) Мәтіннің мазмұнында жастардың бір-біріне деген адалдығы деген мәлімет автордың пікірі болып табылмайды.
- 3) Мәтінде Қарағанды қаласында танымал медицина институты бар екені туралы ақпарат берілмеген.
- 4) Мәтін мазмұнында автор Күлзия жеңешеміз көзі тірісінде Төрегелді Шарманов өмірінің мәні де, сәні де болғаны туралы айтады.

29 Мәтіндегі себеп-салдарлық қатынасты анықтаңыз.

- A) Күлзияның ауырып қалғандығы.
- B) Төрегелдінің кәсіби маман болғандығы.
- C) Күлзия мейірімді жан болғандықтан, Ұлытау өңірінің жұрты ерекше ықыласпен еске алады.
- D) Алмас Алматыда өткен бүкілдүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымының конференциясына қатысты.

Т

- 1) Күлзияның ауырып қалғаны туралы ақпарат себеп-салдарлық қатынасты көрсетпейді.
- 2) Мәтін мазмұнында Төрегелді кәсіби маман болғаны туралы ақпарат себеп-салдарлық болып табылмайды.
- 3) Мәтінде Күлзия мейірімді жан болғандықтан, Ұлытау өңірінің жұрты ерекше ықыласпен еске алады деген ақпарат қатынасты анықтайды.
- 4) Мәтін мазмұнында Күлзияның Алматыда өткен бүкілдүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымының конференциясына қатысқаны жөніндегі мәлімет себеп-салдарлық қатынасты көрсетпейді.

30 Мәтін мазмұнына қосымша керекті қосымша фактілік аргументті табыңыз.

- A) Күлзия – анасының тілегін орындаған адам.
- B) Төрегелді Шарманұлы Леон Бернар марапатының иегері болған.
- C) Күлзия апай – өз дарынымен кәсіби шеберлік шыңына шыққан жан.
- D) Тауқымет тартып, әбден қажыған серігінің сөне бастаған жанары ашыла бастады.

Е

Тестіленуші мәтін мазмұнындағы фактілерді маңыздылық дәрежесіне қарай таңдауы тиіс. Ол үшін мәтіннің логикалық өрбуін нақты түсінуі керек. Жауаптардың үшеуінде мәтіндегі фактілер маңыздылық дәрежесі сақталмай берілсе, бір жауапта мәтіндегі фактілер маңыздылық дәрежесіне сәйкес берілген.

Бұл тапсырма тіл үйренушінің төмендегідей білік-дағдыларын қалыптастырады және бағалайды:

- мәтін мазмұнына сүйене отырып талдау қабілеті;
- мәтіннің логикалық өрбуін түсіну қабілеті.

Т

- 1) Күлзия – анасының тілегін орындаған адам деген ақпарат мәтін мазмұнына керекті қосымша фактілік аргумент болып табылмайды.
- 2) Мәтінде қосымша фактілік аргумент ретінде ұсынылған.
- 3) Мәтінде Күлзия апай – өз дарынымен кәсіби шеберлік шыңына шыққан жан деген ақпарат мәтін мазмұнына керекті қосымша фактілік аргумент болып келмейді.
- 4) Бұл ақпарат мәтінде қосымша баяндалады.

3-МӘТІН

Астана күні мерекесінің іс-шаралары аясында “Ханшатыр” сауда-ойын-сауық орталығы салтанатты жағдайда ашылды. Салтанатты рәсім шалқыған “Сарыарқа” күйінің орындалуымен ашылды. Одан соң мәртебелі меймандар мен көпшілік көрермендерге театрландырылған “Көшпенділер” қойылымы ұсынылды. Қазақ үйлер жылжып барады, түйе жетектеген, сәйгүліктер мінген арқалар келеді. Қазақ үйлерді екі жақтан батырлар күзетіп барады. Енді айт мініп, сауық құрған қыз-жігіттер көрінді. Олар “Молдабай” әнін шырқап жатса, басқалары әнге қосылып, би билеуде. Сәлден кейін айт құлағында ойнаған цирк өнерпаздары бірінен соң бірі өнерлерін көрсетіп өтті. “Көшпенділер” - өткен күннің елесін көз алдыға әкеліп, ата-бабаларымыздың тұрмыс-салтынан хабардар етеді. Маз жайлауға, қыс қыстауға көшу көшпенділердің тыныс-тіршілігі мен дәстүрі ғана емес, мезгіл мерекесі әрі сән-салтанаты жарасқан табиғи үрдісі екені тарихтан белгілі. Салтанатты рәсім барысында, сондай-ақ, көшпенділердің жылдар бойы қалыптасқан мақсат-мұраттарын жеткізетін, тарихи мұралар мен ауыз әдебиетінде сақталған жазба деректерден алынған қойылым да көрсетілді. Көрсетілімде ұлттық ойындардың кейбір элементтері кіріктірілген, ол өткен күнге бір сәт саяхат жасауға мүмкіндік береді. Артынан Махамбет батырдың атымен “Егеулі найза қолға алмай” өлеңінен үзінді оқылып, Құрманғазы атындағы оркестр Махамбеттің “Жорық” күйін нақышына келтіре орындап, жиналған қауымды тәнті етті. Салтанатты рәсім әрі қарай Қазақстан өнер шеберлерінің ән шашуымен жалғасты. Президент сарайы - Ақордадан бастап алған бас қаланың ғажайып ғимараты Астана қаласы жаңа орталығының, дәл кіндігінде орналасқан. Орталық, қаладағы ерекше маңызды нысандардың бірі болып табылады. Бірегей кешен жобасының авторы - әлемге танымал ағылшын сәулетшісі Лорд Норман Фостер. Атауының өзі айтып тұрғандай, биіктігі 150 метрлік әсем ғимарат көшпелі халықтың қолымен тұрғызылған Ханшатырларының жиынтығы іспеттес. Көз алдыға есіктерін айқара ашып тұрған Ханшатырларын елестетіп, таң-тамаша қалдырады.

Орталықтың бірегей сәулет-құрылысы ежелгі Сарыарқаның қатал климатына бір өзі төтеп беретіндей келісті ойластырылған. Оның ішкі жағы көздің жауын алатын бірнеше табиғи ландшафтпен өрнектеліп, безендірілген. Мысалы жарық, ылғалдылық пен температура жыл бойы бапталып, бақыланады. Масатыдай құлпырып, жасыл желекпен көмкерілген баспалдақты дәлізді көргенде, есіңізге жыл он екі ай жап-жасыл болып тұратын климаттық белдеулер түседі. Ал соңғы үлгідегі сапалы материалдармен қапталған ғимараттың құрылыстары арқылы түскен табиғи жарық айналып ерекше бір нұрға бөлейді. Ғимараттың әрбір қабатында мейрамханалар мен қамханалар жұмыс істейді. Оларда құние жүзі асханаларының тәжірибелі аспаздары астаналықтар мен елорда қонақтарына тіл үйретін дәмді ас дайындайтын болады. Ал алтыншы қабатына жүзу бассейні, аквапарк және әмбебап жабық жағажай орналасқан. Сондай-ақ, орталыққа келіп демалушылар құс жолы биіктігінен Астананың көрікті жерлерін тамашалай алады. Көрікті келбетімен көз тартатын бас қаламыздың сәулетіне сән қосатын бұл тамаша архитектуралық нысанда қала тұрғындары мен қонақтары дос уақытын барынша жайлы да көңілді өткізетін басқа да ойын-сауық орындары молынан қамтылған.

Тольф кіші алаңы, шағын көл, ботаникалық саябақ, жабық жағажай, сән орталықтары мен косметикалық салондар, концерт залдары, сауда орталықтары,

Бес жұлдызды қонақүйі бар шыны шатырлы алып орталық, шын мәнінде астаналықтар мен қала қонақтарының, тамаша демалыс және сауда орындарының бірегейі болып табылады. Сондай-ақ, “Ханшатыр” әлемдегі ең үлкен нысандардың бірі десек, қателеспейміз. Ал жобаның ерекшелігі, оның ішкі климаты ғимараттағы қазіргі заманғы автоматтық ұралдар арқылы қадағалатындығында жатыр. “Ханшатырдың” астыңғы қабатында 700 орынды автотұрақ, бұдан бөлек орталықтың іші мен сыртында 1400 автокөлікке есептелген автотұрақ тағы бар. Сонымен қатар, көрмелер мен мәдени-көпшілік іс-шаралар өткізетін алаңдар, залдар да жетерлік. Ал орталықтың 40 мың шаршы метрін мейрамханалар мен қамханалар, дүкендер мен кинотеатрлар алып жатыр. Келушілер мұнда білікті аспаздар қайындаған дәмді тағамдардан дәм татып, әлемнің үздік кинорежиссерлерінің тұындыларын тамашалай алады.

Бұдан кейін қонақтарға еліміздегі этно-мәдени бірлестіктердің өнер ұжымдары мен балет әртістері қайындаған “Күн адамдары” атты би қойылымы ұсынылды. Ал бағдарламаның келесі бөлігі қазақстандық және шетелдік өнер шеберлерінің шырқаған әндерімен әрі қарай жалғасты. Бұл мерекелік шарада мәртебелі меймандар мен көрермен қауым, сондай-ақ Мемлекеттік капелланың жиынтық хоры мен “Ханшатыр” ойын-сауық орталығының салтанатты ашылу рәсіміне арнайы шақырылған әлемге танымал әнші Адриано Бочеллидің концертін тамашалады.

31 Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.

- A) Астанада «Көшпенділер» сарайы ашылды.
- B) «Молдабай» – Махамбеттің танымал күйі.
- C) Астанада «Ханшатыр» орталығы ашылды.
- D) Сарыарқа ауданында ботаникалық бақ ашылды.

Т

- 1) Мәтінде Астана қаласында «Көшпенділер» сарайы ашылғандығы туралы ақпарат берілмеген.
- 2) «Молдабай» – қыз-жігіттердің шырқаған әні.
- 3) Мәтінде Астанада «Ханшатыр» орталығы ашылғандығы туралы негізгі ақпаратты шынайы тұжырымдайды.
- 4) Мәтін мазмұнында Сарыарқа ауданында ботаникалық бақ ашылғандығы туралы ақпарат көрсетілмеген.

32 Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз.

- A) Сарыарқа, қойылым, күй, сарай, сәулет өнері
- B) автотұрақ, көрме, найза, концерт залы, қойылым
- C) Астана, орталық, балет, ботаникалық саябақ, күй
- D) мейрамхана, қала, саябақ, ботаникалық саябақ, жағажай

Т

- 1) «Сарыарқа», «қойылым», «күй», «сарай», «сәулет өнері» сөздері тірек сөздер болып табылады.
- 2) «Автотұрақ», «көрме», «қойылым» сөздері мәтін мазмұнын ашатын тірек сөздер болғанымен, «найза», «концерт залы» тірек сөздер бола алмайды.
- 3) Мәтін мазмұнында «Астана», «орталық», «күй» сөздері мәтін мазмұнында жиі қолданылығымен, «балет», «ботаникалық саябақ» сөздері – мәтіндегі қосымша ақпаратты білдіру барысында қолданылатын сөздер.
- 4) Берілген сөздерің бәрі тірек сөздер қатарына жатпайды.

33 Мәтін бойынша толық және нақты ақпаратты табыңыз.

- A) Ашылуда «Молдабай» қойылымы қойылды.
- B) Астанада сәулетшілер қойылымы болып өтті.
- C) Жаңа мейрамхананың ашылу салтанаты болды.
- D) Кешен авторы – сәулетші Лорд Норман Фостер.



- 1) Мәтінде «Ханшатырдың» ашылу салтанатында «Молдабай» қойылымы емес, ән шырқалғандығы туралы ақпарат берілген.
- 2) Мәтін мазмұнына сүйенсек, Астанада сәулетшілер қойылымы емес, «Көшпенділер» қойылымы болып өтті.
- 3) Мәтінде жаңа мейрамхананың ашылу салтанаты болғандығы туралы ақпарат берілмеген.
- 4) «Ханшатыр» кешенінің авторы сәулетші Лорд Норман Фостер екендігі туралы ақпарат – мәтіндегі толық әрі нақты ақпарат.

34 Мәтін мазмұнына сәйкес жауапты табыңыз.

Астанада ненің ашылу салтанаты болды?

- A) ботаникалық жағажайдың
- B) сауда-ойын-сауық орталығының
- C) «Сарыарқа» сауда орталығының
- D) «Жорық» ойын-сауық орталығының



- 1) Астана қаласында ботаникалық жағажайдың ашылу салтанаты болғандығы туралы ақпарат – мәтіндегі шынайы ақпарат емес.
- 2) Астанада сауда-ойын-сауық орталығының ашылу салтанаты өткендігі туралы – ақпарат мәтіндегі негізгі ақпарат.
- 3) Астанада «Сарыарқа» сауда орталығының ашылу салтанаты мәтіндегі ақпаратқа сәйкес келмейді.
- 4) Мәтінде Астана қаласында «Жорық» ойын-сауық орталығының ашылғандығы туралы ақпарат берілмеген.

35 Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңыз.

- A) Елордадағы Президент Сарайы туралы
- B) «Ханшатыр» орталығының ашылуы туралы
- C) Ұлттық мейрамханалардың ашылуы туралы
- D) Астанада 700 орынды автотұрақтың ашылғаны туралы



- 1) Мәтінде Елордадағы Президент Сарайы туралы айтылмайды.
- 2) Мәтіндегі «Ханшатыр» орталығының ашылуы туралы ақпарат негізгі ойды білдіреді.
- 3) Ұлттық мейрамханалардың ашылуы туралы ақпарат көрсетілмейді.
- 4) Астанада 700 орынды автотұрақтың ашылғаны - қосымша ақпарат болғандықтан, негізгі ой бола алмайды.

36 Мәтінге нақтырақ тақырып таңдаңыз.

- A) Махамбет күйлері
- B) Президент Сарайы
- C) Түрік Республикасы
- D) «Ханшатыр» орталығы



- 1) Мәтінге «Махамбет күйлері» тақырыбы нақты тақырып бола алмайды.
- 2) «Президент Сарайы» тақырыбы мәтін мазмұнын толық ашпайтындықтан, нақты тақырып болмайды.
- 3) Мәтін мазмұнын «Түрік Республикасы» деген тақырып аша алмайды.
- 4) «Ханшатыр» орталығы тақырыбы мәтін мазмұнын толық ашатын тақырып болып табылады.

37 Мәтіндегі ақпаратты нақтылайтын қорытындыны таңдаңыз.

- A) Ғимарат бүгінгі таңның арнайы құрылғылармен жабдықталған.
- B) Адриано Бочеллиді ойын-сауық орталығының ашылуына арнайы шақырған.
- C) Орталықтың сәулет құрылысы қаланың қатал климатына келісті ойластырылған.
- D) Ойын-сауық орталығының ашылу салтанаты әдемі қойылымдармен қатар өнер шеберлерінің әндерімен жалғасты.

Т

- 1) Мәтінде берілген ақпарат тек баяндау ретінде беріледі.
- 2) Адриано Бочеллидің арнайы қонақ болып келуі ақпараттағы нақты қорытынды болып табылмайды.
- 3) Мәтінде сәулет өнерінің құрылысы Сарыарқа климатына сай жасалғандығы жайлы қосымша ақпарат берілген.
- 4) Ұсынылған ақпарат мәтіннің қорытындысы ретінде қамтылған.

38 Мәтіннің бірінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.

- A) Ресей Федерациясы
- B) Салтанатты ашылу
- C) Құрманғазы күйлері
- D) Қазақ сәулетшілері

Т

- 1) Мәтіндегі бірінші азатжолға «Ресей Федерациясы» тақырыпшасы дәлірек тақырыпша бола алмайды.
- 2) Мәтіннің алғашқы азатжолында Ханшатырыдың ашылу салтанаты туралы ақпарат, «Салтанатты ашылу» тақырыпшасын дәлірек ашады.
- 3) Мәтіндегі бірінші азатжолда Құрманғазы атындағы оркестрдің орындаған күйлері туралы ақпарат қосымша болып табылады, әрі бұл туралы ақпарат мәтіннің алғашқы азат жолында айтылмаған, сол себепті «Құрманғазы күйлері» тақырыпшасы дәлірек тақырыпша бола алмайды.
- 4) Мәтіннің алғашқы азат жолына «Қазақ сәулетшілері» тақырыпшасы дәлірек тақырыпша бола алмайды.

39 Мәтіннің екінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.

- A) Қазақ шеберлері
- B) Ресей Президенті
- C) Орталық құрылысы
- D) «Көшпенділер» қойылымы

Т

- 1) Мәтіндегі екінші азатжолға «Қазақ шеберлері» тақырыпшасы дәлірек тақырыпша бола алмайды.
- 2) Мәтіннің екінші азатжолында Ресей Президенті туралы сөз қозғалмаған.
- 3) Мәтіннің екінші азатжолына «Орталық құрылысы» тақырыпшасы дәлірек тақырыпша бола алады.
- 4) Мәтінде «Көшпенділер қойылымы» туралы ақпарат қосымша ақпарат ретінде айтылған, әрі бұл ақпарат мәтіннің екінші азатжолында қарастырылмаған.

40 Мәтіннің үшінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.

- A) Білікті аспаздар
- B) «Сарыарқа» күйі
- C) Махамбет ауданы
- D) Ханшатырдың көрінісі

Т

- 1) Мәтіндегі үшінші азатжолда мейрамханалардың дәмді тағамдары туралы сөз қозғалғанымен, аспаздар туралы ақпарат берілмейді.
- 2) «Сарыарқа күйімен» орталықтың ашылғандығы мәтіннің алғашқы азатжолында қосымша ақпарат ретінде айтылған.
- 3) Мәтіннің үшінші азатжолына «Махамбет ауданы» тақырыпшасы дәлірек тақырыпша бола алмайды.
- 4) Мәтінде «Ханшатыр көрінісі» негізгі ақпарат ретінде берілгендіктен әрі мәтіннің осы бөлігінде Ханшатыр ойын-сауық орталығының көрінісі сипатталатындықтан, алынған тақырыпша мәтін бөлігінің мазмұнын аша алады.

41 Мәтіндегі ақпаратты жағымды бағалайтын нұсқаны таңдаңыз.

- A) Театрландырылған «Көшпенділер» қойылымы ұсынылды.
- B) «Ханшатыр» – дүниежүзіндегі ең үлкен нысандардың бірі.
- C) Қойылымнан кейін Махамбеттің «Жорық» күйі орындалды.
- D) Украина жерінде Қазақстан өнер шеберлерінің еңбегі жоғары бағаланады.

Т

- 1) Театрландырылған «Көшпенділер» қойылымы ұсынылғандығы туралы ақпарат мәтіндегі ақпаратты эмоциялық тұрғыда ашпайды.
- 2) «Ханшатыр» дүниежүзіндегі ең үлкен нысандардың бірі екендігі туралы ақпарат мәтін мазмұнына қосымша берілген.
- 3) Қойылымнан кейін Махамбеттің «Жорық» күйінің орындалуы қосымша баяндалған.
- 4) Украина жерінде Қазақстан өнер шеберлерінің еңбегі жоғары бағаланатындығы туралы ақпарат мәтіндегі ақпаратты эмоциялық-бағалаушылық тұрғыда ашады.

42 Мәтін мазмұнындағы басты ақпаратқа қарама-қарсы ақпаратты табыңыз.

- A) Астанада демалуға арналған көрікті жерлер өте көп.
- B) Ханшатырдың төменгі қабатында автотұрақ орындары бар.
- C) Орталықтың ішінде мейрамханалар мен дәмханалар, дүкендер мен кинотетрлар орналасқан.
- D) Астанада «Ханшатыр» орталығының ашылу салтанаты ауа райының бұзылуына байланысты басқа күнге ауыстырылды.

Т

- 1) Астанада демалуға арналған көрікті жерлердің көп болуы мәтіндегі қосымша ақпарат.
- 2) Мәтіндегі негізгі ойды ашу үшін берілген ақпарат.
- 3) Бұл ақпарат алдыңғы берілген ақпаратты толықтыра түседі.
- 4) Астанада «Ханшатыр» орталығының ашылу салтанаты басқа күнге ауыстырылғаны туралы ақпарат көрсетілмейді.

43 Автордың пікірін білдіретін ақпаратты таңдаңыз.

- A) Астананың табиғатын сипаттау.
- B) Орталықтың ашылуы туралы ақпарат беру.
- C) Құрманғазының шығармашылығын баяндау.
- D) «Жорық» күйінің шығу тарихы туралы баяндау.

Т

- 1) Астананың табиғатын сипаттау туралы ақпарат автордың пікірін білдіретін ақпарат бола алмайды.
- 2) Орталықтың ашылуы - автордың пікірін білдіретін ақпарат.
- 3) Құрманғазының шығармашылығы автордың пікірін білдіретін ақпарат бола алмайды.
- 4) «Жорық» күйінің шығу тарихы автор пікірі бола алмайды.

44 Мәтіндегі себеп-салдарлық байланысты анықтаңыз.

Қазақстанға танымал әнші Андриано Бочелли келді, өйткені ол

- A) Астана қаласында жеке концертін өткізді
- B) көптеген қазақстандықтардың сүйікті әншісі
- C) орталықтың ашылуына арнайы шақырылды
- D) шетелдік өнерпаздардың атынан өкіл ретінде келді

Т

- 1) Қазақстандықтардың сүйікті әншісі болғанымен, Андриано Бочеллидің Қазақстанға келуінің себебі бұл емес.
- 2) Әншінің Астанада жеке концерті өткен емес.
- 3) Танымал әнші Андриано Бочелли орталықтың ашылуына арнайы шақырылуына байланысты келді.
- 4) Орталықтың ашылуына байланысты шетелдік өнерпаздардың атынан өкіл шақырылмаған.

45 Мәтін аңдатпасын толықтырыңыз.

Мәтін ... туралы.

- A) өнер ұжымдарының тарихы
- B) ұлттық оркестрдің құрылуы
- C) «Ханшатыр» орталығының ашылуы
- D) Махамбет ақынның өмірі мен шығармашылығы

Е

Тіл үйренушінің назарына ұсынылып отырылған тест тапсырмасы мәтін аңдатпасын мәтін мазмұнына сәйкес талдауы қажет. Мәтін аңдатпасы мәтіннің негізгі идеясын тұжырымдайтын ақпарат болып табылады.

Бұл тапсырма тіл үйренушінің келесі білік-дағдыларын қалыптастырады және бағалайды:

- мәтіндегі маңызды және екінші дәрежелі ақпараттарды өзара салыстыру;
- мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды жауаптардағы ақпаратпен салыстыру;
- мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттан эмоциялық-бағалаушылық ақпаратты анықтай білу қабілеттерін бағалау;
- мәтіндегі жалпы ақпаратты қорытындылайтын тұжырымды таба білу.

Т

- 1) Мәтінде өнер ұжымдарының тарихы туралы ақпарат айтылмайды.
- 2) Мәтін мазмұнында ұлттық оркестрдің өнер көрсеткендігі ғана айтылған.
- 3) «Ханшатыр» орталығының ашылуы мәтіндегі негізгі ақпарат.
- 4) Орталықтың ашылуында Махамбет ақынның тек өлеңдері оқылып, күйлері тартылған.

46 Мәтін мазмұнын ретімен көрсетіңіз.

- A) орталық сипаты, салтанатты ашылу
- B) арнайы шақырылған әнші, орталық сипаты
- C) ботаникалық саябақ, салтанатты ашылу
- D) салтанатты ашылу, орталық сипаты

Е

Тест тапсырмасы мәтін мазмұнын ретімен көрсетуі керек. Бұл тапсырманы мәтін мазмұнындағы ақпараттарды ретімен түсінгенде ғана орындалады. Үш жауапта мәтін мазмұнындағы негізгі ақпараттар ретімен көрсетілмейді, бір жауапта ғана мәтін мазмұнындағы ақпараттар ретімен көрсетіледі.

Бұл тапсырма тіл үйренушінің төмендегідей білік-дағдыларын қалыптастырады және бағалайды:

- мәтіндегі маңызды және екінші дәрежелі ақпараттарды толық түсіну;
- мәтін мазмұнын жалпы қорытындылайтын ақпаратты анықтай алу;
- мәтін мазмұнындағы ақпараттарды ретімен санамалай білу.

Т

- 1) Мәтін мазмұнына сүйенсек, орталық сипаты туралы мәлімет салтанатты ашылудан кейін ғана келтірілген.
- 2) Арнайы шақырылған әнші туралы ақпарат мәтін соңында берілген.
- 3) Мәтін мазмұнына сүйенсек, ботаникалық саябақ, салтанатты ашылу туралы ақпараттар мәтіннің мазмұнын ретімен көрсетіп тұрған жоқ.
- 4) Мәтін мазмұны бойынша алдымен салтанатты ашылу, кейін орталық сипаты туралы ақпарат ретімен берілген.

47 Мәтін мазмұнына қосымша керекті фактілік аргументті табыңыз.

- A) Махамбет – қазақтың танымал батыр ақыны.
- B) “Ханшатыр” әлемдегі ең үлкен нысандардың бірі.
- C) Сарыарқа даңғылында «Ханшатыр» орталығы ашылды.
- D) Ғимараттың әрбір қабатында мейрамханалар мен дәмханалар жұмыс істейді.

Т

- 1) Махамбет – қазақтың танымал батыр ақыны екендігі туралы ақпарат мәтін мазмұнында айтылмаған, сондықтан мәтін мазмұнына қатысты қосымша ақпарат болады.
- 2) Мәтінде берілген ақпарат қосымша баяндалған.
- 3) Бұл ақпарат орталықтың ашылғандығы жөнінде хабарлайды.
- 4) Мәтінде бұл ақпарат қосымша сипатталған.

48 Мәтіндегі маңызды сөйлемді табыңыз.

- A) Енді ат мініп, сауық құрған қыз-жігіттер көрінді.
- B) Цирк өнерпаздары бірінен соң бірі өнерлерін көрсетіп өтті.
- C) Олар “Молдабай” әнін шырқады, басқалары әнге қосылып, би билеуде.
- D) Орталықтың салтанатты рәсімі шалқыған “Сарыарқа” күйінің орындалуы мен ашылды.

Т

- 1) Ат мініп, сауық құрған қыз-жігіттер көрінгендігі туралы ақпарат мәтіндегі негізгі ақпаратты білдірмейтіндіктен, маңызды сөйлем емес.
- 2) Цирк өнерпаздары бірінен соң бірі өнерлерін көрсетіп өтетіндігі туралы ақпарат мәтіндегі қосымша ақпаратты білдіретіндіктен, маңызды сөйлем емес.
- 3) Олар “Молдабай” әнін шырқады, басқалары әнге қосылып, би билеуі туралы ақпарат мәтіндегі негізгі ақпаратты білдірмейді.
- 4) Салтанатты рәсім шалқыған “Сарыарқа” күйінің орындалуымен ашылғандығы туралы ақпарат мәтіндегі негізгі ақпаратты білдіретіндіктен, маңызды сөйлем бола алады.

47 Мәтін мазмұнындағы фактілерді маңыздылық дәрежесіне қарай таңдаңыз.

- A) орталық сипаты, Махамбет күйлері, мерекелік іс-шара
- B) мерекелік ісшара, Құрманғазы оркестрі, өнер шеберлері
- C) орталықтың ашылуы, орталық сипаты, мерекелік іс-шара
- D) өнер шеберлері, Астаналық қойылым, Түркия Республикасы

Т

- 1) Орталық сипаты, Махамбет күйлері, мерекелік іс-шара туралы ақпарат мәтін мазмұнын маңыздылық дәрежесіне қарай бөлшектеп тұрған жоқ.
- 2) Мерекелік ісшара, Құрманғазы оркестрі, өнер шеберлері фактілері мазмұны жағынан негізгі фактілер қатарына енбейді.
- 3) Орталықтың ашылуы, орталық сипаты, мерекелік іс-шара туралы фактілер мәтін мазмұнындағы фактілерді маңыздылық дәрежесіне қарай жіктеп көрсеткен.
- 4) Өнер шеберлері, Астаналық қойылым, Түркия Республикасы жайлы фактілер мәтін мазмұнының маңыздылық дәрежесіне қарай жіктелмеген.

50

Тақырыпқа қатысты қосымша ақпаратты таңдаңыз.

- A) «Ханшатырда» кіші гольф алаңы бар.
- B) Салтанатты рәсімде мерекелік іс-шара өтті.
- C) «Ханшатыр» құрылысы төрт жылға созылды.
- D) Ашылуда «Күн адамдары» атты би қойылымы болды.

Т

- 1) «Ханшатырда» кіші гольф алаңы бар екендігі туралы ақпарат мәтінде нақты айтылған.
- 2) Салтанатты рәсімде мерекелік іс-шара өткендігі туралы ақпарат мәтінде кездесетіндіктен, мәтін мазмұнына қатысты қосымша ақпарат болмайды.
- 3) Мәтін мазмұнына берілген қосымша ақпарат.
- 4) Ашылуда «Күн адамдары» атты би қойылымы болғандығы туралы мәлімет мәтін мазмұнына қатысты қосымша ақпарат бола алмайды.

3

Оқылым бөлігі. Қорытынды тест

1-мәтін

Мақссылық жасау, біреуге қол ұшын беру, махаббат, құрмет көрсету - бұлардың барлығы да адамдық құндылықтар. Десе де осы құндылықтардың арасында өте нәзік бір құндылық бар, ол адалдық деп аталады. Себебі адамдардың бауырмал болып бір жерде өмір сүрулері үшін ең алдымен әділдік керек. Әділеттік адалдықтың топырағында тамыр жайған ғұл секілді.

Бағзы бір заманда, шалғай бір елде бір патша өмір сүріпті. Патша адамдық құндылықтардың барлығына бірдей мән беріпті де, адалдыққа айрықша қарайды екен. Ұзақ жылдар бойы елін адалдықпен, әділдікпен басқарып, халқы оны осы қасиеті үшін қатты сыйлапты. Өкініштісі, ол әбден қартайған екен. Сол себептен, өзінен кейін ел басқаратын адамның таққа отыруы керек еді. Тағдырдың ісіне не шара, патшаның ұлдан тұяғы болмапты.

Сондықтан да, өзінен кейін таққа отыратын адамды халықтың арасынан таңдауға бекініпті. Патша мұрагер болуға лайықты адамды таңдау үшін қатты ойланпты. Басын қатырмай қайтсін, өйткені кімді таңдаса да, өте адал адамды шатаспай табуы керек қой.

Ақыры, бір ойға бекініпті. Елдегі барлық балаларды сарайдың бағына жинауды бұйырпты. Бір күннен кейін сарайдың бағына жүздеген, мыңдаған бала жиналыпты. Патша, балаларды аралап келіп, алақандарына құйттай бір нәрсе салыпты. Сосын: «Сендерге бір-бірден қән бердім. Үйлеріңе барғаннан кейін тұқымды отырғызыңдар. Бір айдан кейін маған кімде-кім ең әдемі ғұл әкелсе, осы елдің менен кейінгі патшасы болу бақыты сол балаға бұйырмақ», - депті.

Риза болған балалар үйлеріне қайтыпты. Аналарынан құмыра алып, патшаның берген қәнін сол құмыраға топырақпен отырғызыпты. Түлді күнделікті сұғарып, бар ықыластарын қәнге арнапты. Бұл балалардың арасында Яхия есімді бір бала бар екен. Ол да басқалар секілді, анасынан бір құмыра алып, ішіне топырақ салып, қәнді отырғызып, сұғарып, өсуді күтіпті. Алайда, арада он күн өтсе де, құмырада ештеңе де көктемепті. Яхия бұған қатты қапаланыпты. Бір нәрсені қатте жасап қойдым ба екен деп, анасынан тағы бір құмыра сұрапты. Оған басқа топырақ салып, қәнді өсіріп, тағы күтіпті. Алайда, арада он күн өтсе де, ештеңе де өспепті. Яхияның басқа шарасы қалмапты.

Патшаның берген мерзімі бітіп, балалар сарайға қарай бет алыпты. Құмыралар түрлі-түсті ғұлдерге толыпты. Біреулері шегірғұл, екіншілері лалағұл, енді біреулері аппақ раушан ғұл өсіріп, әкеліпті. Патша балалардың өсірген ғұлдерін жеке-жеке тексеріпті. Бәріне де риза болыпты. Балалардың әр қайсысының маңдайынан сүйіп, дос құмыра ұстаған Яхияға бұрылып: «Сенің, құтың, неге дос?» - деп сұрайды. Яхия ұялғанынан төмен қарап: «Сіздің берген қәніңізді бар ықыласыммен отырғыздым, баптадым, сұғардым. Бірақ, еш нәтиже бермеді. Топырағын да ауыстырдым.

Бәрібір көктемеді. Мүмкін бір қатте жасадым ба? Өзім де түсіне алмай тұрмын. Кешіріңіз, хан-ием,» - депті.

Патша күлімсіреп еңкейіп, баланың бетінен сүйіп: «Қана болма, балақай. Осы елдің менен кейінгі патшасы болу бақыты саған бұйырылты», - депті.

Жиналған жұртшылық таңданыспен қарап қалыпты. Патшаға жақын адамның бірі шыдай алмай: «Мұншама гүл өсірген балалар тұрғанда, құр құмыраны ғана әкелген баланы таңдағаныңыз қалай?», - деп сұранты. Патша: «Себебі маған ең керемет гүлді бос құмырамен мына бала сыйлады,» - деп жауап қайтарылты.

Патшаның көмекшісі одан сайын таң қалыпты. Патша сөзін жалғастырып: «Негізінде құмыралардың барлығы бос әрі гүлсіз болуы керек еді, себебі мен балаларға қәннің орнына қара моншақ таратқан едім. Бәрі де жалған әрекет жасап, мені алдады. Тек мына бала ғана шындықты көрсетті. Осы бала өскеннен кейін менің орнымды басып, осы елдің патшасы болмақ. Осы бала ғана елде әділеттік орната алады. Енді бәрі түсінікті ме?» - депті.

Патшаның көмекшісі де, жиналған жұртшылық та мән-жайды түсініпті. Түсініпті де болашақта елінің аса әділ патшамен қауышатынын ойлап, көздеріне жас алыпты.

1 Тақырыпқа қатысты қосымша ақпаратты таңдаңыз.

- A) Адалдық – адамдық құндылық.
- B) Мейірімді болу оңай, әділ болу қиын.
- C) Өзі таза адам өзгеге күйе жаға алмайды.
- D) Адалдық жүрген жерде, адамдық жүреді.

2 Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз.

- A) патша, адал адам, табу, бұйрық, дән, гүл, мерзім, бала
- B) таңқалу, патша, моншақ, патша болу бақыты, шындық
- C) адалдық, патша, бала, тапсырма, гүл, бос құмыра, мұрагер
- D) Патшаның көмекшісі, жалған әрекет, құмыралар, бос, адалдық

3 Мәтін бойынша толық және нақты ақпаратты табыңыз.

- A) Патшаның тапқан мұрагері.
- B) Мұрагер болуға лайықты адам іздеді.
- C) Патша берген дәннен ештеңе шықпады.
- D) Патша ел болашағын ойлайтын әділ мұрагер таңдады.

4 Мәтін мазмұна сәйкес жауапты табыңыз.

Патша балаларға гүл өсіру үшін не берді?

- A) тас
- B) гүл ұрығы
- C) гүл тұқым
- D) қара моншақ

5 Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңыз.

- A) Кең пейілді кем болмас.
- B) Асылдың бірі — адалдық.
- C) Арқанды ат қазығына оралар.
- D) Арамзаның құйрығы бір-ақ тұтам.

6 Мәтінге нақтырақ тақырып таңдаңыз.

- A) Адалдық жемісі
- B) Адалдық пен арамдық
- C) Алданғаннан болсаң да, алдағаннан болма
- D) Адалдық – адам мінезіндегі бағалы қасиет

7 Мәтін мазмұнын нақтылайтын қорытындыны таңдаңыз.

- A) Адалдық – ардың ісі.
- B) Қоғамның әр мүшесі адал болуға тырысады.
- C) Адалдық адамның жеке басы мен моральдық тұлғасын сипаттайды.
- D) Қарапайым халық әрқашан да адалдық қасиеттерін кіршіксіз таза ұстауға ұмтылады.

8 Мәтіннің бірінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.

- A) Жақсылық жасау
- B) Әділдік патшалығы
- C) Адамдық құндылықтар
- D) Ең басты құндылық – адалдық

9 Мәтіннің екінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.

- A) Мұрагер таңдау
- B) Патшаның шешімі
- C) Патшаның өкініші
- D) Бір патша болыпты

10 Мәтіннің үшінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.

- A) Мұрагер таңдау
- B) Патша болу бақыты
- C) Яхия есімді бір бала
- D) Патшаның тапсырмасы

11 Мәтіндегі ақпараттарды жағымды бағалайтын нұсқаны таңдаңыз.

- A) Патша көмекшілері ешнәрсе түсінбеді.
- B) Риза болған балалар үйлеріне қайтыпты.
- C) Данышпан патша өзінің даналығын байқатты.
- D) Патшаға жақын адамдар да еш нәрсе түсінбеді.

- 12) Мәтін мазмұнындағы басты ақпаратқа қарама-қарсы ақпаратты таңдаңыз.
- A) Жақсылық жасау қажет.
 B) Патша көмекшісі таң қалыпты.
 C) Адалдықпен мұратқа жету қиын.
 D) Осы бала ғана елде әділеттік орната алады.
- 13) Автордың пікірін білдіретін ақпаратты таңдаңыз.
- A) Бәрі де жалған әрекет жасап, мені алдады.
 B) Осы бала ғана елде әділеттік орната алады.
 C) «Енді бәрі түсінікті ме?» - депті.
 D) Патшаның көмекшісі де, жиналған жұртшылық та мән-жайды түсініпті.
- 14) Мәтіндегі себеп-салдарлық байланысты анықтаңыз.
- A) Патша бәріне риза болды
 B) Құмыралар гүлге толды, түрлі гүлдер болды.
 C) Бала көп еңбектенді, бір емес, екінші рет топырағын өзгертті.
 D) Мен дәннің орнына қара моншақ тараттым, құмыралардың барлығы бос болуы керек.
- 15) Мәтін мазмұнына керекті қосымша фактілік аргументті табыңыз.
- A) Пифагор менің досым, шындық одан қымбат.
 B) Әділеттілік адалдықтың топырағында тамыр жаяды.
 C) “Алдау қоспай, адал еңбегін сатқан, қолы өнерлі – қазақтың әулиесі сол”, - дейді Абай.
 D) Жақсылық жасау, біреуге қол ұшын беру, махаббат, құрмет көрсету – адами құндылықтар болып табылады.

2-мәтін

П.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясында Қазақстанның би өнерінде өзіндік қолтаңбалары қалған, өнердің осы саласының даму жолында ұзақ жылдар еңбек етіп, зерттеу еңбектерін жазған Қазақстан Республикасының халық әртісі, профессор, қазақтың тұңғыш кәсіби маманданған балетмейстері Әбіров Дәурен Тілеубекұлы мен Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген өнер қайраткері, профессор Тілеубаев Мінтәй Жәнісұлы атындағы атаулы дәрісханалар ашылды. Балет залдарының салтанатты ашылуында Ұлттық өнер академиясының ректоры Арыстан Мұхамедұлы, өнертанушылар, оқытушылар, ұрпақтары қатысты. Қазақ Ұлттық өнер академиясы - қазақ классикалық өнерінің алтын бесігі. Табалдырығынан айтпаған сәттен бастап сұлулық пен нәзіктіктің, көркем өнер мен кемел сезімнің алтын бұйымын билеп алатындай.

Дәурен Тілеубекұлы 1978-2001 жылдар аралығында осы академияда еңбек етіп, қазақ би өнерін жаңа белеске көтерген. Ол - Ресей театр өнері академиясын тәмамдағаннан кейін Абай атындағы Мемлекеттік опера және балет театрында, Қыздар педагогикалық институтында хореография кафедрасын ашуға себеп болып, ұзақ жылдар еңбек сіңірді. Көптеген шәкірттер, атап айтқанда Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген әртістері Әдвард Мальбеков, Инэсса Манская секілді

майталмандарды тәрбиеледі. Қазақ биінің сонау сақ заманынан келе жатқан асыл үгілерін тауып, таныта жүре Шамұбай ақынның, «Ортеке» биінің, Ысқақ, Бұжыбаевтың, «Қаражорға», «Насыбайшы» билерінің және Жақыпбек биінің, билерінің, жаңғыруына үлес қосып, отыздан астам ерлерге, жиырмадан астам әйелдерге арналған билерді алып келген екен.

Мінтәй Менелұлы 1975 жылдан бастап өнер академияда ұстаздық еткен. Ресейдегі Н. Римский-Корсаков атындағы Ленинград консерваториясын бітірген ол Қазақстанда Хореография кафедрасының ашылуына, би тарихының зерттелуіне аяндай тер төккен.

Ұлттық өнер академиясында бұл күн ұстаздарды ұлағаттау күні болды. Тарихи күннің тағзымы академияда оқып жүрген мыңдаған шәкірттер санасына алтын әріптермен жазылып, ұстаздар мен шәкірттер арасындағы рухани байланыс, ұрпақтар арасындағы сабақтастық, беки түскені анық. Атаулы дәрісханаларда шыр көбелек айнала билеп жүрген жастар осынау ұстаздар еңбегінің жанғанының кенілі болса керек. Осыған қарап, ұлттық билердің ұлықталар күні де алыс емес деген ойға келесіз. «Қамажай», «Маусымжан», «Айжан қыз», «Былқылдақ», «Қаражорға», «Бүркіт» биі секілді елге белгілі ұлттық билеріміздің түрлері тек қана этнографиялық үгілер болып қалмай, жаңа замандық өрнегін табуы ұлттық салт-сананың сақталуының көрсеткіші.

- 16) Тақырыпқа қатысты қосымша ақпаратты таңдаңыз.
- A) Д.Әбіров – танымал өнер қайраткері.
 - B) Қазақ Ұлттық өнер академиясы – қазақ классикалық өнерінің алтын бесігі.
 - C) Д.Т. Әбіров “Қазақ биінің кәсіби сахнада қалыптасуы мен дамуы” деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғаған.
 - D) Дәурен Тастанбекұлы 1978-2001 жылдар аралығында осы академияда еңбек етіп, қазақ би өнерін жаңа белеске көтерген.
- 17) Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз.
- A) Дәурен, этнография, дәрісхана
 - B) өнер ұжымы, қазақ би өнері, ұстаздар
 - C) қазақ би өнері, педагогика, консерватория
 - D) өнертанушы, консерватория, өнер ұжымы
- 18) Мәтін бойынша толық және нақты ақпаратты табыңыз.
- A) Қазақ Ұлттық өнер академиясы 1978 жылы құрылды.
 - B) Алғашқы қазақ билері 1975 жылдан зерттеле бастады.
 - C) Д.Т.Әбіров – кәсіби маманданған алғашқы балетмейстр.
 - D) Ұлттық биді – ұлттық салт-сананың сақталуының көрсеткіші.
- 19) Мәтін мазмұнына сәйкес жауапты табыңыз.
- Дәурен Тастанбекұлы қай оқу орнын бітірді?
- A) Ленинград консерваториясын
 - B) Ресей театр өнері академиясын
 - C) Қазақ Ұлттық өнер академиясын
 - D) Қыздар педагогикалық институтын

- 20 Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңыз.
- A) Қазақ Ұлттық өнер академиясы туралы баяндалады.
 - B) Атаулы дәрісханалардың ашылуы туралы айтылады.
 - C) Танымал әртіс Әбдіров Д.Т. туралы ақпарат беріледі.
 - D) Ресейдегі Ленинград консерваториясы туралы ақпарат беріледі.
- 21 Мәтінге нақтырақ тақырып таңдаңыз.
- A) Тарихи ескерткіштер
 - B) Ұлттық салт-сана көрінісі
 - C) Қазақ билерінің даму тарихы
 - D) Қазақ би өнерінің майталмандары
- 22 Мәтін мазмұнын нақтылайтын қорытындыны таңдаңыз.
- A) Қазақстанда 75 өнер ұжымы бар.
 - B) Қазақстанда өнертанушылар өте көп.
 - C) «Бүркіт» биін Д.Тастанбекұлы қайта өңдеді.
 - D) Өнер академиясы – қазақ өнерінің алтын бесігі.
- 23 Мәтіннің бірінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.
- A) Қазақ билерінің дамуы
 - B) Этнографиялық үлгілер
 - C) Балет залдарының ашылуы
 - D) «Бүркіт», «Қамажай» билері
- 24 Мәтіннің екінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.
- A) Алғашқы балетмейстр
 - B) Қазақ биінің асыл үлгілері
 - C) «Маусымжан» биінің тарихы
 - D) Атаулы дәрісхананың ашылуы
- 25 Мәтіннің үшінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.
- A) «Қамажай» биі
 - B) Мінтәй Женелұлы
 - C) «Ортеке» биінің тарихы
 - D) Хореография кафедрасы
- 26 Мәтіндегі ақпаратты жағымды бағалайтын нұсқаны таңдаңыз.
- A) Бүгінде қазақ би өнері жаңа белеске көтерілуде.
 - B) Қазақстанда хореография кафедралары ашылды.
 - C) Ұлттық өнер академиясына балет залдары ашылды.
 - D) Хореография кафедрасында «Бүркіт» биі қойылды.
- 27 Мәтінде мазмұнындағы басты ақпаратқа қарама-қарсы ақпаратты табыңыз.
- A) Эдуард Мальбеков – Д.Тастанбекұлының шәкірті.
 - B) Ұлттық би өнерінің дамуына Д.Тастанбекұлы елеулі үлес қосты.
 - C) Қазіргі таңда ұлттық билеріміздің түрлері тек қана этнографиялық үлгілер ретінде ғана қалған.
 - D) Дәурен Тастанбекұлы 1978-2001 жылдар аралығында аталған академияда еңбек етіп, қазақ би өнерін жаңа белеске көтерді.

28 Автордың пікірін білдіретін ақпаратты таңдаңыз.

- A) Ұлттық өнер академиясында бұл күн ұстаздарды ұлағаттау күні болды.
- B) Қазақ Ұлттық өнер академиясы – қазақ классикалық өнерінің алтын бесігі.
- C) Балет залдарының салтанатты ашылуында Ұлттық өнер академиясының ректоры Арыстан Мұхамедиұлы, өнертанушылар, оқытушылар, ұрпақтары қатысты.
- D) Қазақ Ұлттық өнер академиясына кірген сәттен бастап сұлулық пен нәзіктіктің, көркем өнер мен кемел сезімнің алтын буы бойыңды билеп алатындай.

29 Мәтіндегі себеп-салдарлық байланысты анықтаңыз.

- A) Д. Әбіров Қыздар педагогикалық институтында хореография кафедрасын ашуға себепкер болды.
- B) Атаулы дәрісханаларға Д. Әбіров мен М. Тілеубаев аттары берілді, себебі олар қазақ би өнеріне өз қолтаңбаларын қалдырған еді.
- C) «Қамажай», «Маусымжан», «Бүркіт» билері елге кеңінен тараған билердің бірегейлері болып табылады.
- D) Тілеубаев М.Ж. биші билетірінің жаңғыруына үлес қосып, отыздан астам ерлерге, жиырмадан астам әйелдерге арналған билерді алып келген екен.

30 Мәтін мазмұнына керекті қосымша фактілік аргументті табыңыз.

- A) Атақты балетмейстр Д.Әбіров Қордай өңірінде туылған.
- B) Аталған дәрісхананың ашылу салтанатына өнертанушылар, оқытушылар қатысты.
- C) Д. Тастанбекұлы – Эдуард Мальбеков, Инэсса Манская секілді майталмандарды тәрбиеледі.
- D) Қазақ билерінің жаңа замандық өрнегін табуы – ұлттық салт-сананың сақталу көрсеткіші болып табылады.

3-мәтін

XX ғасырдың бас кезінен ғылыми-техникалық прогрестің дамуына орай пайда болып, қалыптаса бастаған өнер саласының ерекше бір түрі - қизайн. Ол - адам тіршілік ететін, қызмет істейтін ортаның, тұтынатын дұйымның жарасымды сән-салтанаты, қолдануға ыңғайлылығы, әдемілігін әспеттейтін өнер түрі.

Дизайн өнерінің қазақ даласында өркендеуіне, оны ұлттық сән үрдісіміздегі әлденеше мыңжылдықтар бойында жүйеленген дәстүрлер мен машықтарға қабыстырып, әдемі үйлесім иірімдерін табуға мол үлес қосып жүрген әйгілі этноқизайншы, профессор Аманжол Найманбай еңбегі ерекше атауға лайық. Қазақстан Дизайнерлер одағы құрылған күннен бастап этноқизайн секциясын басқарып келе жатқан ол, бүгіндегі қазақтың киіз үйін нағыз ұлттық нақышта жасау, жасау-жиһаздарымен жабдықтау және мұражай қизайнның дамытудың айтулы шеберіне айналып отыр. Алматыдағы «ЭтноДизайнҚазақ» мекемесінің басшысы А.Найманбай бастаған он қолынан өнер тамған шеберлер тобы осыған дейін әлемнің Франция, АҚШ, Түркия, Ресей және тағы басқа да елдерінде ерекше сәндеп қайыңдалған киіз үйлер тігіп, Отанымыздың мерейін әлденеше рет көтерді.

Қазақтың киіз үйі - тұтып тұрған қизайн . Онда әсемдік өнердің, сан қыры күллі сән-салтанатымен ерекше бір үйлесім табады . Киіз үйдің, осы ғажайып бітімі 1992 жылы Ла-Манш бұғазы жағалауында өткен орыс-француз соғысының, 180 жылдығына арналған шара кезінде талғампаз француз жұртшылығын таңқалдырған еді . Сол шараға А.Найманбай апарған әсем киіз үй соғыс шайқастары өткізілген театрландырылған көріністердің, ең төрінде көздің жауын алып тұрды . Айналаға ерекше сән берген киіз үйді француз тарабы әскербасылар кеңесетін бас штаб жасауға арнайы қалап алды . Таң-тамаша қалып жатқан өзге жұрт қаншама . «Осындай өнері бар қазақ, деген халық, қандай ұлы халық еді», - деп қайран қалысты . Содан кейін француздар айттай қалап, сол жылдың қазан айында киіз үйді Парижге арнайы алдырып тағы көрсетті . Сол ықыласты қатынас одан кейін де үзілген жоқ . Арада 10 жыл өткенде Франция қазақ киіз үйінің құдіретін тағы бір мойындады . Сол елде өткен Қазақстан мәдениетінің күндеріне «ЭтноДизайнҚазақ» мекемесі қазақтың қолтума өнерімен, жасау-жиһазымен жабдықталған арасында он екі қанатты ақ ордасы, төғыз қанатты қонақ үйі, алты-жеті қанатты ақ шаңқан үйлері, сондай-ақ, асханасы, аңшылар үйі бар, барлығы - он үйді, тұтас бір этноауылды Париждің төріне апарып тікті . Ұлттық мәдениетіміздің айшықты сән-салтанатын бойына жинақтаған, жасау-жабдығы түгел киіз үйлер қаз-қатар қонғанда, Парижге тұтас бір қазақ ауылы көшіп келгендей әсер қалдырды . Қазақ деген халық, бар екенін, оның ғажайып өлмес мұралары бар екенін паш еткен бұл шара бір аптаға созылды . Бір апта бойы этноауылды көруге келіп, таң-тамаша қалған ел-жұрт та өте көп болды .

Киіз үй жасау дәстүрін одан әрі жаңғыртқан А.Найманбай бастаған «ЭтноДизайнҚазақ» мекемесінің, соңғы жылдардағы табысы да қомақты . «Көшпенділер» фильмінің хан ордасынан бастап, ауылдың бүкіл киіз үйлерін жасауды да осы ұжым атқарды . «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясының тапсырысымен жасалған он сегіз қанатты Ақ Орда Елбасының, Астанадағы жазғы резиденциясының, төрінде тігілді .

Қазақстанның мәдениет қайраткері А.Найманбай - еліміздегі көптеген мұражайларды көркемдеуге қатысқан, мұражай қизайнының көрнекті шебері . Жақында «Қазақстан» баспасынан еліміздегі этнодизайн саласының, негізін салушы, мұражай экспозициясының хас шебері А.Найманбай шығармашылығына арналған әсем альбом жарық көрді . Оны парактап отырғанда, әркімнің, де өзіміздің, төл ұлттық өнер дәстүрлеріміздің, мәдени мұрамыздың, бүгінгі күн талабымен үйлесе дамуына зор үлес қосып келе жатқан белгілі қизайншының, ерен еңбегіне тағы да тәнті боласыз .

31

Тақырыпқа сәйкес қосымша ақпаратты қойыңыз.

- A) А. Найманбай - Қазақстандағы 27 мұражайдың жоба авторы.
- B) Дизайн өнерінің қазақ жерінде дамуына А. Найманбай өз үлесін қосты.
- C) Дизайн – ХХ ғасырдың бас кезінде пайда болған өнер саласының бір түрі.
- D) Дизайн өнерінің әдемі үйлесім иірімдерін табуға А.Найманбай еңбек етті.

- 32) Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз.
- A) сән, мұражай, хан ордасы, А. Найманбай
 - B) ұлттық нақыш, альбом, киіз үй, кигіз үй
 - C) қайраткер, резиденция, дизайн, мұражай
 - D) дизайн, А. Найманбай, ұлттық нақыш, шеберлік
- 33) Мәтін бойынша толық және нақты ақпаратты табыңыз.
- A) Ол – пайдаланылатын бұйымның әдемілігін әспеттейтін өнер түрі.
 - B) Ол мұражай дизайнын дамытудың айтулы шеберіне айналып отыр.
 - C) А.Найманбай Дизайншылар одағы құрылғалы этнодизайнды басқарады.
 - D) А. Найманбай – қазақтың мәдени мұрасына зор үлес қосқан этнодизайнер.
- 34) Мәтін мазмұнына сәйкес жауапты табыңыз.
- «ЭтноДизайнҚазақ» мекемесі әлемнің қандай елдерінде болды?
- A) Франция, Ресейде
 - B) Түркия, Ресей, АҚШ-та
 - C) Франция, Түркия, Ресейде
 - D) Франция, АҚШ, Түркия, Ресейде
- 35) Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңыз.
- A) Дизайн өнерін насихаттау туралы баяндалады.
 - B) Дизайн өнерінің қалыптасуы туралы айтылады.
 - C) А.Найманбай бастаған дизайн өнерінің қазақ жерінде өркендеуі туралы баяндалады.
 - D) А.Найманбай, «ЭтноДизайнҚазақ» мекемесінің басшысы бастаған топ басқа шет елдерді тәнті еткендері жайлы айтылады.
- 36) Мәтінге нақтырақ тақырып таңдаңыз.
- A) Алғашқы дизайншы
 - B) Ұлттық мұраны ұлықтау
 - C) Қазақтың киіз үйі – этнодизайн биігінде
 - D) «ЭтноДизайнҚазақ» мекемесінің сапарлары
- 37) Мәтін мазмұнын нақтылайтын қорытынды таңдаңыз.
- A) Қазақтың киіз үйі – тұнып тұрған дизайн.
 - B) А.Найманбай апарған әсем киіз үй Франция төрінде көздің жауын алды.
 - C) Айналаға ерекше сән берген киіз үйді француз әскербасылар қалап алды.
 - D) Ұлттық мәдениетіміздің айшықты сән-салтанатын бойына жинақтауы этнодизайншы, профессор А.Найманбай есімімен тығыз байланысты.
- 38) Мәтіннің бірінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.
- A) Дизайншы
 - B) Франциядағы қазақ ауылы
 - C) Әдемілікті танытатын өнер түрі
 - D) Аманжол Найманбай туралы сыр

- 39) Мәтіннің екінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.
- A) Дизайн өнері
 - B) «ЭтноДизайнҚазақ» мекемесі
 - C) Француздарды тамсандырған киіз үй
 - D) Дизайн өнерінің қазақ даласында өркендеуі
- 40) Мәтіннің үшінші азатжолына дәлірек тақырыпша таңдаңыз.
- A) Дизайнер
 - B) «ЭтноДизайнҚазақ» мекемесі
 - C) Мекеменің Франциядағы сапары
 - D) Дизайнер Аманжол Найманбай
- 41) Мәтіндегі ақпаратты жағымды бағалайтын нұсқаны таңдаңыз.
- A) Қазақтың ұлттық ою-өрнектері әсемдікті танытады.
 - B) Франция қазақ киіз үйінің құдіретін тағы бір мойындады.
 - C) Қазақ даласында дизайн өнері сан ғасырдан бері қалыптасқан еді.
 - D) Қазақ киіз үйі – Франция жұртын таңдай қақтырып, тамсандырған өнер.
- 42) Мәтін мазмұнындағы басты ақпаратқа қарама-қарсы ақпаратты табыңыз.
- A) Ұлттық ою-өрнектері – этнодизайн төрінде.
 - B) Ұлттық мұра дизайны өнерін әлі де жетілдіру қажет.
 - C) Дизайн өнері – елімізде соңғы жылдары қанат жайған өнер саласы.
 - D) Франция жерінде киіз үйлердің орын алуы – қазақ өнерінің қанат жаюы.
- 43) Автордың пікірін білдіретін ақпаратты таңдаңыз.
- A) Елімізде дизайн өнері қалыптасып келеді.
 - B) А.Найманбай – еліміздегі мұражай дизайнының көрнекті шебері.
 - C) Он сегіз қанатты Ақ Орда Астанадағы жазғы резиденциясының төрінде.
 - D) «Көшпенділер» фильміндегі киіз үй жасауды «ЭтноДизайнҚаз» атқарды.
- 44) Мәтіндегі себеп-салдарлық байланысты анықтаңыз.
- Тұтас бір этноауыл Париждің төріне орын алды, себебі ...
- A) Франция жерінде халықаралық көрме өтіп жатты.
 - B) Францияда Қазақстан мәдениетінің күндері өтіп жатты.
 - C) орыс-француз соғысының 180 жылдығына арналған шара еді.
 - D) француздар қазақтың киіз үйін тамашалау үшін шақыртқан еді.
- 45) Мәтін аңдатпасын толықтырыңыз.
- Мәтін ... туралы.
- A) этнодизайнның қалыптасу мен дамуы
 - B) этнодизайн өнері және шетелдегі шығу
 - C) қазақ жерінде дизайн өнерінің қалыптасуы
 - D) этнодизайнер Аманжол Найманбайдың еңбектері

- 46 Мәтін мазмұнын ретімен көрсетіңіз.
- A) Дизайн өнері, өнер шебері, ерен еңбек
 - B) Дизайн өнері, Франциядағы жай, ерен еңбек
 - C) Франциядағы жай, өнер шебері, оның өркендеуі, дизайн өнері
 - D) Дизайн өнері, оның өркендеуі, Франциядағы жай, өнер шебері, ерен еңбек
- 47 Мәтін мазмұнына керекті қосымша фактілік аргументті табыңыз.
- A) Киіз үйдің есігі әдетте шығысқа қаратылады.
 - B) «ЭтноДизайнҚазақ» Отанымыздың мерейін бірнеше рет көтерді.
 - C) «ЭтноДизайнҚазақ» мекемесінің соңғы жылдардағы табысы да қомақты.
 - D) Киіз үйдің бітімі 1992 жылы Ла-Манш бұғазы жағалауында көрсетілді.
- 48 Мәтіндегі маңызды сөйлемді табыңыз.
- A) Осындай өнері бар қазақ деген халық, қандай ұлы халық еді.
 - B) А.Найманбай шығармашылығына арналған әсем альбом жарық көрді.
 - C) Альбомды парақтап отырғанда, дизайншының еңбегіне тәнті боласыз.
 - D) А.Найманбай «ЭтноДизайнҚазақ» мекемесін абыроймен басқарып келді.
- 49 Мәтін мазмұнындағы фактілерді маңыздылық дәрежесіне қарай таңдаңыз
- A) Франциядағы киіз үй, дизайншының еңбегі, өнердің өркендеуі, өнер түрі
 - B) Дизайншының еңбегі, Франциядағы киіз үй, өнердің өркендеуі, өнер түрі
 - C) Өнер түрі, Франциядағы киіз үй, дизайншының еңбегі, өнердің өркендеуі
 - D) Франциядағы киіз үй, өнер түрі, дизайншының еңбегі, өнердің өркендеуі
- 50 Тақырыпқа қатысты қосымша ақпаратты табыңыз.
- A) Қазақтың киіз үйінің өн бойы – дизайн.
 - B) Тұтас бір қазақ ауылын Париждің төріне апарып тікті.
 - C) «ҚазМұнайГаздың» тапсырысымен жасалған он сегіз қанатты үй Астанада
 - D) Киіз үйдің пайда болуы қола дәуіріне яғни заманымыздан бұрынғы 3-ші мың жылдыққа саяды.

IV тарау

Жазылым бөлігі

- Жазылым бөлігіне шолу
- Алдын ала тест
- Тест тапсырмаларын талдау
- Қорытынды тест

Жазылым бөлігіне шолу

Жазылым бөлігінде Сіздің қазақ тілінде сауатты жаза білу қабілетіңіз бағаланады. Ал жоғары деңгейде Сізге эссе жазу мақсатында белгілі бір тақырып ұсынылады.

Эссе – қандай да бір өзекті тақырыпты, жағдаятты сипаттауды, мәселенің шешімін ұсынуды талап ететін көлемі шағын жазбаша жұмыс.

Оның құрылымы тақырып, жоспар, кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды, жағдаят пен тақырыпқа сай материалды жүйелі баяндау тәсілдерінен тұрады.

Жоғары деңгейде Сізге 2 тапсырма беріледі.

Бірінші тапсырма бойынша ұсынылған тақырыптың мазмұнын ашатын жоспар құру керек. Жоспар тақырыптары эсседе қозғалған нақты мәселелерді қамтып, кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды бөлімдерінен тұруы тиіс.

Екінші тапсырма ретінде белгілі бір тақырып бойынша эссе жазу ұсынылады. Сіз эссе жазуда өзіңіз құрған жоспарды негізге алуды ұмытпаңыз.

Сізге берілген тақырыптар бойынша әртүрлі бағаланатын эссе үлгілері бағалау межелерімен қоса ұсынылған.

Жақсы бағаланатын эссенің көлемі 30-35 сөйлемнен тұруы тиіс.

Жоғары деңгейдегі тапсырмаларды орындауға 50 минут бөлінеді. Сіз оның 10 минутын жоспар құруға, қалған 40 минутын эссе жазуға жұмсауыңызға болады.

Эссе жазу үшін қойылатын талаптар



- берілген тақырыпты өз ойымен, өз сөзімен аша білу;
- тілдік құралдарды өз орнымен дұрыс қолдана білу;
- орфографиялық, пунктуациялық ережелерді жетік білу;
- тілдің негізгі нормалары мен емле ережелерін сақтау;
- жазып отырған тақырыптан алшақ кетпей, оның мазмұнын нақты ашуға талпыну;
- артық баяндаулар мен қажетсіз кіріспе, қыстырма сөздерден қашу;
- сөз етіп отырған жайды рет-ретімен жүйелі баяндау, яғни эссені бастан-аяқ белгіленген тәртіппен жасалған жоспармен орындап шығу;
- бар айтылған пікірді жинақтап, тұжырымдап, тиісті қорытынды жасау;
- сондай-ақ эссе, шығарма жазудың теориясына байланысты тақырып, эпиграф, жоспар, тезис, дәлелдеме, қорытынды, стиль және т.б. терминдік атаулардың мәнін тіл қолданушының жетік білуі керек.

1

Жазылым бөлігі. Алдын ала тапсырмалар

Тақырыбы: **Тілімізді құрметтейік**

- 1 Тақырыптың мазмұнын ашатын жоспар құрыңыз.
- 2 Берілген тақырыпқа эссе жазыңыз. Эссе мазмұнының логикалық желіде біртұтастықпен құрылуы үшін қыстырма құрылымдар мен шылаулар, тірек сөздер және сөз тіркестерін пайдалану қажет. Төмендегі тірек сөздерді эссе жазу барысында қолдану ұсынылады: *тіл құдіреті, тілді түсінетін, себебі тіл – елімнің болашағы.*

Е Эссе дегеніміз (француз тіл. *essai* – тәжірибе, латын тіл. *exagium* – құрау) – философиялық, әдеби, тарихи, публицистикалық, әлеуметтанулық, саяси және тағы басқа саладағы ғылыми емес, автордың жеке көзқарасын білдіретін прозалық мәтін. Жанр ретінде енгізген 1580 ж. Мишель Монтень болатын, ал «эссе» сөзін бірінші рет қолданып, осы жанрда Френсис Бэкон 1597 жылы кітаптарын жазып шығарды.

Эссе екіге бөлінеді: 1. субъективті. негізгі мақсаты – авторды жан- жақты ашу, таныту. 2. объективті. негізгі мақсаты – белгілі бір ғылыми тақырып бойынша автордың көзқарасын ашу, таныту. Қолданылуына қарай: әдеби жанрда, білімді бақылау әдісі ретінде, батыс елдерінде ЖОО-ға түсуде талап етіледі. Олардың жазылу көлемі: 500 сөз, 1-2 беттен 20 бетке дейін.

Ал ҚАЗТЕСТ бағалау жүйесі бойынша эссе 30-35 сөйлемнен тұруы керек.

Эссенің құрылымдық бөліктері

Е Эссе тақырыбы

Тақырыптың атауына мән беріп, мақсатын, Сізден не сұралып отырғанын, оған қатысты жағдаяттарды, өзекті мәселелерді т.б. жан-жақты ойланыңыз. Тақырыпты ашатын, жазатын мәселелерді жүйелеп алу үшін жоспар құрыңыз.

Сіздің жоспарыңыз келесі бөліктерден тұруы тиіс:

I Кіріспе – аталған тақырыптың мәні. Эссе жазудың бұл кезеңінде өз жұмысыңызда қандай сауалға жауап іздейтініңізді анықтау қажет. Бұл ретте сізге «Мен жазбақшы тақырып қазіргі кезде көкейтесті ме?», «Бұл тақырыпты ашу үшін қандай түсініктерді анықтап алу қажет?», «Тақырыпты бірнеше тақырыпшаларға бөліп ажырата аламын ба?» деген мәселелерді анықтап алған жөн.

II Негізгі бөлім. Бұл бөлімде негізгі идея мен көтерілетін мәселе аясында шоғырланған дәлелдер мен сараптамалар, негіздемелер болуы керек. Тақырыпты тақырыпшаларға бөліп, алға тартатын дәйектерді, сараптама жоспарын жүйелі түрде құрып алған жөн. Аналитикалық материал ретінде графикалар, сызба, тірек-схемаларын да қолдануға болады.

Қарастырылатын мәселеге байланысты сараптама мына жүйемен жүзеге асуы керек: себеп-салдар, жалпы-жалқы, түрі-мазмұны, бөлшек-бүтін, тұрақтылық-өзгермелілік. Эссе құрастыруда бір параграф тек қана бір дәлелдемеден тұратынын естен шығармаған дұрыс. Жоспар құрып, бөлімдерді тақырыпшаларға ажыратқанда, осы ережеден ауытқымау қажет. Сонда жоспар бөліміндегі тақырыпшалардан қарастырылатын тақырып дәлелдемелері қаншалықты жүйеге сай екендігі бірден байқалады.

III Қорытынды. Тақырып бойынша қорытынды ой түйіні. Қорытынды құрастыру үшін қажетті әдіс-тәсілдер: қайталау, иллюстрациялар, цитата, сенімді дәлел. Қорытындыда осы дәлелдеме қажет болатын жағдай немесе басқа мәселелерге байланысы да көрсетілуі мүмкін.

Т

Эссеге дайындалу мен оны жазу жолдары

Кез келген эссенің мазмұны мен сапасы төмендегілерге байланысты боламақ: Қолда бар материал (оқыған әдебиет бойынша конспект, дәрістер, пікірсайыс материалдары, автордың осы мәселеге байланысты көзқарасы мен өмірден жинақтаған тәжірибесі).

Бар материалды өңдеу (жүйелеу, дәлелдеу).

Дәйектеу (бар материалдың эссе тақырыбына сәйкес келуі).

Эссе жазу үдерісін бірнеше кезеңге бөлуге болады: проблеманы анықтау – ойлану – жоспарлау – жазу – тексеру – түзеу.

1-нұсқа

Эссенің тақырыбы: **Ұрпағымын ұлтымның**

1 Тақырыптың мазмұнын ашатын жоспар құрыңыз.

Е Эссе құрылымы үш бөліктен тұрады. Сіздің жоспарыңыз да үш бөлімнен тұруы керек. Жоспарды өзіңіз жазатын эссенің мақсаты, пайдаланатын деректер мен дәйектерге, қозғайтын мәселелерге байланысты құрыңыз. Ол жоспарда Сіз жазуға тиісті барлық ой-пікірлердің түйіні берілгені жөн.

2 Берілген тақырыпқа эссе жазыңыз. Эссе мазмұнының логикалық желіде біртұтастықпен құрылуы үшін қыстырма құрылымдар мен шылаулар, тірек сөздер және сөз тіркестерін пайдалану қажет. Төмендегі тірек сөздерді эссе жазу барысында қолдану ұсынылады: *ұлт болашағы, ұлт тағдыры, байтақ жер, жастар ие болып қалады.*

Т Сіздің әрекетіңіз:
Ұсынылған тақырыпты түсініп, онда түйінделген мәселені нақтылаңыз.
Эссеңізде баяндалатын жағдаятты ойша бірнеше бөлікке бөліп алыңыз.
Әрбір бөлікті қамтитын жоспар құрыңыз.
Эссенің кіріспесін жазыңыз. Эссе жазудың бұл кезеңінде өз жұмысыңызда қандай сауалға жауап іздейтініңізді анықтау қажет.
Негізгі бөлімде тарихи, саяси-экономикалық өмірден, кітаптан, өзіңіздің жеке тәжірибеңізден алынған мысалдар ендіре отырып, нақты деректер мен дәйектер келтіру арқылы тақырыбыңызды ашуға тырысыңыз.
Эссені жеке ұстанымыңыз, пікіріңіз, көзқарасыңыз айқын көрінетін қорытындымен аяқтаңыз.

Эссе, оның құрылымы туралы жеткілікті теориялық мәлімет алдыңыз деп ойлаймыз. Енді сол талаптар бойынша жазылған бірнеше эссе үлгісін ұсынамыз.

№1 үлгі

1-тапсырма

Жоспары

I Ұлт ұрпағы

II Кең-байтақ жер

III Әр адам өз ұлтымен мақтана алады.

2-тапсырма

Ұрпағымын ұлтымның

Қазақ деген ұлттың өкілі болу – зор бақыт. Мен – сол бақытқа ие болған жанның бірімін. Қазақылықтың бәрін сүйемін. Күмбір-күмбір қара домбыра даусынан басқа әсем дауыс жоқтай. Жастарға ақ батасын жаудырған аппақ сақалды қарияның тілегінен артық ешкім айта алмастай. Құдалардың алдында құрдай жорғалағаны да жарасатын секілді. «Еркежан» деп жұмсайтын ақ жеңешелерімнің тауып айтатын, кейде тіпті «сойып салатын» әзіл-қалжыңдарына төтеп бере алмай, қызарақтап жеңілген қандай ғанибет!

Басқаны қайдам, ақ кимешекті әжелердің «Ай, құрдас, ән айтсайшы», – деп қасындағыларға қолқа сала отырып, олардың әу деуін күтпей-ақ, «Жүгіріп шықтым белестен, Белес жақын емес пе, Осы отырған отырыс, Бір ғанибет емес пе-ай!» деп биязы жүнін түтіп отырып айтар қазақ әнінен өзге әнді тыңдағым келмейді. Жаны дарқан, жүрегі жұмсақ, қолы ашық, көңілі дария қазақ баласымын.

Осындай ұлтқа мекен болған кең-байтақ жерді ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қорғап қалған батыр бабаларым-ай!

О шеті мен бұ шетіне көзің жетпейтін, шапса тұлпардың тұяғы тозатұғын, ұшса қыранның қанаты талатұғын қазақ жері – менің де жерім.

Жасыл жайлау түкті кілем боп қазаққа төселіп жатыр. Ақ бас тауы өр мінезді қазақ баһадүрі секілді мызғымай қасқаяды. Қыр мен қыраты, шөл мен шөлейті сабырыңды сынайтын, шыдамыңды шындап, шалқар шабытыңды шақыратын сырлы өлке де – менің Отаным.

Ұлт болашағы ұстамы мықты, ұят пен намысты ту еткен ұлдарының қолында. Ұлан-байтақ берекесі тасып жатқан елге еміренер ер керек. Ері де бар, «ерім» дейтін елі де бар. Қазақ ұлтының тағдыры үшін алаңдамаймын. Халық барда тіл де, дәстүр де, қасиет те жоғалмақ емес. Киелі жерге жастар ие болып қалады. Қазақ жастары – білімді, озық ойлы, алдына мақсат-міндет қойған Қазақстанның ертеңі.

№1 үлгінің жазылу дәрежесіне талдау жасайық және бағалау межелері бойынша бағалап көрейік:



- 1) эссе жүйесіне қатысты жоспар құруы – 10
- 2) тақырыптың толық ашылуы; эссе мазмұнының логикалық тұтастығы және ішкі бөліктерінің өзара байланыстылығы, жұмыстың өз бетінше орындалуы – 10
- 3) талдау-сараптау категорияларын сауатты пайдалана алуы. ұғымдар мен құбылыстардың өзара байланысын талдауда салыстыру мен жинақтау әдістерін шебер пайдалануы; көтерілген мәселеге өзіндік баға бере алуы – 10
- 4) нақты да түсінікті, мазмұны айқын етіп жаза алуы; алға тартқан деректерін сауатты дәйектей алуы, бейнелі баяндау шеберлігі, ұлттық танымдық құндылықтарға басым мән беруі, стиль біртектілігін сақтауы (публицистикалық стильде жазылған) – 10
- 5) Эссе көлемінің берілген нұсқауға сайлығы – 8 (көлемі берілген талаптан аздау болғанмен, ол тақырыптың ашылуына айтарлықтай нұқсан келтірмейді)
- 6) қазақ әдеби тілінің лексикалық, грамматикалық, стильдік нормаларын сақтауы, жазу сауаттылығы – 10

№2 үлгі

1-тапсырма

Жоспары

- I Көп ұлтты мемлекет
- II Ұрпағымын ұлтымның
- III Елбасы және жастар

2-тапсырма

Қазақстан көп ұлтты мемлекет екені баршамызға мәлім. Ол – жүз отыздан астам ұлт өкілдерін өз шаңырағының астында бір отбасының баласындай асырап жүр. Бұндай мейірімділік – ұлт болашағын, ұлт тағдырын, ұрпақтардың келешегін ойлайтын мемлекетке ғана тән қасиет. Мысал ретінде айтатын болсақ, мен өзім өзбек ұлтынанмын. Сондықтан кең байтақ елде тыныш, татулықта өмір сүріп жүргеніме шүкіршілік айтамын.

Әрине, әр адам өз ұлтымен мақтана алады. Сонда да мен, бұл екі ұлтты бір-бірінен ажыратпай, екеуін де бірдей мақтаныш ете аламын. Өйткені біз оқып жүрген топта жартымыз өзбектер. Осыншама жыл өтіп, біздің топта болсын, басқа жерде болсын, елдің қай түкпірі мен қайсы бір ортасы болсын, ұлтқа бөлушілікті, ажыратушылықты көрмедік. Бәрі де адамгершіліктің, тәрбиенің, мәдениеттің, жоғары сапада жүргізіліп жатқан саясаттың арқасы деп білеміз.

Кең байтақ еліміздің, ұлтымыздың, дін мен тіліміздің дамуы болашақ ұрпақтың қолында екенін Елбасымыз да өз жолдауында айтып өткен болатын. Жастарға жоғары дәрежеде көңіл бөлініп, барлық жағдай жасалынуда. Себебі ұлтымыздың ұрпағы білімді, сауатты, тәрбиелі, мәдениетті, ар-ожданды, парасатты ұлт болып жалғасуы, көбеюі керек.

«Отаным» деп соққан жүрек,

«Ұлтым» деп те соғады, - дей келе, тек ұлтымның ғана емес, мерейі асқан, дәулеті тасқан елдің ұрпағы екендігіммен мақтанам.

№2 үлгінің жазылу дәрежесіне талдау жасайық және бағалау межелері бойынша бағалап көрейік:



1) эссе жүйесіне қатысты жоспар құрылған – 10

2) тақырып ашылған; жұмыс өз бетінше орындалған – 7
(алайда көлемі берілген нұсқаулыққа сай келмейді)

3) талдау-сараптау категорияларын жеткілікті дәрежеде пайдалана алуы; ұғымдар мен құбылыстардың өзара байланысын талдауда салыстыру мен жинақтау әдістерін пайдалану шеберлігі орта деңгейде; көтерілген мәселеге өзіндік баға берген – 7

4) мазмұны айқын етіп жазылғанмен, кейбір тұстарда жүйесіздік, ой қайталауы байқалады (мысалы, екінші және соңғы абзацтағы ой, пікірлер), стиль біртектілігі сақталған (публицистикалық стильде жазылған) – 7

5) қазақ әдеби тілінің лексикалық, грамматикалық, стильдік нормаларын сақтауы, жазу сауаттылығы – 8 («кең байтақ, Елбасы жолдауы») сияқты орфографиялық қателерге жол берілген.

№3 үлгі

1-тапсырма

Жоспары

I Ұлт болашағы.

II Ұлт тағдыры жастарда.

III Киелі дәстүр.

2-тапсырма

Ұлт ұрпағы, ұлт болашағы деген сөздердің астарында кең мағына жатыр. Өр ұлттың өз ұрпақтары болады. Кең-байтақ жерімізде көптеген ұлт өкілдері тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Қазіргі кезде Қазақстанда жүз отыздан астам ұлт өкілдері бар. Ұлт тағдыры жастар қолында. Өр адам өз ұлтымен мақтана алады. Әрине өр адамның ұлты, салт-дәстүрі киелі. Менің ұлтым қазақ. Мен өзімнің ұлтыммен мақтана аламын. Себебі, біз барлық ұлт өкілдерімен тату-тәтті өмір сүреміз. Мен үшін өз ұлтым қымбат. Барлық ұлттың тағдырына өз елінде өсіп жатқан жастар ие болып қалады. Олар ұрпақтан-ұрпаққа ұлттың тағдырын, салт-дәстүрін жеткізіп отырады. Олар әр ұлттың ұрпағы болғандықтан, мақтанып жүреді.

№ 3 үлгінің жазылу дәрежесіне талдау жасайық және бағалау межелері бойынша бағалап көрейік:



1) жоспар эссе жүйесіне толық сай емес – 5

2) тақырып ашылмаған; жұмыс жартылай орындалған – 5

3) талдау-сараптау категорияларын жеткілікті дәрежеде пайдалана алмаған; ұғымдар мен құбылыстардың өзара байланысын талдауда салыстыру мен жинақтау әдістерін пайдалану шеберлігі төменгі деңгейде; көтерілген мәселеге өзіндік баға беруі орта дәрежеде – 4

4) мазмұны толық емес, кейбір тұстарда жүйесіздік, ой қайталауы көп, стиль біртектілігі сақталмаған – 5 (Мысалы, «ұлт» сөзінің әр сөйлем сайын қайталануы, «Әрине өр адамның ұлты, салт-дәстүрі киелі», Барлық ұлттың тағдырына өз елінде өсіп жатқан жастар ие болып қалады. Олар ұрпақтан-ұрпаққа ұлттың тағдырын, салт-дәстүрін жеткізіп отырады. Олар әр ұлттың ұрпағы болғандықтан, мақтанып жүреді деген сөйлемдер стильдік тұрғыда дұрыс құрылмауы). Бұл сөйлемдерді былай құру ұсынылады: «Әрине, әрбір адам үшін өз ұлты қымбат, тілі, ділі, салт-дәстүрі киелі. Ұлт болашағына сол елде өсіп келе жатқан жастар жауапты. Олар ұрпақтан-ұрпаққа халықтың тілін, әдеби және рухани мұрасын, тарихын, ділін, ұлттық болмысын, салт-дәстүрін жеткізіп отырады. Жастар өз елін, жерін, халқын қастерлейді, мақтан тұтады.

5) қазақ әдеби тілінің лексикалық, грамматикалық, стильдік нормаларын сақтауы, жазу сауаттылығы – 7 (пунктуациялық қателерге жол берілген: «Ұлт ұрпағы, ұлт болашағы». Әрине, өр адамның ұлты, салт-дәстүрі киелі. Менің ұлтым – қазақ.)

№4 үлгі

1-тапсырма

Жоспары

I Ата-баба жері

II Келешек жастар қолында

III

2-тапсырма

Әр адамның өз ұлты, туып өскен кең байтақ жері болады. Сол себепті де ұлт ұрпағы келешекке қашанда үлкен бастама, нық сеніммен бару керек. Біз сонау ата-бабаларымыз елім деп, жерім деп қорғаған, тәуелсіздік үшін күрескен кең байтақ жерді келешекке, ұлт болашағына аманат етіп қалдыру әр азамат үшін парыз деп білеміз. Қазіргі күнде ұлт мәселесі, ұлт болашағы жөнінде көптеген ақын-жазушыларымыз қолдан келген көмектерін жан беріп, қызмет етуде.

Ұлтың ұлт болып қалуына жастарымыз ие болып қалады.

№ 4 үлгінің жазылу дәрежесіне талдау жасайық және бағалау межелері бойынша бағалап көрейік:

Т

1) жоспар құрыла бастаған, бірақ аяқталмаған – 2

2) тақырып ашылмаған, жұмыстың өз бетінше орындау деңгейі төмен – 3

3) талдау-сараптау категорияларын мүлде пайдалана алмаған; ұғымдар мен құбылыстардың өзара байланысын талдауда салыстыру мен жинақтау әдістерін пайдалану шеберлігі өте төмен деңгейде; көтерілген мәселеге өзіндік баға бермеген – 3

4) мазмұны айқын етіп жазылмаған, жүйесіздік, ой қайталауы орын алған, стиль біртектілігі сақталмаған – 4

5) қазақ әдеби тілінің лексикалық, грамматикалық, стильдік нормаларын сақтауы, жазу сауаттылығы – 4 («туып өскен, кең байтақ, ұлтың») сияқты орфографиялық және стильдік қателерге (Қазіргі күнде ұлт мәселесі, ұлт болашағы жөнінде көптеген ақын-жазушыларымыз қолдан келген көмектерін жан беріп, қызмет етуде) жол берілген.

2-нұсқа

Эссенің тақырыбы: **Дені саудың – тәні сау**

1 Тақырыптың мазмұнын ашатын жоспар құрыңыз.

Е Жоғарыда жазғанымыздай, эссе құрылымы үш бөліктен тұрады. Сіздің жоспарыңыз да үш бөлімнен тұруы керек. Жоспарды өзіңіз жазатын эссенің мақсаты, пайдаланатын деректер мен дәйектерге, қозғайтын мәселелерге байланысты құрыңыз. Ол жоспарда Сіз жазуға тиісті барлық ой-пікірлердің түйіні берілгені жөн.

2 Берілген тақырыпқа эссе жазыңыз. Эссе мазмұнының логикалық желіде біртұтастықпен құрылуы үшін қыстырма құрылымдар мен шылаулар, тірек сөздер және сөз тіркестерін пайдалану қажет. Тірек сөздер: салауатты өмір салты, денсаулық керек, себебі ақшаға сатылмайды және т.б.

Сіздің әрекетіңіз:

Т

Ұсынылған тақырыпты түсініп, онда түйінделген мәселені нақтылаңыз. Эссеңізде баяндалатын жағдаятты ойша бірнеше бөлікке бөліп алыңыз. Өрбір бөлікті қамтитын жоспар құрыңыз.

Эссенің кіріспесін жазыңыз. Эссе жазудың бұл кезеңінде өз жұмысыңызда қандай сауалға жауап іздейтініңізді анықтау қажет.

Негізгі бөлімде тарихи, саяси-экономикалық өмірден, кітаптан, өзіңіздің жеке тәжірибеңізден алынған мысалдар ендіре отырып, нақты деректер мен дәйектер келтіру арқылы тақырыбыңызды ашуға тырысыңыз.

Эссені жеке ұстанымыңыз, пікіріңіз, көзқарасыңыз айқын көрінетін қорытындымен аяқтаңыз.

№1 үлгі

1-тапсырма

Жоспары

I Денсаулықтан қымбат не бар?

II Біз өмірді қалаймыз.

III Шынығудың маңызы

2-тапсырма

Бірінші байлық – денсаулық. Кемістіктердің болмауы, деннің сау болуы – бақытты өмір сүрудің, өмірдің бар мәнін сезініп-түсінудің міндетті шарты. Біреулер алтынға, ақшаға қызығады, ал менің ойымша, адамда затқа емес, денсаулыққа қызығушылық туу керек. Денсаулығың мықты болса керектің бәріне өзің жетесің. Дені сау адам айнала өмірге, дүниеге сергек қарайды, қиялдайды. Сол арман-мақсатқа жету үшін талпынады, тынбай еңбектенеді. Үлкен, ғажайып әлемнің сырын білуге ұмтылады. Осының бәрін адам өз еркімен, өз қалауымен істейді, бірақ денсаулықтың арқасында. Егер денсаулық жоқ болса, сонда өмір өмір емес болып кетеді, тіпті адамның өмір сүргісі келмей кетеді. Себебі, адам істегісі келетін нәрсені істей алмай, өзін ешкімге керексіз сезінеді. Сырқат немесе кесел болып туылмағанымызға құдайға шүкіршілік етуіміз керек. Не де болса, денсаулық – үлкен игілік.

Бізді құдай жаратты, бір-бірімізге ұқсамаймыз, бірақ бәріміз бір жерде тату тұрамыз. Құдай бізді не үшін жаратты? Әрине, өмір сүру үшін. Мен өмірді шексіз сүйем, ал өмірді қаламайтын адам, менің ойымша, жартылай кесел. Өмірде бақытты болу үшін өмірді жақсы көру керек. Осы біздің елімізде үш жылдан бері мүгедектердің олимпиадалық жарыстары өткізіліп жүр, ал осы жылы Республикалық олимпиада Шымкентте өтті. Мен сол жарысты көруге барғанмын. Сол жарысты көрген соң, менің өмірге деген көзқарасым мүлдем өзгерді. Ол жерде «мен мүгедекпін» деп айтқан адамды көрген жоқпын, бірақ ол – мүгедектердің жарысы. Менің таң қалғаным, олардың аузынан «мен жеңем!» деген ғана сөз шығады. Олар – барлық қиындықты жеңіп келген адамдар, өз күшіне сенімді адамдар. Жарымжандарға өмір осындай қаталдық танытса да, олар өмірден бет бұрып кеткен жоқ, тағдыр талайына ренжіп, қатыгезденіп кеткен жоқ, «бәрін жеңем!», «мен өмірді жақсы көрем!» деп жүр. Солардың өмірге деген сүйіспеншілігі, талпынып өмір сүргісі келетіні менің өмірге деген көзқарасымды өзгертті. Менің денім сау, мен қиындықтарды жеңем, себебі мен өмірді жақсы көрем, бақытты өмір сүруді қалаймын!

Денсаулықтың жақсы болуы адамның оқып, еңбек етуіне, спортпен шұғылдануына мүмкіндік береді. Денені шынықтырудың маңызы зор.

Президент Н.Ә. Назарбаевтың Жолдауында ең бастысы, дәрігерді «салауатты өмір саясатын қалай үйрету» туралы біліммен қаруландыру қажеттігі, оған денсаулықты сақтау, отбасын әлеуметтендіру, ересектер мен балалар ерекшеліктерін есепке ала отырып, ағзаларын шынықтыру әдістері туралы нақты кеңестер беруге тура келетіні жөнінде атап көрсетілген.

Қорыта айтқанда, денің де, тәнің де сау болу үшін салауатты өмір салтын қалыптастыруды бала кезден бастау қажеттігіне көп көңіл бөлу керек.

№1 үлгінің жазылу дәрежесіне талдау жасайық және бағалау межелері бойынша бағалап көрейік:



- 1) эссе жүйесіне қатысты жоспар құруы – 10
- 2) тақырыптың толық ашылуы; жұмыстың өз бетінше орындалуы – 10
- 3) талдау-сараптау категорияларын сауатты пайдалана алуы; ұғымдар мен құбылыстардың өзара байланысын талдауда салыстыру мен жинақтау әдістерін шебер пайдалануы; көтерілген мәселеге өзіндік баға бере алуы, шынайы өмірден алынған мысалдарды тақырып мазмұнына сай ұтымды пайдалануы – 10
- 4) нақты да түсінікті, мазмұны айқын етіп жаза алуы; алға тартқан деректерін сауатты дәйектей алуы, олардың негізінде өзіндік ой-тұжырымдарын жасай алуы, стиль біртектілігін сақтауы (көтеріңкі публицистикалық стильде жазылған) – 10
- 5) қазақ әдеби тілінің лексикалық, грамматикалық, стильдік нормаларын сақтауы, жазу сауаттылығы – 10

№3 үлгі

1-тапсырма

Жоспары

I «Денсаулық – зор байлық»

II Экологияның әсері

III Өркениет жолында

2-тапсырма

Әйел-ана өз құрсағында баласын көтергеннен бастап: «Балам дүниеге сау, аман-есен, төрт мүшесі түгел болып келсін», – деп ниет етеді.

Мұнымен біз, адам баласы, өмірге келгеннен бастап дені саулық керек екенін білеміз. Денсаулық бәрінен қымбат, себебі дені сау адам барлық жұмысқа жарамды, әркімге де керек. Адамның денсаулығы нашар болса, бір мүшесі кем болса, онда ол адам жарамсыз, жақындарынан да алыстауы ықтимал.

Мәселен, ер адамның денсаулығы нашар делік, өкінішке орай, ондай болатын болса, «отбасын асырай алмайтын күйеуді қайтем?», ал егер әйелдің денсаулығы нашар болса, «Өзіне қарай алмайтын, шаруашылыққа үлгермейтін әлсіз әйелдің маған керегі не?» дейтін жұбайлар өмірде көп кездеседі. Сондықтан да халқымыз «Денсаулық – зор байлық» деп тегін айтпаған. Деніміз сау болмаса, ауру меңдеп, қалжыратса, шалқыған байлықтан, ағылған ақшадан да қайран жоқ. Осыған орай көрнекті философ Шопенгауэрдің «Дені сау кедей ауру корольден бақытты» деген қанатты сөзі өте орынды айтылған.

Адам денсаулығының бұзылуына табиғаттағы экологиялық проблемалар да әсерін тигізеді. Мысалға Семей өңірін алайық. Көптеген жылдар бойы ядролық сынақ аймағы қызметін атқарған жерде күні бүгінге дейін жарымжан сәбилер дүниеге келуде. Дене кемістігі көзге ұрып тұратын бейкүнә балаларды көріп, олардың бар өмірі мұң, қайғымен шектелгенін ойласаң, жаның ашып, жүрегің сыздайды. Семей полигоны әсерінен бақытты балалық шақтан айырылған балалар тіпті жиырма-отыз жасқа келмей-ақ өмірмен қош айтысуда. Арал қасіреті де аймақ халқының денсаулығына кері ықпал етуде.

Денсаулықтың нашарлауына адамның ағзасын шынықтырмауы да әсер етеді. Өркімнің денінің саулығы өз қолында. Егер адам дене тәрбиесімен тұрақты түрде айналысса, өзін-өзі күтіп, таза жүріп, таза киінсе, оның денсаулығы өз орнында болады. Сол себепті де не болса дәл айтатын, тауып айтатын дана халқымыз: «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» дегенді өскелең ұрпақтың санасына сіңірумен келеді.

«Сау дене, азат ақыл, адам көңіл –

Үшеуімен бақытты болады өмір», – деп ақын жырлағандай, бұл өмірді дұрыс өткізгің келсе, салауатты өмір салтын ұстан.

Салауаттылық – саулық кепілі, ал саулық – байлық негізі.

Өркениет жолындағы елдің ертеңі халқының саулығына байланысты екенін ешкім жоққа шығара алмайды. Өйткені, дені сау халық – бай халық. Халқының дені сау болып тұрса, мемлекеттің де мықты болып тұрары сөзсіз.

Жаны сұлу, тәні сау ұрпақ, саған аманат еткен тәуелсіз мемлекетіміздің алтын кілтін жоғалтпай, көк туын көкке қарай биік көтер!

№2 үлгінің жазылу дәрежесіне талдау жасайық және бағалау межелері бойынша бағалап көрейік:

Т

- 1) эссе жүйесіне қатысты жақсы жоспар құруы – 8
- 2) тақырыптың толық ашылуы; жұмыстың өз бетінше орындалуы – 10
- 3) талдау-сараптау категорияларын сауатты пайдалана алу, ұғымдар мен құбылыстардың өзара байланысын талдауда салыстыру мен жинақтау әдістерін шебер пайдалануы; көтерілген мәселеге өзіндік баға бере алуы, ішінара ой қайталауы кездеседі – 8
- 4) нақты да түсінікті, мазмұны айқын етіп жаза алуы, алға тартқан деректерін сауатты дәйектей алуы, олардың негізінде өзіндік ой-тұжырымдарын жасай алуы, тақырыпқа сай цитаталар мен қанатты сөздерді тиімді пайдалануы, стиль біртектілігін сақтауы (көтеріңкі публицистикалық стильде жазылған) – 10
- 5) қазақ әдеби тілінің лексикалық, грамматикалық, стильдік нормаларын сақтауы, жазу сауаттылығы – 8. орфографиялық, стильдік қатесі кездеседі (қасреті, дені саулық керек екенін білеміз.)

3-нұсқа

Эссенің тақырыбы: Әке алақанының жылуы

1 Тақырыптың мазмұнын ашатын жоспар құрыңыз.

Э

Эссе құрылымы үш бөліктен тұрады. Сондықтан сіздің жоспарыңыз да үш бөлімнен тұруы керек. Жоспарды өзіңіз жазатын эссенің мақсаты, пайдаланатын деректер мен дәйектерге, қозғайтын мәселелерге байланысты құрыңыз. Ол жоспарда Сіз жазуға тиісті барлық ой-пікірлердің түйіні берілгені жөн.

2

Берілген тақырыпқа эссе жазыңыз. Эссе мазмұнының логикалық желіде біртұтастықпен құрылуы үшін қыстырма құрылымдар мен шылаулар, тірек сөздер және сөз тіркестерін пайдалану қажет. Тірек сөздер: Әке жанашыр, әкені құрметтеу, демек.

Т

Жоғарыда жазғанымыздай, эссе құрылымы үш бөліктен құралған. Сіздің жоспарыңыз да үш бөлімнен тұрмақ. Жоспарды өзіңіз жазатын эссенің мақсаты, пайдаланатын деректер мен дәйектерге, қозғайтын мәселелерге байланысты түзіңіз. Ол жоспарда Сіз жазуға тиісті барлық ой-пікірлердің түйіні берілгені жөн.

№1 үлгі

1-тапсырма

Жоспары

I Әке – асқар тау

II Әке қамқорлығы

III Әкеге қарап ұл өсер

2-тапсырма

Әке деген үш әріптен ғана тұратын бұл сөздің түп-тамырында қандай терең мағына жатыр десеңізші?!

Әке деген – жанашыр ұл, сүйікті жар, мейірімді отағасы. Мұсылман халықтарында әке ежелден асқар тау болып саналады. Отбасыда әкенің орны ылғи жоғарыда, биікте болған. Әке – өмірлік серігінің – әйелдің тірегі, жүрегі.

Отбасында әкенің орны ерекше. Әке – қамқоршы, әке – қорғаушы. Күн шықпастан жұмысқа кетіп, қас қарайғанда ғана үйге келсе де, шаршағанын еш сездірмейді де, сыр білдірмейді де. Бұның өзі оның ерекше тұлға екендігін танытады. Ол – біздің болашағымыз үшін жанын да аямайтын, күш-қуатын сарқа жұмсап, барын беретін, орнына ештеңе сұрамайтын кең жүректі жан.

Біздің шаңырақта әкеміз жұмыстан келгенше кешкі тамақ та ішпей, бәріміз дастарқан басында жиналып отырып, оны асыға күтетін жақсы дәстүр бар. Әкем есікті аттап басқан сәтте үйімізге қандай да бір жылылық кіреді. Бұрыш-бұрышта тығылып жатқан періштелер оянған сияқты үй іші жайнап шыға келеді. Мен қуанғанымнан жүгіріп барып, әкемнің мойнына асыла кетем. Әкем қанша шаршап тұрса да, менің маңдайымнан сүйіп көтеріп алады. Анашым: «Әй, қызым, болды, түс, әкең шаршап келді ғой», – деп кейіп қояды. Ал әкем болса: «Жоқ, менің шаршағаным лезде тарап кетті. Өйткені, менің қасымда сендер барсыңдар», – деп қуанады. Әкенің бізге деген шексіз қамқорлығын осыдан да байқауға болады.

Халқымызда «Әкеге қарап ұл өсер» деген мақал бар. Иә, әке қандай болса, бала да сондай тәрбиеде болады. Өйткені, бала әр кезде жанында жүрген жақын адамдардың әрбір қимылын, жүріс-тұрысын көріп, содан үлгі алуға тырысады. Отбасында әкенің ұлына берер тәрбиесінің мәні зор.

№1 үлгінің жазылу дәрежесіне талдау жасайық және бағалау межелері бойынша бағалап көрейік:

Т

- 1) эссе жүйесіне қатысты жоспар құруы – 10
- 2) тақырыптың толық ашылуы; жұмыстың өз бетінше орындалуы – 10
- 3) ұғымдар мен құбылыстардың өзара байланысын талдауда салыстыру мен жинақтау әдістерін пайдалануы; көтерілген мәселеге өзіндік баға бере алуы – 8
- 4) нақты да түсінікті, мазмұнын айқын етіп жаза алуы, бейнелі баяндау шеберлігі, ұлттық танымдық құндылықтарға басым мән беруі, стиль біртектілігін сақтауы (көтеріңкі публицистикалық стильде жазылған) – 10
- 5) қазақ әдеби тілінің лексикалық, грамматикалық, стильдік нормаларын сақтауы, жазу сауаттылығы – 10

№2 үлгі

1-тапсырма

Жоспары

- I Әке құдіреті
- II Түсінбейтін жандар
- III Әке тәрбиесі

2-тапсырма

Әке деген өте құдіретті сөз. Әке асқар тау демекші, бұл дүниедегі жанашыр жан ол әке, әрбір жанұяның басшысы да әке. Әке жайлы қанша жыр, қанша шығарма жазсаң да, аздық етеді. Әкенің қолы қатты болғанымен, жүрегі жұмсақ. Я бұл өмірде әке-шешесінің қадіріне жетпей қайғырып, ешкімнен кем болмасын дейтін жандар олар әке-шешеміз.

Кейбір жандар түсініп те жүргені шамалы. Әкені құрметтей білген бала ғана, әкені тыңдай білген бала ғана бұл өмірде өз орнын табады деп ойлаймын. Қазақта бір жақсы сөз бар: «Әке көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» деген. Бұл сөздің астында үлкен мән-мағына жатыр. «Әкеге қарап ұл өсер» демекші, әрбір бала өз әкесінен тәлім-тәрбие алғысы келеді. Бірақ бұл өмірде адамдардың барлығы бірдей емес, жоғарыда айтып өткен мақалымыз керісінше болуы да мүмкін. Мына бес күндік жалған дүниеде жұмыс таппай ішімдікке салынған адамдар көп. Олардың бала-шағасы бар. Бірақ ол әке баласына қандай тәрбие бере алады деп ойлайсыз? Сондықтан да көп жастарымыз өз бетімен кеткен. Біле білгенге әкенің наласы өте жаман болады.

№2 үлгінің жазылу дәрежесіне талдау жасайық және бағалау межелері бойынша бағалап көрейік:



- 1) эссе жүйесіне қатысты жоспар құрылғанмен, ол эссенің мазмұнына толық сай емес – 6
- 2) тақырып толық ашылмаған; көлемі талапқа сай келмейді, жұмыстың өз бетінше орындалуы – 5
- 3) ұғымдар мен құбылыстардың өзара байланысы талданбаған, салыстыру мен жинақтау әдістері қолданылмаған, көтерілген мәселеге өзіндік баға бере алуы төмен дәрежеде – 6
- 4) нақты да түсінікті, мазмұнын айқын етіп жаза алмаған, алға тартқан деректерін сауатты дәйектей алуы, стиль біртектілігі сақталмаған, баяндауда бірізділік жоқ – 5
- 5) қазақ әдеби тілінің лексикалық, грамматикалық, стильдік нормалары сақталмаған, жазу сауаттылығы төмен – 4

№3 үлгі

1-тапсырма

Жоспары

2-тапсырма

Адам баласы үшін өмірдегі ең қымбат жандардың бірі – әке. Әке – асқар тау. Әке – жанашыр. Өмірде баланың жан жолдасы, жанашыры, досы әке болып есептеледі. Әкенің айтып істеп оны құрметтеу парыз. Демек әке деген өмірдегі ең қымбат жандардың бірі. Әке дегенімізде ең бірінші қамқоршы жан екенін байқаймыз. Сенің қамың ойлаушы, кемшіліктеріңді болдырмаушы кісі, және де саған киім, тамақ, тауып беруші отбасының тірегі. Халқымызда әкеге қарап ұл өсер деген мақал бар. Бұл мақалда байқауымызша отбасында ұл негізінен әкеге қарап өседі. Әкесіне ұқсағысы келеді, әке тәрбиесін алып өседі.

Қорыта айтатын болсам, әке өмірдегі ең қымбатты, ең асыл жан.

№3 үлгінің жазылу дәрежесіне талдау жасайық және бағалау межелері бойынша бағалап көрейік:



- 1) эссе жүйесіне қатысты жоспар құрылмаған – 0
- 2) тақырып ашылмаған; көлемі талапқа сай келмейді, жұмыстың өз бетінше орындалуы – 5
- 3) ұғымдар мен құбылыстардың өзара байланысы талданбаған, салыстыру мен жинақтау әдістері қолданылмаған; көтерілген мәселеге өзіндік баға бере алуы төмен дәрежеде – 4
- 4) мазмұнын айқын етіп жаза алмаған; алға тартқан деректерін сауатты дәйектей алмаған, стиль біртектілігі сақталмаған, баяндауда бірізділік, жүйе жоқ – 3
- 5) қазақ әдеби тілінің лексикалық, грамматикалық, стильдік нормалары сақталмаған, жазу сауаттылығы төмен – 3 (Әкенің айтып істеп оны құрметтеу парыз. Әке дегенімізде ең бірінші қамқоршы жан екенін байқаймыз. Сенің қамың ойлаушы, кемшіліктеріңді болдырмаушы кісі т.б.)

4-нұсқа

Эссенің тақырыбы: **Өмірдегі басты нәрсе ақша ма?**

1 Тақырыптың мазмұнын ашатын жоспар құрыңыз.

Ё Жоғарыда жазғанымыздай, эссе құрылымы үш бөліктен тұрмақ. Сіздің жоспарыңызда да үш бөлім болады. Жоспарды өзіңіз жазатын эссенің мақсаты, пайдаланатын деректер мен дәйектерге, қозғайтын мәселелерге байланысты құрыңыз. Ол жоспарда Сіз жазуға тиісті барлық ой-пікірлердің түйіні берілгені жөн.

2 Берілген тақырыпқа эссе жазыңыз. Эссе мазмұнының логикалық желіде біртұтастықпен құрылуы үшін қыстырма құрылымдар мен шылаулар, тірек сөздер және сөз тіркестерін пайдалану қажет. Тірек сөздер: Көп ақша, денсаулық сатылмайды, ақшаға үнемділік керек.

№1 үлгі

1-тапсырма

Жоспары

- I Ақша оңай келмейді
- II Басты мәселе ақша емес
- III Ақшаны үнемдей білу

2-тапсырма

«Ақшаң болса қалтаңда...» қазіргі қоғамда өмір сүріп жатқан әр азамат пен азаматшаның ойына келген, аузынан шыққан сөз болар. Бүгінгі таңда ақша – өмір сүру формуласының негізгі баптарының бірі болуы мүмкін, алайда басты нәрсе деуге бола ма? Меніңше, жоқ. Адами құндылықтар, еңбек, мақсат, мұрат, тағысын тағы маңызды нәрселер бар емес пе? Еңбектеніп көрген адам ғана ақшаның оңайлықпен келмейтінін біледі, ал кейбіреулер үшін ақша – қаласаң болды – қолыңда тұрар тегін зат сияқты.

Көп жағдайда, жастардың ойынша, тек қолыңда ақшасы бар адамның ғана толыққанды, бақытты өмір сүруге құқысы бар. Қате пікір, әрине. Әуелі адамға білім керек, біліміңді пайдаланып, еңбектену, талпыну керек. Абай ата айтып кеткен «Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінезден өзге нәрселерменен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақтық, масқаралық» деген сөздері де – мұның дәлелі.

Отбасы игілігіне жұмсалатындықтан, ақшаның жеткені жақсы ғой, бірақ «ақша, ақша, тағы да ақша алу керек» дейтіндер түбінде, не ақшасы көптен де артық болып, жанына жақын бірде-бір адамынсыз қалады, не ақшасыз құрдымға кетеді. «Байлар да жылайды» деген сөз тағы бар. Соған қарағанда, ақша өмірдегі басты мәселе емес.

Ақшаға үнемділік керек. Оны оңды-солды шашып береке таппайтының аян. Ақша жұмсау үшін көп ақылдың керегі жоқ. Қолда бар ақшаны қажет нәрсеге жұмсай білу – өнер, ғылым. Ол әрбір адамнан ойлылықты, ұстамдылықты, білімділікті керек етеді. Көбіміз бір айлық қаржымыздың арнайы жоспарын жасамаймыз. Жоспарсыз ақша жұмсау үлкен теңізге компассыз шыққанмен бірдей. «Ақшалы болдым екен» деп көрінгеннің бәріне жұмсауға құмартсаң, ертеңгі күні ақшаның иісі мұрныңа бара да қоймайды. Бұл ретте адам баласына құнды қасиеттердің бірі – қанағатшылдық керек. Адам материалдық мүмкіндіктерін сарапқа сала отырып, шектен шықпағаны мақұл.

№1 үлгінің жазылу дәрежесіне талдау жасайық және бағалау межелері бойынша бағалап көрейік:



эссе жүйесіне қатысты жоспар құруы – 10
тақырыптың толық ашылуы; жұмыстың өз бетінше орындалуы – 10
ұғымдар мен құбылыстардың өзара байланысын талдауда салыстыру мен жинақтау әдістерін пайдалануы; көтерілген мәселеге өзіндік баға бере алуы – 8
нақты да түсінікті, мазмұны айқын етіп жаза алуы; бейнелі баяндау шеберлігі, стиль біртектілігін сақтауы (көтеріңкі публицистикалық стильде жазылған) – 10
қазақ әдеби тілінің лексикалық, грамматикалық, стильдік нормаларын сақтауы, жазу сауаттылығы – 8 (пунктуациялық қателері кездеседі).

№2 үлгі

1-тапсырма

Жоспары

- I Ақша табу жолдары
- II Ақша маңызды емес
- III Қанағат қарын тойғызар

2-тапсырма

Шырғалаңы шыңырау мына дүниеде пенденің қай-қайсысы үшін де ақшаның маңызы ерекше екені хақ. Көп адамның жақсы өмір сүруіне жағдай жасайтын да осы – ақша. Адамдардың көбі дерлік «мол ақша тапсам» деген қиял-арманмен күн кешеді. Бірі – отбасымды асырауға, игі істердің ұйытқысы болу үшін деп ақша керек деп тапса, ал кейбіреулер ақшаға деген шексіз, көзсіз ынтызарлықтың жетегінде жүріп кете барады. Не дегенмен, ақша адам баласына оңай келе қоймайды. Ақша адамзатқа үш түрлі жолмен келеді: біріншісі – адал еңбек, маңдай термен, екінші – түрліше қараңғы әрекеттер нәтижесінде, үшіншісі – бағың жанғанда ғана. Қайсысын алып қарасақ та, оңай жол емес екені анық. Яғни күтпеген жерден туысыңнан мұраға қыруар ақша қалу, лотереядан ұтыс шығу және т.б. сияқты бақытты жағдай, екінің бірінің басына бұйыра бермейді, қара, арам жолмен тапқан ақшаның артында үлкен үрей, қылмыстық жауапкершілік не болмаса ар алдындағы жауапкершілік тұр. Адал еңбекпен келген ақшада адамның табан еті, маңдай тері тұр!

Алайда сынақ дүниеде басты мәселе ақша емес деп білемін өзім! Адам баласы ат басындай алтынға да сатып ала алмайтын дүниелер бар. Алла тағала бізге аманат етіп берген денсаулық сатылмайды. Пенденің бойындағы басты байлығы мызғымас иманы сатылмайды.

Мәңгілік ұйқыда жатқан адам баласы ақша бола тұрып надан болып, ақшасы болмаса да адам болуы мүмкін ғой. Қашанда қанағат адам баласын тойдырған. Қандай кезеңде болсын, адамның аузында шүкіршіліктің болғаны абзал. Осыған орай Л. Толстойдың мына сөзі ойға оралады: «Байлық деген тезек сияқты, үйіле берсе, сасиды, жайсаң, шашсаң, жерді тыңайтады». Не деген ойға қонымды пікір десеңізші!

Адам баласы қолда барға қанағат білдіріп, ақшаны үнемдей білгені дұрыс. Ақшаға үнемділік керек қашанда.

№2 үлгінің жазылу дәрежесіне талдау жасайық және бағалау межелері бойынша бағалап көрейік:

Т

- 1) эссе жүйесіне қатысты жақсы жоспар құруы – 8
- 2) тақырыптың толық ашылуы; жұмыстың өз бетінше орындалуы – 10
- 3) ұғымдар мен құбылыстардың өзара байланысын талдауда салыстыру мен жинақтау әдістерін пайдаланған; көтерілген мәселеге өзіндік баға бере алғанмен, ішінара ой қайталауы кездеседі – 8
- 4) нақты да түсінікті, мазмұны айқын етіп жаза алуы; алға тартқан деректерін сауатты дәйектей алуы, олардың негізінде өзіндік ой-тұжырымдарын жасай алуы, стиль біртектілігін сақтауы (көтеріңкі публицистикалық стильде жазылған) – 9
- 5) қазақ әдеби тілінің лексикалық, грамматикалық, стильдік нормаларын сақтауы, жазу сауаттылығы – 10

№3 үлгі

1-тапсырма

Жоспары

I Басты мәселе – ақша

II Үнемділік қажет

III

2-тапсырма

Адамның мына қазіргі жағдайдағы ең басты мәселесі – ақша. Ақша барлық жерде, барлық жағдайда қажет. Ақшаң болмаса, ешкіммен араласа алмайсың да, еш қайда бара алмайсың. Тіпті қатты қарның ашқанда тамақ та сатып ала алмайсың. Ақшаң болмаса, өмір де сүре алмайсың. Ақшаға барлық нәрсені сатып алуға болады. Тек екі нәрседен басқа олар адамның жаны мен денсаулығы. Денсаулық сатылмайды алтынға да, күміске де, көп ақшаға да. Бірақ ақша оңай келмейді. Оны маңдай термен, жұмыспен ғана табасың. Яғни адал еңбекпен. Бірақ ауырған адамға ақша ең басты мәселе болып табылмайды. Оның басты мәселесі денсаулығы, өмірі. Ондай адамдар барлық нәрсенің қадірін біле бастайды, тіпті ақшаның да. Ақшаны үнемдеп әр нәрсеге жаратпай, тек маңызды керек деген затқа жарату керек. Ақшаға үнемділік керек. Тапқан табыстың барлығын шашпай жарамды іске жұмсау керек.

«Қасықтап жинағанды шөміштеп төкпе», - деген мақалдың астарында үлкен ой бар соның бірі осы үнемшілдікке де байланысты. Үлкен мағына, рөл атқарады. Ал жалпы қорытындыға келетін болсақ, ақшаның пайдасы адал шеше алмайтын істерді кейде ақша шешеді. Ал зияны ол ақшаны көп тапсаң, өзінде де, өзгеде де ашкөздік пайда болады. Сондықтанда өмірдегі ең басты нәрсе ақша деп қарамау керек, ең бастысы сыйластық деп білу керек. Өмірдің өзі үлкен «сіз, біз» дескен сыйластықтан тұрады.

№3 үлгінің жазылу дәрежесіне талдау жасайық және бағалау межелері бойынша бағалап көрейік:

Т

- 1) эссе жүйесіне қатысты жоспар құрылған, бірақ толық емес, қорытынды бөлігі қамтылмаған – 5
- 2) тақырып толық ашылмаған; көлемі талапқа сай келмейді, жұмыстың өз бетінше орындалуы – 5
- 3) ұғымдар мен құбылыстардың өзара байланысы талданбаған, салыстыру мен жинақтау әдістері қолданылмаған; көтерілген мәселеге өзіндік баға бере алуы төмен дәрежеде – 6
- 4) мазмұнын айқын, нақты да түсінікті етіп жаза алмаған; алға тартқан деректерін сауатты дәйектей алуы, стиль біртектілігі сақталмаған, баяндауда бірізділік жоқ – 5
- 5) қазақ әдеби тілінің лексикалық, грамматикалық, стильдік нормалары сақталмаған, жазу сауаттылығы төмен – 4 (сызықшаға байланысты қателер, «Денсаулық сатылмайды алтынға да, күміске де, көп ақшаға да, Үлкен мағына, рөл атқарады» және т.б.)

№4 үлгі

1-тапсырма

Жоспары

I Еңбекпен тапқан мал тәтті

II Үнемдесең ұтасың

III Ақша қолдың кірі

2-тапсырма

Ақша оңайдан келмейді. Қазіргі таңда ақшаң болмаса, күн көруің де аса қиынға түседі. Еңбекпен тапқан мал тәтті дегендей еңбектеніп тапқан еңбектеніп тапқан ақша, еңбектеніп тапқан мал оңайлықпен келмейтіні рас. Заман талабына сай бүгінгі таңда басты мәселе ақша. Олай дейтін себебім ақшаң болмаса ешқандай күн көріс болмайды. Бірақ барлық мәнін ақшаға байланысты емес дегенге келсем ақшаға сатып ала алмайтын нәрселер де бар мысалы денсаулық ақшаға сатылмайды. Ақшаны жақсы көру керек, бірақ көп ақша адамды жолдан тайдыруы мүмкін. «Алтын көрсе, періште жолдан таяр» деп атам қазақ бекер айтпаса керек. Ақшаға үнемділік керек. Бей-берекет шашылған ақша ысырапсыздыққа әкеп соқтырады. Үнемдесең ұтасың демекші, ақшаны орнымен қолданған жөн.

Қорыта келе айтар болсақ, мен үшін өмірдегі ең басты нәрсе ақша емес. Мен үшін ең маңыздысы денсаулық, дені саудың жаны сау демекші, жаның сау болса еңбек етсең ақша өзі-ақ келіп түседі. Екіншіден, ақша қолдың кірі, бүгін бар да ертең жоқ. Ақшаға достықты, сыйластықты, айырбастауға болмайды.

№4 үлгінің жазылу дәрежесіне талдау жасайық және бағалау межелері бойынша бағалап көрейік:



1) эссе жүйесіне қатысты жоспар құрылған – 7

2) тақырып ашылмаған; көлемі талапқа сай келмейді, жұмыстың өз бетінше орындалуы – 5

3) ұғымдар мен құбылыстардың өзара байланысы талданбаған, салыстыру мен жинақтау әдістері қолданылмаған; көтерілген мәселеге өзіндік баға бере алуы төмен дәрежеде – 4
4) мазмұнын айқын етіп жаза алмаған; алға тартқан деректерін сауатты дәйектей алмаған, стиль біртектілігі сақталмаған, баяндауда бірізділік, жүйе жоқ – 3

5) қазақ әдеби тілінің лексикалық, грамматикалық, стильдік нормалары сақталмаған, жазу сауаттылығы төмен – 3 (Ақша оңайдан келмейді. Бірақ барлық мәнін ақшаға байланысты емес дегенге келсем ақшаға сатып ала алмайтын нәрселер де бар мысалы денсаулық ақшаға сатылмайды. Мен үшін ең маңыздысы денсаулық дені саудың жаны сау демекші, жаның сау болса еңбек етсең ақша өзі-ақ келіп түседі)

№5 үлгі

1-тапсырма

Жоспары

I

II

III

2-тапсырма

Ақша мәселесі өте қиын нәрсе. Ақша адамды семіртеді, аздырады, тоздырады. Көп ақша болғанымен, оны орынды жұмсай алмайтын адамдар көп ұшырайды. Ден саулық тәуір болмаса, көп ақшаның ешқандай пайдасы болмайды. Ақша табылады, ал денсаулық табылмайды. Қанша бай болып, ақшаң көп болса, денсаулықты ешқандай ақшаға сатып ала алмайсың. Тапқан ақшаны орынды жұмсап, ақшаға үнемділік керек.

№5 үлгінің жазылу дәрежесіне талдау жасайық және бағалау межелері бойынша бағалап көрейік:



- 1) эссе жүйесіне қатысты жоспар құрылмаған – 0
- 2) көлемі талапқа сай келмейді, жұмыстың өз бетінше орындалуы төмен – 5
- 3) ұғымдар мен құбылыстардың өзара байланысы талданбаған, салыстыру мен жинақтау әдістері қолданылмаған; көтерілген мәселеге өзіндік баға бере алуы төмен дәрежеде – 4
- 4) мазмұнын айқын етіп жаза алмаған; алға тартқан деректерін сауатты дәйектей алмаған, стиль біртектілігі сақталмаған, баяндауда бірізділік, жүйе жоқ – 3
- 5) қазақ әдеби тілінің лексикалық, грамматикалық, стильдік нормалары сақталмаған, жазу сауаттылығы төмен – 3 (Көп ақша болғанымен, оны орынды жұмсай алмайтын адамдар көп ұшырайды. Ден саулық тәуір болмаса, көп ақшаның ешқандай пайдасы болмайды. Қанша бай болып, ақшаң көп болса, ден саулықты еш қандай ақшаға сатып ала алмайсың. Тапқан ақшаны орынды жұмсап, ақшаға үнемділік керек)

5-нұсқа

Эссенің тақырыбы: **Кітап – білім бұлағы**

- 1 Тақырыптың мазмұнын ашатын жоспар құрыңыз.
- 2 Берілген тақырыпқа эссе жазыңыз. Эссе мазмұнының логикалық желіде біртұтастықпен құрылуы үшін қыстырма құрылымдар мен шылаулар, тірек сөздер және сөз тіркестерін пайдалану қажет.

Тірек сөздер: *Кітап – талғам мен таным мектебі, біріншіден, отбасылық кітапхана, қаламгерлермен кездесу, елжандылық қасиеттерді қабылдау, Отанды сүю туралы жазбалар, жастар – жасампаз күш, дұрыс бағыт, бәсекеге қабілетті елдер, жастар мәдениеті, мақсат қою, жастар – ел болашағы, елдік пен ерлік туралы кітаптар, мәртебе, үшін, рухани құндылықтар, қорыта келгенде, талғам, кітапқа деген қарым-қатынасы, кітаптың түрлері мен тақырыбы, мазмұны мен кейіпкері, сезіну.*

Сіздің әрекетіңіз:



Ұсынылған тақырыпты түсініп, онда түйінделген мәселені нақтылаңыз. Эссеңізде баяндалатын жағдаятты ойша бірнеше бөлікке бөліп алыңыз. Әрбір бөлікті қамтитын жоспар құрыңыз.

Эссенің кіріспесін жазыңыз. Эссе жазудың бұл кезеңінде өз жұмысыңызда қандай сауалға жауап іздейтініңізді, оның маңызы мен мақсатын анықтау қажет.

Негізгі бөлімде тарихи, саяси-экономикалық өмірден, кітаптан, өзіңіздің жеке тәжірибеңізден алынған мысалдар ендіре отырып, нақты деректер мен дәйектер келтіру арқылы тақырыбыңызды ашуға тырысыңыз.



Эссені жеке ұстанымыңыз бен пікіріңіз, өз көзқарасыңыз айқын көрінетін қорытындымен аяқтаңыз.

Эссе, оның құрылымы туралы жеткілікті теориялық мәлімет алдыңыз деп ойлаймыз. Енді сол талаптар бойынша жазылған бірнеше эссе үлгісін ұсынамыз.

№1 үлгі

1-тапсырма

Жоспары

I Кітап – таным көзі

II Кітап оқу арқылы қалыптасатын қасиеттер:

- 1) Рухани құндылықтарды құрметтеу
- 2) Таным мен талғамның қалыптасуы

III Отбасылық кітапхананың пайдасы

2-тапсырма

Кітап – біздің рухани қазынамыз. Кітап – талғам мен таным мектебі. Өйткені кітапсүйер қауым кітаптарды оқи отырып өз бағытын, өз танымын айқындайды. Жазушының шеберлігіне байланысты әдеби кітаптарға деген қызығушылық пайда болады. Оқырмандар өз кәсібіне, қызығушылығына орай әдеби және ғылыми кітаптарды алуы мүмкін. Көпшілік адамдар өзінің танымын өсіру,

дүниетанымын кеңейту мақсатында өз көңілдері қалаған ақын-жазушылардың кітаптарын алып оқиды.

Өсіп келе жатқан жас баланы отансүйгіш етіп тәрбиелеу үшін, олардың өмір айдынында дұрыс бағыт таңдауы үшін шындыққа жақын кітаптармен қоса, адам қиялына қанат бітіретін Отан, ерлік пен елдік жайлы шығармаларды да оқыту керек. Жастар – ел болашағы, сондықтан әр жастардың бойында рухани сана-сезім болуы керек. Бәсекеге қабілетті елдер қатарына ену мақсатында елімізде жастарға, жас оқырмандарға озық технологияларды, электронды ақпарат көздерін игерту үдерісі қарқынды түрде жүруде. Әрине, бұның жақсы жақтары бар. Өзге елдермен терезесі тең қарым-қатынас орнатуда, ғылым мен білімді дамытуда, күрделі істерді жеңілдетуге көмегі мол. Сонымен бірге жастардың кітапқа деген қарым-қатынасын өзгертуі оның осал тұсы болып табылады. Себебі қазіргі жастар көбіне уақыт үнемдеу мақсатында керекті материалдарын кітапқа үңілгеннен гөрі ғаламтордан тезірек табуды жөн көреді.

Жастар мәдениетін, олардың танымы мен талғамын көтеру үшін оларға тек әдеби кітаптар оқытып қана қоймай, өздері ұнатқан қаламгерлермен кездесулер ұйымдастыру керек. Менің ойымша, оқырман қаламгермен кездесіп, өзін тебіреніп жүрген сұраққа жауап алып, ой бөліссе, кітапқа, әдеби туындыларға деген қызығушылықтары арта түседі.

Өз шығармашылығына деген оқырманның сүйіспеншілігі жазушының мәртебесін асқақтатып, мерейін өсіріп, шабытын шыңдайды. Ол мәртебеге жету үшін қаламгерге асқан шеберлік керек. Өз шығармасының мазмұны мен кейіпкерлерінің жай-күйін келісті қылып жазуы шарт. Бір қаламгердің өзі түрлі тақырыпта туындылар жазады. Мысалы, Әзілхан Нұршайықов шығармашылығында Отанды сүю туралы жазбалар, ерлік пен елдік туралы, махаббат туралы туындылар бар. Соның ішінде жазушының мәртебесін асқақтатқан – «Махаббат қызық мол жылдар» романы. Оқырман қауым осы кітаптың мазмұны мен кейіпкерлеріне орай қаламгерге көптеген пікірталастар жүргізіп отырған.

Қорыта келгенде, кітап – біздің рухани таным көзіміз. Кітап арқылы біз ғасырлар қойнауына, шартарапқа қиялымызбен саяхат жасап, ата-бабалар шежіресінен, шет елдер мәдениеті мен өмір сүру салтымен танысамыз. Ондағы кейіпкерлер өлемі бізді жаманнан жирендіріп, жақсыдан үйренуге жетелейді. Көзіміз ашылып, жан дүниеміз рухани байи түседі. Олар бізді өзгеге жанашырлықпен қарауға, басқаның пікірімен санасуға тәрбиелейді. Қазіргі кезде адамдардағы осы сезімдердің тапшылығы кітаптан қол үзгеніміздің салдары сияқты көрінеді. Кітапқа деген сүйіспеншілік, құмарлық сезімін оятуға құлшыныспен кірісетін тұлғалар көбейсе екен деп армандаймын.

№1 үлгінің жазылу дәрежесіне талдау жасайық және бағалау межелері бойынша бағалап көрейік:



эссе жүйесіне қатысты кеңейтілген жоспар құрған – 10
тақырыптың толық ашылуы; жұмыстың өз бетінше орындалуы – 10
ұғымдар мен құбылыстардың өзара байланысын талдауда салыстыру мен жинақтау әдістерін пайдалануы; көтерілген мәселеге өзіндік баға бере алуы – 10
нақты да түсінікті, мазмұнын айқын етіп жаза алуы; бейнелі баяндау шеберлігі, ұлттық танымдық құндылықтарға басым мән беруі, стиль біртектілігін сақтауы (публицистикалық стильде жазылған) – 9
қазақ әдеби тілінің лексикалық, грамматикалық, стильдік нормаларын сақтауы, жазу сауаттылығы – 10

№2 үлгі

1-тапсырма

Жоспары

I Кіріспе

Кітап – таным мен білім көзі

II Негізгі бөлім

1) Кітаптың артықшылығы

2) Менің сүйікті кітабым

III Қорытынды

Кітапқа қызықтыру жолдары.

2-тапсырма

Кітап – талғам мен таным мектебі. Бұлай деуімізге бірнеше дәлел бар. Таратып айтатын болсақ:

Біріншіден, кітап оқу арқылы өткен тарихымызды біліп, ел жаңдылық қасиеттерді қабылдап, рухани құндылықтарды бойымызға сіңірсек, екіншіден, түрлі саладағы білімімізді толықтырамыз. Отанды сүю туралы туындылар мен елдік пен ерлік туралы кітаптарды көптеп оқысақ, халқымыздың мәдениеті жоғары болып, бәсекеге қабілетті елдер арасында алғашқы сатылардан орын алуымызға да мүмкіндігіміз жетері даусыз.

Қазіргі таңда еліміздің кемел келешегі, бақытты болашағы жастарымыздың қолында. Бүгінгі жас кітап жастанып ұйықтағаннан гөрі ұялы телефонын құшақтап жатқанды ұнатады. Интернет, телефон арқылы хабарласу мәнері олардың сөздік қорының санаулы сөздермен ғана шектелуіне, баяғыдай ұзынсонар сүйіспеншілікке толы хат жазғаннан гөрі қысқа қайыруы тіл мәдениетінің кедейленуіне апарып соғуда. Көксандықтан көретін зорлық-зомбылыққа толы фильмдер де жастардың бойында біреуге үстемдік ету культін сіңіріп, олардың бір-бірін аяусыз ұрып-соғуына, пышақпен кескілеуіне, тапаншаның шүріппесін қиналмай басуына апарып соғуда. Жастардың жан дүниесі қатаңданып, қасаңданып, ұлттық болмыстан қашықтап барады. Сондықтан жастарымыздың кітапқа деген қарым-қатынасын, оған деген құштарлық сезімін оята білуге күш салу қажет.

Адам биік мәртебеге ие болуы үшін алдына мақсат қоя білуі тиіс. Ал сол мақсатын жүзеге асыруы үшін әрине білімін, тәжірибесін, ақылын қатар пайдалануына тура келеді. Бұл қасиеттерді игеруде кітаптың атқаратын қызметі орасан зор.

Мен өзім Дулат Исабековтің ұлттық колориті бай, жеңіл әзілге оранған повестері мен әңгімелерін сүйіп оқысам, Мұқағалидың жауһар жырлары, Төлегеннің сыршыл өлеңдері құлазыған сәттерде жанымды жадыратады, өмірге деген ұмтылысым мен құлшынысымды оятады. Дулат ағаның «Социализм зәулімі», «Бонопарттың үйленуі», «Талахан 186» атты әңгімелерін қайта-қайта оқудан тіпті жалықпаймын. Қазақылықты, ұлтқа тән аңғалдықты, көп сөзділікті, бейғамдықты т.б. әдемі әзілге орай отырып шебер жеткізген жазушы тіліне тәнті болам. Сол сәтте Төлеген сияқты бар адамды жақсы көрем, бәріне жақсылық жасағым келеді:

«Не көрсем де өздеріңмен көрмекпін,
Қарапайым адамдары еңбектің.
Барлығын да бағыштар ем сендерге,
Махаббатын маған берсе жер-көктің!»

Менің ойымша, әр адамның үйінде отбасылық кітапханасы болса, нұр үстіне нұр болмақ. Себебі, балаларды кішкентайынан кітап оқуға баулысаң, оның танымы, тәрбиесі, білімі, ақылы арта түседі. Балаңыздың жас ерекшелігіне сай кітаптың түрлері мен тақырыбын таңдап берсеңіз болғаны.

№2 үлгінің жазылу дәрежесіне талдау жасайық және бағалау межелері бойынша бағалап көрейік:



- 1) эссе жүйесіне қатысты кеңейтілген жоспар құрған – 10
- 2) тақырыптың толық ашылуы; жұмыстың өз бетінше орындалуы – 10
- 3) ұғымдар мен құбылыстардың өзара байланысын талдауда салыстыру мен жинақтау әдістерін пайдаланған; көтерілген мәселеге өзіндік баға бере алған – 9
- 4) эссені нақты да түсінікті, мазмұны айқын етіп жаза алуы; алға тартқан деректерін сауатты дәйектей алуы, олардың негізінде өзіндік ой-тұжырымдарын жасай алуы, стиль біртектілігін сақтауы (публицистикалық стильде жазылған) – 9
- 5) қазақ әдеби тілінің лексикалық, грамматикалық, стильдік нормаларын сақтауы, жазу сауаттылығы – 9 (ел жандылық – елжандылық, ұзынсонар – ұзын сонар)

№3 үлгі

1-тапсырма

Жоспары

- I Кітаптың тәрбиелік мәні.
- II Кітап – рухани байлық.
- III

2-тапсырма

Кітап баға жетпес байлық. Оның құны ешбір затпен өлшенбейді. Кітап адамның адам болып қалыптасуына үлкен септігін тигізеді. Кітап арқылы ең бірінші өзінді танысың, сосын бүкіл әлемді танысың. Білімнің тұнып тұрған тұңғиығы асыл кітапта жатыр. Кітап арқылы, соған үңілу арқылы білімнің терең сырларына қанық боп алға қарай ілгерілеуге болады. Тәрбиенің кілті кітапта. Кітап адамды жөнге салып адам етеді, бақытты болуына жөн сілтейді. Біз оны көркем әдебиет туындыларынан байқаймыз. Бастысы кітаптың түрлері мен тақырыбын дұрыс таңдасақ болғаны.

Көркем әдебиетті оқығанда оқырман кейіпкерлермен бірге неше түрлі күй кешеді. Күлсе күліп, жыласа бірге жылап, ашуланса шарт-пұрт болып осындай жағдайларға қанық болады. Кітаптың рухани құндылық екенін осыдан байқайсың.

Кітап өмірлік серігің емес пе?! Кітаппен дос болсаң ештеңеден құр қалмайсың. Бәсекеге қабілетті елдер қатарына қосылу үшін асқан білімдарлық пен қажырлы еңбек қажет екені белгілі. Соның шешуі аяулы асыл кітапта емес пе? Көп оқысаң, көп білсең, саған ешнәрсе тосқауыл болмайды. «Кітап – білім бұлағы» деген сөз осыны аңғартса керек. Кітапсыз өмір – мәні жоқ жалған өмір.

№3 үлгінің жазылу дәрежесіне талдау жасайық және бағалау межелері бойынша бағалап көрейік:



- 1) эссе жүйесіне қатысты жоспар құрылған, бірақ толық емес, қорытынды бөлігі қамтылмаған – 5
- 2) тақырып толық ашылмаған; көлемі талапқа сай келмейді, жұмыстың өз бетінше орындалуы – 5
- 3) ұғымдар мен құбылыстардың өзара байланысы талданбаған, салыстыру мен жинақтау әдістері қолданылмаған; көтерілген мәселеге өзіндік баға бере алуы төмен дәрежеде – 6
- 4) мазмұнын айқын, нақты да түсінікті етіп жаза алмаған; алға тартқан деректерін сауатты дәйектей алуы, стиль біртектілігі сақталмаған, жалпылама сөздер көп, баяндауда бірізділік жоқ – 5
- 5) қазақ әдеби тілінің лексикалық, грамматикалық, стильдік нормалары біршама сақталған, пунктуациялық қателері бар – 8 (Кітап – баға жетпес байлық. т.б.)

№4 үлгі

1-тапсырма

Жоспары

I

II

III

2-тапсырма

Кітап, менің достым! Мен кітап жайлы айтатын болсам, достарым, кітапті абайлайық. Не үшін дейсіз бе? Кітап – таным көзі. Біз, жастар, Отанды сүю туралы жазбалар, жастар – ел болашағы, кітапқа деген қарым-қатынас мазмұны мен кейіп керіне аса мән беріп оқуымыз керек. Біз ең алдымен рухани құндылықтарды құрметтеуіміз керек. Мен бос уақытым болса түрлі кітаптар оқимын. Маған көбінесе көркем шығармалар, мақал-мәтелдер, ертегілер және т.б. кітаптар ұнайды. Мен бұл кітаптарды оқығанда өзімді бір керемет сезінемін, дем алам және әртүрлі жаңа сөздер үйреніп алам және бұл сөздер қай уақытта қалай айтылуы керек, оны қалай айтсам дұрыс деген пікірлер келе бастайды. Мен өзіме өзім айтам, мен оның көңіліне тимеу үшін бұл айтатын ойымды мақалдай айтайын. Ол өзіне соны қалай қабылдайды, дұрыс шешімін шығара ала ма жоқ па деп айтам. Кейбір кезде сол айтқан сөзім дұрыс ба бұрыс па деп қоям. Мен көбінесе кітап жинағанды жақсы көрем. Өз үйіңде отбасылық кітапханаң болса қандай керемет болар еді. Ол деген мәртебе емес пе? Әр бір адам өз алдына мақсат қоюы керек. Менің ойымша кітап жинауда да бәсеке болу керек. Мен өз ойымды қорыта келсем, біз жастар көп кітап оқуымыз керек. Өте білімді болуымыз керек. Біз жастардың қолына Қазақстанның гүлдеуі, өркендеуі, келешегі сондықтанда көп оқуымыз керек.

№4 үлгінің жазылу дәрежесіне талдау жасайық және бағалау межелері бойынша бағалап көрейік:



- 1) эссе жүйесіне қатысты жоспар құрылмаған – 0
- 2) тақырып ашылмаған; көлемі талапқа сай келмейді, жұмыстың өз бетінше орындалуы төмен – 5
- 3) ұғымдар мен құбылыстардың өзара байланысы талданбаған, салыстыру мен жинақтау әдістері қолданылмаған; көтерілген мәселеге өзіндік баға бере алуы төмен дәрежеде – 4
- 4) мазмұнын айқын етіп жаза алмаған; алға тартқан деректерін сауатты дәйектей алмаған, стиль біртектілігі сақталмаған, баяндауда бірізділік, жүйе жоқ – 3
- 5) қазақ әдеби тілінің лексикалық, грамматикалық, стильдік нормалары сақталмаған, жазу сауаттылығы төмен – 3 (кітапты, кейіпкеріне, дұрыс ба, әр бір, Қазақстанның гүлдеуі, келешегі сондықтанда көп оқуымыз керек. Біз, жастар, Отанды сүю туралы жазбалар, жастар – ел болашағы, кітапқа деген қарым-қатынас мазмұны мен аса мән беріп оқуымыз керек және т.б.)

3

Жазылым бөлігі. Қорытынды тапсырмалар

Эссенің тақырыбы: **Отан – оттан да ыстық**

- 1 Тақырыптың мазмұнын ашатын жоспар құрыңыз.
- 2 Берілген тақырыпқа эссе жазыңыз. Эссе мазмұнының логикалық желіде біртұтастықпен құрылуы үшін қыстырма құрылымдар мен шылаулар, тірек сөздер және сөз тіркестерін пайдалану қажет.

Эссе жазу барысында төмендегі тірек сөздерді қолдану ұсынылады:
Отан әр адамға ыстық, себебі, Отан – Ана, осылайша, Отанға құрмет,
меніңше, өйткені

V тарау

Қосымшалар

1

Тыңдалым бөлігінің қосымшасы

**Бірінші бөлім бойынша дағды қалыптастыруға арналған жаттығулар
(мәтіннің мақсатын айқындауға, сұхбатқа қатысушылардың пікірін
нақтылауға, астарлы сөздердің мәнін айқындауға арналған)**



1-диалог

– Жағда аға, Наурыздың тойлану тарихы туралы айтып берсеңіз?

– «Наурыз» сөзі парсының «нау» – «жаңа», «руз» – «күн» деген екі сөзінен құралған. Яғни, «Жаңа күн». Парсылардың «наурыз» атауына қатысы қаншалықты екенін және бұл мерекені олардың тойлайтынын не тойламайтынын мен білмеймін. Ал түркі тілдес халықтардың барлығы Наурызды тойлайды. 1970 жылдары Мәскеудегі Ленин атындағы кітапхананың архивінен ескі бір жырды кездейсоқ қолға түсірдім. Араб әріптерімен жазылған өте ұзақ жыр екен. Ерінбей оқып шықтым. Авторының аты-жөнін ұмытып қалдым. Бірақ жұмыр Жерді топан су қаптағанда Нұх пайғамбардың кемесі кеп Қазығұрттың басына тоқтағаны, дәл сол күні күн мен түннің теңескені суреттелген сол жырда жыршы Нұх пайғамбардың кемеден түскен барша тіршілік иелеріне ең ұлық мереке – күн мен түннің теңелуін, яғни, жаңа бір өмірдің басталуын тойлауға әмір бергені айтылыпты. Күн мен түннің теңелуі – табиғаттың мерекесі. Демек, Наурыз – ешқандай саяси, әлеуметтік немесе тарихи бір оқиғаларға бағынбайтын мереке. Бұл мейрамды аса қасиетті деп ұлықтаудың астарында осы себеп жатыр. Алайда Наурызды тойлау рәсімі Нұх пайғамбар қайтыс болғаннан кейін бірте-бірте ұмытылып, адамдардың жадынан мүлде шыққан. Тек арада 300 жыл өткенде ғана Наурыз есімді алып тұлғалы, өте күшті әрі жігерлі бір адам пайғамбар бастамасын жалғастырып, жыл басы – Наурызды тойлауды қайта қолға алыпты, бүкіл түркі халықтарының мерекені жыл сайын үзбей атап өтуіне осы Наурыз ықпал етіпті делінген сол көне жырда.

– Сонда Наурыздың шығу тарихын арбыздардың аңызы ретінде қарастырамыз ба?

– Аңыз әңгімелердегі Нұх пайғамбардың кемесі тоқтаған жер деп Арарат пен Қазығұрт таулары көрсетіледі. Ендеше ұлыстың ұлы күнін тойлау қашан басталды деген сауалға жауап табу үшін алдымен «Орталық Азияны топан су қаптады ма?» деген сұраққа жауап іздеп көрелік. 1970 жылдары Нұх пайғамбар кезеңіндегі топан су басқан жерлерді зерттеген орыс ғалымдары Тәжікстандағы Памир тауының 3 мың метр биіктігінен акуланың сүйектерін тауып алған. Демек, биіктігі 3 мың метрге жететін әлгі құз ертеде жыртқыш акула тіршілік еткен теңіздің түбі болған. Сол кезеңдерде мұқабасы жасыл, қалыңдығы 20 беттен аспайтын жұп-жұқа кітапшадан Жер бетін топан су қаптағанына 12 664 жыл болғаны көрсетілгені туралы деректі оқыған едім. Өкінішке қарай, кітапшаны жоғалтып алдым. Егер сол кітапша табылса, Наурыздың тарихына қатысты және бір маңызды әрі тың дерек қосылар еді. Өйткені, сол кезден бастап есептесек, Наурызға 12 700 жыл толды деуге негіз бар. Яғни, «Наурызды жұрт қай уақыттан бері тойлап келе жатыр?» дегенге берілетін жауап: Нұх пайғамбардан кейін жалғасын таппай үзіліп қалған 300 жылды кері шегереміз. Сонда бүкіл адамзат наурызды 12 400 жыл бойы тойлап келеді деуге болады.

1-жаттығу

Мәтіннің мақсатын көрсетіңіз.

- A) Аңыздардың шығу тегін анықтау
- B) Наурыз мейрамының тойлану себебін түсіндіру
- C) Халықтық мерекелерді анықтау

2-жаттығу

Сәйкесін табыңыз.

Наурыз – ұлттық саяси діни мереке

3-жаттығу

Дұрыс жауапты табыңыз.

Аңыздағы Нұх пайғамбардың кемесі тоқтаған жер.

- A) Каспий маңы
- B) Арал маңы
- C) Карпат маңы
- D) Қазығұрт тауы

4-жаттығу

Дұрыс жауапты табыңыз.

Наурыз сөзінің білдіретін мәні Ырыс
Көктем
Жаңа күн

5-жаттығу

Дұрыс жауапты тауып, кестені толтырыңыз.

Сұхбат берушінің мақсатын көрсетіңіз.	Сұхбат алушының мақсатын көрсетіңіз.	Сұхбат берушінің не туралы айтқанын көрсетіңіз.

- 1) Наурыз мейрамының шығу тарихы туралы мәлімет алу.
- 2) Мерекенің түркі халықтарына ортақтығы.
- 3) Ұлттық мейрамдар тарихын зерттеу.
- 4) Наурыздың тойлану тарихы туралы мәлімет беру.



2-диалог

Шорман 90 жастағы Байдалы биге сәлем беріп, «үлгілі сөз естиін» деп бала жігіт күнінде барған екен. Би: «О, кәрілік, мен саған не жаздым!» - дей беріпті. Қонағы бір қонып аулына кайтқалы жатқанда Байдалы қарт бала Шорманға: «Не алып қайттың?» - депті.

– «Ой хой, кәрілік, мен саған не жаздым» дегеннен басқа ештеңе естігенім жоқ, - дейді Шорман. Сонда Байдалы Шорманға:

– Сөздің анасы сенде еді, баласы менде еді, өзің бастамаған соң мен не айтайын, ана таппаса, бала тумақшы емес. Әдейі ат арытып келдің ғой, төрт ауыз сөз айтайын, соны алып қайт. Алыста не алыс, Жақында не жақын? Тәттіде не тәтті, Ащыда не ащы? - депті.

– Алыстан – жер мен көктің арасы алыс, Жақында – ерлі-байлы кісінің арасы жақын. Тәттіде – сол қатыннан туған бала тәтті, Ащыда – сол бала қаза тапса сол ащы, - дейді Шорман.

– Бір айтуға бұл да жарайды, бірақ анығы бұлай емес. Жермен көктің алыстығы жоқ, көзге көрінеді. Ерлі-байлы қатынның жақындығы жоқ, талай қатын мен еркектің араздасып келгенін көріп айырып жібердім. Жақын болса біреуінен біреуі айырылар ма еді? Бала да тәтті емес, айтуға ғана. Әкесімен араздасып келіп баласын әкесінен айырып әкеткенді де көрдім. Ондай баладан айырылғанның ащылығы жоқ. Төрт сөздің шешілуі мынау: Алыста – білімді мен наданның арасы алыс, Жақында – өлім жақын. Тәттіде – жан тәтті, Ащыда – жаннан айырылу ащы. «Алтын берген дос емес, ақыл берген дос» - деп бұрынғылар осындай сөзді айтқан екен.

6-жаттығу

Мәтінге лайық тақытыпты қойыңыз.

- A) Жер мен көк
- B) Ащы мен тәтті
- C) Алыс пен жақын
- D) Байдалы бидің Шорманға айтқаны

7-жаттығу

Мәтін мазмұны бойынша кестені Шорман мен Байдалының айтуы арқылы толтырыңыз.

Тәтті	бала	жан
Ащы		
Алыс		
Жақын		

8-жаттығу

Қайсысы кімнің пікірі екенін бағдарсызық (стрелка) арқылы көрсетіңіз.

Алыста – жер мен көктің арасы алыс, жақында ерлі-байлы кісінің арасы жақын, тәттіде – сол қатыннан туған бала тәтті, ащыда – сол баладан айырылған ащы	Байдалы бидің
Алыста – білімді мен наданның арасы алыс, жақында - өлім жақын, тәттіде – жан тәтті, ащыда – жаннан айырылу ащы	Ондай пікір жоқ
Алыста – ағайын алыс, жақында – көрші жақын, тәттіде – қант тәтті, ащыда – тұз ащы	Шорманның

9-жаттығу

Дұрыс жауабын қойыңыз.

Шорман Байдалыға қандай мақсатпен барды?

- A) Танысуға
- B) Сәлем беруге
- C) Жағдайын сұрауға
- D) Үлгілі сөз есту үшін

10-жаттығу

Мәтіндегі мақалды белгілеп көрсетіңіз.

- A) Алыста – білімді мен наданның арасы алыс.
- B) Алтын берген дос емес, ақыл берген дос.
- C) Жақында – өлім жақын.
- D) Тәттіде – жан тәтті.

11-жаттығу

Мәтіннің соңындағы ақпаратты қойыңыз.

- A) Байдалының берген сауалы
- B) Шорманның берген жауабы
- C) Шорманның Байдалы бимен кездесуі
- D) Байдалы бидің өз сұрағына өзі жауап беруі

12-жаттығу

Дұрыс жауабын қойыңыз.

Сұхбат кімдердің арасында болған?

- A) Кедей мен байдың
- B) Халық пен Шорманның
- C) Халық пен Байдалының
- D) Байдалы мен Шорманның

**Екінші бөлім бойынша дағды қалыптастыруға арналған жаттығулар
(сұхбатқа қатысушылардың ұстанымын тануға, көзқарастарын бағалауға,
сұхбат соңын болжауға және автор көзқарасын анықтауға арналған)**



3-диалог

– Серік Дәулеталыұлы, «Хабар» арнасына 15 жыл толып отыр. Мерейтойларыңыз құтты болсын! Осы уақыт аралығында «Хабар» агенттігі өз миссиясын қалай атқарып шықты?

– Рахмет! Осы бір ұжымда 14 жылға жуық жұмыс істеп келемін. “Хабардың” іргетасын қалаған алғашқы топтың арасында болмасам да, кейінгі шығармашылық ғұмырым “Хабардың” қара шаңырағымен байланысты. Агенттіктің тарихында шарықтаған сәттер де, тоқыраған кезеңдер де өтті. Оның өзіндік себептері болды. Менің ойымша, “Хабардың” ең жақсы даму кезеңі – 1997-2001 жылдар. Агенттік телеарналардың арасында алғаш болып ең озық заманауи техникамен жарақтандырылды, ұжымға жүйрік ойлы дарынды жас мамандар тартылды, шығармашылық еркіндіктің арқасында “Хабардың” эфирі қызықты да сапалы телеөнімдерге толтырылды. Ол кезде биліктің олқылықтарын қаймықпай айтып, көрсете алатынбыз. “Жетпіс жеті күн” бағдарламасында Елбасының өзіне тұспалдап сын айтқан кездеріміз болған. Парламент депутаттарының артықтау сөздері, қылықтары «Хабардың» қырағы көзіне ұшырайтын. Билік иелері қаймығып, эфирдегі сыннан қорытынды шығаратын. Осы арқылы телеарнаның абыройы артып, халық арасынан шындық пен әділеттіктің жанашыры ретінде үлкен бедел жинады. Өкінішке қарай, 2001-ші жылдың соңында агенттік басшылығы арасында кейбір өзгерістер болды. Бұл “Хабардың” құрылымына, ұжымның сапалық құрамына және қалыпты эфиріне әсер етті. Бағдарламалар мен арнайы жобалар қаржы тапшылығын сезіне бастады.

Дегенмен, қуанышымызға қарай, министрлік пен агенттік басшылығының қазіргі ұстанымы дұрыс. Жаңа жобалар әзірленуде.

– Қазақ телевизиясында ұзақ мерзімді бағдарламалар көп емес. Кейбір бағдарламалар көбіне 1-2 жылдық жоспармен ғана шығады. Неге?

– Алғашқы жылдары көрермендердің ыстық ықласына ие болған “Таң қалмаңыз” бағдарламасы 6 жыл көлемінде эфирде тұрды. Мұны мақтан тұтуға болады. Бірақ, аталмыш жобаны осынша уақыт бойы көрермен сүйіспеншілігі теледидар кестесінен түсірмеді деп айта алмаймын. Өз басым, бағдарламаға ұзақ мерзімді болу міндетін қоймас едім. Бірақ, ұзақ мерзімге жарайтын жақсы жобалар жүзеге асып жатса, қатты қуанар едім.

– Ерік мырза, «Тамаша», «Қымызхана» сынды бағдарламалардың жарыққа шығуы қазақ телевизиясының шырқау кезеңі болды. Кейін бұлардың қатарына «Ұят болмасын», «Жетпіс жеті күн» немесе «Біздің көшенің тұрғындары» секілді танымал бағдарламаларды қостыңыз. Бүгінгі таңда бұл бағдарламалар неге жоқ? Сіздің ойыңызша, халықтың көзайымына айналып үлгерген сол бағдарламалар көрермендерімен қайта қауыша ма?

– Қазір еркіндік жоқ. “Ұят болмасынның”, “Біздің көшенің” диалогтерын құлағыңызға салып көріңізші. Барлығында да ащы тұспалдар бар... Қазір астарында үлкен салмақ жатқан сондай әзіл-қалжыңдарды мемлекеттік арнаның эфирінен өткізе аламыз ба? Сондықтан, бұндай сауалдарды бізге емес, лауазымдыларға қойғаныңыз дұрыс болар еді.

13-жаттығу

Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

- 1) Мәтін не туралы? _____
- 2) Сұхбатқа қатысушылар кімдер? _____
- 3) Олар не туралы айтты? _____
- 4) Мәтінде қандай телебағдарламалардың аттары аталады?

14-жаттығу

Дұрыс жауапты табыңыз.

	Жаман көз
«Қырағы көз» тіркесінің білдіретін мәні	Нашар көретін көз
	Көреген, сыншыл көз

15-жаттығу

Сұхбатқа қатысушылардың ұстанымын анықтаңыз.

Тілші	
Бірінші сұхбат беруші	
Екінші сұхбат беруші	

16-жаттығу

Сұхбаттың түйінін көрсетіңіз.

- A) Қазір телеарнада еркіндік жоқ.
- B) Мұндай бағдарламаларды халық қолдамайды.
- C) Мұндай шаралар телеарна жұмысын алға өрлетпек.
- D) Бүгінгі таңда ұлттық тәрбиені дамытатын бағдарламаларымыз көп.

**Үшінші бөлім бойынша дағды қалыптастыруға арналған жаттығулар
(мәтін идеясын түсінуге, мәтінді тақырыптарға бөліп, ондағы ақпараттарды
тақырып бойынша есте сақтауға, мәтіндегі негізгі ақпараттар мен қосымша
ақпараттарды ажырата білуге, мәтін мазмұнын толық қамти алатын
тақырыпты таба білуге арналған)**



1-мәтін

Әрқайсымыздың суық күндері жұмсақ жүннен тоқылған киім киіп, жылы көрпеге оранғымыз келеді. Себебі тоқыма адамға беретін жағымды энергетикасымен бірге көптеген аурулардан құтылуға жәрдем береді.

Жүннің денсаулыққа пайдасы ежелден белгілі. Мысалы, қолтық астындағы ауырсыну мен суықтаудан ит жүнінен тоқылған белбеу құтқарады. Оны жасау қиын емес. Алдымен иттің жүнін қырқып алып, сусабынмен жуып аласыз. Жүнді шайып, кептіріп, матаның үстіне жұқа етіп, көпсітіп қойып шығу керек. Содан соң өзіңізге керек қалындау мақта матаның бөлігін қырқып, үстіне манағы жүнді қойып, екіге бүктеп, шеттерін тігіп шығыңыз. Белбеу өте ыңғайлы, ауруды басады.

Негізі денсаулыққа ит жүні ғана емес, көптеген адам қыстыгүні аяққа шұлық етіп тоқып алатын қой жүні де пайдалы. Қойдың жүнінен тоқылған шұлықтар қан айналымын жақсартып, гипертония кезінде қан қысымын түсіреді. Табиғи жүннің құрамында ланолин болғандықтан ол аллергия мен суыққа қарсы препарат болып табылады және түрлі жаралар мен сүйек сынуында тез жазылуға жәрдем. Қой жүнінен тоқылған киімдер ішкі органдарға жақсы әсер етеді, мәселен, бүйрек, жүрек ауруларының алдын алады.

Жүннен жасалған төсемдер өмірге деген құлшынысты арттырады екен. Сонымен қоса, төсегіңіз ауа өткізгіш, жылы болып келеді. Мұндай төсек қан қысымымен ауыратын адамдарға өте қолайлы. Ал жастықтың түйе жүнінен жасалғаны дұрыс. Өйткені ол адамға күш-қуат береді.

Буындары қақсап, қимыл-қозғалысы шектелген жандардың да жүннен тоқылған киімдерге басымдық бергені жақсы. Жүннен тоқылған бұйымды (қызыл түстен болғаны жөн) жылытып, тұзды суға салып, қақсап тұрған буынға жарты сағат қойса, ауырғаны біраз басылады. Сонынан уқалап жіберсе, емдік қасиеті арта түседі.

Тоқыма киімдер адамның жүйке жүйесін жақсартады. Бас сақинасы мазалайтын жандар жүннен тоқылған, ал радикулит пен остеохондроз кезінде ауырған жерге иттің жүнінен тоқылған шарф байласа пайдалы.

Міне, көпшілік «қышытады» деп ұната бермейтін жүннен тоқылған киімдердің осындай пайдалы жақтары бар. Олай болса, жылы әрі емдік қасиеті бар киімге басымдық бергеніңіз жөн.

Н.Бимұрзақызы. «Ауырмаңыз» газетінен, №22 (54., 2011 жыл)

17-жаттығу

Мәтін идеясын көрсетіңіз.

	Жүннен тоқылған киімдердің емдік қасиетін дәріптеу
МӘТІННІҢ ИДЕЯСЫ	Жүннен жасалған киімдерді жарнамалау
	Жүннен тоқылған киімге басымдық беру

18-жаттығу

Мәтін мазмұны бойынша негізгі және қосымша ақпараттарды ажыратып, кестені толықтырыңыз.

Негізгі ақпарат	Қосымша ақпарат

- 1) Иттің жүнінен жасалған белбеу денсаулыққа пайдалы.
- 2) Жүннен жасалған төсемдер ауа өткізгіш және жылы болып келеді.
- 3) Тоқыма киімдер адамның жүйке жүйесін жақсартады.
- 4) Радикулитке ит жүнінен жасалған белбеу жақсы көмектеседі.
- 5) Табиғи жүннің құрамында ланолин бар.
- 6) Суықта бәріміз жүннен тоқылған жылы киім киінгенді ұнатамыз.
- 7) Түйе жүнінен жасалған жастық адамға күш-қуат береді.
- 8) Жүннен тоқылған киімдер денені қышытады.
- 9) Жылы тұзды суға салынған жүннен тоқылған бұйымды буын қақсап ауырған жерге жарты сағат қою арқылы ауырсынуды азайтуға болады.
- 10) Иттің жүнін сусабынмен жуу керек.

19-жаттығу

Мәтін мазмұны бойынша ақпараттарды рет-ретімен орналастырыңыз.

- 1 Тоқыма киімдердің адам жүйкесіне әсері.
- 2 Түйе жүнінен жасалған жастықтар.
- 3 Буынның қақсауын жүн арқылы емдеу.
- 4 Жүннен жасалған төсемдер.
- 5 Қой жүнінен тоқылған шұлықтың емдік қасиеті.
- 6 Ит жүнінен белбеу жасау.

20-жаттығу

Мәтін мазмұнын ашатын тақырыпты көрсетіңіз.

- A) Тоқыма киімдердің емдік қасиеті
- B) Табиғи жүннің пайдасы
- C) Халық емі

2

Лексика-грамматикалық бөліктің қосымшасы

Лексика-грамматикалық бөлік бойынша дағды қалыптастыруға арналған жаттығулар

Синонимдер

1-жаттығу

Асты сызылған сөздерді мағынасы жуық, мәндес сөздермен алмастырыңыз.

- 1) Алдын ала жоспарланған жұмыстың көңілдегідей шықпағанын айтты.
- 2) Ол ауылдағы туып өскен жерін, туған-туысқандарын қатты сағыныпты.
- 3) Ел Тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай республикамызда қомақты іс-шаралар қолға алынып, әртүрлі сала бойынша жан-жақты жұмыстар жүргізіліп жатыр.
- 4) Біреуге бір ауыз сөз айтпайтын тұйық адамның мұншалықты телегей-теңіз біліміне қайран қалды.
- 5) Жаяу жүргіншілер жол ережелерін сақтауға құлықсыз.
- 6) Мәжіліс Қазақстан мен Латвия үкіметтері арасындағы инвестицияларды көтермелеу жөніндегі заң жобасын мақұлдады.
- 7) Абай өз заманындағы жас ұрпаққа, «көкірегі сезімді, көңілі ойлы» адамдарға үміт артып, олардың жүрегін оятып, оларды өзінің озат мақсат-мұраттарына тартуға ұмтылды.
- 8) Жүйкесі жұқарған жан сабырсыз, шыдамсыз келеді.

Қажетті сөздер: *өрен-жарандарын, ойдағыдай, құптады, мазасыз, көл-көсір, игі армандарына, ауқымды, ықылассыз*

Жауабы:

Көңілдегідей – ойдағыдай, туған-туысқандарын – өрен-жарандарын, қомақты – ауқымды, телегей-теңіз – көл-көсір, мақсат-мұраттарына – игі армандарына, құлықсыз – ықылассыз, мақұлдады – құптады, шыдамсыз – мазасыз

2-жаттығу

Синоним сөздердің астын сызыңыз.

- 1) Ибалы, инабатты, ізетті жандар қазақта баршылық.
- 2) Ақсақал осы сөзден кейін абдырады, састы, қысылды, жан терге түсті.
- 3) Жылатушы көп болса, уатушысы, жұбатушысы да мол болған ел сорлы бола ма? (М. Әуезов).
- 4) Балташ жолдасқа опашыл, уәдешіл болатын (Ж. Аймауытов).
- 5) Әкесі өз ісінің тәжірибелі, білікті маманы болатын.
- 6) Ауладағы қар көктем басталғалы, езіліп, еріп жатыр.
- 7) Дәл қасымызда үш бастау, қайнар, бұлақ бар.
- 8) Өзіне тиесілі, тиісті ақысын санап алды.
- 9) Балаларға арналған кітаптың тілі жеңіл, ұғымды, түсінікті болғаны дұрыс.
- 10) Композитор бұрыштағы көнелеу, тозыңқы күйсандығын ашып, салалы саусақтарымен әуені таныс күйді ойнай бастады.

Жауабы:

1. Ибалы, инабатты, ізетті жандар қазақта баршылық.
2. Ақсақал осы сөзден кейін абдырады, састы, қысылды, жан терге түсті.
3. Жылатушы көп болса, уатушысы, жұбатушысы да мол болған ел сорлы бола ма? (М. Әуезов).
4. Балташ жолдасқа опашыл, уәдешіл болатын (Ж. Аймауытов).
5. Әкесі өз ісінің тәжірибелі, білікті маманы болатын.
6. Ауладағы қар көктем басталғалы, езіліп, еріп жатыр.
7. Дәл қасымызда үш бастау, қайнар, бұлақ бар.
8. Өзіне тиесілі, тиісті ақысын санап алды.
9. Балаларға арналған кітаптың тілі жеңіл, ұғымды, түсінікті болғаны дұрыс.
10. Композитор бұрыштағы көнелеу, тозыңқы күйсандығын ашып, салалы саусақтарымен әуені таныс күйді ойнай бастады.

Омонимдер. Омонимдердің берілуі**1-жаттығу**

Төмендегі омонимдердің мағынасын табыңыз.

Ат , қас, сыр, ақ, іш, тамақ, ара, алма, баспа, жүз.

Қажетті сөздер:

бет, сан, етістік.

тамақ ауруы, етістік.

жәндік, құрал.

етістік, жеміс.

бояу, біреудің құпиясы.

жұмыс көлігі, есім, атау, етістік (бұйрық рай).

адамның қабағындағы қас, дұшпан, жау. бірдеменің жаны, маңы (үйдің қасы), ердің қасы

түс, сүт өнімдері, таза.

ас, адамның дене мүшесі

дене мүшесі, тамақ іш (етістік)

Жауабы:

Ат – жұмыс көлігі, есім, атау, етістік (бұйрық рай).

Қас адамның қабағындағы қас, дұшпан, жау, бірдеменің жаны, маңы (үйдің қасы), ердің қасы

Сыр – бояу, біреудің құпиясы

Ақ – түс, сүт өнімдері, таза

Іш – дене мүшесі, тамақ іш (етістік)

Тамақ – ас, адамның дене мүшесі

Ара – жәндік, құрал

Алма – етістік, жеміс

Баспа – тамақ ауруы, етістік

Жүз – бет, сан, етістік

2-жаттығу

Төмендегі сөйлемнен омоним сөздерді тауып, астын сызыңыз.

1. Біз көк байрақтың астында тәуелсіз мемлекет құрып, Қазақстанды әлемге таныттық. 2. Көкте қалықтаған бүркіттің қарасы көрінгенше қарап тұрды. 3. Сәуір болса, күн күркірер, күн күркіресе, көк дүркірер. 4. Шағала келмей жаз болмас. 5. Сен өтінішіңді дұрыстап жаз. 6. Қонақтарға жақсылап дастарқан жаз. 7. Ауруын ертерек жаз, жазға дейін демалсын. 8. Бүгін ол жұмыстан жай қайтты. 9. Жай түскен ағаштар өртеніп кеткен көрінеді. 10. Досының жайы болмай жүрген көрінеді. 11. Адамның жасы ұлғайған сайын ақылы да кемелдене түседі. 12. Анасы есіне түскенде көзіне жас келіп қалады. 13. Ағамның баласы тым жас болатын. 14. Жас малдың етінен дәмді қуырдақ жасады.

Жауабы:

1. Біз көк байрақтың астында тәуелсіз мемлекет құрып, Қазақстанды әлемге таныттық. 2. Көкте қалықтаған бүркіттің қарасы көрінгенше қарап тұрды. 3. Сәуір болса, күн күркірер, күн күркіресе, көк дүркірер. 4. Шағала келмей жаз болмас. 5. Сен өтінішіңді дұрыстап жаз. 6. Қонақтарға жақсылап дастарқан жаз. 7. Ауруын ертерек жаз, жазға дейін демалсын. 8. Бүгін ол жұмыстан жай қайтты. 9. Жай түскен ағаштар өртеніп кеткен көрінеді. 10. Досының жайы болмай жүрген көрінеді. 11. Адамның жасы ұлғайған сайын ақылы да кемелдене түседі. 12. Анасы есіне түскенде көзіне жас келіп қалады. 13. Ағамның баласы тым жас болатын. 14. Жас малдың етінен дәмді қуырдақ жасады.

Көпмағыналы сөздер (Сөздің ауыспалы мағынасы)

1-жаттығу

Көпмағыналы сөздерді теріп жазыңыз.

- 1) Құстың қанатындай үлпілдек жастықты әкелді. Алты қанат ақ орданың айналасына жиналды.
- 2) Көзім шаншып ауыратынды шығарды. Иненің көзінен өткендей сүйкімді жан екен.
- 3) Сөздің басын арыдан бастады. Адамның басы – Алланың добы. Жолдың басынан тастап кетті.
- 4) Кітаптың бетін ашып, оқи бастады. Судың беті тұп-тұнық екен. Жердің бетін ақ қар жапқан.
- 5) Оянғанда сағат тілі 7-ні көрсетіп тұрды. Қазақ тілі – Қазақстан халықтарының басын біріктіруші фактор. Қазіргі заманда компьютер тілін жетік меңгерген адам қор болмайды.

Жауабы:

1. құстың қанатындай, алты қанат ақ орда
2. көз, иненің көзінен өткендей.
3. сөздің басы, адамның басы, жолдың басы.
4. кітаптың беті, судың беті, жердің беті.
5. сағат тілі, қазақ тілі, компьютер тілі.

2-жаттығу

Көпмағыналы сөздердің қатарын жалғастырыңыз.

- 1) Адамның аяғы, ...
- 2) Домбыраның құлағы, ...
- 3) Жараның ауызы, ...
- 4) Пышақтың жүзі, ...
- 5) Киімнің жағасы, ...
- 6) Адамның тісі, ...

Жауабы:

1. Адамның аяғы, көшенің аяғы, орындықтың аяғы, сөздің аяғы
2. Домбыраның құлағы, адамның құлағы, қазанның құлағы
3. Жараның ауызы, есіктің ауызы, адамның ауызы, пештің ауызы
4. Пышақтың жүзі, айдың жүзі, адамның жүзі
5. Киімнің жағасы, көлдің жағасы
6. Адамның тісі, тарақтың тісі, малдың тісі

Фразеологизмдердің берілуі

1-жаттығу

Фразеологизмдерді мағынасына қарай сәйкестендіріңіз.

инемен құдық қазғандай	қатты қысып ұстады, жанын көзіне көрсетті
қолқа салды	қателесті, жаңылды
қаққанда қанын, сыққанда жанын алды	өте ауыр, өнбейтін, бейнеті ауыр (іс)
көрер таңды көзімен атқызды	мінез-құлығы үйлес, ұқсас іс-әрекет
ағат кетті, ағаттық істеді	қимас, қымбатты затын қалады, сұрады
ағам жеңгеме сай, апама жездем сай	көңілге қона кетті
жүрекке жылы тиді	бос уақыты болды
көңілі желдей есті	бағы жанды, бақытты болды
қолы босады	түні бойы көзін ілмеді
маңдайы ашылды	шаттанды, масайрады

Жауабы:

инемен құдық қазғандай	өте ауыр, өнбейтін, бейнеті ауыр (іс)
қолқа салды	қимас, қымбатты затын қалады, сұрады
қаққанда қанын, сыққанда жанын алды	қатты қысып ұстады, жанын көзіне көрсетті
көрер таңды көзімен атқызды	түні бойы көзін ілмеді
ағат кетті, ағаттық істеді	қателесті, жаңылды
ағам жеңгеме сай, апама жездем сай	мінез-құлығы үйлес, ұқсас іс-әрекет
жүрекке жылы тиді	көңілге қона кетті
көңілі желдей есті	шаттанды, масайрады
қолы босады	бос уақыты болды
маңдайы ашылды	бағы жанды, бақытты болды

2-жаттығу

Фразеологизмдерді мағынасына қарай топтаңыз.

Синонимдер	
Ит арқасы қиянда	Қысқа жіп күрмеуге келмейді
Ай десе аузы, күн десе көзі бар	Көңілден кір арылды
Қолы қысқа	Үріп ауызға салғандай
Құмға сіңген судай	Ит өлген жерде
Көңілде көлеңке қалмады	Еңбегі еш кету
Антонимдер	
Су жүрек	Су сепкендей басылу
Төбесі көкке жету	Қас пен көздің арасында
Ит өлген жерде	Жүрек жұтқан
Құйма құлақ	Көзіне құм құйылды
Көзі тірісінде	Ақпа құлақ

Жауабы:

Синонимдер	
<i>Ит арқасы қиянда</i>	<i>Ит өлген жерде</i>
<i>Ай десе аузы, күн десе көзі бар</i>	<i>Үріп ауызға салғандай</i>
<i>Қолы қысқа</i>	<i>Қысқа жіп күрмеуге келмейді</i>
<i>Құмға сіңген судай</i>	<i>Еңбегі еш кету</i>
<i>Көңілде көлеңке қалмады</i>	<i>Көңілден кір арылды</i>
Антонимдер	
<i>Су жүрек</i>	<i>Жүрек жұтқан</i>
<i>Төбесі көкке жету</i>	<i>Су сепкендей басылу</i>
<i>Ит өлген жерде</i>	<i>Қас пен көздің арасында</i>
<i>Құйма құлақ</i>	<i>Ақпа құлақ</i>
<i>Көзі тірісінде</i>	<i>Көзіне құм құйылды</i>

Ұлт мәдениеті мен танымын білдіретін сөздер

1-жаттығу

Сөйлемдерден ұлт танымын білдіретін сөздерді анықтаңыз.

1. Қазақта қара шаңырақ деген қасиетті ұғым бар. Қара шаңырақ – бір ұрпақтың өсіп-өнген үлкен үйі, ата-ананың үйі. 2. Алтын, күмісті, бағалы тастарды, сүйекті өңдеп, сән-салтанат үшін әсем бұйымдар жасау зергерлікке жатады. 3. Кебеже – ою-өрнекті сандықтың бір түрі. 4. «Хан» сөзі – көне Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінен бастап белгілі болып келе жатқан сөз. 5. Би – дау-жанжалға билік айтушы білермен адам. 6. Сүйінші – қуанышты хабар әкелушіге берілетін сыйлық. 7. Бата, бата беру – адал ниет, жақсы тілек білдірудің ұлттық дәстүрі. Дастарқан басында, түрлі жиын-тойларда, т.б. адам өмірінде кездесер ірілі-ұсақты қуаныштар кезінде той, қуаныш иесіне арнап қол жайып, бата береді. 8. Қазақ ұлтының киіз үй мәдениетінің тарихы біршама арыдан бастау алады. Тігуге, жығуға және көшіруге қолайлы мұндай киіз үй қазақтың кейінгі 2000 жылдан асатын тарихының «Тасқа айналған ескерткіші» дерлік. 9. Өмір тәжірибесі мол халқымыз кейінгі ұрпаққа жеті атасын білуді міндеттеген және оны үйреткен, жаттатқан. Қазақ халқы жеті атаға дейін қыз алыспаған. 10. Алтыбақан ойыны ежелгі көшпелі елдің бәріне кең таралған. Отырықшы халықтарда ол өткеншек деп те аталады.

Жауабы:

1. қара шаңырақ
2. зергерлік
3. кебеже
4. хан
5. би
6. сүйінші
7. бата, бата беру
8. киіз үй
9. жеті ата
10. алтыбақан
11. отырықшы
12. әткеншек

2-жаттығу

Антропонимдерді мағынасына қарай топтаңыз.

Үй жануарларына байланысты атаулардан туындаған есімдер	<i>Ақбота, Ақтоқты, Аққозы, Ботакөз</i>
Жабайы жануарлардың атауларына байланысты туындаған есімдер	<i>Кәмшат, Құлан, Құндыз, Құралай, Ақмарал</i>
Қыран (жыртқыш) және басқа құстардың атауларына байланысты	<i>Аққу, Бағлан, Бұлбұл, Қарлығаш, Сандуғаш</i>
Өсімдіктер, гүл атауларынан жасалған есімдер	<i>Гүлнұр, Райхан, Ақгүл, Раушан, Райхан, Роза</i>
Жеміс-жидек атауларына байланысты	<i>Алма, Анар, Қарақат</i>
Асыл тастардың атауларына байланысты	<i>Гауһар, Маржан, Меруерт, Інжу, Жақұт, Феруза</i>
Металдардың атауларына байланысты	<i>Айкүміс, Ақкүміс, Алтын, Алтынай, Алмас, Болат</i>
Маталардың атауына байланысты	<i>Айбарша, Барқыт, Бәтес, Жібек, Қамқа, Мақпал, Торғын, Сәтен, Шұға</i>
Зергерлік бұйымдардың атауларына байланысты	<i>Ақмоншақ, Алқа, Айсырға, Моншақ, Сақина, Сырғажан, Шолпы</i>
Астрономиялық атауларға байланысты	<i>Венера, Айшолпан, Жұлдыз, Күнсұлу, Толғанай, Зәуре</i>
Абстрактілік ұғымдарды білдіретін сөздер	<i>Махаббат, Шаттық, Қуаныш, Ләззәт, Сағым, Құмар, Бақыт, Іңкәр</i>
Географиялық атауларға байланысты	<i>Мадина, София, Рига</i>
Тағам атауларына байланысты	<i>Ақтоқаш, Қант, Мейіз, Шербет, Науат, Шекер</i>
Сан есімнен жасалған антропонимдер	<i>Бірғаным, Біржан, Бірсұлу, Қосаяқ</i>
Туыстық атауларға байланысты	<i>Ақене, Аруана</i>

Жауабы:

<i>Үй жануарларына байланысты атаулардан туындаған есімдер</i>	<i>Аққу, Бағлан, Бұлбұл, Қарлығаш, Сандуғаш</i>
<i>Жабайы жануарлардың атауларына байланысты туындаған есімдер</i>	<i>Алма, Анар, Қарақат</i>
<i>Қыран (жыртқыш) және басқа құстардың атауларына байланысты</i>	<i>Ақбота, Ақтоқты, Аққозы, Ботакөз</i>
<i>Өсімдіктер, гүл атауларынан жасалған есімдер</i>	<i>Гауһар, Маржан, Меруерт, Инжу, Жақұт, Феруза</i>
<i>Жеміс-жидек атауларына байланысты</i>	<i>Кәмшат, Құлтан, Құндыз, Құралай, Ақмарал</i>
<i>Асыл тастардың атауларына байланысты</i>	<i>Гүлнұр, Райхан, Ақгүл, Раушан, Райхан, Роза</i>
<i>Металдардың атауларына байланысты</i>	<i>Ақмоншақ, Алқа, Айсырға, Моншақ, Сақина, Сырғажан, Шолпы</i>
<i>Маталардың атауына байланысты</i>	<i>Венера, Айшолпан, Жұлдыз, Күнсұлу, Толғанай, Зәуре</i>
<i>Зергерлік бұйымдардың атауларына байланысты</i>	<i>Махаббат, Шаттық, Қуаныш, Ләззәт, Сағым, Құмар, Бақыт, Іңкәр</i>
<i>Астрономиялық атауларға байланысты</i>	<i>Мадина, София, Рига</i>
<i>Абстрактілік ұғымдарды білдіретін сөздер</i>	<i>Айкүміс, Ақкүміс, Алтын, Алтынай, Алмас, Болат</i>
<i>Географиялық атауларға байланысты</i>	<i>Айбарша, Барқыт, Бәтес, Жібек, Қамқа, Мақпал, Торғын, Сәтен, Шұға</i>
<i>Тағам атауларына байланысты</i>	<i>Ақене, Аруана</i>
<i>Сан есімнен жасалған антропонимдер</i>	<i>Ақтоқаш, Қант, Мейіз, Шербет, Науат, Шекер</i>
<i>Туыстық атауларға байланысты</i>	<i>Бірғаным, Біржан, Бірсұлу, Қосаяқ</i>

Есімше категориясы (құрмалас сөйлем аясында)**1-жаттығу**

Берілген есімшелерге лайықты сөз тауып жазыңыз.

- 1) сөзі тауысылмайтын ...
- 2) бұрын шыққан ...
- 3) білмегеніңді үйрететін ...
- 4) жедел дамушы ...
- 5) ертеңі бітпес ...
- 6) кейінгі ұрпаққа қалдырар ...
- 7) үлкендердің беретін ...
- 8) еңкейген ...
- 9) еңбектеген ...
- 10) барар ..., басар ...

Қажетті сөздер: батасы, жер, тау, жас, мұра кәрі, еріншек, ұстаз, ел, адам, кітап

Жауабы:

1. сөзі тауысылмайтын адам
2. бұрын шыққан кітап
3. білмегеніңді үйрететін ұстаз
4. жедел дамушы ел
5. ертеңі бітпес еріншек
6. кейінгі ұрпаққа қалдырар мұра
7. үлкендердің беретін батасы
8. еңкейген кәрі
9. еңбектеген жас
10. барар жер, басар тау

2-жаттығу

Есімшелі сөздерді мағынасына қарай ажыратыңыз.

Себеп мәнді есімшелі оралымды сөйлемдер	Мезгіл мәнді есімшелі оралымды сөйлемдер	Шарт мәнді есімшелі оралымды сөйлемдер

Қажетті сөйлемдер:

Мен болған жағдайды айтқан соң, ол мені түсінгендей болды.

Көз ұшындағы құс қанатын жазып жерден көтерілгенше, Керқұла ат үстінен аттап өтіп кетеді.

Тәстік ауылдан ұзап шыққан соң, Шалқұйрық атқа тіл бітеді.

Абай қайта-қайта айға қарап таңданып отырғанда, осы ауылдың шетінен ән естілді.

Торғай, шымшық, қарлығаш, бөдене сияқты кішкене құстардың балапандары ұшқанға шейін, жылан олардың ұясына барып жатады.

Мен оны саған айтқанда, сен қатты ашуланатын едің.

Бұл құжат дұрыс болмаған соң, түзетеді деп саған келіп отырмын.

Жүргіншілер әбден көзден таса болғанға шейін, бұлар арттарынан қарап тұрды.

Мен саған келгенде, көп кідірмей шығатын бол.

Жауабы:

Себеп мәнді есімшелі оралымды сөйлемдер	Мезгіл мәнді есімшелі оралымды сөйлемдер	Шарт мәнді есімшелі оралымды сөйлемдер
Мен болған жағдайды айтқан соң, ол мені түсінгендей болды.	Көз ұшындағы құс қанатын жазып жерден көтерілгенше, Керқұла ат үстінен аттап өтіп кетеді.	Абай қайта-қайта айға қарап таңданып отырғанда, осы ауылдың шетінен ән естілді.
Тәстік ауылдан ұзап шыққан соң, Шалқұйрық атқа тіл бітеді.	Торғай, шымшық, қарлығаш, бөдене сияқты кішкене құстардың балапандары ұшқанға шейін, жылан олардың ұясына барып жатады.	Мен оны саған айтқанда, сен қатты ашуланатын едің.
Бұл құжат дұрыс болмаған соң, түзетеді деп саған келіп отырмын.	Жүргіншілер әбден көзден таса болғанға шейін, бұлар арттарынан қарап тұрды.	Мен саған келгенде, көп кідірмей шығатын бол.

Көсемше категориясы (құрмалас сөйлем аясында)

1-жаттығу

Көп нүктенің орнына қажетті көсемшелі сөзді қойыңыз.

- 1) Отандық өндірісіміз көтерілмей – халық
- 2) Жұмыссыздық көбейген сайын адамдардың ұлы мұраттарға сенімі ..., күнкөріс жолына түседі.
- 3) Қазақстан Еуропалық білім стандартының ортақ принциптері мен маңызды қағидаларын ..., білім жүйесін дамытуға ұтымды ... отыр.
- 4) Адам баласы жылап ..., кейіп (Абай).
- 5) Мемлекет жастар үшін барлық жағдайды ... отыр.
- 6) Біздің елімізге мемлекетімізді ..., өркендететін жас мамандар керек.
- 7) Сол үшін біз түрлі ғылымды ..., оны өз болашағымызға, мемлекетіміздің көркеюіне пайдалануымыз керек.
- 8) Қазақстан халықтарының татулығы мен ынтымағы еліміздің халықаралық абыройын ..., оған деген сеніміне қуат ... отырғаны сөзсіз.
- 9) Бүгінде әлемде елеулі көші-қон өзгерістері ... жатыр.
- 10) Өзіміздің алдымызға стратегиялық міндет - таяудағы 10 жылда елімізді әлемнің бәсекеге барынша қабілетті 50 елінің қатарына шығару міндетін қоя ..., біз ғылым мен технологияларды дамытудың, білім беруді дамытудың жаһандық үрдістерін жіті назарда ұстауға тиіспіз.

Қажетті сөздер:

жүріп, байымайды, алып, отырып, туады, меңгеріп, өледі, жасап, пайдаланып, көркейтіп, арттырып, азайып, беріп

Жауабы:

1. *Отандық өндірісіміз көтерілмей – халық байымайды.*
2. *Жұмыссыздық көбейген сайын адамдардың ұлы мұраттарға сенімі азайып, күнкөріс жолына түседі.*
3. *Қазақстан Еуропалық білім стандартының ортақ принциптері мен маңызды қағидаларын алып, білім жүйесін дамытуға ұтымды пайдаланып отыр.*
4. *Адам баласы жылап туады, кейіп өледі. (Абай).*
5. *Мемлекет жастар үшін барлық жағдайды жасап отыр.*
6. *Біздің елімізге мемлекетімізді көркейтіп, өркендететін жас мамандар керек.*
7. *Сол үшін біз түрлі ғылымды меңгеріп, оны өз болашағымызға, мемлекетіміздің көркеюіне пайдалануымыз керек.*
8. *Қазақстан халықтарының татулығы мен ынтымағы еліміздің халықаралық абыройын арттырып, оған деген сеніміне қуат беріп отырғаны сөзсіз.*
9. *Бүгінде әлемде елеулі көші-қон өзгерістері жүріп жатыр.*
10. *Өзіміздің алдымызға стратегиялық міндет - таяудағы 10 жылда елімізді әлемнің бәсекеге барынша қабілетті 50 елінің қатарына шығару міндетін қоя отырып, біз ғылым мен технологияларды дамытудың, білім беруді дамытудың жаһандық үрдістерін жіті назарда ұстауға тиіспіз.*

2-жаттығу

Көсемшені түрлеріне қарай топтастырыңыз.

Ауыспалы шақтық көсемше	Өткен шақтық көсемше	Келер шақтық көсемше

Қажетті сөздер: гүлдепті; кетіп қалыпты; көріп жүремін; келе жатқалы; санайды; барыпты; санап болыпты; кіріп шыққалы; жұмыс істейді; ашуланғалы; апарады; тастай салғалы; салып жіберіпті; әңгімелескелі; қызмет етеді; оқымай қойыпты; көріпті; жүрек жалғағалы; сөйлесіп тұрамын; күліп сөйлегелі; жазып тұрады; ашыпты; айтады; алып бергелі; бастапты; отырғалы; оқиды; сөйлеп жатқалы; жүре беріпті; келеді.

Жауабы:

Ауыспалы шақтық көсемше	Өткен шақтық көсемше	Келер шақтық көсемше
айтады	ашыпты	отырғалы
санайды	барыпты	ашуланғалы
оқиды	бастапты	әңгімелескелі
апарады	гүлдепті	алып бергелі
келеді	көріпті	келе жатқалы
қызмет етеді	жүре беріпті	сөйлеп жатқалы
жұмыс істейді	кетіп қалыпты	тастай салғалы
жазып тұрады	салып жіберіпті	күліп сөйлегелі
көріп жүремін	санап болыпты	кіріп шыққалы
сөйлесіп тұрамын	оқымай қойыпты	жүрек жалғағалы

болар, шығар, сияқты, -уы мүмкін

1-жаттығу

Сұхбаттан болжал модальдігін тауып, тіркескен сөзімен теріп жазыңыз.

- Назым Керімқызы, сіз жобаны ертең әкелесіз бе?
- Ерсұлтан Нұрмаханұлы, ертең бітер-бітпесін білмей отырмын.
- Жобаға жауапты сізсіз, сіз білмегенде кім біледі?
- Ол маған байланысты емес қой. Менен басқа қызметкерлер де жұмыс жасап жатқан шығар. Олардың жұмысы қалай жүріп жатқанын қарармын, сосын айтамын.
- Соңғы мерзім жақындап қалғанын білетін боларсыз,
- Білемін, осы аптада бітіп қалатын шығармыз.
- Бітпеуі де мүмкін бе? Оны әлі сарапшылар тексереді, ұжымды ұятқа қалдырмай, уақытында өткізуге тырысатын шығар деп сенемін.
- Сеніміңізге рахмет, Ерсұлтан Нұрмаханұлы, ұятқа қалдырмаспыз.
- Жарайды, жобаға қатысты материалдар қажет болса, хатшыдан аларсыздар.
- Иә, қамқорлығыңызға көп рахмет.
- Жақсы жаңалықтармен қуантар деген ойдамын.
- Енді бар күшімізді салармыз.

Жауабы:

жасап жатқан шығар; білетін боларсыз; бітіп қалатын шығармыз; бітпеуі де мүмкін бе? тырысатын шығар.

2-жаттығу

Болжал модальдігін білдіретін сөздердің астын сызыңыз.

- 1) Ол өзін несие алғалы жайсыз сезініп жүрген сияқты.
- 2) Банктер жеке тұлғалардан салымдар қабылдауы және олардың сақталуына кепілдік беруі мүмкін.
- 3) Біз Астананы түгел аралайтын болармыз.
- 4) Шетелдік қонақтар мен туристер Қазақстанның бай табиғаты мен мәдени орындарына тамсанып кететін шығар.
- 5) Жастар азаматтық пен тәуелсіздіктің баға жетпес тарихын қастерлейтін шығар.
- 6) Жер бетінде 200-ге жуық мемлекет, бес мың тілде сөйлейтін этностар бар болуы мүмкін.
- 7) Батыс елдерінде, әсіресе Еуропалық Одаққа, АҚШ-қа, Канадаға мигранттар ағылатын сияқты.
- 8) Бос уақыт көп адамдарда бола бермейтін шығар.
- 9) Ақшасы өте көп адамдар ең әуелі, әсем жерлерді таңдауы мүмкін.
- 10) Қазіргі таңда әр адам өз материалдық жағдайына қарай демалудың неше түрін таңдай алатын болар.

Жауабы:

1. Ол өзін несие алғалы жайсыз сезініп жүрген сияқты.
2. Банктер жеке тұлғалардан салымдар қабылдауы және олардың сақталуына кепілдік беруі мүмкін.
3. Біз Астананы түгел аралайтын болармыз.
4. Шетелдік қонақтар мен туристер Қазақстанның бай табиғаты мен мәдени орындарына тамсанып кететін шығар.
5. Жастар азаматтық пен тәуелсіздіктің баға жетпес тарихын қастерлейтін шығар.
6. Жер бетінде 200-ге жуық мемлекет, бес мың тілде сөйлейтін этностар бар болуы мүмкін.
7. Батыс елдерінде, әсіресе Еуропалық Одаққа, АҚШ-қа, Канадаға мигранттар ағылатын сияқты.
8. Бос уақыт көп адамдарда бола бермейтін шығар.
9. Ақшасы өте көп адамдар ең әуелі, әсем жерлерді таңдауы мүмкін.
10. Қазіргі таңда әр адам өз материалдық жағдайына қарай демалудың неше түрін таңдай алатын болар.

Міндеттілік, қажеттілік модальдігін білдіретін -уы тиіс, -уға міндетті, -у керек/ қажет

1-жаттығу

Мәтіннен қажеттілік, міндеттілік модальдігін табыңыз.

Жастар – еліміздің болашағы

Жастар – еліміздің болашағы. Қазіргі жас ұрпақ өкілдері заманның қорғаушы күші – шын мәнінде жастар екенін түсінеді. Сондықтан жастарды білікті маман, озық ойлы азамат етіп тәрбиелеу үшін оларға мектептен бастап жоғары оқу орындарына дейін жүйелі білім беру керек. Барлық нәрсенің іргетасы – білім болуы тиіс.

Жаңа ғасырдың мақсаты - әлемдік өркениет көшіне қосылу. Ертеңгі игіліктер үшін, әсіресе, бәсекелестіктің көрігі қызып тұрған бүгінгі таңда, жастар ел мүддесін көздейтін алтын қалыпқа құйылып, өмірлік тәжірибелерде шыңдалуы керек.

Президент Н.Ә.Назарбаевтың елімізді әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына қосу туралы байыпты стратегиясына сәйкес, жоғары мектептің негізгі міндеті – әлемдік стандарттар деңгейінде білім сапасын қамтамасыз ету және білімді, білікті кадрларды даярлау жүйесін дамыту қажет. Жоғары білімді, кәсіптік тұрғыда білікті мамандардың өз саласын жетік меңгеруі және қоғамдағы экономикалық әлеуметтік өзгерістерге, техника мен технологияларға ғылыми негізде баға бере алуы және олардың жолдары мен даму үдерісін болжай білуі міндетті.

Әрине, мемлекеттік тілді толық меңгеру бүгінгі маманның бірінші борышы болуы керек. Қазақ тілі қазақ болып қалуымыз үшін керек болса, қазақ тілді маман қазақ ұлты ақ отауының шаңырағын ұстап тұратын тұлға ретінде керек.

Қазақты индустриялдық ұлт ететін де қазақтың мәдениетін жасайтын да, қазақ мемлекетін әлемнің өркениетті елдерімен бар жағынан теңестіретін де – қазіргі жастар мен келер ұрпақ. Сол себепті оларды осы бастан жан-жақты тұлға болуға дайындау қажет.

Жауабы: керек, тиіс, қажет, міндетті

2-жаттығу

Мәтіннен қажеттілік модальдігін тауып, оның (қажеттілік, болжалдық) мағынасын ажыратыңыз.

Үлгі: Ондай қызмет атқару үшін тек қана білгір маман болып қана қоймай, өте мәдениетті, тәрбиелі, әдепті, адал адам болуы қажет. Қажет сөзі міндеттілік мағынада жұмсалған.

Аудит қызметінің этикасы

Аудит қызметінің негізгі мақсаты – ол өте жоғарғы деңгейдегі мамандар арқылы аудит қызметін көрсету. Ондай қызмет атқару үшін тек қана білгір маман болып қана қоймай, өте мәдениетті, тәрбиелі, әдепті, адал адам болуы қажет.

Осы орайда аудитор тек өзі ғана адал, шыншыл болып қана қоймай, ол өзімен қатар қызметтестерінен де сондай адалдықты талап етуі қажет. Сонымен қатар тапсырушылармен сондай адал, шыншылдық қатынаста болуы керек. Мысалы, тапсырушының жұмысына біліктілігі жетпейтін болса, кәсіпкерлік пайдасын ойламай, ондай жұмыстан алдын ала бас тартуы тиіс.

Аудитор өз жұмысында объективтілік көрсету үшін жұмыс барысында барлық фактілерге әділ көзбен қарап, өз ойын объективтілікпен тұжырымдауы қажет.

Біріншіден, тапсырушымен қарым-қатынаста тәуелді болу жағдайына немесе аудит принциптерін бұзу жағдайына жол бермеу керек. Осы орайда мамандар этикалық кодексіңде көрсетілгендей аудитордың еңбекақы мөлшері кәсіпорын пайда сомасынан 15%-тен аспауы қажет.

Екіншіден, аудитор өзінің дербес, тәуелсіздігін қамтамасыз ету үшін тапсырушылармен туыстық, отбасылық, таныстық қатынасының жоқ екеніне күмәнсіз болуы керек.

Үшіншіден, аудит этикасының кодексіне ерекше айтылған ой ол - аудитор өзінің дербестік этикасын сақтау үшін тапсырушы кәсіпорынмен материалдық, қаржылық байланыста болмауы керек. Ол кәсіпорынмен инвестициялық немесе акционерлік қарым-қатынаста болса оны үзуге міндетті. Сол сияқты аудитордың әйелі немесе балаларының инвестицияға, акцияға, құнды қағаздарға қатысы болмауы керек.

Төртіншіден, аудитор сыйлық алудан, қонаққа барудан немесе несиеге ақша алудан тікелей бас тартуы қажет.

Аудит этикасының кодексіңде тағы ерекше айтылған жағдай ол - соттасу немесе сол тергеуінен аулақ болуы керек.

Аудитор өз мойнына қоғамдық мүддені алып, соны ақтау үшін қайта жоғары біліктілігін танытуы керек;

Қоғамның сенімін анықтау үшін аудиторлар адал қызмет істеп өзінің білгір маман екенін көрсетуі қажет;

Аудитор жұмыс барысында техникаға және аудит стандарттарына зерек болып, аудит қызметін көрсетудің сапасын арттыруға ынталануы қажет;

Аудитор фирмасы аудит маманының тәртіп кодексі қоятын талапты білгірлікпен өте қатал түрде орындауы қажет.

Жауабы:

Аудит қызметінің негізгі мақсаты – ол өте жоғарғы деңгейдегі мамандар арқылы аудит қызметін көрсету. Ондай қызмет атқару үшін тек қана білгір маман болып қана қоймай, өте мәдениетті, тәрбиелі, әдепті, адал адам **болуы қажет**.

Осы орайда аудитор тек өзі ғана адал, шыншыл болып қана қоймай, ол өзімен қатар қызметтестерінен де сондай адалдықты **талап етуі қажет**. Сонымен қатар тапсырушылармен сондай адал, шыншылдық қатынаста **болуы керек**. Мысалы, тапсырушының жұмысына біліктілігі жетпейтін болса, кәсіпкерлік пайдасын ойламай, ондай жұмыстан алдын ала **бас тартуы тиіс**.

Аудитор өз жұмысында объективтілік көрсету үшін жұмыс барысында барлық фактілерге әділ көзбен қарап, өз ойын объективтілікпен **тұжырымдауы қажет**.

Біріншіден, тапсырушымен қарым-қатынаста тәуелді болу жағдайына немесе аудит принциптерін бұзу жағдайына **жол бермеу керек**. Осы орайда мамандар этикалық кодексінде көрсетілгендей аудитордың еңбекақы мөлшері кәсіпорын пайда сомасынан 15%-тен **аспауы қажет**.

Екіншіден, аудитор өзінің дербес, тәуелсіздігін қамтамасыз ету үшін тапсырушылармен туыстық, отбасылық, таныстық қатынасының жоқ екеніне **күмәнсіз болуы керек**.

Үшіншіден, аудит этикасының кодексіне ерекше айтылған ой ол – аудитор өзінің дербестік этикасын сақтау үшін тапсырушы кәсіпорынмен материалдық, қаржылық **байланыста болмауы керек**. Ол кәсіпорынмен инвестициялық немесе акционерлік қарым-қатынаста болса оны үзуге міндетті. Сол сияқты аудитордың әйелі немесе балаларының инвестицияға, акцияға, құнды қағаздарға **қатысы болмауы керек**.

Төртіншіден, аудитор сыйлық алудан, қонаққа барудан немесе несиеге ақша алудан тікелей **бас тартуы қажет**.

Аудит этикасының кодексінде тағы ерекше айтылған жағдай ол -соттасу немесе сол тергеуінен **аулақ болуы керек**.

Аудитор өз мойнына қоғамдық мүддені алып, соны ақтау үшін қайта жоғары біліктілігін **танытуы керек**;

Қоғамның сенімін анықтау үшін аудиторлар адал қызмет істеп өзінің білгір маман екенін **көрсетуі қажет**;

Аудитор жұмыс барысында техникаға және аудит стандарттарына зерек болып, ауди қызметін көрсетудің сапасын арттыруға **ынталануы қажет**;

Аудитор фирмасы аудит маманының тәртіп кодексі қоятын талапты білгірлікпен өте қатал түрде **орындауы қажет**.

Нақтылау модальділігін білдіретін -ған екен /еді

1-жаттығу

Мәтіннен нақтылау модальдігін табыңыз.

Балық аулайтын жер

Ағылшынның әйгілі жазушысы Чарльз Диккенс қолы қалт еткенде балық аулауды ұнатқан екен. Бірде ол үйіне таяу маңдағы өзен жағасында суға қармақ салып, ойға шомған еді. Балық жоқ жерге қармақ салып отырғанына аң-таң болған көршісі:

– Мына жерден ештеңе ілікпес. Өзенді бойлай жоғары жағына барсаңыз, балыққа қарық боласыз. Қармақ тастаған сайын бір форель ілігеді, - дейді ғой.

Сонда Диккенс:

– Оны білемін ғой. Бірақ маған сол балықтың жиі іліккенінің кереметі жоқ. Тек бөгет жасайды, - деген екен.

Жауабы: ұнатқан екен, ойға шомған еді, дейді ғой, деген екен

2-жаттығу

Мәтіндегі нақтылау модальдігінің астын сызыңыз.

Жолтерек (ертегіден үзінді)

Ежелгі бір заманда Айдала деген жазықта, жалғыз алып бәйтерек өскен екен. Ол аспан мен жер арасын жалғап тұрады екен. Оның қоңыр түсті тамыры Өткен шақпен, жасыл түсті діңі Осы шақпен, алып теректің күміс түсті басы Болашақ бұлтымен байланысып тұрады екен. Бұл ағаштың аса ерекше қасиеті сол, оның жапырақтары жеті түске боялып құбылып тұратын еді. Жер бетінде болған барлық оқиға пен үдеріс терек діңгегіне сіңетін де, Жер тарихы осы бір бәйтерек бойына жазыла беретін, жазыла беретін еді.

Бұл қасиетті ағаш жылына бір рет көктемде ғана гүлдейді екен. Жастар оның гүлін бір-біріне сыйласа болды, өзара іңкәр сезімдері оянады екен, ал жер бетіне Күннен алтын түсті махаббат шуағы шашылады екен. Әлгі алып теректің гүлі түскен соң, орнына алма секілді дәмді жемістері уылжып пісіп, оны жеген адам мұратына жетіп, қартаймайтын қасиетке ие болады екен.

Алып теректің тағы бір ерекшелігі сол – оны айнала ән салып, тілек тілеген пәк жандардың ниеті қабыл болып, армандары орындалады екен; ал бұрынғы уайым-қайғы ұмыт болып, қалаған кезінде О дүниемен қатынасатын мүмкіндік туады екен. Сөйтіп, бәйтерекке жанасқандардың біреуінің ақындығы, енді бірінің күйшілігі мен суретшілігі оянса, енді бірінің ақыл-ойы озып, ғалымдығы артып, таланттары тасиды екен.

Теректің басына ылғи да жалғыз самұрық құс келіп, жылына бір-ақ рет жұмыртқалайтыны қызық еді. Ол жұмыртқаға адамдардың арман-тілегі ағаш бойымен таралып сіңеді екен. Жұмыртқадан шыққан аппақ балапан өсе келе аққу құсқа айналып, Болашақ бұлтына сіңіп, ғайып болатын еді де, адамдардың келешектегі арман-тілектері орындалады екен. Тілектің барлығы әлгі теректің бойымен ғана жүретіндіктен, адамдар оны Өмір жолы ретінде қабылдап, «Өмір ағашы» не «Жолтерек» десе, енді бірі «йол» дей салады екен.

Жауабы:

Ежелгі бір заманда Айдала деген жазықта, жалғыз алып бәйтерек өскен екен. Ол аспан мен жер арасын жалғап тұрады екен. Оның қоңыр түсті тамыры Өткен шақпен, жасыл түсті діңі Осы шақпен, алып теректің күміс түсті басы Болашақ бұлтымен байланысып тұрады екен. Бұл ағаштың аса ерекше қасиеті сол, оның жапырақтары жеті түске боялып құбылып тұратын еді. Жер бетінде болған барлық оқиға пен үдеріс терек діңгегіне сіңетін де, Жер тарихы осы бір бәйтерек бойына жазыла беретін, жазыла беретін еді.

Бұл қасиетті ағаш жылына бір рет көктемде ғана гүлдейді екен. Жастар оның гүлін бір біріне сыйласа болды, өзара іңкәр сезімдері оянады екен, ал жер бетіне Күннен алтын түсті махаббат шуағы шашылады екен. Өлгі алып теректің гүлі түскен соң, орнына алма секілді дәмді жемістері уылжып пісіп, оны жеген адам мұратына жетіп, қартаймайтын қасиетке ие болады екен.

Алып теректің тағы бір ерекшелігі сол – оны айнала ән салып, тілек тілеген пәк жандардың ниеті қабыл болып, армандары орындалады екен; ал бұрынғы уайым-қайғы ұмыт болып, қалаған кезінде О дүниемен қатынасатын мүмкіндік туады екен. Сөйтіп, бәйтерекке жанасқандардың біреуінің ақындығы, енді бірінің күйшілігі мен суретшілігі оянса, енді бірінің ақыл-ойы озып, ғалымдығы артып, таланттары тасиды екен.

Теректің басына ылғи да жалғыз самұрық құс келіп, жылына бір-ақ рет жұмыртқалайтыны қызық еді. Ол жұмыртқаға адамдардың арман-тілегі ағаш бойымен таралып сіңеді екен. Жұмыртқадан шыққан аппақ балапан өсе келе аққу құсқа айналып, Болашақ бұлтына сіңіп, ғайып болатын еді де, адамдардың келешектегі арман-тілектері орындалады екен. Тілектің барлығы әлгі теректің бойымен ғана жүретіндіктен, адамдар оны Өмір жолы ретінде қабылдап, «Өмір ағашы» не «Жолтерек» десе, енді бірі «йол» дей салады екен.

Қалау (ниет), тілек модальділігін білдіретін -ғым келеді /-са игі еді, -са екен

1-жаттығу

Мәтіннен тілек мәнді сөйлемді теріп жазып, олардың мағынасын анықтаңыз.

Ел аузынан

Шапқыншылық кезінде сыр бойының қалаларының біразы жоңғарлардың қол астында қалады. Ел басшылары жиналып, қалай құтқарудың жолын қарастырады. Сонда Қарабек батыр: «Жауға тізе бүгуден басқа амал жоқ», - деген пікір айтады. Қарабекке ашуланған Төле би:

Атадан ұл туса игі,
Ата жолын құса игі.
Өзіне келер ұятын,
Өзі біліп тұрса игі,
Жаудан бұққан немені,
Ортасынан құса игі, -
деп, шырық бұзғандарды жиыннан қудырып жібереді.

Жауабы:

Атадан ұл туса игі,
Ата жолын құса игі.
Өзіне келер ұятын,
Өзі біліп тұрса игі,
Жаудан бұққан немені,
Ортасынан құса игі

2-жаттығу

Сөйлемдерді мағынасына қарай топтастырыңыз.

1. Менің алға қойған мақсаттарыма жеткім келеді. 2. Бір саламен ғана шектеліп қалғым келмейді. 3. Көп саланың маманы болғым келеді. 4. Болашақта адамдарға қуаныш әкеліп, әр бағытта ең үздік болып, айлығы жоғары маман болғым келеді. 5. Ұжымда сенімді әріптес, құрбыларыма адал дос болғым келеді. 6. Біз сәтсіз ән, сәтсіз клиптер болмаса екен деп тілейміз. 7. Жастың бәрі осындай өршіл намысты, жалын жүректі болса еді. 8. Өміріңде есте қалатын жарқын сәттер көп болғай дейміз. 9. Уақыттың тығыздығын сылтауратқым келмейді. 10. Оның жүрек талмасы ұстап қалмаса игі еді. 11. Ол бізді ұятқа қалдырғысы келмейді. 12. Айтқан сөзінде тұрып, істі дер кезінде тындырып тастағысы келеді.

1) Қалау мәнді сөйлемдер:

2) Тілек мәнді сөйлемдер:

3) Қалау мәнді сөйлемдердің болымсыз түрі:

Жауабы:

1) Қалау мәнді сөйлемдер:

Менің алға қойған мақсаттарыма жеткім келеді.

Көп саланың маманы болғым келеді

Болашақта адамдарға қуаныш әкеліп, әр бағытта ең үздік болып, айлығы жоғары маман болғым келеді.

Ұжымда сенімді әріптес, құрбыларыма адал дос болғым келеді.

Айтқан сөзінде тұрып, істі дер кезінде тындырып тастағысы келеді.

2) Тілек мәнді сөйлемдер:

Біз сәтсіз ән, сәтсіз клиптер болмаса екен деп тілейміз. Жастың бәрі осындай өршіл намысты, жалын жүректі болса еді. Өміріңде есте қалатын жарқын сәттер көп болғай дейміз. Оның жүрек талмасы ұстап қалмаса игі еді.

3) Қалау мәнді сөйлемдердің болымсыз түрі:

Бір саламен ғана шектеліп қалғым келмейді.

Уақыттың тығыздығын сылтауратқым келмейді.

Ол бізді ұятқа қалдырғысы келмейді.

Сөйлемнің айқындауыш мүшелері

1-жаттығу

Сөйлемнен айқындауыш мүшелерді табыңыздар.

1. Баласы анасына кеше, жұмыстан келгенде, өзінің жоспарын айтып берді.
2. Көршінің балалары, Мағжан мен Мәлік, білек сыбанып көмектесіп жатыр екен.
3. Біздер, ағайынды адамдар, бір-бірімізге қолдау көрсетуге тиіспіз.
4. Әкесі жұмыстан түнде, сағат 10-да келді.
5. Оқушы Қайсардың жауабы бәрімізді тәнті етті.
6. Ақын Мұқағалидің өлеңдері отты, жіберлі болып келеді.
7. Көктемнің тамаша күнінде, жиырма бірінші наурызында, дүниеге келіппін.
8. Тәрде – Асан қария, Ақан әнші, Есбол мерген, Секен күйші отыр екен.
9. Ағаш үйдің іші жазда салқын болады екен.
10. Университет бітірген жас мамандар экономист-бухгалтер мамандығын алып шығады.

Жауабы:

1. Баласы анасына кеше, жұмыстан келгенде, өзінің жоспарын айтып берді.
2. Көршінің балалары, Мағжан мен Мәлік, білек сыбанып көмектесіп жатыр екен.
3. Біздер, ағайынды адамдар, бір-бірімізге қолдау көрсетуге тиіспіз.
4. Әкесі жұмыстан түнде, сағат 10-да келді.
5. Оқушы Қайсардың жауабы бәрімізді тәнті етті.
6. Ақын Мұқағалидің өлеңдері отты, жіберлі болып келеді.
7. Көктемнің тамаша күнінде, жиырма бірінші наурызында, дүниеге келіппін.
8. Тәрде – Асан қария, Ақан әнші, Есбол мерген, Секен күйші отыр екен.
9. Ағаш үйдің іші жазда салқын болады екен.
10. Университет бітірген жас мамандар экономист-бухгалтер мамандығын алып шығады.

2-жаттығу

Оңашаланған айқындауыштары бар сөйлемдерді бір бөлек, қосарлы айқындауыштары бар сөйлемдерді бір бөлек көшіріп жазыңдар.

Қосарлы айқындауыш:**Оңашаланған айқындауыш:**

Тобықты ішіне ең алғаш келген арбаны осы Зеренің, Құнанбайдың кәрі шешесінің, көк арбасы десе де болады. Жер-Ана, басып жүрген бетіңді ұл-қызыңның бірімін, жұпар иісін иіскеп құмарланған гүліңнің. Біз, мұғалімдер, ауыл мәдениетін көтеруді өз қолымызға алғымыз келеді. Анам – оқымаған, қарапайым қазақ әйелі – бүкіл ауылға ортақ ана сияқты болатын. Біз, Назыкен екеуіміз, барлық тапсырмаларды мұқият тексеріп шықтық. Олар, Ұлы Отан соғысының ардагерлері, туған жері, туған елі үшін от кешті. Академик жазушы, сөз зергері Зейнолла Қабдолов өле-өлгенше қазақтың әдебиетін, қазақтың киелі сөз өнерін өрге сүйреп өткен ерекше тұлға. Жауынбай ауылының дәл ортасындағы үлкен ақ ордаға – әке үйіне кеп ат басын тіреді.

Жауабы:**Қосарлы, қосалқы айқындауыш:**

Жер-Ана, басып жүрген бетіңді ұл-қызыңның бірімін, жұпар иісін иіскеп құмарланған гүліңнің.

Біз, мұғалімдер, ауыл мәдениетін көтеруді өз қолымызға алғымыз келеді. Біз, Назыкен екеуіміз, барлық тапсырмаларды мұқият тексеріп шықтық.

Олар, Ұлы Отан соғысының ардагерлері, туған жері, туған елі үшін от кешті.

Академик-жазушы, сөз зергері Зейнолла Қабдолов өле-өлгенше қазақтың әдебиетін, қазақтың киелі сөз өнерін өрге сүйреп өткен ерекше тұлға.

Оңашаланған айқындауыш:

Тобықты ішіне ең алғаш келген арбаны осы Зеренің, Құнанбайдың кәрі шешесінің, көк арбасы десе де болады. Анам – оқымаған, қарапайым қазақ әйелі – бүкіл ауылға ортақ ана сияқты болатын. Жауынбай ауылының дәл ортасындағы үлкен ақ ордаға – әке үйіне кеп ат басын тіреді.

Бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылатын сызықша

1-жаттығу

Мәтіннен бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылатын сызықшасы бар сөйлемдерді теріп жазыңыз.

Жақсы сөз – жан азығы

«Өнер алды – қызыл тіл», «Тіл тас жарады, тас жармаса, бас жарады», «Сөз жүйесін тапса, мал иесін табады» деген мақалдар бар. Бұл – халқымыздың тіл құдіретін танып әрі өте ардақтағанын көрсетеді. Халық қашанда сөздің адамдар арасындағы атқаратын қызметіне, сөйлеудің нарқына және қай жерде қалай сөйлеуге айрықша мән берген. «Таяқ еттен – сөз сүйектен өтеді», «Жанды – жаралайтын да сөз, емдейтін де – сөз», «Жақсы сөз – жан азығы», «Жақсы лебіз – жарым ырыс», «Оқ жарасы бітер, сөз жарасы бітпес», «Тау мен тасты жел бұзар, адамзатты сөз бұзар» деген сияқты мақалдар сөйлей білудің орасан зор маңызын танытады.

Сөз – адам үшін тәрбие құралы, білім-білік, мәдениет, өнер бастауы, түп-тұқияннан бері жасалып, қорланып келе жатқан ақыл-ой жәдігерлігі, әсемдік қазынасы.

Әрине, сөйлей білу – үлкен өнер. Ол арымай-талмай шешендік сырын зерттеуді, жаттығуды, мол білімді, ой өрісі мен қиял кеңістігін қажет етеді.

Жақсы сөз айта білу – мәдениеттілік.

Жауабы:

«Өнер алды – қызыл тіл», «Тіл тас жарады, тас жармаса, бас жарады», «Сөз жүйесін тапса, мал иесін табады» деген мақалдар бар. Бұл – халқымыздың тіл құдіретін танып әрі өте ардақтағанын көрсетеді. «Таяқ еттен – сөз сүйектен өтеді», «Жанды – жаралайтын да сөз, емдейтін де – сөз», «Жақсы сөз – жан азығы», «Жақсы лебіз – жарым ырыс», «Оқ жарасы бітер, сөз жарасы бітпес», «Тау мен тасты жел бұзар, адамзатты сөз бұзар» деген сияқты мақалдар сөйлей білудің орасан зор маңызын танытады.

Сөз – адам үшін тәрбие құралы, білім-білік, мәдениет, өнер бастауы, түп-тұқияннан бері жасалып, қорланып келе жатқан ақыл-ой жәдігерлігі, әсемдік қазынасы.

Әрине, сөйлей білу – үлкен өнер.

Жақсы сөз айта білу – мәдениеттілік.

2-жаттығу

Берілген қанатты сөздердегі сызықшаны тиісті орнына қойып, көшіріп жазыңыз.

Аузына келгенін айту наданның ісі,
Алдына келгенін жеу хайуанның ісі.

(Ә.Науаи)

Инабатты адам ибалы адам.
Адам бола білу ең қиын мамандық.

(Х.Марти)

Тәрбиелі тәртіптің құлы,
Тәртіпті елдің ұлы.

(Б.Момышұлы)

Жасанды кішіпейілділік жақсы қасиет емес.

(Абай)

Білімді болу деген сөздің мағынасы белгісіз нәрсені ашуға қабілетті болу деген ұғым.

(Әл-Фараби)

Білім адам баласының ортақ қазынасы.

(Ж.Баласағұни)

Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту бүкіл ата-бабамызды, тарихымызды ұмыту.

(Б.Момышұлы)

Тіл аса қадірлеп ұстайтын байлығымыз.

(Ғ.Мүсірепов)

Жауабы:

*Аузына келгенін айту – наданның ісі,
Алдына келгенін жеу – хайуанның ісі.*

(Ә.Науаи)

*Инабатты адам – ибалы адам.
Адам бола білу – ең қиын мамандық.*

(Х.Марти)

*Тәрбиелі – тәртіптің құлы,
Тәртіпті – елдің ұлы.*

(Б.Момышұлы)

Жасанды кішіпейілділік – жақсы қасиет емес.

(Абай)

Білімді болу деген сөздің мағынасы – белгісіз нәрсені ашуға қабілетті болу деген ұғым.

(Әл-Фараби)

Білім – адам баласының ортақ қазынасы.

(Ж.Баласағұни)

Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту – бүкіл ата-бабамызды, тарихымызды ұмыту.

(Б.Момышұлы)

Тіл – аса қадірлеп ұстайтын байлығымыз.

(Ғ.Мүсірепов)

Көсемшенің -ғалы, -гелі формасы

1-жаттығу

-ғалы, -гелі формалы көсемшелі сөздерді табыңыз.

Қазыбек бидің сөзі

Қазақтың қабырғалы үш биінің бірі Қаз дауысты Қазыбек 1742 жылы ойраттың қолына түскен Абылай сұлтанды құтқарып алу үшін елшілікке барады. Қоңтайжының қоңыр ордасының қақ төрінде отырып, былай деп сөз бастайды:

– Біз қазақ деген мал баққан елміз, ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Елімізден құт-береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп, найзаға үкі таққан елміз. Ешбір дұшпан басынбаған елміз, басынан сөз асырмаған елміз. Досымызды сақтай білген елміз, дәм-тұзымызды ақтай білген елміз. Атадан ұл туса, құл боламын деп тумайды, анадан қыз туса күң боламын деп тумайды. Ұл мен қызды қаматып отыра алмайтын елміз. Сен қалмақ болсаң, біз қазақ қарпысқалы келгенбіз, сен темір болсаң, біз көмір, еріткелі келгенбіз. Қазақ, қалмақ баласы табысқалы келгенбіз, танымайтын жат елге танысқалы келгенбіз, танысуға көнбесең, шабысқалы келгенбіз. Сен қабылан болсаң, мен – арыстан, алысқалы келгенбіз. Жаңа үйреткен жас тұлпар жарысқалы келгенбіз, тұтқыр сары желіммін, жабысқалы келгенбіз. Берсең жөндеп бітім айт, не тұрысатын жеріңді айт, - депті.

Жауабы:

Сен қалмақ болсаң, біз қазақ қарпысқалы келгенбіз, сен темір болсаң, біз – көмір, еріткелі келгенбіз. Қазақ, қалмақ баласы табысқалы келгенбіз, танымайтын жат елге танысқалы келгенбіз, танысуға көнбесең, шабысқалы келгенбіз. Сен қабылан болсаң, мен – арыстан, алысқалы келгенбіз. Жаңа үйреткен жас тұлпар жарысқалы келгенбіз, тұтқыр сары желіммін, жабысқалы келгенбіз. Берсең жөндеп бітім айт, не тұрысатын жеріңді айт, - депті.

2-жаттығу

Сөйлемнен көсемшелі сөздерді тауып сұрақ қойыңыз.

1. Мен осы мекемеге келгелі бері, оның ашулы жүзін көрген емеспін. 2. Біз отбасымызбен демалысқа бармағалы біраз жыл болыпты. 3. Біз сенің үйіңе қонаққа барғалы жатырмыз. 4. Сендер театрда кездескелі отырсыңдар ма? 5. Біздің бұл ғимаратқа көшкелі екі жыл өтті. 6. Тексеруге келетін аудиторлардың қайдан келетінін білмеймін, сондықтан құжаттарды шұғыл реттегелі жатырмыз. 7. Сен шындықты айтқалы бері, ол бізге басқаша қарайтын тәрізді. 8. Ертең ұжыммен осы мәселені талқылағалы отыр. 9. Мен осы қаладан көшкелі жатырмын. 10. Адам адам болғалы тұрмысын түзеу, жақсы өмір сүру, адамзат атаулыны қиындықтан құтқару жолдарын ұдайы іздестіріп келеді.

Жауабы:

1. келгелі бері (қашаннан бері?)
2. бармағалы(не істемегелі?)
3. барғалы (не істегелі?)
4. кездескелі (не істегелі?)
5. көшкелі (қайткелі?)
6. реттегелі(не істегелі?)
7. айтқалы бері (не істегелі?)
8. талқылағалы (не істегелі?)
9. көшкелі (не істегелі? қайткелі?)
10. болғалы(не істегелі? қайткелі?)

Есімшенің заттануы

1-жаттығу

Берілген мақал-мәтелдерден заттанған есімшелі сөздерді тауып, астын сызыңыз.

Бірлігі мықты елдің,
Белін ешкім сындырмас.

Айтқанның аузы жаман,
Көргеннің көзі жаман.

Туған үйдің түтіні жылы,
Туған ананың күтімі жылы.

Есі бар жігіт елін табар,
Есі жоқ жігіт жаттың отын жағар.
Ер бакыттың
Қонғанын білмейді,
Ұшқанын біледі.

Жығылған күреске тоймайды.

Болар адам – он бесінде бас болар,
Болмас адам – қырық бесінде жас болар.

Ел болатын жігіттер,
Ел намысын жыртады,
Ел болмайтын жігіттер,
Елін ұрлап құртады.

Білмесең үндеме,
Білгенді күндеме.

Жауабы:

Айтқанның аузы жаман,
Көргеннің көзі жаман.

Туған үйдің түтіні жылы,
Туған ананың күтімі жылы.

Ер бакыттың
Қонғанын білмейді,
Ұшқанын біледі.

Жығылған күреске тоймайды.

Болар адам – он бесінде бас болар,
Болмас адам – қырық бесінде жас болар.

Ел **болатын** жігіттер,
Ел намысын жыртады,
Ел **болмайтын** жігіттер,
Елін ұрлап құртады.

Білмесең үндеме,
Білгенді күндеме.

2-жаттығу

Сөйлемнен есімшелі сөздерді тауып, сөйлемнің қай мүшесі болып тұрғанын анықтаңыз.

1. Естір құлақ болса, айтар сөз көп. 2. Кітапты көп оқыған адамның ойлау қабілеті, ақылы да, мәдениеті де жоғары болатынын дәлелденген. 3. Уранның радиоактивтік қасиетін білгеннен бері, өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарынан бастап оны өте құнды зат түрінде пайдаланады. 4. Таңертеңнен кешке дейін компьютердің алдында отыратындарға қосымша жалақы төленуі керек. 5. Кездесуге келгендер ауылды көркейту туралы ұсыныстарын айтты. 6. Иә, адам баласы жамандық көрсеткендерге де кеңпейілділік танытып, адамгершіліктен айырылмауы тиіс. 7. Жуырда, 2011 жылғы 16 желтоқсан күні, Қазақстан Тәуелсіздігінің 20-жылдығы құрметіне «Қазақфильм» киностудиясы тарихи-шытырман оқиғалы «Мың бала» көркем фильмін ұсынбақ.

Жауабы:

1. Естір (анықтауыш) құлақ болса, айтар сөз көп. 2. Кітапты көп оқыған адамның (анықтауыш) ойлау қабілеті, ақылы да, мәдениеті де жоғары болатынын дәлелденген. 3. Уранның радиоактивтік қасиетін білгеннен бері (пысықтауыш), өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарынан бастап оны өте құнды зат түрінде пайдаланады. 4. Таңертеңнен кешке дейін компьютердің алдында отыратындарға (толықтауыш) қосымша жалақы төленуі керек. 5. Кездесуге келгендер (бастауыш) ауылды көркейту туралы ұсыныстары айтты. 6. Иә, адам баласы жамандық көрсеткендерге (толықтауыш) да кеңпейілділік танытып, адамгершіліктен айырылмауы тиіс. 7. Жуырда, 2011 жылғы 16 желтоқсан күні, Қазақстан Тәуелсіздігінің 20-жылдығы құрметіне «Қазақфильм» киностудиясы тарихи-шытырман оқиғалы «Мың бала» көркем фильмін ұсынбақ (баяндауыш).

Оқшау сөздер

1-жаттығу

Өлеңнен ой тәртібін білдіретін сөздерді теріп жазыңыз.

Ақтан Керейұлы:
Біріншіден не жаман?
Білімсіз болған ұл жаман.
Екіншіден не жаман?
Ананың тілін алмаған,
Қасарысқан қыз жаман.
Үшіншіден не жаман?
Үш жеріңнен буғызып,
Көрге салған сол жаман.
Төртіншіден не жаман?
Төресін бермеген ел жаман,
Парақор болған би жаман.
Алтыншыдан не жаман?
Алғашқы алған әйелің
Көп ішінде кеңкілдеп,

Тіл алмаған сол жаман.
Жетіншіден не жаман?
Жеткіншектеп оқ тиіп, Жетпей
қалсан сол жаман.
Сегізіншіден не жаман?
Серке сынды ат мініп,
Сергелден болған сол жаман.
Тоғызыншыдан не жаман?
Торғайдай болған бір басың,
Топқа түскен сол жаман.
Оныншыдан не жаман?
Оймақ ауыз, қиғаш қас,
Бір перзенттің жоғынан,
Мұңлық болған сол жаман!

Жауабы:

Біріншіден

Екіншіден

Үшіншіден

Төртіншіден

Алтыншыдан

Жетіншіден

Сегізіншіден

Тоғызыншыдан

Оныншыдан

2-жаттығу

Шешендік сөздерден оқшау сөздерді тауып, көшіріп жазыңыз.

Ұлы жүз Төле би, кіші жүз Әйтеке би, орта жүз Орманбет бимен Қасқакөл деген келге даулы болып сөйлесуге Айқынкөлге үй тіктіріп, ел жиналады.

– Ей Орманбет! Мен әлі тірімін, өлген жоқпын, бұдан бұрын әлденеше рет сәлем айтсам да сен келген жоқсың. Ер кетер, жер жетер, ешкімге опа қылмас, дүние – боқ. Сен бізден жасы кіші баласың, біз барып қайттық, сен ілгері барасың, біз енді көп жүрмеспіз, көмілерміз. Сен жассың, көңілдегіңді аларсың! - дейді Төле.

* * *

Ей, Орманбет! Сен бізге Қасқакөлді беріңіз,

Қасқакөл сізге, рас, жақынырақ жеріңіз.

«Бардан пайда, жоқтан залал» деген.

Не берсе артының қайырын тілеп көріңіз.

* * *

Сонда қаз дауысты Қазыбек шешен былай деп төрелік айтады:

–Уа, Төле! Сен атадан үлкен туасың. Ініңнің бір еркелігін көтермей, жылқысын неге қуасың?

–Уа, жарқыным, Әйтеке! Сен қара шаңырақта қалған еркесің, ағаңның көзі тірісінде жеңгенді неге ертесің? Сен – Әйтек, жесірді қайыр! Сен – Төле, жылқыны қайыр! - деп дауды шешкен екен.

Жауабы:

Ей, Орманбет!

Уа, Төле!

Уа, жарқыным, Әйтеке!

рас

Автор сөзі мен төл сөз

1-жаттығу

Автор сөзі мен төл сөзді орналасу тәртібі бойынша реттеңіз.

Автор сөзі	Автор сөзі – төл сөз – автор сөзі	Төл сөз – автор сөзі – төл сөз	Автор сөзі – төл сөз

Сонда ұлы жүз Төле би тұрып:

– Мен ағаның баласымын, жасым үлкен, билікті мен айтамын, - дейді.

– Батыр, бұрылып сәлем бергің келмейді – тасып жүрсің-ау?

– Хан, тасып жүргенім жоқ, қазақ баласының басын қоса алмай сасып жүрмін.

(Сырым Датұлы). Абайдың шәкірті М. Әуезов: «Қыл өтпестей татулықты бір ашуға сатпас болар», - деп кейінгілерге үлгі болар өсиет қалдырыпты. Қазақ баласы бірігіп, тізе қосып іс қылса, - дейді алаш азаматы Ә. Бөкейханов – халықтық мақсат сонда орындалады. Ел татулығы, ел бірлігі туралы Қазыбек би былай деген екен: «Тату болса - ағайын жақын, адал болса - дос жақын».

Жауабы:

Автор сөзі	Автор сөзі – төл сөз – автор сөзі	Төл сөз – автор сөзі – төл сөз	Автор сөзі – төл сөз
–Батыр, бұрылып сәлем бергің келмейді – тасып жүрсің-ау? –Хан, тасып жүргенім жоқ, қазақ баласының басын қоса алмай сасып жүрмін. (Сырым Датұлы).	Сонда ұлы жүз Төле би тұрып: – Мен ағаның баласымын, жасым үлкен, билікті мен айтамын, - дейді. Абайдың шәкірті М. Әуезов: «Қыл өтпестей татулықты бір ашуға сатпас болар», - деп кейінгілерге үлгі болар өсиет қалдырыпты.	Қазақ баласы бірігіп, тізе қосып іс қылса, - дейді алаш азаматы Ә. Бөкейханов – халықтық мақсат сонда орындалады.	Ел татулығы, ел бірлігі туралы Қазыбек би былай деген екен: «Тату болса - ағайын жақын, адал болса - дос жақын».

2-жаттығу

Сөйлемдерді бағандарға ретімен орналастырыңыз.

Төл сөз автор сөзінен бұрын орналасқан	Төл сөз автор сөзінен кейін тұр	Төл сөз автор сөзінің арасында келген	Автор сөзі төл сөздің арасына орналасқан

Баласы Сабырбай бір күні отырып әкесіне: – Әке, аяғыңыз қаздаңдай ма, қалай? - деп қалжыңдайды. Қамысбай былай деді: – Абай, шырағым, сені әкең шақырып жатыр.(М.Әуезов). – Сонда бұл Бөкеншіден қанша қыстау алмаққа ұйғардың, мырза? - деп, Сүйіндік салықтың көлемін байқайын деді. – Қызым, сен мені тыңда - деп шешесі әңгімесін жалғастырды – қызға тыйым жасамаса, бетімен кетеді.

Жауабы:

<i>Төл сөз автор сөзінен бұрын орналасқан</i>	<i>Төл сөз автор сөзінен кейін тұр</i>	<i>Төл сөз автор сөзінің арасында келген</i>	<i>Автор сөзі төл сөздің арасына орналасқан</i>
<i>– Сонда бұл Бөкеншіден қанша қыстау алмаққа ұйғардың, мырза? - деп, Сүйіндік салықтың көлемін байқайын деді.</i>	<i>Қамысбай былай деді: – Абай, шырағым, сені әкең шақырып жатыр. (М. Әуезов)</i>	<i>Баласы Сабырбай бір күні отырып әкесіне: – Әке, аяғыңыз қаздаңдай ма, қалай? - деп қалжыңдайды.</i>	<i>– Қызым, сен мені тыңда - деп шешесі әңгімесін жалғастырды – қызға тыйым жасамаса, бетімен кетеді.</i>

Құрмалас сөйлемдердегі жай сөйлемдердің орын тәртібі

1-жаттығу

Берілген сөйлемдерді орын тәртібі бойынша орналастырыңыз.

Ырыс сонда барамын депті, ынтымақ қайда болса (мақал-мәтел)
Күшті ұлт болу үшін – ұйымшылдық пен татулық қажет, алдымен ішкі бірлік.
(Н. Назарбаев)

Жақсылыққа жақсылық – ер кісінің ісі, жамандыққа жақсылық – әр кісінің ісі.
(М. Әуезов)

Жақсы – қызметін асырып сөйлейді, жаман - мінін жасырып сөйлесе.
(Майлықожа Сұлтанқожаұлы)

Насихат айтар шал жақсы – әдебі жоқ жігіттен.
(Майлықожа Сұлтанқожаұлы)

Жауабы:

Ынтымақ қайда болса – ырыс сонда барамын депті. (мақал-мәтел)
Күшті ұлт болу үшін – алдымен ішкі бірлік, ұйымшылдық пен татулық қажет.
(Н. Назарбаев)

Жақсылыққа жақсылық – әр кісінің ісі, жамандыққа жақсылық – ер кісінің ісі.
(М. Әуезов)

Жаман - мінін жасырып сөйлесе, жақсы – қызметін асырып сөйлейді.
(Майлықожа Сұлтанқожаұлы)

Әдебі жоқ жігіттен – насихат айтар шал жақсы.
(Майлықожа Сұлтанқожаұлы)

2-жаттығу

Орын тәртібі дұрыс құрылмаған сөйлемді тауып, дұрыс нұсқасын көрсетіңіз.

- 1) Автобус жолда бұзылып қалғандықтан, жеңіл көлік тосуға тура келді.
- 2) Ұрпағын ыждағаттылық пен ізгілікке бастаған, атам қазақ баласын ептілік пен тектілікке баулып.
- 3) Әйтеуір, мұны үлкен кісілердің тәрбиесі деп білем, ата-әжемнің қолында өскен соң болар, әрбір үзім нанның қадірі қаншалықты жоғары екенін естіп өстім, кішкентайымнан судың да сұрауы барын.
- 4) Иә, қазіргі ысырапшылдық заманында нанның қадірін біреу білсе, біреу білмес.
- 5) Өмірдегі өзекті мәселелер сұранғанда жазатыным болмаса, өлең лықсып келіп қалғанда, мықты ақынмын деп ойламағанмын немесе мен өзімді сұмдық қаламгермін.

Жауабы:

2. Атам қазақ баласын ептілік пен тектілікке баулып, ұрпағын ыждағаттылық пен ізгілікке бастаған.
3. Ата-әжемнің қолында өскен соң болар, әйтеуір, мұны үлкен кісілердің тәрбиесі деп білем, кішкентайымнан судың да сұрауы барын, әрбір үзім нанның қадірі қаншалықты жоғары екенін естіп өстім.
5. Өлең лықсып келіп қалғанда, өмірдегі өзекті мәселелер сұранғанда жазатыным болмаса, мен өзімді сұмдық қаламгермін немесе мықты ақынмын деп ойламағанмын.

Шартты бағыныңқылы сабақтас құрмалас

1-жаттығу

Шартты бағыныңқылы сөйлемнің басыңқысының баяндауышына сұрақ қойыңыз.

1. Асан жұмыстан келмей, бұл іс бітпейтін болды. 2. Егер ауылдың жағдайын жасамаса, жастар жоламайды. 3. Ал жастар бармайынша, ауыл дамымайды. 4. Қашан сол сөздің түбіне терең бойлап бармайынша, маған да, өзіне де тыныштық бермейтін. 5. Өз жанын қинаумен қоймай, мені де түрлі тіл үйренетін курстарға жаздырып қойды. 6. Егер сен жұмыстан ерте шықсаң, дәріханаға соға сал. 7. Ол аузын ашқанша, баласы есіктен шыға жөнелді. 8. Жиналыс аяқталғанша, бастықты күтіп отыруға тура келеді. Сөйлегенше – сөзіңе өзің қожа, Сөйлеген соң – өзіңе сөзің қожа. (мақал)

Жауабы:

Асан жұмыстан келмей (қайтпей?), бұл іс бітпейтін болды. 2. Егер ауылдың жағдайын жасамаса (не істемесе?), жастар жоламайды. 3. Ал жастар бармайынша (қайтпейінше?), ауыл дамымайды. 4. Қашан сол сөздің түбіне терең бойлап бармайынша (не істемейінше?), маған да, өзіне де тыныштық бермейтін. 5. Өз жанын қинаумен қоймай (қайтпей?), мені де түрлі тіл үйренетін курстарға жаздырып қойды. 6. Егер сен жұмыстан ерте шықсаң (қайтсең?), дәріханаға соға сал. 7. Ол аузын ашқанша (қайткенше?), баласы есіктен шыға жөнелді. 8. Жиналыс аяқталғанша (қайткенше?), бастықты күтіп отыруға тура келеді. Сөйлегенше (не істегенше?) – сөзіңе өзің қожа, Сөйлеген соң – өзіңе сөзің қожа. (мақал)

2-жаттығу

Мақалдың екінші сыңарын табыңыз.

- 1) Тіл тас жарады,
Тас жармаса,
- 2) Жаман байыса,
- 3) Бас кеспек болса да,
- 4) Жат елдің жақсысы болғанша,
- 5) Ұлтарақтай болса да,
Ат төбеліндей болса да,
- 6) Жаман ағайын: бар болсаң, ... ,
Жоқ болсаң,
- 7) Өмір қартайса да, ...
- 8) Артында баласы қалса, ... ,
Артында сөзі қалса,

Қажетті сыңары: *жақынын танымас; көре алмайды; бере алмайды; ата қонысы жер қымбат; туып өскен ел қымбат; тіл кеспек жоқ; көзі қалды де; өзі қалды де; көңіл қартаймайды; өз еліңнің сақшысы бол; бас жарады*

Жауабы:

1. Тіл тас жарады. Тас жармаса, бас жарады.
2. Жаман байыса, жақынын танымас.
3. Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ.
4. Жат елдің жақсысы болғанша, өз еліңнің сақшысы бол.
5. Ұлтарақтай болса да, ата қонысы жер қымбат,
Ат төбеліндей болса да, туып өскен ел қымбат.
6. Жаман ағайын: Бар болсаң, көре алмайды,
Жоқ болсаң, бере алмайды.
7. Өмір қартайса да, көңіл қартаймайды.
8. Артында баласы қалса, көзі қалды де,
Артында сөзі қалса, өзі қалды де.

Қарсылықты бағыныңқылы құрмалас сөйлем

1-жаттығу

Қарсылықты бағыныңқылы сөйлемді табыңыз.

- 1) Басқару оңай болғанымен, бастау қиын болып тұр ғой.
- 2) Сен ерте келсең, екеуміз қонаққа барайық.
- 3) Азияда ойындары 1951 жылдан бері өткізіліп келе жатқанымен, біздің ел 1996 жылы алғаш рет қатысты.
- 4) Егер сен келіссең, біз қазір бұл істі реттейміз.
- 5) Қар қанша жауса да, жерге түсе салысымен еріп кетіп жатыр.
- 6) Сіз осындай мерекеге келмесеңіз, біз қатты ренжиміз.
- 7) Жаңбыр жауғандықтан, сенбілікке келгендерді қайтарып жіберді.
- 8) Берсең бер, бермесең қой баспанаңды, сонда да тастамаспын астанамды (Қ. Аманжолов).
- 9) Сенің ескі машинаңмен барғанша, автобуспен бара салайын.
- 10) Ол қанша білдірмейін дегенімен, реніші бар екені көрініп тұрды.
- 11) Сен шыныңды айтпайынша, осылай отыра береміз.

Жауабы:

1. *Басқару оңай болғанымен, бастау қиын болып тұр ғой.*
2. *Азияда ойындары 1951 жылдан бері өткізіліп келе жатқанымен, біздің ел 1996 жылы алғаш рет қатысты.*
3. *Қар қанша жауса да, жерге түсе салысымен еріп кетіп жатыр.*
4. *Сіз осындай мерекеге келмесеңіз, біз қатты ренжиміз.*
5. *Жаңбыр жауғандықтан, сенбілікке келгендерді қайтарып жіберді.*
6. *Берсең бер, бермесең қой баспанаңды, сонда да тастамаспын астанамды (Қ. Аманжолов).*
7. *Сенің ескі машинаңмен барғанша, автобуспен бара салайын.*
8. *Ол қанша білдірмейін дегенімен, реніші бар екені көрініп тұрды.*

2-жаттығу

Қарсылықты бағыныңқылы сөйлемді тауып, баяндауышының жасалу жолын түсіндіріңіз.

Байдалы шешен

Байдалы шешен кедей болыпты. Құрбан айттың кезі болса керек, ауылдың көпшілігі бір малын құрбандыққа шалып жатқанда, Байдалы тым-тырыс отырып қалады. Сонда бір молдасымақ: “Өзіңде мал жоқ болса да, ағайын-туыстарыңда бар емес пе?! Балаң да жерге қарап отырған жоқ, бір мал сұрап алып, неге шалмадың, құдайдан қорықпайсың ба?”, - депті. Байдалы айтқа жиналған қалың топтың ортасына келіп:

“Уа, жұртым!

Мына молдалар сөйлемесіме қоймады, сөз реті келгенде, сөйлемесең, сөздің атасы өледі деген.

Айтсаң, естімейтін саңыраулар бар,

Көрсетсең, көрмейтін соқырлар бар.

Ағадағы мал – аспандағы мал,

Інідегі мал – іннің түбіндегі мал.

Баладағы мал – даладағы мал,
Сұраған адам қайыршы,
Ұрлаған адам қарақшы,
Адамнан мал алып борышты болғанша, құдайдың өзіне борышты болайын деп
мал шалған жоқ едім”, - дейді.

Жауабы:

Бір малын құрбандыққа шалып жатқанда (жат – етістік, қан – есімшенің жұрнағы – да жатыс септігің жалғауы, болса да (шартты райлы етістік + да), сөйлемесең (болымсыз тұлғадағы етістіктің шартты райынан), Айтсаң (етістіктің шартты райынан), Көрсетсең (етістіктің шартты райынан), борышты болғанша (ша тұлғалы есімшеден).

Мезгіл бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем

1-жаттығу

Мезгіл бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемнің екінші сыңарын табыңыз.

Сабақ аяқталған соң,
Ол баяндамасын оқып болғанша,
Мен тұрғанда,
Ол Астанаға көшкелі,
Сен вогонға кірісімен,
Жиналыс басталғалы,
Жиынды бастамас бұрын,

Қажетті сыңары:

жолсерікке бірден түсетін бекетіне жеткенде ескертуін өтін; талай оқиғалардың куәсі болды; күн едәуір көтеріліп қалған екен; сен маған жолығып кетші; сен тыңдап отыра бер; келген қонақтарды таныстырып өтті; ол өзін жайсыз сезініп отырды

Жауабы:

*Сабақ аяқталған соң, сен маған жолығып кетші.
Ол баяндамасын оқып болғанша, сен тыңдап отыра бер.
Мен тұрғанда, күн едәуір көтеріліп қалған екен.
Ол Астанаға көшкелі, талай оқиғалардың куәсі болды.
Сен вогонға кірісімен, жолсерікке бірден түсетін бекетіне жеткенде ескертуін өтін.
Жиналыс басталғалы, ол өзін жайсыз сезініп отырды.*

2-жаттығу

Мезгіл бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемнің сыңарларын сәйкестендіріңіз.

Мен университетті бітірген соң,	науқасқа алғашқы дәрігерлік көмек көрсеттік.
Дәрігер келгенше,	бірде-бір қазақ жоқ еді.
Демалыс күндерінің бірінде,	көрермендер қатты қол шапалақтайды
Біз бұл үйге көшіп келгенде,	қалалық емханаға дәрігер болып орналастым.
Мейрамбек сахнаға шыққан сайын,	отбасы түгел дастарқан басында отырған еді.
Ренішіңді айтпастан бұрын,	уақыт зырлап өтіп кетіпті.
Ағасы үйге келгенде,	анам қалаға келіп кетті.
Жұмыстан қол тимей жүргенде,	ойыңды жүйелеп ал.

Жауабы:

<i>Мен университетті бітірген соң,</i>	<i>қалалық емханаға дәрігер болып орналастым.</i>
<i>Дәрігер келгенше,</i>	<i>науқасқа алғашқы дәрігерлік көмек көрсеттік.</i>
<i>Демалыс күндерінің бірінде,</i>	<i>анам қалаға келіп кетті.</i>
<i>Біз бұл үйге көшіп келгенде,</i>	<i>бірде-бір қазақ жоқ еді.</i>
<i>Мейрамбек сахнаға шыққан сайын,</i>	<i>көрермендер қатты қол шапалақтайды.</i>
<i>Ренішіңді айтпастан бұрын,</i>	<i>ойыңды жүйелеп ал.</i>
<i>Ағасы үйге келгенде,</i>	<i>отбасы түгел дастарқан басында отырған еді.</i>
<i>Жұмыстан қол тимей жүргенде,</i>	<i>уақыт зырлап өтіп кетіпті.</i>

Себеп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем

1-жаттығу

Себеп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемнің бірінші сыңарын табыңыз.

- ..., қатты қысылады.
- ...емтихан сұрақтарынан оңай өтті.
- ..., кардиологқа барып қаралды.
- ..., салауатты өмір салтын қалыптастыру керек.
- ..., көзі талып ауыратынды шығарды.
- ..., досын қатты ренжітіп алды.
- ..., оған өте қызықсыз болды.

Қажетті сыңары:

*Жүрегі шаншып маза бермегендіктен
Компьютерде көп отырғандықтан
Ол өзін-өзі тоқтата алмай
Дайындығы мықты болғандықтан
Мұндай баяндамаларды тыңдап жүрген соң
Ол қазақ тілін білмегені үшін
Жаман әдеттерден аулақ болу үшін*

Жауабы:

Ол қазақ тілін білмегені үшін қатты қысылады. Дайындығы мықты болғандықтан, емтихан сұрақтарынан оңай өтті. Жүрегі шаншып маза бермегендіктен, кардиологқа барып қаралды. Жаман әдеттерден аулақ болу үшін салауатты өмір салтын қалыптастыру керек. Компьютерде көп отырғандықтан, көзі талып ауыратынды шығарды. Ол өзін-өзі тоқтата алмай, досын қатты ренжітіп алды. Мұндай баяндамаларды тыңдап жүрген соң, оған өте қызықсыз болды.

2-жаттығу

Себеп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемнің сыңарларын сәйкестендіріңіз.

Суретшінің қорындағы 105 құнды дүние қолдан-қолға өтіп келгендіктен,	анықтамама қол қоюыңызды сұраймын.
XXI- ғасыр білімділер ғасыры болғандықтан,	тозығы жетіп, қайта жаңартуға тура келіпті.
Менің денсаулығымның болмауы себепті,	бүгінгі таңда заманымызға сай зерделі, ой-өрісі жоғары, жан- жақты дамыған ұрпақ қалыптастыру мемлекетіміздің алға қойған аса маңызды міндеті болып тұр.
Мен анасына түсіндірген соң,	Орталық аймақтарда температура төмендеді.
Кеше ерте жатқандықтан,	ол кісінің өңі кіре бастады.
Солтүстіктен суық ауа массасының келуі салдарынан,	бүгін ұйқым қанып тұрды.

Жауабы:

Суретшінің қорындағы 105 құнды дүние қолдан-қолға өтіп келгендіктен,	тозығы жетіп, қайта жаңартуға тура келіпті.
XXI- ғасыр білімділер ғасыры болғандықтан,	бүгінгі таңда заманымызға сай зерделі, ой- өрісі жоғары, жан- жақты дамыған ұрпақ қалыптастыру мемлекетіміздің алға қойған аса маңызды міндеті болып тұр.
Менің денсаулығымның болмауы себепті,	анықтамама қол қоюыңызды сұраймын.
Мен анасына түсіндірген соң,	ол кісінің өңі кіре бастады.
Кеше ерте жатқандықтан,	бүгін ұйқым қанып тұрды.
Солтүстіктен суық ауа массасының келуі салдарынан,	Орталық аймақтарда температура төмендеді.

Амал бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем

1-жаттығу

Амал бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемнің екінші сыңарын табыңыз.

Баласының басы ауырып,
Таза ауада көп жүріп,
Кейін белгілі болғандай,
Өзі таңертеңнен бері жүріп,
Әлде бір ой құшағына түскендей,
Киімін киімлігішке іле сап,
Жемқорлық пен парақорлықты күшейтіп,

Қажетті сыңары:

серуендеу керек; мазасы болмай тұр; ол серіктесіне қазақша сөйлеген екен; оның басты бағыттарын айқындап берді; ол жылдам жүріп кетті; өзі жоғары қабатқа көтеріліп кетті; жаңа ғана ішке кірді.

Жауабы:

*Баласының басы ауырып, мазасы болмай тұр.
Таза ауада көп жүріп, серуендеу керек.
Кейін белгілі болғандай, ол серіктесіне қазақша сөйлеген екен.
Өзі таңертеңнен бері жүріп, жаңа ғана ішке кірді.
Әлде бір ой құшағына түскендей, ол жылдам жүріп кетті.
Киімін киімлігішке іле сап, өзі жоғары қабатқа көтеріліп кетті.
Жемқорлық пен парақорлықты күшейтіп, оның басты бағыттарын айқындап берді.*

2-жаттығу

Амал бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемнің бірінші сыңарын табыңыз.

..., кетіп қалыпты.
..., кілтті өткізіп кет.
..., екі бетінен кезек сүйіп, ауылдың жағдайын сұрай бастады.
..., жазған хатына жауап алды.
..., артына жалтақ жалтақ қарады.
..., астықтың түсімі жақсы болды.
..., бұлқан талқаны шығып ашуланды.

Қажетті сыңары:

Сен кезекшіге айтып; Ол мені күтпестен; Біреу қуып келе жатқандай; Әсет қалжыңды көтере алмай; Осынша қуаңшылыққа қарамай; Көп кешікпей; Анар оны құшақтай алып

Жауабы:

*Ол мені күтпестен, кетіп қалыпты.
Сен кезекшіге айтып, кілтті өткізіп кет.
Анар оны құшақтай алып, екі бетінен кезек сүйіп, ауылдың жағдайын сұрай бастады.
Көп кешікпей, жазған хатына жауап алды.
Біреу қуып келе жатқандай, артына жалтақ-жалтақ қарады.
Осынша қуаңшылыққа қарамай, астықтың түсімі жақсы болды.
Әсет қалжыңды көтере алмай, бұлқан-талқаны шығып ашуланды.*

Мақсат бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем

1-жаттығу

Мақсат бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемнің сыңарларын сәйкестендіріңіз.

Баланың бақытты болуы үшін	үйіне қоңырау шалды.
Баласы келіп қалама деп	олар сізбен міндетті түрде хабарласатын болады.
Апайынан үйге берілген тапсырманы сұрамақ боп	оған үкімет тарапынан үлкен қамқорлық жасауымыз керек.
Сіздің әрбір сұрағыңызға жауап беру үшін	тамақты ерте дайындап қойды.
Жақсы маман болып шығу үшін	күтіп отырды.
Ол жаңа өмір сүрмек болып	сапалы білім алу керек.
Анасы ойындағысын айтып болсын деп	Астанаға қоныс аударды.

Жауабы:

<i>Баланың бақытты болуы үшін</i>	<i>оған үкімет тарапынан үлкен қамқорлық жасауымыз керек.</i>
<i>Баласы келіп қалама деп</i>	<i>тамақты ерте дайындап қойды.</i>
<i>Апайынан үйге берілген тапсырманы сұрамақ боп</i>	<i>үйіне қоңырау шалды.</i>
<i>Сіздің әрбір сұрағыңызға жауап беру үшін</i>	<i>олар сізбен міндетті түрде хабарласатын болады.</i>
<i>Жақсы маман болып шығу үшін</i>	<i>сапалы білім алу керек.</i>
<i>Ол жаңа өмір сүрмек болып</i>	<i>Астанаға қоныс аударды.</i>
<i>Анасы ойындағысын айтып болсын деп</i>	<i>күтіп отырды.</i>

2-жаттығу

Берілген жай сөйлемдерден мақсат бағыныңқылы сөйлем жасаңыз.

Өскеменге бару. Ертемен автобекетке келу.

Қыз шешімін үш күннен кейін айту. Рұқсат алу, табанда Тарғын батырды шақырту.

Биыл жазда міндетті түрде Сарыағашқа бару. Алдын ала билет алып қою.

Қазақстан бейбітшілік пен ынтымақтастықты сақтау. Бар мүмкіншілікті жасап жату.

Қазақстанға бармақшы болу. Ол елдің мәдениетімен, тарихымен танысу.

Анамның жағдайын білу. Сіздермен хабарласып отыру.

Жауабы:

Өскеменге барайын деп, ертемен автобекетке келдім.

Қыз шешімін үш күннен кейін айтпақ боп, рұқсат алады да, табанда Тарғын батырды шақыртады.

Биыл жазда міндетті түрде Сарыағашқа барайын деп, алдын ала билет алып қойдым.

Қазақстан бейбітшілік пен ынтымақтастықты сақтау үшін бар мүмкіншілікті жасап жатыр.

Қазақстанға бармақшы болып, ол елдің мәдениетімен, тарихымен танысқан.

Анамның жағдайын білейін деп, сіздермен хабарласып отырмын.

Салыстырма бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем

1-жаттығу

Салыстырма бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемнің сыңарларын сәйкестендіріңіз.

Жалақы қалай өссе,	сондай деңгейде меңгеруге тиіспіз.
Қаншалық күш жұмсасаң,	олар болашақта іске асыратын жоспарларын айтып тауыса алмады.
Ата-бабамыз ұстанған ислам бағыты қандай болса,	соншалық нәтижесін де көресің.
Қазіргі тілге деген сұраныс қандай,	тауар құны да солай өседі.
Жастардың сенімділігі сонша,	біз сол бағытта жүруіміз керек.
Қанша жыл өмір сүрсең,	айналадағы отырған адамдардан ұялып кеттім.
Досымның өзі туралы асыра мақтанғаны сонша,	сонша жыл оқу керек.

Жауабы:

<i>Жалақы қалай өссе,</i>	<i>тауар құны да солай өседі.</i>
<i>Қаншалық күш жұмсасаң,</i>	<i>соншалық нәтижесін де көресің.</i>
<i>Ата-бабамыз ұстанған ислам бағыты қандай болса,</i>	<i>біз сол бағытта жүруіміз керек.</i>
<i>Қазіргі тілге деген сұраныс қандай,</i>	<i>сондай деңгейде меңгеруге тиіспіз.</i>
<i>Жастардың сенімділігі сонша,</i>	<i>олар болашақта іске асыратын жоспарларын айтып тауыса алмады.</i>
<i>Қанша жыл өмір сүрсең,</i>	<i>сонша жыл оқу керек.</i>
<i>Досымның өзі туралы асыра мақтанғаны сонша,</i>	<i>айналадағы отырған адамдардан ұялып кеттім.</i>

2-жаттығу

Салыстырма бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемді табыңыз.

Балам неғұрлым өскен сайын, мен оның болашағына сонша алаңдай бастадым.
Шешемнің ашуланғаны сонша, менімен бір апта сөйлеспей жүрді.
Көбірек оқыған сайын, артығырақ білетін боласыз.
Таудай талап бергенше, бармақтай бақ бер.
Мыңның түсін білгенше, бірдің атын біл.
Жат елдің жақсысы болғанша, өз еліңнің сақшысы бол.
Анам мені қалай ерекше жақсы көрсе, мен де оған сондай ерекше қамқор болуым керек деп ойлаймын.
Ұжымда сондай пікір қалыптасса, мен бұл мәселені басқаша түсінемін.

Жауабы:

*Балам неғұрлым өскен сайын, мен оның болашағына сонша алаңдай бастадым.
Шешемнің ашуланғаны сонша, менімен бір апта сөйлеспей жүрді.
Көбірек оқыған сайын, артығырақ білетін боласыз.
Анам мені қалай ерекше жақсы көрсе, мен де оған сондай ерекше қамқор болуым керек деп ойлаймын.
Ұжымда сондай пікір қалыптасса, мен бұл мәселені басқаша түсінемін.*

Аралас құрмалас сөйлем

1-жаттығу

Берілген аралас құрмалас сөйлемдерді сызба бойынша кестеге орналастырыңыз.

бағыныңқы, басыңқы, басыңқы	басыңқы, бағыныңқы, басыңқы	бағыныңқы, бағыныңқы, басыңқы, басыңқы	Көп компонентті аралас құрмалас сөйлемдер

Қажетті сөйлемдер:

Қорған кезінде топырақ араластыра тастан қаланған екен де, бұл кезде қорғанның үстіне жыңғыл мен шеңгел араласа шығып, өзінше ол да бір сән беріп тұр.

Азияда ойындарында тау барысын бойтұмар етіп алдық, оның 2 мәнісі болды: біріншісі-қазаққа тән батылдық пен төзімділік қасиет болса, екіншісі-тәуелсіз Қазақстанның бет-бедері ретінде танылуы.

Күн шығып, ел тұра бастады, – Нұрлан әлі жоқ.

Ақбоз алдыңғы екі аяғын ербитіп, көзі шатынап тұра бергенде, Шолақ құлағын төмен қарай тұқырта басып қалып еді – ат етпетінен түсті.

Орта жастарға келіп қалған кісі болса да, жаттығу үстінде жас жандарша ұршықтай үйіріледі, қиғаш сермеген жұп-жұмыр ақ білектері аққудың қанатына ұқсайды. (Ө. Қанахин)

Жауабы:

бағыныңқы, басыңқы, басыңқы	басыңқы, бағыныңқы, басыңқы	бағыныңқы, бағыныңқы, басыңқы, басыңқы	Көп компонентті аралас құрмалас сөйлемдер
<i>Күн шығып, ел тұра бастады, – Нұрлан әлі жоқ.</i> <i>Орта жастарға келіп қалған кісі болса да, жаттығу үстінде жас жандарша ұршықтай үйіріледі, қиғаш сермеген жұп-жұмыр ақ білектері аққудың қанатына ұқсайды.</i>	<i>Қорған кезінде топырақ араластыра тастан қаланған екен де, бұл кезде қорғанның үстіне жыңғыл мен шеңгел араласа шығып, өзінше ол да бір сән беріп тұр.</i>	<i>Ақбоз алдыңғы екі аяғын ербитіп, көзі шатынап тұра бергенде, Шолақ құлағын төмен қарай тұқырта басып қалып еді – ат етпетінен түсті.</i>	<i>Азияда ойындарында тау барысын бойтұмар етіп алдық, оның 2 мәнісі болды: біріншісі-қазаққа тән батылдық пен төзімділік қасиет болса, екіншісі-тәуелсіз Қазақстанның бет-бедері ретінде танылуы.</i>

2-жаттығу

Сөйлемді көшіріп жазыңыз, аралас құрмалас сөйлемнің құрамындағы жай сөйлемдердің қалай байланысып тұрғанына назар аударыңыз.

1. Отансүйгіштік неден басталады, адамның жүрегінде кейде өзіне-өзі түсіндіре алмайтын сезім қалай пайда болып, қалай өсіп, қалай дамиды?

2. Мемлекет басшысының «Біз білім беру саласын қазақстандықтардың бәсекеге қабілеттілігінің негізгі факторы ретінде дамытуды қолға алдық» деп айтқанын негізге ала отырып, ұстаздар қауымы оның шешу жолдарын қарастырып, жұмысқа білек сыбанып кірісіп кетті.

3. Жиырма жылдан бері жұдырықтай жұмылған сол бірлігіміздің арқасында биікке көтерілдік, ел ретінде әлемге танылды, басқа мемлекеттер елімізбен санасатын болды.

4. Ел тәуелсіздігінің ең маңызды нышаны – мемлекеттік тіл, қаласақ та, қаламасақ та, мемлекеттік тіл – тәуелсіз ұлттың мәдениеті мен рухани болмысының негізгі тірегі болуы керек.

5. Бұл мәселеде тәртіп болмаса, қалың жұртшылықты былай қойғанда, термин жасаушы мамандарымыздың өзі көп ұзамай әбден шатасатынын, ал уақыт өте келе оны ретке келтіру өте қиынға соғатынын қазірдің өзінде сезіп отырмыз.

3

Оқылым бөлігінің қосымшасы

Оқылым бөлігі бойынша дағды қалыптастыратын жаттығулар

1-мәтін

Қызылша

Біздің жыл санауымыздан үш ғасыр бұрын Месопотамияда қызылша пайда болған. Сонан кейін Орта Азияға, Жер Орта теңізі бойына және Қара теңіз маңайына тарайды. Ол кезде қызылшаның жапырағын қазіргі салат секілді пайдаланған. Ал түбірін жеуге жиреніп, далаға тастайтын, бірен-сарандарын малына берген.

Қызылшаның емдік қасиеті сол кезде-ақ белгілі болған. Оны ауруларға шикідей де, пісіріп те, тұнба күйін де берген.

Медицинаның атасы Гиппократ қызылшаның жапырағы, тамыры, түбірінен әзірленетін оннан астам дәрінің рецептін жазып кеткен.

«Жер туралы жыр» кітабынан

1 «Қызылша» мәтініндегі маңызды сөйлемдерді табыңыз.

1. _____
2. _____
3. _____



Бұл тапсырма тіл қолданушының келесі білік-дағдыларын бағалайды:

- мәтін мазмұнындағы ақпаратты саралай білу.
- мәтін бөліктеріндегі ақпаратты салыстыра білу.
- мәтін мазмұнындағы ақпаратты талдай білу.
- мәтін бөліктеріндегі ақпараттың маңыздылығын көрсете білу.

2 Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Қызылша қашан пайда болған? – _____
2. Сонан кейін қай жерлерге тарайды? – _____
3. Қызылшаның несін салат сияқты пайдаланған? – _____
4. Қызылшаның түбін не істеген? – _____
- 5) Қызылшаны ауруларға қалай пайдаланған? – _____
- 6) Гиппократ қандай рецепт жазып кеткен? – _____



Бұл тест тапсырмасы тіл қолданушының мынадай білік-дағдыларын қалыптастыра алады және бағалайды:

- мәтіндегі жалпы ақпаратты қорытындылау.
- мәтіндегі жалпы ақпаратты жүйелеу.
- мәтіндегі ақпаратты біріктіру қабілеті.
- мәтіндегі ақпаратты салыстыру.
- ұсынылған ақпаратқа сұрақ қою қабілеті.
- қойылған сұраққа дәл, нақты жауап беру қабілеті.

2-мәтін

Мұрагер

Қарт домбырасын екпіндете шертіп отыр. Қолына кішкене домбыра ұстаған қыз бала қарияның жанына келіп отырды. Қария күйін тоқтатып еді, қыз қарияның әлгі тартқан күйін тартып ала жөнелді.

Оның сәби саусақтары домбырада шапшаңдықпен ойнады да отырды. Қария риза болғандықтан, қыз баланы құшақтап көзінен сүйді.

– Айналайын, қыз да болсаң, мұрамды ұстарлық болып туыпсың, көп жаса, қызым! Өркенің өссін, менің мұрамды алып қал, саған тапсырамын, - деді Құрманғазы.

– Бұл күйді «Көбік шашқан» деп қояр едім, - деді қыз бала.

– Менің атым Дина, - деді қыз.

– Мерейлі бол, Динажан! Мен күйші Құрманғазымын, - деді. Бұл Дина мен күй атасы Құрманғазының алғашқы кездесуі еді.

3

Берілген сөйлемдердегі қарамен жазылған сөздердің антонимдерін тауып, сол сөздің орнына қойып жазыңыз.

1. Қарт домбырасын **екпіндете** шертіп отыр. – _____

2. Қолына **кішкене** домбыра ұстаған қыз қарияның жанына келіп отырды. – _____

3. Қыз домбыраны **баяу** тартады екен. – _____



Тапсырманың бұл түрі тіл қолданушының келесі білік-дағдыларын бағалайды:

- мәтін бөліктеріндегі ақпаратты жүйелей білу.
- мәтіндегі ақпаратты біріктіре білу.
- мәтіндегі автордың негізгі мақсатын таба білу.
- мәтінде берілген ақпаратты салыстыра білу.

4

Сөйлемді жалғастырыңыз. Себеп-салдарлық байланысқа көңіл аударыңыз.

1. Құрманғазының күйлері әділетсіздікке қарсы күреске арналды, себебі _____

2. Дина Құрманғазының күйлерін үнемі орындап жүрді, өйткені _____

3. Құрманғазы қызға риза болғандықтан, _____



Тапсырма тіл қолданушының келесі білік-дағдыларын бағалайды:

- мәтіндегі жалпы ақпаратты салыстыру.
- мәтіндегі жалпы ақпаратты жүйелеу.
- мәтіндегі ақпаратты қорытындылау.
- мәтіндегі негізгі ақпаратты қосымша ақпараттан ажырата білу.
- мәтін мазмұнындағы ақпарат пен жауаптарда берілген ақпаратты салыстыра білу.
- жауаптарда берілген ақпараттың шынайы немесе шынайы еместігін анықтау.
- себеп-салдарлық қатынасты түсіну қабілеті.

5

«Мұрагер» мәтініне қажетті қосымша ақпаратты таңдаңыз.

1. Қария күйін тоқтатып еді, қыз қарияның тартқан күйін тартып берді.
2. Құрманғазы күйші кішкентай қыздың орындаушылық шеберлігіне риза болды.
3. Дина Нұрпейісова Құрманғазы күйшіні алғаш рет тоғыз жасында көрді.



Тапсырманың бұл түрі тіл қолданушының келесі білік-дағдыларын бағалайды:

- мәтін бөліктеріндегі ақпаратты саралай білу.
- мәтін бөліктеріндегі ақпаратты талдай білу.
- мәтін бойынша ең толық және ең нақты ақпаратты таба білу.

3-мәтін

Тоғызқұмалақ

Тоғызқұмалақ – әлемдік мәдениеттің озық үлгілерімен бой теңестіре алатын зияткерлік өнер, ұлтымыздың төл ойындарының бірі. Соңғы деректерге қарағанда, тоғызқұмалақ ойынының шығу тарихы төрт мыңжылдық кезеңді қамтиды екен. Бұл өнердің басты қасиеті – адам санасын жетілдіруде, ақыл-ойын кемелдендіруде ерекше маңызға ие.

Тоғызқұмалақ өткен ғасырларда қазақ даласында кең тараған ойын болатын. Өкінішке орай, ол Кеңес одағы кезінде біршама тоқырауға ұшырап, даму аясы кәдімгідей тарылды. Бірақ еліміз тәуелсіздік алған кезден бері осынау ұлттық ойынымыз қайта жандану жолына түсті. Қазіргі таңда республикамызда оның жеке қауымдастығы бар, облыс орталықтарында тоғызқұмалақты үйренемін деушілерге қауымдастықтың бөлімшелері мен үйірмелерінің есігі ашық.

Қазақстан Республикасының тоғызқұмалақтан ресми чемпионаты 1974 жылдан бері өткізіліп келеді. Бүгінгі таңда ересектер, ардагерлер, жастар мен жасөспірімдер арасында жекелей және командалық чемпионаттар өткізіледі.

Тоғызқұмалақ соңғы жылдары жоғары қарқынмен дамып келеді. Қазақстан Республикасы Тоғызқұмалақ қауымдастығының, Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің, облыс әкімдіктерінің қолдауы арқасында бұл ойынмен шұғылданушылардың саны қазір жүз мың адамға жақындады. Ойынға халықаралық деңгейде де қызығушылық өсіп келеді. Қазір тоғызқұмалаққа тек шетелдегі қазақтар ғана емес, Ұлыбритания, Франция, Германия, Испания, Чехия, Ресей, Моңғолия, Қытай мемлекеттері де ден қоя бастады.

Тоғызқұмалақ алты рет (2006 жылы Лондонда, 2007, 2008, 2009 және 2010 жылдары Прага мен Пардубицеде (Чехия), 2010 жылы Канада (Франция) дүниежүзілік зияткерлік олимпиадалар мен фестивальдардың бағдарламасына енгізілді.

(«Қазақ спорты» газетінен 2 қараша 2010 жыл)

6

Төменде берілген сөйлемді мәтін мазмұнына сәйкес жалғастырыңыз.

Тоғызқұмалақ –



Бұл тапсырма тіл қолданушының келесі білік-дағдыларын бағалайды:

- мәтін бөліктеріндегі ақпаратты толық түсіну.
- мәтіндегі сөйлемдердің баламасын таба білу.
- мәтін бойынша сөйлемді орын сөздердің орын тәртібіне қарай құрастыра білу

7 Берілген мәтінді оқи отырып, тоғызқұмалақ ойынының даму тарихы туралы әңгімелеп беріңіз.



- Бұл тапсырма тіл қолданушының келесі білік-дағдыларын бағалайды:
- мәтінді жалпы түсіну.
 - мәтін бөліктеріндегі ақпаратты саралай білу.
 - мәтін бөліктеріндегі ақпараттың шынайылығын ажырата білу.

4-мәтін

Домалақ ана

Домалақ ана (Шайхы Мизамбекқызы Нұрилә) – Қазақстанның оңтүстік өңірінің біраз бөлігін алып жатқан Шапырашты, Ошақты, Ысты, Албан, Суан, Дулат тайпаларынан тараған ұрпақтың арғы атасы Бәйдібек батырдың үшінші әйелі, Албан, Суан, Дулаттың анасы. Шын аты – Нұрилә. Өзгені де өз баласындай көріп, төңірегіне аналық мейірін шашқан, барынша кішіпейіл, алдағы күннің жайын ойлап айтар сөзі ақиқатқа айналған болжампаз, көреген қасиетін құрметтеген ұрпақтары сол заманның өзінде-ақ оның атын атамай, жаратылысынан бойы шағын болғандығына қарай «Домалақ ене» деп атап кетіпті.

Домалақ ананың қадір-қасиеті ерте-ақ танылған. Ел аузында ол кісі жөнінде аңыз-әңгіме көп. Солардың бірі мынадай: «Бәйдібек заманында жайлауында үйір-үйір жылқысы, келе-келе түйесі, отар-отар қойы өрген, шығыс пенен батысқа керуендер жүргізген асқан бай адам болған. Бірде Алатау асып келген қалың жау Қаратау жонын жайлап отырған Бәйдібектің ауылын шауып, сан мың жылқысын түре айдап кетеді. Бәйдібек бастаған ел азаматтары ауылда болмаса керек. Содан жау шапты деген хабарды естіп, Бәйдібек елден жасақ жиып, қасына үлкен әйелі Сары бәйбішеден туған алты ұлын алып, жауға аттанғалы жатқанда Нұрилә: «Бай-еке, малдың құты, жылқының иесі құлпанайғыр қолда қалды. Амандық болса, алты күннен кейін жылқы жауға қайыру бермей өзі ауылға келеді. Жауды қума, азаматтар аман болсын, осы тілегімді беріңіз», - деп, өз отауының белдеуінде матамен байлаулы тұрған жүген-құрық тимеген шу асау айғырды көрсетіпті. Бірақ жауға кектенген батыр әйелінің тілін алмай, «жолдан қайтар қатын емеспін» деп, жасағын бастап, жүріп кетіпті. Бәйдібек жасағы жауға Күйік асуына жетіп, қырғын ұрыс салыпты. Алайда жасанып келген жау аттанға ілесіп атқа қонған аз жасаққа теңдік бермепті. Осы соғыста қаза тапқан алты ұлын Үшқарасай жазығына жерлеп, кері қайтыпты.

Арада алты күн өткенде байлаулы тұрған құла айғыр жер күңіренге дүлей күшпен кісінеді дейді. Сол күні намаздыгер шамасында шығыстан қалың шаң көтеріліп, ұзамай Бәйдібектің қалың жылқысы көрінеді. Ереуілдеп барып, кері қайтара алмаған жылқыны Домалақ ана осылайша үйде отырып-ақ түгел қайтарып алса керек. Мұндай әңгімелер көп-ақ.

Домалақ ана қос Бөгеннің сағасындағы бір жазыққа жерленген. Айналасын көгілдір таулар қоршаған сол жазықта қазір бозарып сәулетті күмбез көрінеді. Ол – Домалақ ана мазары. Өулие ананың қасиетін қастерлеген ұрпақтың ана бейітіне ағылған ізі, салған жолы ескіріп көрген емес.

(«Елтұтқа» кітабынан)

8 Төменде берілген кестені толтырыңыз.

Домалақ ана қандай жан?	

9

Домалақ ана туралы мәтінде берілген аңыз-әңгімені баяндап беріңіз және Домалақ ана туралы өз пікіріңізді білдіріңіз.



Бұл тапсырма тіл қолданушының келесі білік-дағдыларын бағалайды:

- мәтінді жалпы түсіну.
- мәтін бөліктеріндегі ақпаратты жүйелей білу.
- мәтін бөліктеріндегі ақпаратты есте сақтай білу.
- мәтін бөліктеріндегі ақпаратты қорытындылай білу.

10

Мәтінді оқып шығып, мәтін мазмұнына сәйкес келетін аңдатпаны көрсетіңіз.

Мәтін ... туралы.

1. Қазақстанның оңтүстік өңірінің табиғаты
2. Бәйдібек батырдың жары атақты Нұрилә
3. Үшқарасай жазығының әсем табиғаты
4. Қос Бөген сағасында орналасқан ауылдар



Бұл тапсырма тіл қолданушының келесі білік-дағдыларын бағалайды:

- мәтін мазмұнын толық және нақты түсіну.
- мәтін бөліктеріндегі ақпаратты саралай білу.
- мәтін бойынша өз пікірін қорытындылай білу.
- мәтіннің негізгі ойын ажырата білу.

5-мәтін

Әйел – сарқылмайтын күш

Қазақ қоғамы әйел мәртебесін әрқашан жоғары қоя білген. Мысалға әйгілі Мөңке бидің “Әйеліңмен дос бол, үйіңнің берекесі кіреді” деген нақылын, Өз-Жәнібек ханның тұсындағы Жиреншенің Қарашаштың қара басын қара орманға балағанын, Қазыбек бидің “Аймалайтын анаң қымбат, мейірімді апаң қымбат” деген кесімді сөзін келтірсек те жеткілікті. “Алашорда” қозғалысының қайраткерлері азаматтар жынысына қарамай өз құқығын заңды саяси талаптар арқылы қорғау мәселесін көтеріп, әйелдердің саяси құқығы ерлермен тең болуға тиісті деген қаулы қабылданғаны тарихтан белгілі. Мұхтар Әуезовтің “Ел боламын десең, бесігіңді түзе!” деген сөзі күні бүгінге дейін ұрпақ тәрбиелеуге үндейтін өзекті ұғымға, ұран сөзге айналды. Ғабит Мүсіреповтің “Мақтасақ, әйелді мақтайық, құрметтейік те әйелді. Әйел – ана, барлық қиындықты жеңетін сарқылмайтын күш емес пе? Дүниеде әйелді құрметтеп, әйелді нұрға бөлейік те”- деген асқақ рухты жолдары да сөзімізге дәлел.

1873 жылы Ресей императоры географиялық қоғамның мүшесі Н.Северцов қазақ әйелдері туралы мынадай мінездеме берген екен: “Қазақ әйелдері еркін ойлылығымен ерекшеленеді, билікті мойындамайды. Ол өмір бойы бітпейтін үй тірлігінде жүрсе де күң емес, қайта ол үйдің шын мәніндегі бикесі, билеушісі, жалқау күйеу әйеліне бағынышты, тек жұмысқа салмаса болғаны, ал кейбір өжет әйелдер күйеуін жұмысқа жегуден де тартынбайды. Тек қонақ күту кезінде күйеуінің момақан қызметшісі болып, тамақты да бірге ішпей, қалғанына ғана қанағаттанады. Мұның өзі сол үйдің бикесі ретінде қонақтарды күту әдебімен байланысты. Қалай болғанда да қазақ еркектері ат үстінде және үйінен тысқары жерде ғана батыл болуы анық, ал қазақ әйелі керісінше, үйде тәуелсіз, толық билігі бар бике. Ауылға жау шапса, еркектер қаруын ала сала жылқыға жөнеледі, ал әйелдер ауылды қорғайды. Содан соң барып шапқан жауға ерлер лап қояды...”

(Қазақ тарихы 1994. № 6).

Қазақ әйелі бұрын-соңды тарихымызда дәл қазіргідей қайраткерлік жасампаздық дәрежеде болып көрген жоқ. 20 жылға толар-толмас мерзім аясында саяси аренада, мемлекеттік басқару саласында талай аруларымыз дара тұлға ретінде көрінді. Іскерлік әлемінің тамаша тәжірибесінен өтті. Өтпелі кезеңнің қиындығына қарамастан, экономикалық-саяси тұрғыдағы әйел мәртебесін көтеруді тұңғыш жүзеге асырған – Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев. Ел ішіндегі тұрақтылық пен халықтар достығын әлемге паш етті. Әр шаңырақтағы ана үшін балаларының тыныш ұйқысынан артық бақыт бар ма?! Ана мен баланың жағдайын жақсартуға, отбасын қамсыздандыруға арналған кешенді іс-шаралар жыл сайын біз күткендегіден де жоғарылай түсуде.

Қазақстан гендерлік саясаттың тұжырымдамалық базасын қалыптастырды деп айтуға негіз бар. Мемлекеттік және қоғамдық саладағы гендерлік тепе-теңдіктің басты принциптері мен нормалары бекітілді. Заңдылық тұрғысынан алғанда елімізде гендерлік балансты сақтаудың барлық шарттары қарастырылған. Ендігі жерде Қазақстан үшін дәл осы кезеңде қабылданған заңдардың тетіктерін іске қосу аса өзекті болмақ.

11 Негізгі идеяны ажыратыңыз.



Бұл тапсырма тіл қолданушының келесі білік-дағдыларын бағалайды:

- мәтіндегі ақпаратты жүйелеу.
- мәтін мазмұнын толық түсіну.
- мәтіндегі ақпаратты саралай білу.
- қосымша ақпаратты ажырата білу.
- берілген ақпаратты мәтінмен салыстыру.
- мәтін мазмұнын түсіну барысында тілдік құралдарға сүйену.
- негізгі және қосымша ақпаратты толық, нақты және терең түсіну.
- автордың көзқарасын анықтайтын ақпаратты таба білу.

12 Мәтін аңдатпасын толықтырыңыз.



Бұл тапсырма тіл қолданушының келесі білік-дағдыларын бағалайды:

- мәтіндегі ақпаратты жүйелеу.
- мәтін мазмұнын толық түсіну.
- мәтіндегі ақпаратты саралай білу.
- қосымша ақпаратты ажырата білу.
- берілген ақпаратты мәтінмен салыстыру.
- мәтін мазмұнын түсіну барысында тілдік құралдарға сүйену.
- негізгі және қосымша ақпаратты толық, нақты және терең түсіну.
- автордың көзқарасын анықтайтын ақпаратты таба білу.
- мәтіндегі бірізділікті ажырата алу дағдысы, ақпаратты хронологиялық тұрғыдан реттеу дағдысы.

13 Мәтін мазмұнын ретімен көрсетіңіз.



Бұл тапсырма тіл қолданушының келесі білік-дағдыларын бағалайды:

- мәтіндегі ақпаратты жүйелеу.
- мәтін мазмұнын толық түсіну.
- мәтіндегі ақпаратты саралай білу.
- қосымша ақпаратты ажырата білу.
- берілген ақпаратты мәтінмен салыстыру.
- мәтін мазмұнын түсіну барысында тілдік құралдарға сүйену.
- негізгі және қосымша ақпаратты толық, нақты және терең түсіну.
- автордың көзқарасын анықтайтын ақпаратты таба білу.
- мәтіндегі бірізділікті ажырата алу дағдысы, ақпаратты хронологиялық тұрғыдан реттеу дағдысы.

14 Мәтіндегі маңызды сөйлемді табыңыз.



Бұл тапсырма тіл қолданушының келесі білік-дағдыларын бағалайды:

- мәтіндегі ақпаратты жүйелеу.
- мәтін мазмұнын толық түсіну.
- мәтіндегі ақпаратты саралай білу.
- қосымша ақпаратты ажырата білу.
- берілген ақпаратты мәтінмен салыстыру.
- мәтін мазмұнын түсіну барысында тілдік құралдарға сүйену.
- негізгі және қосымша ақпаратты толық, нақты және терең түсіну.
- автордың көзқарасын анықтайтын ақпаратты таба білу.
- негізгі ақпаратты қосымша ақпараттан ажырата білу.

15 Мәтіндегі себеп-салдарлық байланысты анықтаңыз.



Бұл тапсырма тіл қолданушының келесі білік-дағдыларын бағалайды:

- мәтіндегі ақпаратты жүйелеу.
- мәтін мазмұнын толық түсіну.
- мәтіндегі ақпаратты саралай білу.
- қосымша ақпаратты ажырата білу.
- берілген ақпаратты мәтінмен салыстыру.
- мәтін мазмұнын түсіну барысында тілдік құралдарға сүйену.
- негізгі және қосымша ақпаратты толық, нақты және терең түсіну.
- автордың көзқарасын анықтайтын ақпаратты таба білу.
- себеп-салдарлық қатынасты түсіну дағдысы.

Мәтін мазмұнындағы басты ақпаратқа қарама-қарсы ақпаратты табыңыз.	Негізгі ақпаратты қосымша ақпараттан ажырата білу қарама-қайшы ұғымдарды пайдалана білу дағдылары.
Мәтіндегі себеп-салдарлық байланысты анықтаңыз.	Себеп-салдарлық қатынасты түсіну дағдысы.
Мәтін мазмұнына қосымша керекті фактілік аргументті табыңыз.	Мәтіндегі ақпаратты дәл, жете түсініп, талдау қабілеті, ұсынылған ақпаратты салыстыра алу дағдысы.
Мәтін аңдатпасын толықтырыңыз.	Мәтіндегі жалпы ақпаратты қорытындылау дағдысы.
Мәтін мазмұнын ретімен көрсетіңіз.	Мәтіндегі бірізділікті ажырата алу дағдысы, ақпаратты хронологиялық тұрғыдан реттеу дағдысы.
Мәтіндегі маңызды сөйлемді табыңыз.	Негізгі ақпаратты қосымша ақпараттан ажырата білу.
Мәтін мазмұнындағы фактілерді маңыздылық дәрежесіне қарай таңдаңыз.	Мәтіннің логикалық өрбуін түсіну қабілеті
Тақырыпқа қатысты қосымша ақпаратты таңдаңыз.	Мәтін тақырыбына сәйкес келетін басқа ақпарат көздерінен алынған қосымша ақпаратты ажырата білу қабілеті.

4

Жазылым бөлігінің қосымшасы

ҚОСЫМША МӘЛІМЕТТЕР:

Эсседе қолданылатын нақты деректер туралы

Эссе жазу кезінде өмірден келтірілген немесе кітаптан алған деректерді қолдану, енгізу барысында олардың қаншалықты тақырыпқа сай екендігін анықтап алған жөн. Егер эссе авторы басшылыққа алған шығарманы оқымаған болса, оны енгізудің қажеті жоқ.

Ә

	ГЛОССАРИЙ
Айғақ	қорытындының дұрыстығын дәлелдейді, нақты ақпарат көздеріне, ережелерге сүйенеді. Кез-келген мәтіннің сапасы ой ашықтығы, түсініктілігі, сауаттылығы, сөздер мен сөйлемдерді, дәлел, дәйектер мен дайын деректерді орынды қолдану шеберлігіне байланысты болады.
Аналогиялар	ойды анықтау, көзқарас қалыптастыру, мазмұн қалыптастырушы элементтер арасындағы байланыс.
Ассоциациялар	заттар мен құбылыстардың өзара байланысын санада бірден бейнеленуі арқылы сезіну, ұсынылған зат, құбылысты екінші зат немесе құбылыспен ұқсас жақтарын ұзақ ойланбастан, бірден іздестіру.
Дәйек (аргумент)	тезистің шындыққа сәйкестігін дәлелдейтін категория.
Дәлел	қалыптасқан көзқарас көмегімен қандай да бір ойды негіздеудің логикалық әдіс-тәсілдерінің жиынтығы. Эсседегі дәлелдемелер мен дәйектер (аргументтер) – нақты деректерді, шынайы көзқарасты, ғылыми негізді қолдана отыра құрастырылған, бізді белгілі бір көзқарасқа сендіргісі келетін ой толғау. Кез келген дәлелдеме үш бөліктен тұрады. Олар: тезис, дәйек (аргумент) және қорытынды.
Дәлелдеу (дәйекті алға тарту)	тыңдаушыны сендіруге бағытталған бір немесе бірнеше ой жүйесі.
Жорамал	өз көзқарасын ешқандай дәлелдеусіз алға тарту.
Жоспарлау	мақсат пен негізгі тақырыпты анықтау.
Қорытынды	нақты деректер негізінде жасалған көзқарас.
Негізгі ой	эссе мазмұны. Ойды неғұрлым нақтырақ жинақтаса, соғұрлым эссе арқылы айтылайын деген ой сыртқа сәтті шығады.
Ой	Эсеге негіз болатын ойлар жалпы, нақты немесе абстрактілі болуы мүмкін. Ой, сезім, көзқарас пен көзге елестету ассоциация, аналогия, дәйек, ой толғау, ой тастау, дәлелдеу түрінің бірінде болуы мүмкін.

Ой талқы	көзқарастарды дәлелдеу.
Орынды қолдану (корректность)	жазу стиліне байланысты. Сөздер мен сөз тіркестерін, сөз оралымдарын әдеби нормаға, грамматикалық ережелерге сай дұрыс қолдану.
Пайымдау	«шын әлде жалған ба?» сауалының төңірегінде ойлану.
Сауаттылық	грамматика, фонетика заңдылықтарын, пунктуациялық ережелерді орындау.
Стиль	айтушының не жазушының айтпақ ойына байланысты болады.
Тезис	дәлелдеуді талап ететін ой.
Түсініктілік	мәтіннің қабылдауға жеңіл болуы.

Е Егер кейбір сөздердің жазылуы не мағынасы жағынан қиналсаңыз, орфографиялық, түсіндірмелі, синонимдер, фразеологиялық т.б. сөздіктерді қолдануға болады.

Бағалау межелері

Жоспар құру мен эссе жазуға берілетін ең жоғары ұпай саны – 50; деңгейден өту үшін жеткілікті ұпай саны – 30, яғни жалпы көрсеткіштің 60%-н құрайды.

Межелер	Талаптары	Ұпай
Жоспар	-эссе бөліктерін жоспарда дұрыс анықтай алады; - эссе мазмұнына сәйкес келетін толық, жүйелі жоспар құрған.	9/10
	- эссе бөліктерін жоспарда дұрыс анықтай алады; - эссе жүйесіне сай жақсы жоспар құрған.	7/8
	- эссе бөліктерін жоспарда дұрыс анықтай алмаған; - жоспар толық құрылмаған.	5/6
	- эссе бөліктерін жоспарда мүлде анықтамаған; - жоспар тақырыпқа сай емес немесе жартылай құрылған.	3/4
	- жоспар жартылай құрылған, бірақ тақырыпқа сай емес немесе мүлде құрылмаған.	2/0
Теориялық материалды білу және пайдалану	- теориялық материалдар қарастырылып отырған мәселеге, жағдаятқа нақты жауап береді, - ұғымдар мен түсініктер тақырыпқа жуық сипатталған; - жұмыс өз бетінше орындалған.	9/10
	- теориялық материалдар қарастырылып отырған мәселеге, жағдаятқа нақты жауап береді; - ұғымдар мен түсініктер тақырыпқа жуық сипатталған, алайда жекелеген деректік дәлсіздіктерге жол берген; - жұмыс өз бетінше орындалған.	7/8
	- теориялық материалдар қарастырылып отырған мәселеге, жағдаятқа толық жауап бермейді; - ұғымдар мен түсініктер тақырыпқа жуық сипатталған, алайда бірқатар деректік дәлсіздіктерге жол берген; - жұмыс жартылай өз бетінше орындалған.	5/6
	- тақырып ашылмаған; - көптеген деректік дәлсіздіктерге жол берген; - жұмыстың өз бетінше орындалу деңгейі төмен.	3/4

	<ul style="list-style-type: none"> - тақырып пен мазмұн арасында ешқандай байланыс жоқ; - барлық деректер бұрмаланған; - жұмыстың өз бетінше орындалу деңгейі өте төмен; - жұмыс мүлде орындалмаған. 	2/0
Ақпаратты бағалау, қолдану	<ul style="list-style-type: none"> - талдау-сараптау категорияларын сауатты пайдалана алады; - ұғымдар мен құбылыстардың өзара байланысын талдауда салыстыру мен жинақтау әдістерін шебер пайдаланады; - қарастырылып отырған мәселеге қатысты басқа балама көзқарас, пікірлерді талдап түсіндіруге қабілеті жетеді әрі үйлесімді қорытынды жасай алады; - алуан түрлі ақпарат көздерін кеңінен пайдаланады; - көтерілген мәселеге өзіндік баға бере алады. 	9/10
	<ul style="list-style-type: none"> - талдау-сараптау категорияларын сауатты пайдалана алады; - ұғымдар мен құбылыстардың өзара байланысын талдауда салыстыру әдісі болғанмен, жинақтау әдісін жеткілікті пайдаланбайды; - қарастырылып отырған мәселеге қатысты басқа балама көзқарас, пікірлерді талдап түсіндіруге қабілеті жетеді әрі үйлесімді қорытынды жасай алады; - алуан түрлі ақпарат көздерін кеңінен пайдалануда шеберлік жетіспейді; - көтерілген мәселеге өзіндік баға бере алады. 	7/8
	<ul style="list-style-type: none"> - талдау-сараптау категорияларын орта деңгейде пайдалана алады; - ұғымдар мен құбылыстардың өзара байланысын талдауда салыстыру әдісі болғанмен, жинақтау әдісін мүлде пайдаланбайды; - қарастырылып отырған мәселеге қатысты басқа балама көзқарас, пікірлерді талдап түсіндіруге әрі үйлесімді қорытынды жасауға талпынғанмен, қабілеті мен білімі жете бермейді; - алуан түрлі ақпарат көздерін кеңінен пайдалануда шеберлігі мен білімі жетіспейді; - көтерілген мәселеге орта дәрежеде өзіндік баға бере алады. 	5/6
	<ul style="list-style-type: none"> - талдау-сараптау категорияларын мүлде пайдалана алмаған; - ұғымдар мен құбылыстардың өзара байланысын талдауда салыстыру мен жинақтау әдістерін пайдалану шеберлігі төмен деңгейде; - көтерілген мәселеге өзіндік баға бермеген. 	3/4
	<ul style="list-style-type: none"> - талдау-сараптау категорияларын мүлде пайдалана алмайды; - ұғымдар мен құбылыстардың өзара байланысын талдауда салыстыру мен жинақтау әдістерін қолдана алмайды; - көтерілген мәселеге байланысты өз пікірін білдіре алмайды; - бағаланушы тақырыпқа сай ештеңе жазбаған. 	2/0

Ой тізбегі	<ul style="list-style-type: none"> - нақты да түсінікті, мазмұны айқын етіп жаза алады; - дәлелдемелерді қисынды құрастыра алады; - алға тартқан деректерін сауатты дәйектей алады; - түрлі көзқарас, пікірлерді келтіре отырып, оларды өз бетінше бағалай алады; - алынған нәтижелері мен қорытындылары белгілі бір стильге, көбінесе жағдаяттық ғылыми, публицистикалық стильге сәйкес келеді; 	9/10
	<ul style="list-style-type: none"> - мазмұны айқын етіп жазылғанмен, кейбір тұстарда жүйесіздік, ой қайталауы байқалады; - дәлелдемелерді қисынды құрастыра алады; - алға тартқан деректерін сауатты дәйектей алады; - түрлі көзқарас, пікірлерді келтіреді, бірақ оларды өз бетінше бағалай алуға қабілеті жете бермейді; - алынған нәтижелері мен қорытындылары белгілі бір стильге, көбінесе жағдаяттық ғылыми, публицистикалық стильге сәйкес келеді. 	7/8
	<ul style="list-style-type: none"> - мазмұндауында нақтылық болғанмен, бірқатар жайларды баяндауда айқындылық жетіспейді; - біраз дәлелдемелерінде қисынсыздық кездеседі; - алға тартқан деректерін дәйектей алуы орта деңгейде; - түрлі көзқарас, пікірлерді келтіргенмен, оларды өз бетінше бағалай алуға қабілеті жете бермейді; - стильдік бірізділік сақталмаған. 	5/6
	<ul style="list-style-type: none"> - мазмұны айқын етіп жазылмаған, - жүйесіздік, ой қайталаулары орын алған; - мәселеге байланысты түрлі көзқарас, пікірлерді келтіре алмайды; - стиль біртектілігі мүлде сақталмаған. 	3/4
	<ul style="list-style-type: none"> - мазмұны тақырыпқа мүлде сай емес; - логикалық байланыс жоқ, бір-біріне қатысы жоқ 3-5 сөйлеммен ғана шектелген; - мәселеге байланысты түрлі көзқарас, пікірлерді келтірмеген; - стиль түрлерінен ешқандай хабары жоқ не ауызекі сөйлеу стилінің элементтері кездеседі; - жұмыс орындалмаған. 	2/0
Жұмысты рәсімдеу	<ul style="list-style-type: none"> - жұмыс барлық талаптарға сай рәсімделген, тақырыпты ашатын цитаталар келтірілген; - қазақ әдеби тілінің лексикалық, грамматикалық, стильдік нормалары сақталған; - орфографиялық және пунктуациялық қателер жоқ. 	9/10
	<ul style="list-style-type: none"> - жұмыс барлық талаптарға сай рәсімделген, бірақ тақырыпты ашатын цитаталар аз келтірілген; - қазақ әдеби тілінің лексикалық, грамматикалық, стильдік нормалары сақталған; - 2 орфографиялық және 2 пунктуациялық қатесі бар. 	7/8
	<ul style="list-style-type: none"> - жұмыстың рәсімделуінде бірқатар елеулі кемшіліктер орын алған, тақырыпты ашатын цитаталар келтірілмеген; - қазақ әдеби тілінің лексикалық, грамматикалық, стильдік нормаларынан ауытқу кездеседі; - 3/4 орфографиялық және 5/4 пунктуациялық қатесі бар. 	5/6

	- жұмыстың рәсімделуінде орын алған елеулі кемшіліктер көп; - қазақ әдеби тілінің лексикалық, грамматикалық, стильдік нормаларынан ауытқу жиі кездеседі; - 6/10 орфографиялық және 6/10 пунктуациялық қатесі бар.	3/4
	- жұмыстың рәсімделуіне қойылатын ешбір талап сақталмаған; - қазақ әдеби тілінің лексикалық, грамматикалық, стильдік нормаларынан ауытқу жиі кездеседі; - 10/15 орфографиялық және 10/15 пунктуациялық қатесі бар; - жұмыс орындалмаған.	2/0

Эссе жазуға жаттығайық

Эссе тақырыбы: **Кітап – білім бұлағы**

№1 үлгі

Адамзат баласы өмірге келген күннен бастап қоршаған ортаны тануға талпынады. Айналадағы бізді қоршаған күштер мен материяларға шартты және шартсыз рефлексстердің пайда болуымен ақыл-ойымыз дами түседі. Жасында барлық бала дүниені тануға құштар келеді. Ата-әжесінен, әке-шешесінен, аға-әпкесінен, үлкендерден барлық нәрсенің не екендігін сұрап біледі. Келе-келе ол балабақшаға, содан соң мектепке, содан соң колледжге, университетке барып, білім нәрімен сусындайды. Осының барлығында кітап қолданылады. Алғашында әліппеден бастап өріп таныған бала, жаратылыстану, тарихи, гуманитарлық, әдеби кітаптар оқиды.

Кітап – барлық нәрсенің кілті. Олай дейтін себебіміз, жалпы таным көзі – кітапта. Аллаһ тағаладан түскен діни төрт кітап, ежелде тасқа жазып кеткен тарихи жазбалар, кейіннен ғалым, ақын-жазушылар жазып кеткен кітаптардың барлығы бізді адамгершілікке, сезімталдыққа баулиды. Қазақ ұлтының дамуына, білім алуына еңбек етіп, тер төккен біртуар алаш азаматтарының бар екендігін білеміз. «Кел, балалар, оқылық!» деп жастарды білімге шақырған Ыбырай Алтынсарин, өзінің өлеңдері және қара сөздерімен қазақтың көзін ашқан Абай Құнанбаев, қазақ әлппесін жазған Ахмет Байтұрсынов, өлең жазып қана қоймай, ұлттық сипаттағы педагогиканың теориясы мен практикасын негіздеуге атсалысқан Мағжан Жұмабаев, қазақ прозасының хас шебері әрі ұлттық психология ілімін дамытқан Жүсіпбек Аймауытов, қазақтан шыққан Қаныш Сәтпаев сияқты тұңғыш академик ғалымдарымыздың бізге қалдырған кітаптарының, рухани мұраларының біздің қоғам, ұлт үшін атқаратын және болашақта атқарар рөлі орасан зор. Осыдан танып-білетінім – «Ғалымның хаты, жақсының аты өлмейді».

Кітап оқыған азамат бойынан біз көптеген қасиеттерді байқаймыз. Ол сабырлы, ұқыпты, білімді, интеллектуалды қасиеттерімен ерекшеленеді. Өз басым біресе Ғабит Мүсіреповтің «Ұлпан» повесін оқыған соң ондағы ел анасына айналып, нардың жүгін ерлерше арқалаған Ұлпанның сөйлеген сөзін, қылығы мен ел қамы үшін атқарған игі істерін, сыртқы келбетін көз алдыма қайта-қайта елестетіп, соған ұқсағым келетін. Енді бірде нәзіктігі мен қайсарлығы, сыртқы сұлулығы мен ішкі рухани әлемі үндескен М.Әуезовтің Тоғжаны, Д.Исабековтің Салтанатындай сезінетінмін өзімді.

Менің кітапқа құмарлығым әкем жиі сатып әкелетін «Ертегілер» атты қалың мұқабалы, әсем безендірілген кітаптардан басталған. Өздері де «Алтын кітап», «Күміс кітап» деп ерекше аталатын. Солай басталған қызығушылық жыл өткен сайын ертегілерден қазақ әңгімелеріне, повесть-романдарына, одан орыс, шетелдік әдебиетке ойысқан болатын. Қорыта айтқанда, біздің өмірімізде отбасылық кітапхананың атқарар рөлі зор.

Тапсырма: Тақырыпқа қатысты жоспар құрыңыз да, соның негізінде өз пікіріңізді дәлелдеп эссе жазыңыз.

Эссе тақырыбы: **Қазақтың күйлері**

№2 үлгі (А)

Күй – ұлттық музыка жанры. Қазақтың қара домбырасы арқылы халқымыздың мұң-зары, қуанышы, қайғысы қос ішектің үнімен астасып, көңіл толқынын тербейтін де осы күй құдіреті емес пе?! Күй – тыңдарманның жан дүниесіне айрықша әсер етіп, бойыңды шымырлатып, бабаларымыздың өлмес мұрасына айналған.

Ұлтымыздың бірегей тума дарын иелері Құрманғазы, Дәулеткерей, Абыл, Қазанғап, Тәттімбет, Сүгір күйшілеріміздің күйлері көңіл толқынын тербеп, бірде халықтың мұң-зарын жырлап, енді бірде асқақ арманыңды сонау биік шыңдарға жетелей жөнеледі.

Ерте кезде бітіспес дау-дамайларда күйшілеріміз төкпе күйлері арқылы жауласқан елді бітімге, ымыраға келтіріп, сабасына түсірген. Күй құдіретін ұғу үшін жүрекпен сезе білу қажет. Күйші сазгерлеріміздің «Балбырауын», «Сарыарқа», «Кісен ашқан», «Аққу», «Ерке сылқым», «Адай», «Қоңыр», «Қосалда» сияқты күйлерінде халқымыздың қуанышы мен қайғысы көрініс тапса, шертпе күйлері арқылы өткен тарихымыз зымырап көз алдымыздан өте шығады. Мұның өзі күйшілеріміздің шеберлігі мен эстетикалық талғамына, орындаушылық тәсіліне байланысты.

Ертеде бір ханның ұлы аң аулап жүріп қайтыс болады. Ұлының қайтыс болғанын ханға естіртпек болған адамдарды хан аяусыз жазалайды. Ел басына күн туып, халқымыз шарасыз күй кешкенде, ел ішінен бір жігіт батылдық танытып, ханға ұлының өлімін күймен естіртеді. Жігіттің айтпақ болған ойын хан ұғып, күй құдіретіне бас иеді. Сондықтан да қазақ халқы күйшілерімізді ардақтап, мәңгі есінде сақтаған.

Тапсырма: Тақырыпқа қатысты жоспар құрыңыз да, соның негізінде өз пікіріңізді дәлелдеп эссе жазыңыз.

(В)

Қазақ халқының ертеден келе жатқан мол мұрасы, өшпес қазынасы – ұлттық күй. Халық сазгерлерінің құлаққа жағымды әсем әнін, әуезді күйін тыңдап өскен қазақ баласы қара домбырасымен халықтың мұңын, зарын, қуанышын, қайғысын ерекше әуенмен жеткізіп отырған. Күй құдіретін халқымыздың жүрегіне шеберлікпен жеткізіп, тамаша бір көңіл толқынын тыңдарман қауымға тыңдата білген қазақтың қара домбырасының сазды үні – өшпес мұра.

Халқымыздың бірегей тума дарын иелері ұлттық музыкасын қос шекпен үндестіре шебер, көркем, әуезді етіп, тыңдарман қауымды қайран қалдырған. Шертпе, төкпе күй шеберлері, күйші дарын иелері қазіргі таңда бірен-саран. Өкінішке қарай, Құрманғазы Сағырбайұлы, Дәулеткерей, Абыл, Қазанғап, Тәттімбет, Сүгір сынды бірегей тума дарын иелерінің ізін жалғаушы күйшілер қатары сиреп барады. Күйді тыңдарманына құлақ құрышын қандыра жеткізетін, атадан балаға мирас боп қалған халық қазынасы – күйлерді бұзбай тартатын шынайы мамандар да азаюда.

Күй халқымыздың ұлттық музыка жанры болып табылады. Аспаптық музыка өнері елімізде жақсы дамыған. Қара домбырамыздан шыққан әсем үн тыңдарман бойын шымырлатып, терең ойға түсірген. Осы қара домбырамыздың қос шегінің үні арқылы айта алмаған ойды жеткізіп отырған. Мысалы, «Ақсақ құлан» күйінде Кетбұға күйші патшаға баласының қаза болғанын домбырасы арқылы жеткізеді. Сол сияқты көп күйлердің астарлы, терең мағынасы бар. Күйлер мұң, зар, қуаныш, қайғыны да түйіндеп жеткізеді. Күйшілер осылай жеткізетін асқан шеберлікке, айрықша қасиетке ие.

Күй шертпе және төкпе болып екіге бөлінеді. Оны тыңдап, түсініп, ұғынудың өзі жоғары мәдениеттілікке жатады. Ал жүрекпен сезініп, бойға сіңіру рухани қажеттілік десек те болады. Біз күйлерді әрқашан көзіміздің қарашығындай сақтап, келесі ұрпаққа жеткізіп отыруымыз қажет.

Тапсырма: Тақырыпқа қатысты жоспар құрыңыз да, соның негізінде өз пікіріңізді дәлелдеп эссе жазыңыз.

Эссе тақырыбы: **Махаббатсыз дүние бос**

№3 үлгі (А)

Адамдар ежелден «махаббат» ұғымымен таныс. Олар жақсы көрді, сүйікті болғысы келді. Сол заманнан бастап біздің ата-бабаларымыз осы ұлы сезімді түсінуге тырысты. Бүгінде біз мына сұраққа жауап іздейміз: махаббат дегеніміз не? Махаббаттың нақты, айқын анықтамасы жоқ, себебі әр адам бұл сезімді өзінше түсінеді.

Махаббат – өмірдің негізі. Өмір екі адамның сүйіспеншілігінен басталып, ол ананың баласына деген махаббатпен, сәбидің бір іске құмарлығымен жалғасады. Бірде-бір рет жақсы көрмеген адам өмірді бекер өткізген боп есептеледі.

Адамдардың көбі үшін махаббат – ол арман, үміт. Біз бала кезімізден өз ханзадамызды (немесе ханшайымды кездестіруге, оны өмір бойы сүйіп, ертегідегідей сол адаммен бақытты және ұзақ өмірді сүруді армандаймыз. Махаббатты тек адамға емес, дүниедегінің бәріне білдіре аламыз. Мысалы, музыкаға махаббатты көрсетсек, біз осы өнерде алға жетелеуге ұмтыламыз. Махаббат бізді тамаша нәрсе туралы армандауға итермелейді. Жақсы көру арқылы біз ең жақсы нәрселерге ұмтыламыз, жарқын болашақтан үміттенеміз.

Махаббат – адам бойындағы ең бір жұмбақ, ең іңкәр сезім. Ол саған жеткенде өн бойыңды алапат бір күш билеп, тағатсыз күйге түсесің. Кенет бөгде бір жан сенің ең асыл жақыныңа айналады. Онымен жүздесу, оны жаныңда сезіну өміріңнің мәні, тірлігіңнің тірегі болып көрінеді.

Махаббат қанаттандырады! Бірдеңеге сенуден қалсақ, махаббатты сезінгенде, ол біздің екінші тынысымызды ашады. Осы ұлы сезімді біле бастаған адам көбірек күлімдейді, көздерінде ерекше жарқыл пайда болып, қанатты періште сияқты ұшады. Егер “мен сені жақсы көремін” деген сөздерді естісек, біздің жүрегіміз жиі соғады, қол-аяқтарымызды сезе алмаймыз, жеп-жеңіл аппақ бұлттар үстінде қалқып бара жатқандай сезінеміз...

«Махаббат – отбасы тірегі» деген сөз дұрыс айтылған деп ойлаймын. Нағыз отбасы махаббаттан басталады. Себебі, отбасы беріктігі және отбасы сыйластығы бір-біріне деген сүйіспеншіліктен басталады. Кез келген дау махаббатпен шешіледі, яғни бұл татуласу “Өйткені мен сені сүйемін” және “Кешір, мен сені жақсы көремін” деген сөздермен аяқталады.

Меніңше, дүниеде тек махаббатта осындай қожалық бар. Олай дейтін себебім, біз махаббат көрінісін барлық нәрседен көре аламыз. Ол – ғажайыптық пен кереметтіктің мұзасы! Әйгілі ақындар махаббаттың салтанатын өз өлеңдерінде жазған, күйшілер өз күйлеріне арқау еткен.

Қорыта айтқанда, махаббат – дүниенің, мәңгіліктің негізі, дүниенің барлығы! Мен де бір күні ғашық болғым және сүйікті болғым келеді.

Тапсырма: Тақырыпқа қатысты жоспар құрыңыз да, соның негізінде өз пікіріңізді дәлелдеп эссе жазыңыз.

(B)

Махаббат ақымақтыққа итерсе де, жауапсыз болса да, басымызды мас қылатын шарап сияқты болса да, керемет! Ол кәдімгі өмірде кездеспейтін сезімдерді жүрек түбінен оятады. Махаббат жанымызды қоректендіреді. Меніңше, махаббат ежелден осы күнге дейін мәңгі тақырып болып қала береді. Олай дейтін себебім, махаббатсыз бірде-бір тірі жан өмір сүре алмайды, тіпті жануарлар да махаббатты қажет етеді.

Махаббат – арман, үміт. Адам өзінің екінші жарын тапқанда, дәл сол кезде ол болашаққа жоспар құра бастайды, яғни керемет ұзату тойын, берік отбасын және өз бала-шағасының болашағын армандайды. Өйткені, біздің өміріміздің негізі – махаббат, адам басқа адамдарға немесе жақындарына махаббат сыйлайды. Сондықтан, меніңше, махаббатсыз дүние бос екені туралы дұрыс айтылған. Себебі, махаббатсыз өмірдің маңызы жоғалады, адам бір нәрсеге ұмтылуды қояды, үміт үзеді, тіпті армандауды тоқтатады. Махаббатсыз адам өмір сүре алмайды. Себебі, біздің әр клетка жасушалары сүюге және сүйікті болуға жаратылған.

Махаббат – отбасы тірегі, себебі үй іші сүйіспеншіліктен басталады, отбасының сыйластығы махаббатқа негізделеді. Махаббат жақындарымызға, сүйікті адамдарымызға бақыт сыйлайды. «Отбасы» сөзінің мағынасын «махаббат» сөзінен айыруға болмайды. Меніңше, махаббат – мәңгі сезім. Көп әншілер махаббатты өз әндерінде жырлайды. Менің ойымша, махаббат – өміріміздегі ең жарқын және ұлы сезім!

Тапсырма: *Тақырыпқа қатысты жоспар құрыңыз да, соның негізінде өз пікіріңізді дәлелдеп эссе жазыңыз.*

Эссе тақырыбы: Үлкенге құрмет – кішіге ізет

№4 үлгі

Үлкенді сыйлау – ұлттық тәрбиеміздің белгісі, яғни үлкенді сыйлау арқылы болмысымыздың қандай екенін білуімізге болады. Үлкенді сыйлау кішінің ең жақсы, ізгі ниетті және ең мәдениетті адам екенін көрсететін ісі болып табылады. Кішіге ақыл айту – үлкен кісілердің ісі. Сондықтан, оларға барынша жақсы жағынан ықпал ету керек.

Үлкенді сыйлау, әдетте, адамдардың қарапайым іс-әрекеттерінен байқалады. Мысалы, автокөліктерде кішілердің өзінен үлкен адамдарға орын беруі немесе жол беруі. Кішіге ақыл айтып, ықпал етіп, білмегенін үйретіп көрсету – үлкенге міндет. Қазақ халқы қарапайым әрі кеңпейіл, әрі ұлттық тәрбиеге, салт-дәстүрге өте көп көңіл бөледі. Сондықтан, тәуелсіздік тұғырына берік орныққан ұлтымыздың мәртебесі өсіп, мерейі асқақтап тұр.

Бұл өмірде адамдар арасындағы ең жақсы қасиет – адамдардың бір-біріне деген сыйластығы, құрметтеуі. Ол адам өзінен үлкен жаста болсын, өзімен тең жаста болсын, тіпті кішірек болсын, сый-құрметпен қарау керек. Егер де басқаны сыйласаң, ол да өзіңе құрметпен қарайды. Үлкенді сыйлау ұлттық тәрбиеден басталады. Ал отбасы – баланы тәрбиелейтін мектеп. Отбасында баланың ата-анасының ақылын тыңдау керек. Отбасында жақсы тәрбиеленіп өскен балада өзгелерге деген құрмет сезімі болады. Ондай бала үлкеннің алдын кеспейді, құрметпен қарайды. Өзінен жасы кішіге ізет танытып, оған жәрдем береді, жоқтан бар жасайды. Мұндай жақсылық жасау кез келген адам баласының қолынан келе бермейді. Қазақ халқында «Таспен ұрғанды аспен ұр» дейді дана халық.

Әрбір адам біреуге жақсылық жасаған күнде де, оны қарызым деп емес, парызым деп жасау керек. Бір нәрсеге мұқтаж болған адамға, денсаулығы жоқ, бір жерінде кемістігі бар адамға мүмкіндігің болған жағдайда жақсылық жасау, көмек қолын созу – әрбір мұсылман баласының парызы. Әрбір жасаған жақсы іс өзіңе қайтады, сондықтан үлкендер кішілерге барынша жақсы жағынан, үлгі боларлық жағынан көрінуі керек. Үлкенді құрметтей білу, кішіге ізет көрсете білу өмір мектебінің бірі деп айтсақ та болады.

Қорыта келгенде, әр бір адам баласының өзіндік өмір мектебі бар. Өмірдің мәнінің өзі – сол біреуге жақсылық жасау, қолдан келсе, құрмет көрсетіп, тани білу.

Тапсырма: *Тақырыпқа қатысты жоспар құрыңыз да, соның негізінде өз пікіріңізді дәлелдеп эссе жазыңыз.*

5

Тыңдалым бөлігі. Аудиожазбалардың мәтіндері мен тест тапсырмаларының дұрыс жауап кілттері

5.1 Алдын ала тест бойынша аудиожазба мәтіндері

1-диалог

– Абайхан Рахманбердіұлы, қазіргі таңда белгілі керамика маманысыз. Бұл қиын да қызық салаға қалай келдіңіз?

– Өзім Түркістанда туылғанмын. Бала кезімнен өнерге құмар болдым. Жас кезімде әпкелерім ағаштан үй жасап, ішіне қуыршақтарды салып қойып ойнайтын. Ал маған балшықтан түйе, қой, ешкі жасататын. Солай аңдардың бейнелерін жасап үйрендім. Өсе келе суретші болуды армандадым. 1978 жылы мектеп бітіргеннен кейін Алматыдағы сурет училищесіне оқуға бардым. Сол жылы сурет факультеті жабылып қалыпты да, мен қолөнер саласына құжат тапсырдым. Ұстаздарым менің мүмкіндігімді сезген болуы керек, керамика бөліміне ауыстырды.

– Жалпы, керамист болу үшін не қажет?

– Ең алдымен керамист болатын адам жастайынан сазбалшықпен жұмыс істеуді үйренуі керек. Содан соң қолайлы орта қажет. Мәселен, Түркістанда керамика саласының кеңінен дамуына мүмкіндік болды. Себебі керамистке керегі – ең бірінші сазбалшық. Ал сазбалшық Сауран карьерінде, Отырар жерінде бар. Шымкенттен химикаттарды алуға болады. Ауа райы да қолайлы.

– Керамика саласының болашағы қандай деп ойлайсыз?

– Керамиканы электр жабдықтарын жасауда, құрылыс, көркемсурет саласында көп пайдалануға болады. Жапонияда «машинаның детальдарын керамикадан жасап жатыр» деген сөз шықты. Алдағы уақытта ғалымдар «ғарышта пайдаланамыз» деп отыр. Осыларға қарап бұл саланың болашағы бар деп ойлаймын.

– Өзіңіз қандай заттар жасайсыз?

– Түрлі құмыралар, ойыншықтар, мүсіндер, сазсырнай, қазақы киімдер киген адамдардың және жануарлардың бейнелерін жасаймын. Барлығын да ұлттық үлгімен қалыптастырамын. Қазір елімізде қазақы құмыра табылмайды. Менің мақсатым – қазақы құмыраның технологиясын толық меңгеріп, келер ұрпаққа қалдыру, бұрынғы шеберлердің жеткен жетістігін әрмен қарай жалғастыру. Мысалы, сазсырнайды Отырар қаласынан археологтар тапқан. Халықтың музыкалық аспаптарын жинап жүрген Болат Сарыбаев оны жетілдіріп, сазсырнай жасап, «Отырар сазы» оркестріне қолданды. Қазір бұл сазсырнай халыққа танымал болды.

– Әңгімеңізге рахмет!

1-полилог

9 қазан – Дүниежүзілік пошта күнінің қарсаңында «Қазпошта» АҚ «Алматы почтамты» Алматы филиалы өзінің құрылғанының 150 жылдығын атап өтуге үлкен дайындық жасап жатыр екен. Осы орайда «Қазпошта» АҚ «Алматы почтамты» Алматы филиалының директоры Сәуле Егембердиева тілшілер сауалдарына жауап берді.

– Сәуле Дүйсембайқызы, Ұлттық поштаның мұншалық терең тарихи тамырынан азырақ мәлімет беріп өтсеңіз...

– Иә, Алматыда алғашқы пошта байланыс бөлімшесінің ашылғанына биылғы жылдың қазан айында 150 жыл толып отыр. Патшалық Ресейдің пошта-телеграф байланысының мұрағаттық қорларынан белгілі болғандай, 1860 жылы Верныйда (Алматы қаласы) алғашқы пошталық байланыс бөлімшесі ашылып, көп ұзамай ол пошта-телеграф кеңсесі болып қайта құрылған. 1883 жылы құрамына 14 пошта бөлімшесі бағындырылған Верныйдағы пошта байланысы 1917 жылға дейін, яғни Кеңес өкіметі құрылғанға дейін Алматыда қызметін атқарды. Сәл кейін, 1919 жылдың 2 желтоқсанында Қазақстанның астанасы болған Орынбор қаласында пошта-телеграф байланыс бөлімшесі ашылды.

– Бүгінгі уақыт пошта үрдістерін түбірімен өзгертіп, жаңа заманның талабына икемдеп үлгерді. Қазақстан Республикасы Дүниежүзілік пошта одағына мүше болуымен байланысты отандық поштаға инновацияның жаңа түрлері енгізілді. Осыған орай, «Қазпошта» АҚ «Алматы почтамты» Алматы филиалы поштасының қазіргі қызмет ауқымы мен ерекшеліктері қандай?

– «Алматы почтамты» қызметкерлері бүгінгі таңда жеке тұлғалармен қатар, жыл он екі ай Алматы қаласындағы 200-ден астам ұйымның заңды тұлғаларына күнделікті басылымдарды жеткізіп беру міндетін атқарады. Оған бізде жұмыс істейтін 263 пошташы, 96 жүргізуші жұмылдырылған. Қаланың барлық аумағын қамтитын Алматы филиалы пошта байланысының 65 бөлімшесі, алты байланыс пункттері, бес учаскесі және 90 бірлікті автомашиналар паркінен тұратын байланыс автобазасы бар.

Қазіргі таңда пошта жүйесіндегі ақша аударымдарының ең көп сұранысқа ие болып отырған түрі – республика ішіндегі жедел ақша аударымдары болып отыр. Оның басты артықшылығы – автоматтандырылған пошта бөлімшесінен жіберілген ақша аударымын небәрі 10-15 минуттың ішінде алуға болатындығында. Пошталық жедел ақша аударымының бұл түрімен студенттер, зейнеткерлер, сондай-ақ еліміздің түкпір-түкпірлерінде іссапармен немесе басқа да жұмыстарымен жүрген азаматтар жиі пайдаланады.

Бірінші тілші:

– Кәсіби мерекелеріңіз құтты болсын, сұхбатыңызға рақмет!

1-мәтін

Қазақ мемлекеттігі құрыла бастаған заманда хандар мен сұлтандардың өздері іріктеп алған жыраулары – хан мен қараның дәнекершісі болды. Олар ханның ел басқару жетістігін мадақтап қана қоймай, сондай-ақ қалың жұрттың мұң-мұқтажын және тілегін жеткізетін ақындар еді. Жыраулардың ақындардан ерекшелігі сол, олар халық рухына, ел бірлестігіне, хандардың билік өнерін жетілдіруге белсене араласатын болды.

Солардың бірі – дала философы атанған Асанқайғы Сәбитұлы (XIV-XV) халық есінде абыз, философ, ақын болып, мәңгі жатталып қалған. Оның бар ғұмыры халықпен бірте қайнасып өткен. Ауызбірлігі жетіспеген ортада елінің ертеңін, қамын ойлап, үнемі мұңға батып жүретіндіктен, замандастары оны “Асанқайғы” атап кеткен. Аңыз-әңгімелерде Асанқайғы жүзден асып көп жасаған, үнемі ел кезіп сыншыл көзқарасты қалыптастырған. Елді ауызына қаратқан, көшпенділердің мінез-құлқын жетік білген, дәстүрлерін құрметтеген ақылды, дана, сәуегей баба атанған. Ол XV ғ. Алтын Орда ханының, соның ішінде ұлы Мұхамедтің кеңесшісі болған. Қазан қаласынан Дешті Қыпшақ жеріне қайтып оралған Асанқайғы Алтын Орданың орнында пайда болған ұсақ хандықтардың өмірі ұзаққа созылмайтынын болжай білген. Асанқайғы, Керей, Жәнібек сұлтандар бастаған қазақ руларының Әбілхайыр хандарынан бөлінуін жақтайды. Бірақ сұлтандардың қазақтарды Жайық пен Жем бойына қоныстандырмақ ниеттерін де құптамайды.

Асанқайғы өз халқының “Жерұйығын” Шу, Сарысу бойынан, Ұлытау төңірегінен іздеуге тікелей араласады. Сондағы ойы: ежелгі скиф, қыпшақ даласынан безбеу, ел іргесінің берік, ағайын ұжымының күшті болуы. “Ел бірлігін нығайту, халық ауыз бірлікті болса, мемлекеттік билік те берік болады, ондай ел ешкімге есе беріп, жеңілмейді” деген тоқтам.

Асанқайғы дүниетанымында адамгершілік мәселесі негізгі орын алады. Асанқайғы адамның өзін-өзі танып білуін, ашылып түсінуін, өмірдегі орны мен деңгейін дұрыс бағалайтын, әрекет-қимылдарын сын тұрғысынан саралай алатын қабілетін адамгершіліктің түпнұсқасына балайды. Оның өмірге деген парасатты көзқарасы, еліне деген бекем сүйіспеншілігі, адамдықты құрметтей білген қабілеті қазақ халқының сана-сезімін жаңа сатыға көтеруге зор ықпал етті. Кісілік қасиеттер – адамгершілік пен бірліктің құт-берекесі. Асанқайғының ұғымында, жұртты бай, кедей деп немесе үлкен-кіші деп жіктеу, бөлу жарамсыз. Ел-жұрт үшін бәрінің де мінез-құлқының жақсы болуы қажетті, өзара оңды қарым-қатынас жасауы орынды. Абыздың пайымдағаны: “Таза мінсіз асыл тас, су түбінде жатады. Таза мінсіз асыл сөз, ой түбінде жатады”. Асанқайғы сөздің нарқы мен парқын біліп, қадірін түсінген шешен. Өмір сүрудің негізгі мәні туралы айта келіп, Асанқайғы жақсылардан үлгі алып, жамандардан бойды аулақ салудың қажеттілігін, жас ұрпақтың ата-анасын, үлкендерді сыйлап қастерлеуін, олардың ақылын тыңдап үнемі басшылыққа алуын, ізгі ниетті жайсаң жан болып өсу қажеттігін еске салады. Осыған орай жыраудың: “Арғымаққа міндім деп, артқы топтан адаспа, артық үшін айтысып, достарыңмен сынаспа” немесе “Қарындасыңды жамандап, өзіңе туған табылмас” деген сөздерінің тәлім-тәрбиелік мәні зор. Оның толғауларында адамға деген мейірімділік, қайырымдылық, сүйіспеншілік қай жағынан болса да, бірін-бірі толықтырып жатады. Туған-туыстармен тіл тигізіп қырқыспайтын, бет жыртысып көңіл қалдырмайтын татулық сезімі айқын білінеді.

2-мәтін

Елорда тойының қарсаңында Астанада Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың атындағы халықаралық деңгейдегі жаңа жоғары оқу орны ашылды. Бұдан бұрынырақта Елбасы Астанада ұлттық білім беру жүйесінің барлық артықшылықтары мен үздік әлемдік ғылыми білім беру тәжірибесін үйлесімді қамтитын, Қазақстанның ұлттық брэндіне айналатын ерекше үлгідегі халықаралық жаңа университеттің құрылатындығын айтқан еді. Өркениетті білім жүйесінің барлық талаптарына сай етіп салынған оқу ордасының ашылу салтанатына Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың өзі қатысты.

Елбасы қаламыздағы Еуразия ұлттық университетінен Жаңа университеттің мағынасы мен жағдайы мүлде басқа екенін, мұнда біздің студенттерді әлемнің ең үздік профессорлары даярлауы үшін барынша күш салынатынын атады. Енді Қазақстан жастарын «Болашақ» бағдарламасы бойынша инженерлік-техникалық және медициналық мамандықтарға оқыту Назарбаев Университетінің мойнында болмақ. Себебі жаңа оқу орнында әлемнің үздік профессорлары сабақ өтетін болады. Бұл университетті бітіргендер бізде де, шетелде де қолданылатын диплом алып шығады. Бұл – жақсы жаңалық, жастар осыған ұмтылулары тиіс. Елбасының бастамасы бойынша «еліміздің болашақ зияткерлік элитасын қалыптастыру мақсатында» құрылған университетте алдағы уақытта инженерлік, медициналық, жаратылыстану мен гуманитарлық факультеттермен бірге мемлекеттік саясат пен бизнес факультеттерін ашу жоспарлануда.

Оқу ордасында тіршілік туралы ғылыми орталық, балама энергетика, халықаралық аспаптық орталықтар жұмыс істемек. Бастысы – білім сапасына жауап беретін қажеттіліктер шешімін тауып отыр. Сондықтан да оқу орнының шәкірті атанар жастарға қойылар талап күшті. Қазірдің өзінде әлемнің үздік 30 жоғары оқу орнының қатарына енген Назарбаев университеті ынтымақтастық туралы 11 келісім мен уағдаластыққа қол жеткізіп те үлгерген. Шетелдің үздік профессорлары дәріс оқитын оқу ордасының студенттеріне Мемлекет басшысының ұйғарымымен 500 білім беру гранты бөлінген. Бұл оқу орны студенттерінің оқуын, тамақтануын мен тұрғын жайын өтейтін болады.

Университет ғимараттарының кешені Есіл өзенінің сол жағалауындағы Астананың жаңа әкімшілік орталығында 80 гектар жерді алып жатыр. Онда университеттің оқу ғимараты, студенттер жатақханасы, профессорлық-мұғалімдер құрамына арналған тұрғын үйлермен қоса өзге де ғимараттар орын тепкен. Ал жалпы ғимараттар мен құрылыстың бірінші кезегінің жалпы аумағы 143 мың шаршы метрді құрайды.

Салтанатты шара аясында Мемлекет басшысы университеттің шетелдік стратегиялық әріптестері – жоғары оқу орындарының өкілдерімен, халықаралық консультативтік кеңесімен және Жаңа университеттің директорлар кеңесімен кездесу өткізіп, университет туралы декларацияға қол қойды. Сонымен қатар осы оқу орнында Президент «Күшті Қазақстанды бірігіп құрамыз!» атты жалпыұлттық телекөпірге қатысты. Телекөпір барысында Қазақстанның барлық өңірлерінің әкімдері Президентке еліміздің жеделдетілген индустриалдық-инновациялық дамуының бес жылдық бағдарламасының аясында іске асырылған жобалардың іске қосылуы туралы баяндады.

5.2 Тыңдалым бөлігі бойынша алдын ала тест тапсырмаларының дұрыс жауап кілттері

Тапсырма реті	Дұрыс жауап	Тапсырма реті	Дұрыс жауап	Тапсырма реті	Дұрыс жауап
1	D	11	C	21	D
2	D	12	C	22	B
3	D	13	D	23	B
4	A	14	A	24	A
5	B	15	A	25	D
6	B	16	D	26	D
7	D	17	C	27	D
8	C	18	A	28	B
9	D	19	A	29	A
10	A	20	C	30	C

5.3 Тест тапсырмаларын талдау бойынша тест тапсырмаларының дұрыс жауап кілттері

Тапсырма реті	Дұрыс жауап	Тапсырма реті	Дұрыс жауап	Тапсырма реті	Дұрыс жауап
1	C	11	B	21	A
2	A	12	D	22	B
3	B	13	D	23	D
4	D	14	D	24	D
5	D	15	A	25	C
6	A	16	D	26	C
7	B	17	A	27	A
8	A	18	C	28	B
9	A	19	B	29	C
10	A	20	A	30	B

5.4 Қорытынды тест бойынша аудиожазба мәтіндері мен тест тапсырмаларының дұрыс жауап кілттері

1-диалог

Қазақстан Халық әртісі, «Қызыл орамалды шынарым» спектаклінің режиссері Талғат Теменовпен сұхбат.

– Шыңғыс Айтматовтың «Қызыл орамалды шынарым» повесін сахналау идеясы қалай туындады?

– Шыңғыс өз шығармалары арқылы адамның ұлы құндылықтары адамгершілік пен махаббаттың биіктігін көрсетеді. Ш.Айтматов шығармаларының көпшілігі қазақ театрында қойылды. Өзбекбайжан Мәмбетов сахналаған «Ана – Жер-ана» Мемлекеттік сыйлықты алды. Біздің жасөспірімдер мен балалар театрында «Бетпе-бет», «Жәмилә», «Алғашқы ұстаз» сахналанды. Соның дәстүрлі жалғасы ретінде мен «Қызыл орамалды шынарымды» өзгеше етіп сахнаға шығардым.

– Қойылымда сахнаға Айтматовты да кейіпкер етіп шығардыңыз. Мұның сыры неде?

– Бүгінгі көрермен, әсіресе, кейінгі ұрпақ Шыңғыс Айтматовтың портреттік образын көрмеген. Автордың өзін сахнаға шығару арқылы көрерменге ой салғым келді. Және мен бұл қойылымыма тек «Қызыл орамалды шынарым» хикаятын арқау еткен жоқпын. Кей көріністерді «Ана – Жер-анадан», пойыздардың ары-бері ағылып жататынын «Боранды бекеттен», әскерден теңізші болып қайтатын кейіпкерді Ілияс ретінде «Қызыл алмадан» алдым. Өз жанымнан қосқан дүниелер де болды. Жазда бұл қойылымды Қырғызстанға алып барамыз деп отырмыз.

– Өзіңіз Ш.Айтматовты алғаш көріп, кездескен күніңіз есіңізде ме?

– Мен Шыңғыс Төреқұлұлымен бірнеше рет кездесіп, дәмдес, дастарқандас болдым. «Қызыл орамалды шынарымды» қоюға бір жағынан, шығарманың ұлылығы әсер етсе, екінші жағынан, ХХ ғасырда махаббат жайлы жазылған Шекспирдің «Ромео мен Джульеттасы» секілді оқиғасына бейжай қаратпайтын спектакльдің бірі осы «Қызыл орамалды шынарым» деп білемін. Халық әлі күнге дейін қойылымға көп келеді. Жақында Түркияға барған сапарымызда спектакльден кейін көрермендер 10-15 минуттай қол соғып, жібермей тұрып алды. Түркияның мәдениет министрі мені Шыңғыс Айтматовтың «Ғасырдан да ұзақ күндегі» мәңгүрт аңызы бойынша Найман-ана жайлы спектакль қоюға шақырып отыр. Ал мен өзім «Теңіз жағалай жүгірген төбетті» дайындау үстіндемін.

– Ол кісінің қандай қасиетіне тәнті болдыңыз?

Алғаш бала кезімнен шығармаларын сүйіп оқыған суреткердің жанында отырғанымда үлкен қорқыныш болды. Бірақ ол кісінің қарапайымдылығы, кісілігі мен кішілігі өзінді еркін сезінуіңе себепкер болады екен. Үлкен психолог адам еді. Ол кісі кез келген адаммен өзінің ежелгі танысы секілді сөйлесіп кете беретін. Айтматовтың ұлылығының сыры сонда. Өңгімелескенде де дауыс көтермей, жай ғана сөйлейтін. Көпті көргені көрініп тұратын. Байқауымша, өзі көп сөйлегеннен гөрі, тыңдағанды ұнататын. Ал сөйлесе, еркін, шешен сөйлейтін.

*Қазақстан халық әртісі, «Қызыл орамалды шынарым» спектаклінің режиссері
Талғат Теменовпен сұхбат, «Аңыз адам» журналынан*

1-полилог

«Ақымақ адаммен текке сөйлесіп уақыт кетіргенше, одан да кітап оқып, ақылды ой алған артық» деген ғұламалардың сөзі бар. Адамзаттың рухани дүниесін байытатын кітаптың жөні бөлек қой. Алайда бүгінде осы кітаптың жай-күйі қалай? Оған деген сұраныс, жалпы, нарық жағдайына бейімделген бе? Осы тұста олқылық жетерлік секілді. Таралым аз, дүкендерден керек кітап табылмайды дегендей. Бәлкім, кітап нарығын дұрыс ретке келтіру үшін баспалар мен кітапханаларды бір жүйеге бағындыру керек шығар, ал ол мүмкін бе? Осы сауалды талқылап көрсек.

Гүлсім Сағытпайқызы, Жамбыл атындағы Мемлекеттік жасөспірімдер кітапханасының директоры:

– Басшылық тарапынан қолға алынса, негізі бір жүйеге бағындыру мүмкін және солай ету керек деп ойлаймын. Бүгінгі таңда біз Қазақстан бойынша барлық баспалармен тығыз байланыста жұмыс істейміз. Солардан шыққан кітаптарды бізге жеткізіп отырады. Бірақ енді біздердің келіспей қалатын жағдайларымыз – таралым мәселесі. Мысалы, бірнеше том шықса, соның біріншісі бола ма, жоқ басқасы ма, солар бізге ретімен келмейді. Біріншісі келсе, сосын бесіншісі келіп, қалғандары сол бойы жетпей қалуы да ғажап емес. Осындай олқылықтар болмас үшін, әрине, біздер баспалармен бір жүйеде болсақ, тығыз жұмыс істесек, қандай керемет болар еді. Сондай-ақ бір жүйемен жұмыс істеу кітаптар түрінің алуандығына да әсер етер еді. Қазір бірін-бірі қайталайтын дүниелерді шығару деген үрдіс етек алған. Біз көбіне өзімізге қажет кітаптарды ала алмаймыз да, ал сұранысқа ие емес кітаптар иін тіресіп тұрады.

– Тағы бір айтар жағы, қазақ тілді кітаптардың тиражы, әсіресе, көркем әдебиеттер көбейсе, олар бізге жетсе дейміз. Бәлкім бір жүйеге бағындырылса, осы жағы реттелетін шығар. Дүкенде кітаптар қымбат, екінің бірі сатып ала бермейді. Сондықтан кітап оқылу үшін бірінші кезекте кітапханаға түсіру керек.

Ғарифолла Әнес, баспагер:

– Жалпы, бұл екеуін бір жүйеге бағындырудың қажеті жоқ. Себебі, біз

– Дәл бүгін осы жағынан тежеуілдеп, дами алмай отырмыз. Кітапхана мемлекеттік пе, жеке меншік пе, интернет кітапхана бола ма, тіпті ауылдағы болсын, ол – өз алдына бөлек бір жүйе. Нарықтың қозғаушы күші – бәсеке. Бәсекеде жеңу үшін сұранысқа сай болу керек. Әр баспаның өз бетімен нан тауып, нарықта жұмыс істеуіне мүмкіндік берсе, әлдеқашан көш түзеліп кетер еді.

– Ал кітапханаларда жағдай неге оңалмай тұр? Себебі олардың өз билігі өздерінде емес және қолдарында қаржы жоқ. Сол себепті керек кітапты тікелей сатып ала алмайды. Егер өз қаржылары өздерінде болса, онда олар жұрт сұрайтын кітаптарды сатып алар еді. Баспалардың арасынан да өздеріне керек кітаптарды қамтамасыз ете алатын баспаны таңдар еді, сонымен келісіп, тығыз байланысты өздері орнатар еді. Ал қазір олар да, біз де байлаулымыз, басшылықтың тапсырған кітабын шығарамыз, ал ол кітапты халық оқи ма, оқымай ма – ешкім ескеріп отырған жоқ. Ал жұрт іздейтін кітаптарға тапсырыс берілмеген соң шықпайды. Сондықтан мен бір жүйеге бағыну керек емес, керісінше, дербестік керек дегенді құптаймын. Меніңше, баспалар мен кітапханаларды дамыту үшін осылай ету керек.

Түйін: Әлемдік кітап нарығында жағдай біздікінен мүлдем бөлек. Әдеби агенттер жұмыс істеп, кітапты bestseller қылуға деген белсенділік өте жоғары. Соның арқасында сұранысқа ие кітап жазған автор әлемге танылып үлгереді.

«Алаш айнасы» газетінен

Ол әлі ұзақ сапар, ұзын жолдың үстінде

Алыс жол, ұзақ сапар үстінде жүріп, Оралхан Бөкейдің жүрегі тоқтады. Сенерінді де, сенбесінді де білмейтін сергелдең хал...

Жер бетіндегі аз күн тіршіліктің бір күні болмаса, бір күні таусылатынын бәріміз де білеміз ғой. Бірақ, оспадарсыз ажал ортадан килігіп, осындай әділетсіздікке барады деп кім ойлаған?!

Ол әлі жер ортасы елуге де жетпеп еді. Өзі жазған қоңыр қасқа құлындай шапқылап жүрер шабытты шағында еді. Қайтіп қапа болмассың?!

Оның үстіне, өнерде бағы жана түскен сайын өмірде жанамалай килігіп тұратын қиянат тым үйір боп кетті деп, қиналып та жүретінбіз. Адам нәсілінің асау табиғаты тек арманында ғана екен ғой. Қалған уақытта қайрансыз екен ғой. Әйтпесе, обал-сауапқа қарап, рахымға жүгінгенде де, араша түсер абзал тұлға осы Оралхан емес пе еді? Әттең, дүние-ай десеңші!

Біз әдебиетке арамызға аз ғана жылдар салып, ұзын-ырғасы бір кезеңде келгенімізбен, құшақтасып бірге жүретін қосақтас дос-жаран болып көрген емеспіз. Оқта-текте бір ұшырасқанда шұрқырай амандасып тұратын сырлас, қадірлес аға-іні едік. Бір-бірімізге салмақ та салып, бопса-наз да артып көрген емеспіз. «Қайдасың қасқа құлыным?» атты кітабы шыққанда өзі емес, журнал редакциясы қолқа салып, өз пікірімді айтып едім. Өкшелес келе жатқан інімнің кісі қызығарлық та, қызғанарлық та кесе талантына бас ие отырып, әділ бағалауға тырысқанмын. Кейін Оралхан ол биіктен де жоғарылап, шырқау аспанға шырқап шыға бастады. Қазір тоқырау деп аталатын кезеңде талайдың аузы батып айта қоймаған ащы шындықтарға да алдымен батыл еткендердің бірі де Оралхан еді. Ол, бір жағынан, ауызын қу шөппен сүртпей қандай қарлы қара тау іс түссе де, қайыспайтын халықтық мінездерді ақындық жүрекпен жырға қосса, екінші жағынан, сондай халықтық болмысқа төніп тұрған рухани қауіп-қатерлерді де елден бұрын көре білді. Қиян даламыздың қиыр-қиырында болып жатқан қиянат пен қияметті тек өзіміз байбаламдап, өзіміз баурап қана қоймайтындай, күллі арлы адамзаттың ақылын ойластыратындай қып, терең де шебер жеткізе алды. Соның арқасында, оның шығармалары шаршы әлемнің талай тілдеріне аударылды. Жиырмамыншы ғасырдағы қазақ әдебиетінің ең сүйікті, ең сүлей суреткерлерінің бірі ретінде әлемдік танымдыққа ие болды. Алыс-жақын елдерде аты «қазақ» деген сөзбен қабаттаса айтылатын азғантай тұлғалардың біріне айналды. Халық ұлы, ұлт тірегі болу деген осы! Ондайға ілуде біреудің қолы жетеді. Ерен еңбекпен, асқан талантпен ғана қолы жетеді.

Оралхан азғантай ғұмырында сондай асқарлы биікке өзін де, елін де, туған әдебиетін де шығарып үлгерді. Сол үшін марқұм досқа мың тағзым етсек болмас па...

Ол әлі ұзақ сапар, ұзын жолдың үстінде. Таусылса, жер бетінен татар өлшеулі ырзығы таусылды. Таусылса, қалың қауым, дос-жаранының ортасында жүріп көретін санаулы қызығы ғана таусылды. Бірақ, оның бергісі өз ұлты, өз жұрты, әрісі күллі адам нәсілінің кәрі-жасымен шер тартқанда сырласатын сұхбаты, пейілдесе пікірлесетін мәслихаты таусылған жоқ. Енді ондай салиқалы мәжілістің төрінде Оралханның өзі емес, кітаптары, жүрекжарды шығармалары отырады.

Сол үшін де тағдырға мың мәртебе шүкірлік айтамыз.

Жазушы Әбіш Кекілбаевтың қаламгер Оралхан Бөкей туралы естелігі

Ақсақ қаз

Көктем туа жер ананың тас емшегі жібіп, төс емшегі иіген кезде жыл құсының шұбап келіп, дала төсін думанға бөлейтін әдеті. Салқын сабат көлге, жасыл жайлау белге ынтыға жеткен мың сан құс кешікпей-ақ ұя салып, жұмыртқа төгеді. Ұрпағын өргізіп, табиғаттың аялы алақанында мәре-сәре күй кешеді.

Осы әдетпен жыл сайын қалың шеру құс керуеніне ілесіп келіп-кетіп жүретін қос қоңыр қаз болады екен. Әрине, оның бірі – ата қаз, екіншісі – ене қаз. Келер жолына көзі қанық қос қаздың аңсап келіп қанат бүгетін айна көлі болса керек. Сол көлдің көк майса құрағын орып жеп, салқын шымына бауырын төсеп, ерке самалына қанатын керіп рақаттанады. Әсіресе, ақ үрпек балапандары апыл-тапыл аяқ басып, үпір-шүпір үйіріліп, құлдыраңдап соңдарынан ергенде қос қаздың көкірегін шаттық кернеп, қоңыр үнін қосарлай созып өмір әніне салады екен. Мұндайда қос қаздың саңқ-саңқ еткен әсем үні сай-саланы қыдыра жаңғыртып, дүние дидарына құлақ түргізгендей ерекше естіледі. Жел тынып, көл беті айнадай жалтырап, гүл-құлақтар сыбдырын қойып – қос қаздың әсем үніне маужырап мүлгігендей қалып танытады.

Күндердің бір күнінде қос қоңыр қаздың шаттық күйі, өмір әні дала кезген сұр мергеннің құлағына шалынады. Тіс қаққан сұр мерген сайды сағалап, көлді жағалап, қамысты паналап келеді де, қаннен қаперсіз жүрген қос қазға садақ тартады. Қапысыз тартылған садақтан жұлқына шыққан жебе жолындағы гүл құрақтың басын шала заулап келіп, ене қаздың қақ жілігін үзеді. Шошына шыққан ащы үні маужыр көлді селк еткізгендей, қанат біткен дүрлігіп көкке көтеріледі. Ақ қанат балапандар үрпиісіп, жаралы анасының бауырына тығылады. Сонда жаралы қаз ақ үрпек балапандарын құтқару үшін қанатымен жер сабап, жалғыз аяғын жан таласа серпіп, бауырлай көл ортасындағы аралға балапандарын бастап жөнеледі. Мысы құрып, санын соққан сұр мерген жағалауда қалады.

Жалғыз аяқ, жарым жан болып қалған қоңыр қаздың ендігі өмірі қасіретке толады. Бұрынғыдай балапандарын өргізіп, отын қандырып мамырлап қайтар күн жоқ. Жаз жайлаудың ең бір қызықты күндерін сұлық жатумен өткізеді. Аштан өліп бара жатқан соң мойыны жетер жердің шөбін орған болады. Суға түсіп сыланбаған соң, желге желпініп таранбаған соң бой жүні қобырап, қауырсыны ыдырай бастайды.

Ол да ештеңе емес екен. Күн өткен сайын балапандары қара қанат болып, сирақтары серейіп, мойындары сорайып ата қазбен бірге ұзап жайылатынды шығарды. Қоңыр қаз төсімен жер сүзе жылжып, балапандарына ілеспек болады. Бірақ дәрмен жоқ. Мұндайда көкірегі шерге толып, көлдің аясын күңіренге зар төгеді. Ене қаздың сұңқылдаған қайғылы үні төңірегін мұңға бөлеп, көл беті уайымнан қабаршып жатқандай болады.

Осымен күндер заулап өтіп жатады. Көлдің суы салқындап, қоңыр күз түседі. Құстар сап түзеп, топтаса ұшып, жылы жаққа қайтуға қамданады. Бұл кезде ене қаздың балапандары да ұлы дүрмекке ілесіп, анасына қош-қош айтқандай айнала ұшады. Сонда, қанатымен жер сабап, ақсаңдай ұмтылған ене қаз бауырын көтере алмай, үйірінен айырылып қала береді. Жай қалмайды, өксігін баса алмай сұңқылдап, қасірет шерін төгеді. Ақсақ қаздың осы хәлі күйге айналған.

Қорытынды тест бойынша тест тапсырмаларының дұрыс жауап кілттері

Тапсырма реті	Дұрыс жауап	Тапсырма реті	Дұрыс жауап	Тапсырма реті	Дұрыс жауап
1	A	11	C	21	A
2	C	12	B	22	D
3	B	13	D	23	A
4	D	14	B	24	B
5	C	15	C	25	B
6	D	16	D	26	C
7	A	17	D	27	C
8	D	18	B	28	D
9	A	19	C	29	B
10	C	20	B	30	D

6

Лексика-грамматикалық бөлік. Тест тапсырмаларының дұрыс жауап кілттері

6.1 Лексика-грамматикалық бөлік бойынша алдын ала тест тапсырмаларының дұрыс жауап кілттері

1	C	11	A	21	C	31	B	41	D	51	C	61	C
2	C	12	D	22	B	32	C	42	B	52	C	62	B
3	D	13	B	23	B	33	A	43	C	53	C	63	C
4	B	14	A	24	A	34	B	44	C	54	C	64	C
5	C	15	A	25	A	35	B	45	D	55	A	65	C
6	D	16	B	26	B	36	A	46	D	56	D	66	A
7	C	17	B	27	D	37	A	47	D	57	A	67	B
8	C	18	A	28	C	38	D	48	C	58	D	68	A
9	A	19	D	29	C	39	D	49	B	59	A	69	B
10	B	20	C	30	A	40	C	50	B	60	D	70	C

6.2 Тест тапсырмаларын талдау бойынша дұрыс жауап кілттері

1	B	21	D	41	B	61	B	81	A	101	B	121	A
2	A	22	C	42	B	62	C	82	C	102	A	122	C
3	D	23	D	43	A	63	C	83	A	103	D	123	C
4	D	24	C	44	B	64	D	84	B	104	D	124	D
5	C	25	B	45	B	65	C	85	C	105	D	125	D
6	A	26	A	46	B	66	C	86	D	106	A	126	C
7	A	27	B	47	B	67	B	87	A	107	D	127	C
8	C	28	D	48	C	68	A	88	C	108	B	128	C
9	D	29	C	49	D	69	C	89	B	109	A	129	C
10	D	30	C	50	C	70	A	90	D	110	C	130	D
11	A	31	A	51	A	71	B	91	B	111	C	131	D
12	B	32	A	52	C	72	A	92	B	112	D	132	C
13	C	33	D	53	B	73	C	93	D	113	D	133	A
14	B	34	A	54	A	74	D	94	D	114	B	134	A
15	D	35	C	55	A	75	C	95	A	115	C		
16	A	36	C	56	D	76	D	96	D	116	B		
17	B	37	D	57	C	77	C	97	B	117	D		
18	A	38	D	58	B	78	D	98	C	118	B		
19	D	39	C	59	D	79	D	99	A	119	A		
20	A	40	B	60	A	80	B	100	A	120	B		

6.3 Қорытынды тест бойынша тест тапсырмаларының дұрыс жауап кілттері

1	B	11	D	21	A	31	A	41	C	51	C	61	B
2	D	12	C	22	C	32	C	42	A	52	C	62	D
3	D	13	D	23	C	33	C	43	D	53	C	63	D
4	D	14	A	24	C	34	A	44	D	54	D	64	D
5	A	15	C	25	C	35	D	45	D	55	C	65	A
6	A	16	D	26	D	36	B	46	C	56	A	66	B
7	D	17	C	27	C	37	B	47	A	57	B	67	C
8	B	18	D	28	D	38	B	48	C	58	B	68	D
9	D	19	C	29	D	39	B	49	B	59	B	69	D
10	D	20	C	30	C	40	A	50	C	60	A	70	D

7

Оқылым бөлігі. Тест тапсырмаларының дұрыс жауап кілттері

7.1 Алдын ала тест тапсырмаларының дұрыс жауап кілттері

1	B	11	C	21	C	31	C	41	C
2	C	12	C	22	A	32	D	42	D
3	C	13	A	23	D	33	A	43	A
4	D	14	C	24	A	34	A	44	C
5	D	15	A	25	B	35	A	45	A
6	A	16	C	26	D	36	C	46	B
7	D	17	B	27	D	37	B	47	A
8	C	18	B	28	B	38	C	48	D
9	A	19	C	29	D	39	B	49	B
10	B	20	A	30	D	40	A	50	C

7.2 Талданған тест тапсырмаларының дұрыс жауап кілттері

1	B	11	A	21	A	31	C	41	D
2	B	12	B	22	B	32	A	42	D
3	C	13	C	23	A	33	D	43	B
4	A	14	B	24	D	34	B	44	C
5	B	15	C	25	A	35	B	45	C
6	B	16	D	26	D	36	D	46	D
7	C	17	B	27	B	37	D	47	D
8	D	18	C	28	D	38	B	48	D
9	D	19	C	29	C	39	C	49	C
10	A	20	B	30	B	40	D	50	C

7.3 Қорытынды тест тапсырмаларының дұрыс жауап кілттері

1	D	11	B	21	D	31	A	41	D
2	C	12	C	22	D	32	D	42	B
3	D	13	D	23	C	33	D	43	A
4	D	14	D	24	A	34	D	44	D
5	B	15	C	25	B	35	C	45	A
6	A	16	C	26	A	36	B	46	D
7	D	17	B	27	C	37	D	47	A
8	D	18	D	28	D	38	C	48	A
9	C	19	B	29	B	39	D	49	C
10	A	20	B	30	A	40	C	50	D

8

Жазылым бөлігі. Тапсырмалардың дұрыс жауап үлгілері

8.1 Алдын ала байқауға арналған эссе үлгілері

Тақырыбы: **Тілімізді құрметтейік**

Жоспары

- I Мемлекеттік тіл.
- II Менің тілім біреу-ақ.
- III Болашағымыздың басты қаруы – тіл

2-тапсырма

Ата Заңымызда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі» деп тайға таңба басқандай жазылған. Соған сәйкес қазақ тілінің қоғамның барлық саласында қолданыс аясын кеңейтуіне қол жеткізу – басты міндет. Соңғы кездері мемлекеттік тілді дамытуға қатысты іс-шаралар жоспары жасалып, кешенді бағдарламалар көптеп қабылдануда. Қағаз жүзінде бәрі жақсы болғанымен, іс жүзінде екі-үш өзге ұлт өкілінің қазақша сөйлегеніне, министрлеріміз өз сөзінің «әлқиссасын» қазақша бір сөйлеммен бастап, сөз соңында бір тіркеспен аяқтағанына қол соғып, «бөрікті аспанға атып» қуанамыз-ай кеп... Заңдарымызды ресми тілде жазып, соны қазақшалағанымызға мәзбіз...

Тіл туралы сөз де, ой да, көзқарас та, білім де, зерттеулер де көп.

Тіл – адам баласына ғана тән ең басты баға жетпес байлық. Тіліміз болмаса не істер едік?! Қарға болып қарқылдап немесе жәндік болып шиқылдап жүрер ме едік, кім білсін?..

Бұдан біраз бұрын бір кітаптан тілдің шығуы туралы шағын мәліметті көзім шалғанды. Ежелгі бір тайпалық қоғамда адамдар бір-біріне жеткізер ойын, айтар сөзін соған қатысты заттарды, іс-әрекеттің бәрін нақты қимылмен көрсету арқылы білдіріпті. Енді бір сәт көз алдыңызға елестетіп көріңізші. Жай ғана «Мен базардан бір қап пияз, екі қап картоп, жарты қап сәбіз, үш қап қант сатып алам» деген сөйлемді айту үшін, оны көрсету үшін қаншама зат көтеріп жүру керек екенін? Ал біз қазір сол ата-бабалардың ерен еңбегімен, жанқияр ерлігімен, жүрегінің кеңдігімен, кей тұста қаны мен жанын беріп мұраға қалдырған тіліміздің қадір-қасиетін сезіну былай тұрсын, сол дайын тұрған тілде сөйлеуге ұяламыз.

Менің тілім біреу-ақ, ол – қазақ тілі. Себебі, Отаным – Қазақстан. Әр елдің мемлекеттік тілі біреу ғана. Мен өз тілімді сыйлаймын және шамам келгенше оның атына кір келтірмеуге тырысам.

Соңғы кездері қазақ тіліне мұхиттың ар жағындағы ұлт өкілдері ерекше қызығушылық танытуда. Қазақ тілі мен дәстүрін жақсы білетін американдық, ағылшын, кәріс, жапондар туралы жиі еститін болдық. Жақында ғана ғаламтордан қазақ тілін блог арқылы үйренген он жасар таиландтық қыз туралы хабарлама оқып, таң-тамаша қалдық. «Өттең, өз тіліне мұрнын шүйіре қарайтындар осы қаршадай қыздан үлгі алса екен» деп ойладық. Сол адамдар «Өз тілін тек өгей ұлдары ғана менсінбейді» деген елдің ерен тұлғаларының сөзін ескеретін күн туса екен...

«Өзге тілдің бәрін біл,

Өз тіліңді құрметте!» - деген ақындарымыз бірінші орынға өз тіліңді қойып, оның қасиетін ұғынып барып болған соң ғана басқа тілді үйренуге ықылас таныту керектігін баса айтады. Жапондар балаларына бес жасқа дейін тек қана ана тілінің уызын сіңіріп, өзге тілді араластырмайды екен. Ал біздің жылт еткенге еліктегіш халқымыздың кейбір өкілдері қаршадай балаларына ана тілінен бөлек орыс, ағылшын тілдерін қабаттастырып үйретуге құмбыл.

Жаһандану заманында, ең алдымен, тілдің жағдайына көңіл аудармасақ, технологиялар мен жедел инновациялар тасқыны ұлттық болмысты тұншықтыруы мүмкін. «Тілі бүгін құрыса, ертең өлуге дайын» деп, авар ақыны Расул Ғамзатов айтпақшы, тілі өшкен халықтың өзі де құрдымға кететіні анық.

Менің ойымша, болашақтың басты қаруы тіл болуы үшін әр азамат мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтуге жеке үлесін қосуы тиіс. Ал тілді үйрету, ең алдымен, отбасында бала дүниеге келген күннен бастау алуы керек. Бұған ең бірінші жауапты адам – ана. Себебі, тек қазақ халқы ғана туған тілін анаға теңейді. Ана құрсағына бала біткен күннен бастап болашақ Адамзатқа қазақ тілінде ән айтып, күй тыңдатып, өзі де сол тілде жиі сөйлеп, көп сөйлесуі тиіс. Дүние есігін ашқан сәбиіне деген аналық махаббатын, арман-тілегін қазақ тіліндегі бесік жырымен жеткізуі тиіс. Ана тіліндегі ертегілер айтуды әдетке айналдырып, перзентін ұлттық болмысқа сай етіп тәрбиелеуді қолға алуы керек. Елінің батыр ұлы Бауыржан Момышұлы әлемді жайлаған түрлі кесір-кесапаттан емес, «қазақ тілінде ертегі айта алмайтын келіндерден» қорқатынын айтуы осы жайларды терең түйсінуден туған болса керек.

8.2 Қорытынды тапсырма үлгілері

Эссенің тақырыбы: **Отан оттан да ыстық**

Жоспары

- I Тәуелсіздік оңай келген жоқ.
- II Отан деген...
- III Менің Отаным.

2-тапсырма

Биыл ел тәуелсіздігіне жиырма жыл толып отыр. Бұған қалай қол жеткізді қазақ? Тәуелсіздіктің жолы қандай еді?

Ер Күлтегін «Жалаңашқа тон берсем, аш түркіні тоқ қылсам» деп армандаған екен сонау V-VI ғасырларда.

Қазаққа өлмес өнер өлкесін, жайлы қоныс іздеген Қорқыт пен Асан да – тәуелсіздік тұлғалары.

Жыраулар мен жыршылардың жыр мен толғауларынан еркіндік исі аңқыған. «Ереуіл атқа ер салмай, толарсақтан саз кешіп» күн көрген Махамбетті «көтеріліс жыршысы» деуіміз бекер емес. XX ғасыр зиялылары көксеген тіл, діл бостандығы, Тәуелсіздік оңай келген жоқ.

Отаным – тәуелсіз, сондықтан да өз жерінде, өз тілінде өзгелермен теңесіп өмір сүріп жатыр. Отан әр адамға ыстық. Осыған байланысты халқымызда «Отан оттан да ыстық», «Отансыз адам – ормансыз бұлбұл», сияқты көптеген мақалдар бар.

Адам жүрегіндегі бірінші сезім – туған Анаға деген махаббат болса, екінші – Отанға деген махаббат. Біз үшін жанын беруге дайын Ана, алысқа кетсең сағынар Отан – егіз ұғым. Отан-Ана. Туған жерге, елге сүйіспеншілікті бойымызға дарытқан Ана. Ендеше Отан да ұлы, Ана да ұлы мен үшін.

Мен де өз елімді, туған жерімді жақсы көремін. Отанды Ана, ыстық ұя деп білемін.

Отанды құрметтеу – ананды құрметтеген сияқты болады деп түсінемін. Әрбір азамат өз отанын қорғауға тиіс. «Отан үшін отқа түс – күймейсің» дейді халқымыз. Бұл мақалдың ішінде үлкен мән-мағына бар.

Отанға деген махаббатым соншалық, мұны тілмен айтып жеткізе алмаймын.

Менің Отаным – Қазақстан. Осында өстім, ержеттім, қуанып та, қайғырып та үйренген жерім – осы жер. Дос та таптым, дұшпанды да ажыраттым. Осылайша азамат атанып, «Отанға құрмет – мен үшін міндет» деп ұқтым. Меніңше, өсіп-өнген мекенін сүймеген адам өз ұлтын да, дәстүрін де, тілін де қадірлеп жарытпас. Өйткені, «Атамекен» – бұл әкемнің әкесіне, оның әкесіне, бабасына пана болған жер. Олай болса, менің ұям, менің Отаным.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. ҚР СТ 1926-2009 «Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Қарапайым деңгей. Жалпы меңгеру».
2. ҚР СТ 1928-2009 «Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Базалық деңгей. Жалпы меңгеру».
3. ҚР СТ 1929-2009 «Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Орта деңгей. Жалпы меңгеру».
4. ҚР СТ 1925-2009 «Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Ортадан жоғары деңгей. Жалпы меңгеру».
5. ҚР СТ 1927-2009 «Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Жоғары деңгей. Жалпы меңгеру».
6. З.С. Күзекова, Т.Т. Аяпова, Ф.Ш. Оразбаева, М.Қ. Мамаева. Қазақ тілін қарапайым деңгейде меңгерудің тақырыптық лексикалық минимумы, Астана: Ұлттық тестілеу орталығы, 2011. – 30 бет.
7. З.С. Күзекова, Т.Т. Аяпова, Ф.Ш. Оразбаева, М.Қ. Мамаева. Қазақ тілін базалық деңгейде меңгерудің тақырыптық лексикалық минимумы, Астана: Ұлттық тестілеу орталығы, 2011. – 54 бет.
8. З.С. Күзекова, Т.Т. Аяпова, Ф.Ш. Оразбаева, М.Қ. Мамаева. Қазақ тілін орта деңгейде меңгерудің тақырыптық лексикалық минимумы, Астана: Ұлттық тестілеу орталығы, 2011. – 66 бет.
9. З.С. Күзекова, Т.Т. Аяпова, Ф.Ш. Оразбаева, М.Қ. Мамаева. М.С. Жолшаева. Қазақ тілін ортадан жоғары деңгейде меңгерудің тақырыптық лексикалық минимумы, Астана: Ұлттық тестілеу орталығы, 2011. – 108 бет.
10. З.С. Күзекова, Т.Т. Аяпова, Ф.Ш. Оразбаева, М.Қ. Мамаева. М.С. Жолшаева. Қазақ тілін жоғары деңгейде меңгерудің тақырыптық лексикалық минимумы, Астана: Ұлттық тестілеу орталығы, 2011. – 156 бет.
11. Preparation Course for the TOEFL Test, DEBORAH PHILLIPS, Pearson Longman, Education Testing Service, USA
12. IELTS with answers. Examination papers from University of Cambridge ESOL examinations: English for Speakers of Other Languages, Cambridge University Press, UK, 2007
13. Pamela J. Sharpe, TOEFL IBT Internet-Based test, Barrons Educational Series, NY, 2007

14. Қазақ грамматикасы. Астана, 2002. – 784 бет.
15. А. Ысқақов. Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1991. – 384 бет.
16. М. Балақаев, А. Ысқақов, Т. Қордабаев, А. Хасенова. Қазақ тілінің грамматикасы. I Морфология, Алматы, 1967. – 264 бет.
17. Ф.Ш. Оразбаева, Г. Сағидолда, Б. Қасым, А. Қобыланова, Қ. Есенова, Ұ. Исабекова, Қ. Қасабек, Ж. Балтабаева, Қ. Мұхамеди, Р. Рахметова, Ж. Көпбаева. Қазіргі қазақ тілі (оқу құралы), Алматы, 2005. – 535 бет.
18. З.С. Күзекова, Г.С. Пазылова, Е.Қ. Әбдірәсілов. Қазақ тілі. Тестілеу теориясы мен практикасы, Алматы, 2009. – 156 б.
19. Ғ. Смағұлова. Мағыналас фразеологизмдер сөздігі, Алматы, 2002, – 191б.
20. Г.Қ. Рысбаева. Қазақ тілі (грамматикалық анықтағыш), Алматы, 2000. – 192 бет.
21. А. Салқынбай. Қазіргі қазақ тілі. Оқулық. Алматы, 2008, – 462 б.
22. Н. Оралбай, К.Құрманәлиев. Қазақ тілі. Алматы, 2007, – 454 б.
23. Н.Т. Сауранбаев редакциясымен, Орысша-қазақша сөздік, Алматы, 1954.
24. Д. Ақанова, А. Алдашева, З. Ахметжанова, Қ. Қадашева, Э. Сүлейменова. Ресми-іскери қазақ тілі. Бірінші-екінші-үшінші деңгей. Алматы, Арман-ПВ, – 2010.
25. Қ. Бектаев. Үлкен қазақша-орысша/орысша-қазақша сөздік, Алматы, 1999.
26. Ұ.А. Жанпейісова, Х.К. Мауленова. Қазақша-орысша тақырыптық сөздік, Алматы, 1997.
27. Э.Д. Сүлейменова, А.М. Алдашева, Д.Х. Аканова, Ж.Б. Алдаш. Ресми-іскери тіл: қазақша-орысша тіркесімдер сөздігі, Алматы, 2005.
28. З.С. Күзекова, Т. Тұяқбаев. Қазақша-орысша, орысша-қазақша дипломатиялық сөздік, Астана: Елорда, 1998.

Пішімі 210x275
Қеріп түрі «Arial»
Таралымы 5000 дана
Тапсырыс № 736



Дизайн және басып шығару «Ақарман-медиа» ЖШС
Астана қ-сы, К. Байсейітова к-сі, 114/2
тел. 28 96 67, 28 96 68

Қазақ тілін меңгеру деңгейін тәсілдеу
әдісімен бағалау емтиханына дайындық үшін

ТІЛ-ҚҰРАЛ

Для подготовки к экзамену по оценке уровня
владения казахским языком способом тестирования



Қазақ тілін меңгерудің бес деңгейі бойынша әзірленген оқу-әдістемелік құралдар қазақ тілін меңгеру деңгейін анықтау емтиханына дайындалу үшін ұсынылады.

Емтиханға дайындық нәтижелі болу үшін оқу-әдістемелік құралдардың мазмұны төмендегідей берілген:

- тіл қолданушыға бастапқы бағыт ретінде әр сөйлеу әрекетінің түріне қысқаша шолу жасалынған;
- қазақ тілін меңгеру деңгейін анықтау үшін алдын ала тест ұсынылады;
- тілдік дағдыларды қалыптастыру мақсатында әр бөлік бойынша тест тапсырмаларына талдау жасалынып, дұрыс жауапты анықтау тәсілдері берілген;
- тілдік дағдыларды шыңдау үшін қорытынды тест ұсынылады;
- қосымшада қазақ тілін меңгеру деңгейіне сәйкес жаттығу тапсырмалары мен анықтамалық ақпарат берілген;
- сондай-ақ қосымшада тест тапсырмаларының дұрыс жауап кілттері мен аудиожазбалардың мәтіндері қамтылған.

Оқу-әдістемелік құралдарға **CD-дискіде** қазақ тілін меңгеру деңгейіне сәйкес Тыңдалым және Жазылым бөліктерінің аудиожазба мәтіндері қосымша беріледі.

Емтиханды сәтті тапсыруға тілектеспіз!

Учебно-методические пособия по пяти уровням владения казахским языком рекомендованы для подготовки к экзамену по оценке уровня владения казахским языком.

Для эффективности подготовки предложено следующее содержание:

- в качестве экскурса дана краткая характеристика каждого вида речевой деятельности;
- для определения своего уровня владения казахским языком предложен предварительный тест;
- с целью формирования речевых навыков приведен подробный анализ достаточного количества тестовых заданий по каждому блоку, в ходе которого предложены способы определения правильного варианта ответа;
- для закрепления речевых навыков предлагается итоговый тест;
- в приложении даны тренировочные упражнения и необходимая для определенного уровня справочная информация;
- ключи правильных ответов тестовых заданий, тексты аудиозаписей, материалы самопроверки также приведены в приложении.

К учебно-методическим пособиям прилагаются **CD-диск** с аудиозаписями текстов по блокам Аудирование и Письмо, соответствующими уровню владения казахским языком.

Желаем успешной сдачи экзамена!

Қарапайым, базалық, орта, ортадан жоғары деңгейлер үшін келесі оқу-әдістемелік құралдар ұсынылады:

Для элементарного, базового, среднего и уровня выше среднего предлагаются следующие учебно-методические пособия:



ISBN 978-601-7185-45-9



ISBN 978-601-7185-46-6



ISBN 978-601-7185-47-3



ISBN 978-601-7185-48-0